Использование технологий, совместимых в преподавании русского языка и литературы, может стать залогом достижения одной из ключевых целей образования – формирования коммуникативной компетенции. Сформированная речевая компетенция – ключ к успеху не только в процессе обучения и прохождения итоговой аттестации по русскому языку в 9 классе, но и в дальнейшей взрослой жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1 Корнеева И. Г. Использование презентаций на урок // Справочник заместителя директора школы. – 2008. – № 2. – с. 36-39.

2 Примерная программа основного общего образования по русскому языку для образовательных учреждений с русским языком обучения. Пояснительная записка.

3 Муштавинская И. В. Технология развития критического мышления: научно-методическое осмысление // Методист. – 2002. – № 2. – С. 31.

- 4 Прищепа Т. А. Создание проблемных ситуаций на уроках// Справочник заместителя директора школы. – 2008. – № 8. – с. 52-57.
- 5 Психология детства. – СПб. : «прайм-ЕВРО_ЗНАК», 2003, – с. 259-263.

ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЖИНАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АБДУЛЛАЕВА Қ. М.

п.ғ.м., Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XX ғасыр басындағы қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер фольклорды, оның ішінде қазақ жұмбақтарын жинау қызметінің бағыт-бағдарын айқындап берді. Атап айтсақ, «қанаушылар» – деп аталатындарға қарсы күрес, «бітіспес» делінген тап тартысы ұғымы әсері, артықша сипатта делінген социалистік құрылысты мадақтау, пролетарлық әдебиетті, әдебиеттің партиялылығын дәріптеу, қара шаруа мен жұмысшы қозғалысын насихаттау т.б. – осының бәрі кезен ерекшелігін танытумен бірге ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналуына ықпал етіп отырды.

Қазан төңкерісіне дейін қалыптасқан фольклорды жинау дәстүрі Кеңес үкіметі тұсында түрлі кедергілерге қарамастан ерекше жандана түсті. Оған себеп: біріншіден, Кеңес үкіметіне жеке өзінің саясатын ақтайтын шаруашылығы, идеологиясы, ғылымы, мәдениеті т.б. қажет болғандықтан фольклорды осы мақсатта пайдалану көзделді. Сол үшін де арнайы қаражат бөлініп, түрлі экспедициялар ұйымдастырылды. Екіншіден, Қазан төңкерісіне дейінгі фольклорды жинау жұмыстары, көбінесе жеке адамдардың еңбегі арқылы іске асты, олардың біразына патша өкіметі тарапынан ақшалай көмек беріліп отырды. Ал, патша өкіметі тарапынан беріле қалса, оның тек миссионерлік мақсатқа ғана пайдаланды.

Патша өкіметі тарапынан жиналған мәтіндер үш мақсатта: христиан дінін уағыздау; патшаның өз бетімен шексіз билеу саясатын дәріптеу; сонымен бірге мемлекетке қызмет ету мақсатында жиналып, жарияланып отырды. Мұның өзі түсініктемелерімен бірге шығатын, әрі цензура арқылы негіз жариялау керек, негіз тоқтату керек тұрғысынан іріктелу елегінен өтіп отырды. Аталмыш мақсаттарды

жүзеге асыруда әр түрлі әдіс, тәсіл қолданылды. Бұл істе жекелеген орындаушылардың рөлі айрықша болды.

Фольклорды жинаушылар не біреудің тапсырмасын орындау мақсатында, не өзінің жұмысы барысын тексеретін көшбасшыға есеп беру ретінде, не өзінің хат жазысып тұратын мамандар сұранысын орындау үшін де т.б. фольклорлық мәтіндерді жинап, сараптау ісімен айналысты.

XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан қазақ интеллигенциясы ел бостандығын ғана көкसेп қойған жоқ. Олар халықты кең көлемде оқыту, білімге тарту мақсатын бірінші кезекке қойды. Бұл ретте олар Еуропаның романтиктері сияқты ұлттық фольклорды жинауға, жариялап зерттеуге ерекше мән берді. Сөйтіп, патшалық Ресей кезіндегі жинаудың мақсатын өзгертіп, әдіс-тәсілдерін өз мүдделері тұрғысынан пайдаланды.

Негізінен, фольклорды романтикалық ниетпен жинаушылардың мақсаты халықты оқу мен жазуға үйрету, оның кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту екені мәлім. Сондай-ақ фольклорды – халық талантын таныту құралы есебінде; халықтың рухани күшін көрсетудің қайнар көзі ретінде; халықтың талпынысын, арманын көрсету мүмкіндігі деп те қарастыру жүрді. Сол үшін де фольклорды жинағанда, оны үлкен ыждаһатпен, ыстық махаббатпен, күш-жігермен т.б. жинау қажеттігі ескерілді. Сонымен бірге ел мәдениетін көтеру үшін де, оның санасын ояту мақсатында да т.б. фольклорды пайдалану өріс алды [1].

XX ғасырдың алғашқы жартысында халық шығармаларын, оның ішінде қазақ жұмбақтарын жинау ісіне белгілі ақын І. Жансүгіров, ғалым Ә. Қоңыратбаев тағы басқалар атсалысты. Бұл кезеңде халық шығармаларын жинау жұмыстары жеке бір адамның ғана емес, белгілі бір ғылыми ұйымдардың ортақ жұмысына айналды. Сөйтіп Қазақ оқу комиссариаты, Қазақ өлкесінің зерттеу қоғамы, Қазақтың ғылыми-зерттеу қоғамы сияқты бірнеше мекемелер құрылып, жұмыс істей бастады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға ерекше көңіл бөлініп, 1920 жылдан бастап алғашқы экспедициялар ұйымдастырылды.

Мәселен, 1920 жылғы Сырдария экспедициясын Ташкенттегі Қазақтың ғылыми-зерттеу қоғамы, 1921 жылғы Жетісу экспедициясын КСРО Ғылым академиясының Тіл және әдебиет бөлімі ұйымдастырғанын және оларды Ә. Диваев басқарғанын мұрағат құжаттары бойынша ғалым Н. Қ. Жүсіпов анықтаған [1, 74 б.].

Фольклорды жинау жұмысының кең түрдегі бағдарламасы (1920-1921) Сырдария, Жетісу экспедицияларының іс-тәжірибесінен кейін жасалған. Мұндай бағдарламаны жасауда Ә. Диваевтың еңбегі ерекше болды. Ол экспедицияға қатысушы адамдарға нұсқау беріп, фольклордың барлық жанрын жинауда іскерлік танытты. Сондықтан жинаушылар ауыз әдебиетінің ұсақ жанрларына дейін хатқа түсірді.

Негізінен, 1920-1950 жылдар аралығындағы экспедицияларды Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырып отырды. Оған мамандығы жағынан әртүрлі мұғалімдер, мәдениет қызметкерлері, ақын-жазушылар, арнаулы ғылыми іс-сапарға барған институттың ғылыми қызметкерлері немесе институт тарапынан ұйымдастырылған ғылыми экспедиция құрамындағы студенттер, белгілі қайраткерлер т.б. атсалысты.

1920 жылдары халық шығармаларын, оның ішінде жұмбақ жанрын жинау болашақ ұрпақ үшін маңызды деп түсінген, І. Жансүгіров қазақ жұмбақтарының жиналуына елеулі үлес қосты. Ақынның әсіресе, Алматыдағы мұғалімдер даярлайтын курста оқып жүрген кезінде, сондай-ақ 1921 жылы Ә. Диваев басшылық еткен Жетісу экспедициясы құрамында атқарған еңбегі ерекше. Бұл жылдары жиналған жұмбақтары Қызылорда қаласында жарық көрген жинағына енгізілген. Жинақтағы 67 жұмбақ үй сайманы, жаратылыс құбылысы, құрал-сайман тақырыптары бойынша топтастырылған [2, 43 б.].

І. Жансүгіров жинаған 134 жұмбақты Ф. Ғабитова 1941 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасына тапсырған. Қолжазбадағы жұмбақтар араб әрпінде жазылып, нөмірленген [3].

Қазақ жұмбақтарының жиналу ісіне елеулі үлес қосқандардың қатарына ғалым Ә. Қоңыратбаевты да жатқызуға болады. Ол 1920-1930 жылдары Ташкент қаласында Қазақ-қырғыз ағарту институтында оқып білім алып жүрген кезінде-ақ көптеген экспедицияларға қатысып, фольклорлық шығармалардың, оның ішінде қазақ жұмбақтарының жиналуына ұйытқы болған. 1921 жылы Сырдария, 1924 жылы Жетісу экспедицияларының құрамында көшіруші ретінде қатысып жүріп, халық шығармаларын молынан қамтып, олжалы оралған. Оның бір шоғырын жұмбақтар құрайды. Демек, ғалым қазақ жұмбақтарын экспедициялық әдіс арқылы жинаған деп айтуға болады.

Ә. Қоңыратбаев халық шығармаларын жинаумен ғана шектелмей, жиналған материалдарын мерзімді баспасөз беттеріне

жариялаумен де айналысқан. Мәселен, 1924 жылдары шығып тұрған «Жас қайрат» журналының беттеріне қазақ жұмбақтарын «Жұмбақтар» деген айдармен жариялап отырған [4, 6-19 б.].

Қазақ жұмбақтарын жинап-теруге ерекше үлес қосқан ғалым С. Аманжолов – Ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институты құрамында қызмет атқарған. С. Аманжолов ел аузынан жинаған материалдарына біршама паспорттық мәлімдеме беріп отырған. Мысалы, «Бөгенбай батыр» жырына жазған алғы сөзінде бұл жырды Ұлан ауданы, төртінші ауыл қариясы Құсайын Мүсәпірұлы деген кісіден тыңдап, ол жырды екі түрлі күймен құбылтып, қызықты етіп үш күн бойы жырлап отырғанда 1927 жылы жазып алғаны туралы айтқан. Ғалымның жинаған мәтіндері: «Бөгенбай батыр», «Жұмбақтар», «Таластың өлеңі», «Сазан бидің сөзі» т.б.

С. Аманжолов ел арсынан фольклор мен авторлық ауыз әдебиеті үлгілерін тікелей өзі жинаған.

XIX ғасырдың аяғынан бастау алатын халық шығармаларын жинау жұмыстары XX ғасыр басында одан әрі жандана түсті. Бұл үрдіс Кеңес үкіметі тұсында да жалғасып жатты. Осы кезде жинау жұмыстары жетілдіріліп, ұймдастырылған түрлі экспедициялар нәтижесінде көне мұралар жинастырылып ұлттық қорға түсті, мұрағаттық қор жаңа нұсқалармен толықтырылды.

Қазақ жұмбақтарын жинауға мамандығы жағынан әртүрлі мұғалімдер, мәдениет қызметкерлері, ақын-жазушылар, арнаулы ғылыми іс-сапарға барған институттың ғылыми қызметкерлері немесе институт тарпынан ұймдастырылған ғылыми экспедициялар құрамындағы студенттер, белгілі қайтаркерлер арқылы көптеп жиналды.

Мәселен, Қазақтың ұлттық кітапханасының сирек кітаптар бөліміне Тойшыбайұлы өзі жинаған 173 жұмбақты тапсырған. Қолжазба қорға 1935 жылы түскен, араб әліпбиінде жазылған, бәрі реттік сан бойынша нөмірленген. Бұл қолжазбадағы жұмбақтар ішінен бұрынғы жұмбақ топтамаларына кірмеген беймәлім мәтіндерді кездестіруге болады: «5 – Әзірейл, 32 – Әзірейілдің жан алуы, 39 –көк өгіз, 59 – кір, қадақ, мысқал, 71 – осырақ қоңыз, 140 – есек, 143 – ине, 146 – есік, 147 – мөтке, 155 – тамақ ішу, 162 – керегенің көгі, 168 – қамыс, 52 – Ақбозат пен Көкбозат, Жетіқарақшы, Темірқазық, Шолпан жұлдыз т.б. [5]. Бұлар әлі баспа бетін көрмеген тың жұмбақтар.

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қорындағы жұмбақтар саны мен көлемі жағынан әртүрлі. Біреуінде аз

болса, екіншісінде мол. Сапасы жағынан да біреулері бұрын белгілі жұмбақтар болса, енді бірі бұрын назарға ілінбеген жұмбақтар. Қордағы жұмбақтарды жинауға түрлі мерзімдерде Б. Ысқақов, С. Ордалиев, Ш. Кәрібаев, Т. Сәрсенбаев, Т. Сыдықов, Н. Төреқұлов, С. Бүркітов, Б. Қасымбаев, Б. Адамбаев, С. Сауытбеков, М. Тілеужанов, Қ. Тәкежанов, М. Байбатыров, Х. Өтеғұлова, Р. Ахметов, Қ. Саттаров т.б. атсалысқан.

Сондай-ақ аталмыш мекеменің қолжазба бөліміне музыка маманы Т.б. екхожинаның жинаған жұмбақтары түскен. Жинаушы бұл жұмбақтарды 1965 жылғы Қостанай-Орынбор бағытындағы ғылыми сапарында жинаған. Ол тек музыкаға ғана көңіл бөлмей, қазақ жұмбақтарының бізге беймәлім үлгілеріне мән берген. Аталмыш қорға фольклоршы Бақытжамал Қанарбаева да біршама жұмбақтар тапсырған. Ол 1998 жылы Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан өлкесінде ғылыми экспедиция құрамында жүріп жинаған [6, 16 б.].

XX ғасырдың екінші жартысындағы жинаушылардың кейбіреулері институт қызметкерлері болса, енді біреулері – одан тыс мекемеде жұмыс істейтін адамдар болды. Олар еліміздің түрлі аймақтарымен қоса алыс-жақын шет елдерден де жинап әкеліп ұлттық қорға тапсырып отырды.

Мәселен, 1967 жылы Ж. Бұғыбаев деген азамат Ташкент маңындағы қазақтардың аузынан 160 жұмбақты хатқа түсіріп, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорына әкеліп тапсырған [7].

Осы секілді қазақ жұмбақтарының жиналуына атсалысқан азаматтардың жинаушылық қызметінің арқасында мұрағаттарымыз жаңа, тың нұсқалармен толықты. Бұл жұмыстар қазақ жұмбақтарының жиналып, жарыққа шығуына қосылған елеулі үлес болып табылады.

Қазақ жұмбақтарының жиналуына ерекше үлес қосқан азаматтың бірі – Мандоки Қоңыр Иштван. Ол – Венгриялық ғалым. Оның еңбегінің ерекшелігі – 1974 жылдан бастап 13 рет батыс Монғолияның Баян-Өлгей, Қобда аймақтарындағы қазақтар арасына барып жұмбақ жанрын жинағандығы. Жинаушы өзі жинаған қазақ жұмбақтарын «Монғолиялық қазақтардың жұмбақтары» деген айдармен ағылшын тілінде жарияламақ болған, бірақ ол еңбегі жарыққа шықпаған. Бұл туралы ғалым Ш. Керім мынадай пікір айтады: «Қазір ол Будапештегі марқұмның жеке архивімен бірге жұбайы Айша Мақсұмқызының қолында сақтаулы. Бұл мұрадан 38 жұмбақты ғылыми қызметкер Бабағұмар Қиянатұлы іріктеп,

алғы сөзбен «Жұлдыз» журналында жариялады, қалған асылдар әлі жарыққа шыққан жоқ, салыстырылып зерттелген де емес» [6, 18 б.].

М. Қ. Иштван өзі жинаған 237 жұмбақты латын әліпбиінің тәртібімен жүйелеп, әрқайсысын жеке нөмірлеген. Олардың ішінде бүркіт томағасы, аншы, аң аулау сияқты тың тақырыптағы жұмбақтар бар.

Сонымен, XX ғасырдың алғашқы жартысында да қазақ жұмбақтарын жинау жұмыстары тоқтаған жоқ, керісінше, одан әрі жандана түсті. Кеңес үкіметі тұсында жинау жұмыстары жетілдіріліп, ұйымдастырылған түрлі экспедициялар нәтижесінде мұрағаттық қорыларымыз жаңа нұсқалармен толықтырылды. Бұл кездегі жиналған қазақ жұмбақтары өзінің мәнерлілігімен, көркемдік ерекшеліктері толық сақталуымен ерекшеленеді.

Жинау тәсіліне келсек, негізгі тәсіл – экспедициялық тәсіл. Оны 1920-1950 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырды. Оған түрлі маман иелері: жазушылар, өнер қайраткерлері, мұғалімдер т.б. қатысты. Олардың бәрінің де жинау барысында өзіндік ерекшеліктері болғаны анық. Дегенмен, XX ғасырда да қазақ жұмбақтары негізінен, үш тәсіл арқылы жиналып, қағаз бетіне түсті деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпов Н. Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. – Павлодар, 2007. – 381 б.

2 Ашенова А. Т. 1920-30 жылдардағы қазақ фольклортану ғылымы. Фил. ғыл. канд. дисс. : – Алматы, – 2010. – 155 б.

3 ҚР Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапхана қоры. 1444-папка, 5-дөп.

4 Қоңыратбаев Т. Әуелбек Қоңыратбаев – түркітанушы. – Алматы. – 1996. – 120 б.

5 ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар бөлімі. – 398. Т – 29 шифрлі дөп.

6 Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы : Арыс, 2007. – 272 б.

7 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 683-папка, 7-дөп.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭКСПРЕССОИДТАР

АБИКЕНОВ М. Т.

ф.ғ.к., Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

ЖҰМАХАНОВ Б.

студент, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Контексте белгілі бір жүк арқалап, айтылмақ ойға әсерлі үн үстейтін әсерлі сөздер экспрессоид деп аталады. А. Байтұрсынов: «көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіретін сөздер» [1], – деп анықтаған экспрессоидтар Жамбыл поэзиясында ұтымды қолданылады. Академик Р. Сыздық «Экспрессоид – белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылған, оқырманға әсер ететін, экспрессиялы сөздер немесе тұлғалар, тіркестер» [2] дей келе, Абай сөз өрнегіндегі экспрессоидтарды талдайды.

Р. Сыздық «Дегенмен – ып жұрнақты көсемшенің экспрессивтік қызметі барын жақсы білген Абай оны пысықтауыш немесе күрделі етістіктің алғашқы компоненті, я болмаса бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы сияқты өзінің тілдік табиғи қызметінде келтіріп-ақ экспрессоид ретінде жиі жұмсайды» [2, 45] деген пікір айтады. Бұдан шығатын қорытынды экспрессоидтар көп жағдайда көсемшенің – ып жұрнағы арқылы жасалып, тыңдаушы мен оқырман сезіміне әсер ету мақсатында жұмсалады. Ғалым бұл амал Абайдан басталмайтындығын, қазақ әдебиетінде ежелден бар құбылыс екендігін, ақын-жыраулар поэзиясында, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде де кездесетіндігін айтады.

«Ал көркем әдебиетте өз мағынасында жағымды не жағымсыз бояуы жоқ, сезімге тиер әсері жоқ бейтарап мәндегі етістіктердің не мағынасын ауыстырып немесе қосымша мағыналық реңк үстеп қолданылуы жиі кездеседі», [3, 34] – деп экспрессоидтардың басым бөлігі етістіктен жасалатынын атап өтеді.

Жамбыл поэзиясындағы экспрессоидтардың стильдік қызметіне мысал келтірсек:

Көген көзді қосақтап,
Көздің жасы моншақтап,
Көк жайлауды қалдырып,
Көкіректі зар қылып,
Болыстар жүр шапқылап.
Қылыштары жарқылдап
Жапырақтай қалтырап!

Күнде жүрек қансырап...
 Не болмаса шыбындап,
 Көнсең күнде шығындап («Патша әмірі тарылды»)

Ақын экспрессоидтарды юмор тудыру ретінде де жұмсайды. «шапқылап, қалтырап» сөздері арқылы автор болыстардың ұнамыз қимыл-әрекетін ашады. Сонымен, жоғарыда келтірілген үзінділердегі экспрессоидтар қаһарманның бар бейне-болмысын, мінез-құлықтарын таныту үшін мақсатты түрде қолданылған. «Текст түзімі тақырып пен сол тақырыпқа қатысатын тілдік элементтерді таңдау, яғни тақырыптық топтар құруды талап етеді. Тақырыптық топтар құрайтын әрбір сөздің стильдік бояуы (жүгі, колориті) болады. Бұл тәсіл, әсіресе поэзияда жақсы қолданылады. Бұған Абайдың «Болыс болдым, мінеки» деген өлеңінде жағымсыз бояуы бар суреттеуіш етістіктердің шоғырлануын (тырқылдап, жыркылдап, салпылдап, далпылдап т. б.) мысал етуге болады [3, 254]. Абай қолданысындағы экспрессоидтар арқылы жағымпаз, екіжүзді болыстың жанды бейнесі жасалады. Егер жоғарыдағы экспрессоидтар болмаған жағдайда, өлең тек баяндауға құрылар еді, ал Абайда суреттеу берілген.

Жамбыл:

Ит пенен ит жолығып,
 Қырықтың қырын бір басып
 Кіммен жатыр соғысып?
 Ел жүрегін шошытып
 Күнде айдады тоғытып
 Қызыл қанға обытып.
 Соғысқа болыс болысып,
 Арық ел алабұта тұрған ықтап,
 Жайлаған мына қырсық неден мықтап
 Жығылғанның үстіне жұдырықтап. («Толғау»)

Абай реңктес, яғни «бір бояулы сөздерді» сәтті қолданып, ақындық шеберлігін танытқан. Колорит түзуші лексика шоғырын қолдану ақын өлеңдерінде кездеседі. Бұған Жамбыл шығармалары дәлел бола алады.

Қойға кетсін қудалап,
 Су сағасын томалап.
 Оттың басын шандатып,
 Біреуі жатсын домалап.
 Асауларды күделеп
 Көп ішінде сүбелеп. («Бата»)

Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.
 Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
 Барады боздақтардың көзі жайнап.
 Жөнелді абақтыға соры қайнап.
 Жақсыдан жақсы қоймай, алды санап,
 Самсыны* алған екен Ботпай** қамап,
 Оларды жігітімен кетті сабап.
 Бір пәлеге екінші пәле жамап.
 Кезсе де бұл маңайды әбден шолып.
 Күш жинамай, қарусыз ұрыс қылып,
 Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып («Зілді бұйрық»)

Прозалық шығармаларда экспрессоидтардың рөлі ерекше. Мысалы Ж. Аймауытов прозасына үңілсек, кейіпкер бейнесі беруде ұтымды қолданылғанына көз жеткіземіз. «Молда аты болмаса, Тезекбай кісі атын да жаза алмайды. Барлық оқуы «қырық қадістен» есінде қалған «қаланнаби ғалайссалам»-айтты майғамбар ғалайссалам». Бар білген құлшылығы-өлікке, шелпекке, өлі тиген малға «жасын» оқу, тарауық оқығанда, «алқамға» қосып «еттеқазелиге» деген бірденені мінгірлету». Бұл үзіндіде автор Тезекбай молданың надандығын, дүмшелігін таныту мақсатында «есінде қалған «қаланнаби ғалаиссалам – айтты пайғамбар ғалайссалам» деген сөздерді қолданса, мұны аса нық танытатын экспрессоид «мінгірлету» болып табылады. «Мінгірлету» сөзі арқылы автор Тезекбай оқуын, молдалылығын кекетіп, діни білімінің таяздығын мысқылдайды.

«Жылдағы зекет, пітір садақасын беріп, бізді оқытуға әкеміз таңқы мұрын, жылтыр кара қожаны ұстап, сегіз жылдай жаз үй артындағы қоста, қыс қонақ үйде теңселіп, қалғып-шұлғып сабақ оқыдық». Бұл сөйлемде автор «теңселіп, қалғып-шұлғып» экспрессоидтарын қолдана отырып, кара қожаның оқуы нәтижесіз болғанын жеткізеді.

«Маңдайы қалқиып, мойны қаздиып, көзі мөлдіреп, ерні үлбіреп, үріп ауызға салғандай жұтынып тұр еді-ау. Шашбауын сылдыр еткізіп, сын етіп түрелгені, тізесімен ақ көйлегін серпе тастап, аяншыл бедеудей кербездене аяқ басқаны, тысқарада жүріп, жеңгесімен сыбырлап сөйлесіп, дауысы күмістей сынғырлап тәп-тәтті күлгені, әнтек жымыып келіп, шай жасап, өп-өтірік сызылғансып, үш саусағының ұшымен шыны-аяқ әпергені, салалы кою кірпігін салмақпен қағып...». Бұл үзіндіде экспрессоидтар тізбегі Ақбілектің сұлулығын, ибалылығын, қылықтылығын, әдептілігін

т.б. таныту мақсатында жұмсаған. Мысалы: «қалқып, қаздып, мөлдіреп, үлбіреп» экспрессоидтары Ақбілектің сұлулығын, «сылдыр еткізіп, сын етіп, кербездеңе сыңғырлап» экспрессоидтары ибалылығын, нәзіктігін, ал «әнтек жымып, сызылғансып» қызға тән қылықтылығын танытады. Бұл ретте экспрессоидтар жағымды я жағымсыз эмоцияларды таңбалайтынын ескерсек, бұл үзіндіде Ж. Аймауытов Бекболаттың көзімен Ақбілекке баға береді, яғни автор экспрессоидтарды қолдана отырып кейіпкерге деген өз қатынасын ғана емес, басқа кейіпкердің де көз қарасын білдіреді.

«Ашы темікісін бипаздап тартпағанда, Ықаң енді не бітереді? Тыпаң, міңе, жаңа ботинкасын көлденеңдетіп, екі аяғын айқастырып отыр ғой. Оған бұлар «біз де жан екенбіз» дегендей әлдеқандай боп, дардиып келіп отыр еді». Бұл үзіндіде автор Ықаң мен Тыпаңның дала қазағының не күйде екенін сұрап білгісі келмейтін, қазаққа қабырғасы қайыспайтын, болдым-толдым деген, өздерін беделді адамдар қатарына қосып, мардымсып, марқаюын таныту үшін «бипаздап, дардиып» экспрессоидтары арқылы айқындаған. Ж. Аймауытов экспрессоидтарды сондай-ақ юмор тудыру ретінде де жұмсайды. Жоғарыдағы экспрессоидтарда Ықаң мен Тыпаңның бейнелерін мысқылдау басым.

«Сол портретгі беруде ақын белгілі бір сөздерді, ол сөздердің белгілі бір тұлғаларын әдейі тандайды. Бұл өленде сырт қарағанда поэзия тілінен гөрі қарапайым ауызекі сөйлеу тіліне тән лепілдеп, дікілдеп, дүпілдеп, өкімдеп, күпілдеп, далпылдап, жалпылдап, барқылдап, бартылдап, шаңқылдап, тарқылдап, аңқылдап, шарпылдап, тарпылдап деген сөздер қолданған» [3, 39].

Жамбыл Жабаев та Абай салған сүрлеу жолмен қарабайыр, «экспрессивтік бояуы мықты сезілетін» сөздерді қолдана отырып, лирикалық қаһарман бейнесін барынша кең ашуға қол жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 302 б.
- 2 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2004. – 208 б.
- 3 Сыздық Р. Сөз күдіреті. – Алматы : Атамұра, 2005. – 272 б.
- 4 Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау (Оқу құралы). – Алматы : «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 184 б.

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ (МЕДЕУ СӘРСЕКЕ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

АДАМЗАТОВА Ш.

студент, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

АБИКЕНОВ М.

ф.ғ.к., доцент, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Қазіргі таңда қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сүйену басты міндеттердің бірі болып отыр. Сондықтан тіліміздегі көптеген көнерген сөздер қайта жаңғырып, ортамызға оралуда. Тілімізде көнерген сөздердің қатарында этнографизмдер мол ұшырасады. Сондықтан этнографизмдерді қарастыру бүгінгі таңда маңызды. Орыс ғалымы В. Виноградов этнографизмдерге төмендегідей анықтама берген: «Этнографизмы – такие диалектные слова, которые обозначают предметы и явления быта и труда, специфичные для определенной местности и неизвестные литературному языку» [1, 118]. Этноатаулар тек мәдениет ерекшелігін ғана емес, ұлттық болмысты, ұлттық нақышты да танытады.

Медеу Сәрсекке шығармаларындағы этнографизмдер-ұлттық нақышты танытатын, қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді сипаттайтын бірліктер ретінде танылады. Мұндай этноатауларға қоғамдағы материалдық құндылықтар да жатады. Олардың атаулары тілге де, мәдениетке де ортақ. Медеу Сәрсекке шығармаларында заттық негіздегі лексикаға қатысты ұлт өкілдерінің киіну ерекшелігін сипаттайтын, киім атаулары, ыдыс-аяқ атаулары бір жағынан ұлттық нақышты көрсететін бірліктер болса, екіншіден кейіпкер бейнесін ашуда да өзіндік қызметтер атқарады.

Мысалы, «Кеңсесі жаман емес. Кереге көзі – түгел ұран толтырып тастапты» (Шығыс хикаясы, 41).

«Төрт құлақты жатаған ескі зираттың алдында үнсіз тұрмын...» (Айшықты мезет, 22).

«Сары қиды пешке қалап болды...» (Айшықты мезет, 24).

«Керуен жолынан қол созым жерде тұрған аласа қыстауды көргендегі қуанышымызды сұрама...» (Айшықты мезет, 26).

«Шолақ тымағын көзіне түсіре киген, бір жақ құлағын ішіне жымқырып қойыпты...» (Айшықты мезет, 22).

«Сол шабылған шөп қазір қотанда.» (Айшықты мезет, 82).

«Әйелдер тағы бір жиылғанда Рәпіш әріп үйретуді доғара тұрып, қисса оқып беріп еді...» (Айшықты мезет, 84).

Шығармада кездесетін ыдыс атаулары: шақша – мүйізден жасалған насыбай салатын құты. Бақыр – су құятын, суды көсіп алатын ожаудың бір түрі. Қазан, аяқ, мес – қазақ халқының тұрмыста жиі қолданылған ыдыс түрлері.

Қаламгер ұлттық нақышты танытатын тілдік бірліктерді пайдалана отырып, кейіпкердің мінез-құлық ерекшелігін, психологиялық өзгешелігін шебер көрсеткен.

Медеу Сәрсекке туындыларында киім-кешек атауларына қатысты этнографизмдер молынан ұшырасады. Киім-кешек, мата атаулары – қазақ ұлтының өзіндік өзгешелігін танытумен қатар, ұлттық мәдениет негізін құрайды. Сонымен бірге, тіліміздегі лексиканың бір бөлшегі ретінде де танылады.

Мәселен, «Көпшілігі әйелдер. Жаулықтарын тамақ астынан өткізіп байлап алған, ұзын көйлектерінің төгілген етегінен киген мәсілерінің үшкір ұшы ғана қылтияды. Қарқарадай астылы-үстілі жаулық салған әйел орнынан тұрып есікке беттеді...» (Айшықты мезет, 86).

Көркем шығармада қолданған киім-кешек атаулары бірінші кезекте кейіпкерді жекешелеу мақсатында, екіншіден, кейіпкердің киім киісі оның тұрмыс-тіршілігінен хабар беру мақсатында қызмет атқарады. Ал кейбір жағдайда киімнің түрлерінің өзгеше аталуы кейіпкердің қандай ортадан екенін де анықтайды.

«Рамазанның шашы дудырап, аяғындағы қисық табан етігі тайғанақтап келеді...» (Шығыс хикаясы, 105).

«Рәпішке шолақтау келген қызыл көйлек құйып қойғандай жараса кетті. Бірақ бұл киім киісі ауыл адамдарына таңсық еді...» (Шығыс хикаясы, 114).

«Рәпіш қара сандықты ашты. Қарауылдағы кооперативтен алған шолақ етек көйлегін киіп, шашын қайта өрді. Терезенің әйнегін айна етіп тұрып, қызыл орамалын тартты. Қызыл орамалды Баянауылда Рамазан әперген-ді. Үйлескелі, тіпті бірін-бірі білгелі тұңғыш сыйлығы осы. өзіне ұнайтын. Өзінен бұрын күйеуіне ұнайтын. Неге құмар болғанын білмейді. Әйтсеуі ері осындай қызыл түске бір жосын: көйлектің де қызыл болғанын ұнатады, галстукті де қызылдан тағады. Еркіне салсаң, дүниенің бәрі қып-қызыл боп, қызыл матаға оранып тұруы шарт...» (Шығыс хикаясы, 53).

«Бандылардың барлығы шолақ тымақ киіп, саптама етіктерінің қонышын қара саннан асырып жіберген. Қолдарында біленген камшы. Түстері өрт сөндіргендей. Кейбірі шапанының өңірін ашып тастапты, омырауын жапқан жұқа кәмзалдарының бір пұшпақтары

кылтындайды. Қалың қайыс етіктері аттан мініп-түскенде құлаққа жағымды үн әкеліп, ысырғандай болады. Рамазанға тек, ұшы қайқиған, ауыр саптаманың түрі көрініп, мұңкіген қайыс иісі сезілді...» (Шығыс хикаясы, 134).

Осындағы киім атаулары арқылы:

- кейіпкердің қандай әлеуметтік ортаның өкілі екендігі;
- олардың тұрмыс-тіршілігі;
- жалпылама алғанда қазақ даласының соғыс алдындағы және одан кейінгі жылдардағы қоғам бейнесі қамтылған;
- кейіпкердің мінез ерекшелігі ашылған.

Аталған киім-кешек атаулары, оның әр түрлі ерекшеліктері жөнінде профессор Ж. Манкеева: «Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі қазынасы» іспетті. Талғаммен салтанаты жарасқан қазақтың киімі ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі», – деп тұжырымдайды [2, 222].

Қалың шұға – қалың жұмсақ кездеме. Автор әйелдердің киген киімі, мата түрлерін суреттей отырып, олардың қылықтары мен психологиялық қырларын (сәнқой, ұқыптылық, жинақылық) көрсетеді. Шолақ дамбал – іштен киетін жеңіл киім, кейбір аймақтарда шалбар сөзінің орнына да қолданылады.

Қайыс саптама – атқа мініп, алысқа бару үшін арнайы тігілген қонышы ұзын, жылы етік түрі.

Камзол – әйелдер киімі, ал шығармада Шығыс өңірінің жергілікті тіл ерекшеліктеріндегі ер адамдардың көйлек атауы ұғымында берілген.

Медеу Сәрсекке шығармаларында күні бүгін ұмытылған не болмаса сөз қолданысынан шығып қалған, ұшырасады. Оларға халықтың ерте замандағы күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті: мес, боқша, күміс кісе, арыс (арбаның белдемесі), арбаның шабақтары, жаулау (ожау), бақыр, көрбілте, тотияйын, шайтан арба, тарантас, қотан, кебеже т.б. зат атаулары. Сирек кездесетін зат атаулары: шақша, саптама. Мұндай сөздердерге С. Сапина: «Логоэпистемалар – қазіргі уақытта кейбірінің мағынасы өзгерген, кейбірі ұмытылған, тіпті қолданыста жоқ сөздер», – деп анықтама береді [3, 35].

Қаламгер еңбектеріндегі көнерген сөздер:

- өткен уақыттағы қазақ лексикасының байлығын көрсетеді;
- ғасырлар бойына қалыптасқан халқымызға тән әдет-ғұрып, мәдениет, салт-санамыздың өзіндік орнын айқындайды.

Фалым Қайдаров: «Этнолингвистика халықтың тілі мен оның мәдениетінің арақатынасын зерттейді. Тіліміздегі этнолингвистикалық бірліктер халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысын, өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, дүниеге көзқарасын, таным-түсінігін аңғартады. Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен тығыз байланысты» [4, 5].

Фалым өз түсінігін былайша тұжырымдаған:

«Тіл әр ұлттың дүниетанымын, болмысын анықтап, дүниені игерудегі тәжірибесін сипаттап қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады» [4, 3].

Тілдегі ұлттық айшықты танытатын тұлғалар көркем шығармаларда жазушы шеберлігіне байланысты әр түрлі формада, әр түрлі стильдік мақсатқа орай жұмсалған.

Медеу Сәрсекенің «Айшықты мезет», «Жаман жолдас», «Шығыс хикаясы» атты көлемді еңбектері қазақ өмірін, қазақ ауылындағы тұрмыс-тіршілікті бейнелейді. Сондықтан бұл шығармаларда халықтың рухани өміріне, салт-дәстүріне, тәлім-тәрбие, наным-сеніміне қатысты тілдік бірліктер жиі ұшырасады. Қаламгер кейіпкерлерінің таным-түсінігін, дүниеге көзқарасын көрсете отырып, қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді аңғартқан. Көркем шығармаларда көрініс тапқан әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге қатысты тілдік құралдар ескі қазақ ауылындағы халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін шынайылықпен әсерлі бейнелейді. Бұл аталған шығармалардан басқа Медеу Сәрсекенің шығармашылық өмірінің екінші кезеңі «өндіріс» тақырыбына және «деректі» хикаяттар жазу болып бөлінеді. Егер, жазушының тілдік стиль ерекшелігіне тоқталар болсақ, онда ұзақсонар дәлелдемеге түсіп кетеміз. Медеу Сәрсекенің «деректі хикаяттар жазу» стилінен басқа, эпистолярлық стилді қамтыған еңбектері де бар.

Қорыта келгенде, жазушы қазақ дәстүрі мен мінез ерекшелігіне көп көңіл бөледі. Автор сонымен қатар, ұлттық нақышты да шеберлікпен көрсеткен. Ол, қазаққа тән, ұстамдылық, сабырлық, намысқойлық, шыдамдылық сияқты қасиеттерді аша отырып, қазақтың мәдени өзгешеліктерін аса дәлдікпен суреттеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Виноградов В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – Москва, 1963. – С. 255.

2 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997. – 272 б.

3 Сапина С. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тіліндегі көне түркілік қолданыстар («Түркістан уәлаяты газетінің» материалдары негізінде) // ҚазГЗУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы». No 5 (19). – Астана, 2013. – 110 б.

4 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы : Ана тілі, 1998.

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

АЙТУФАН М.

студент, ПМПИ, Павлодар қ.

ЖҰБАНТАЕВА Ж. Қ.

аға оқытушы, ПМПИ, Павлодар қ.

Гендерлік лингвистика – сөйлеушінің жынысына қарай лексикалық атаулардың шартты қолдануы мен басқа да ерекшелігін қарастыратын тіл білімі ғылымының соңғы бағыттарының бірі болып табылады. Ғалымдар XVII ғасырда жаңа тайпалардың тілін зерттеу барысында жыныстардың сөйлеу әрекетіндегі айрықша көзге көрінетін айырмашылықтарды байқаған. Алдымен бұл әйелдерге қатысты, себебі, олардың сөйлеу әрекеті ерлердікіне қарағанда белгілі бір тәртіпке бағынған, сондықтан ғылыми зерттеуде алдымен «әйел тілі» сөз болған [1, 9]. Сонымен қатар XVIII ғасырдың аяғына дейін лингвистикада алдымен род категориялары ғалымдардың назарында болғаны байқалды.

1900-1960 жылдардың аяғына дейін ғалым А. Грейдің классификациясына сәйкес тілдегі гендерлік зерттеу жұмысы келесі бағытпен жүрді: ерлер мен әйелдердің сөйлеу әрекетіндегі ерекшеліктер туралы гипотеза; жаңа сөзформаларының айтылу мәселесі; жақсыз есімдіктердің дамуы және т.б. [2, 23].

Ал гендерлік зерттеулердің нақты зерттеу объектісіне айналған жаңа кезеңі 1970 жылдардан басталды. Бұл жылдардағы зерттеулер гендер түсінігінің лингвистикаға енуімен байланысты болды.

Грамматикалық род категориясын білдіретін ағылшын термині «gender» лингвистикалық контекстен алынып, басқа ғылым салаларының әлеуметтік философия, әлеуметтану, тарих ғылымдарының, сонымен қатар саясаттануда ғылыми зерттеу аймағына айналған. «Гендер» термині гендерлік зерттеулер пәнаралық бағыттағы статусын алғаннан кейін ғана тіл біліміне

жаңа мағынада ғылым ретінде енді. Жаңа терминнің пайда болуына дейінгі SEXUS (жыныс) түсінігі лингвистикалық семантикада назардан тыс қалған жоқ. Себебі, жыныс семантикасы көптеген лексикалық единицалар мағыналарының құралына (ер, әйел, ана, әке және т. б.) кіреді. Бүгінде бұл мәселені шешуде ғалымдар жыныс түсінігіне сүйенеді [3, 36].

Гендерлік ерекшеліктерді зерттейтін ғылымдардың көбі «жыныс» сөзін пайдаланса, ағылшын тілдес еңбектерде екі термин де қатар жүреді. Кейде гендер терминінің қасына «жыныс» сөзі жақшаға алынып, түсінік ретінде беріледі. Мұның барлығы гендерлік зерттеулерде терминдік түсініктердің шатасуына әкеп соғады.

Гендерлік зерттеу терминін тұрақты деп есептеуге болады және ол пәнаралық ғылыми бағытқа сай келеді. Гендерлік лингвистика өкілі А. В. Кирилина гендер терминінің орыс тілдік лингвистикада қолданылуы жайлы кең түсінік береді. А. В. Кирилина «гендер» және «жыныс» терминдерінің белгілерін ажыратуға тырысады. «Гендер» тіл феноменінің үлкен маңызды бөлігін зерттеуде терең түсінік береді, жыныс тіл феноменінің тек единицасын ғана қарастырады. Гендер адамның ғылыми элементі жыныспен байланысты тіл құрылысын зерттеуде лингвистер бүгін оның тек табиғи байланыстылығын ғана емес, әлеуметтілігі мен мәденилігін сөз етеді. Бірақ тілдің лексикалық мазмұнында жыныс жатыр. Жыныс терминін гендермен, әсіресе, лексикалық мағына компоненті ретінде ауыстыруға болмайды. Бұл жағдай қалыптасқан лингвистикалық тәртіпті бұзады.

Е. В. Митрохина, А. В. Бессарабенко тіл тарихындағы гендер мәселесін қарастыра келе, гендерлік зерттеулер өзінің мазмұнын 1970 жылдарда ғана тауып, лингвистикалық ғылым ретінде қабылданғанын жазады [2, 25]. Ондағы гендерлік лингвистиканың негізгі аспектілерінің бірі болып сөйлеу әрекетіндегі «әйелдердің қарым-қатынасы» мен «ерлердің бақталастығы» теориясы қарама-қарсы қойылады.

1980 жылдардан кейін гендерлік зерттеулер жайлы ғылыми жұмыстар пайда болды: яғни, гендерлік проблема социолингвистика, психолингвистика, лингвистика, паралингвистика аспектілерінде қарастырылды. Тіл білімінде ғылыми бағыттар пайда болып, олар тілдегі сексизм, социум, жыныстардың бір-біріне әсер етуі және сөйлеу компетенциясы (жыныстар арасындағы түсініспеушілік), әйел жазба тілінің ерекшеліктері мәселелерін талқылап өтті. Бұл лингвистикалық кезең интенционализмнің өмір сүруіне себеп болады, яғни, ерлердің сөйлеу әрекеті арқылы басымдылығын

көрсетуі – сөзді айтудың жиілігі, серілігімен бір уақытта қатарласа сөйлеуі және т.б. Бұл кезеңнің гендерлік лингвистиканың даму тарихы ағылшынша сөйлейтін елдердің феминистік (әйел) қозғалыстарының мәселесін қоғам алдында алға қоюмен және «гендерлік мәдениет негізі» ғылыми түрде пайда болуымен ерекшеленеді. Бұл Гамперцтің жұмысында, қарым-қатынастық мәдениаралық зерттелуі бойынша Малыц, Боркер еңбектерінде мәдениаралық коммуникация гендерлік қарым-қатынаста белгілі болған [1, 18].

Орыс тіліндегі ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктеріне Т. б. Крочкова лингвистикалық тәжірибе жүргізеді. Бір сөздің немесе бір мағынаның жыныстық-психологиялық айырмашылыққа қарай түрлі қолданылуына назар аударады. Осы мақсатта ғалым екі түрлі эксперимент жүргізеді: 1) сөзбен эксперимент жүргізу, 2) мәтінмен эксперимент жүргізу. Бірінші эксперименттен мынадай қорытынды шығарады: а) белгілі бір уақыттың ішінде ерлерге қарағанда, әйелдер сөз қолданысында бірдей сөздер жиі кездеседі, б) ерлер лексиканың жаңа түрін қолдануға бейім келеді. Екінші экспериментте әйелдердің сөз қолданысында есімдік, көмекші сөздер, күшейткіш шырайлар, зат есімдер жиі кездеседі деп қорытынды жасайды.

Ресей тіл біліміндегі гендерология мәселесін шешіп, негізін қалауда еңбек еткен А. В. Кирилина болды. Ол «Гендер: лингвистикалық аспектілері» (1999) атты еңбегінде жаңа ғылыми пәннің орнығуын ескеріп, гендердің кейінгі теориялық жағы мен тіл біліміндегі гендер мәселесін шешудің әдістемелік жүйесін қарастырды. Ғалым феминистік бағыттар мен гендерологияның қызмет ету аймағына тоқталып, гендер мәселесінің Батыс және орыс тіл білімінде зерттелу тарихына сипаттама береді [4].

А. Гордон тілдегі ерлер мен әйелдердің қызметін анықтау жұмысында [4, 19] гендерлік ерекшеліктердің тілдегі көрінісіне тоқталады. Ондағы гендерлік ассимиляция түсінігіне анықтама береді. Еуропа тілдерінде жыныстар арасында бір-біріне сай емес, лексика мен грамматикада көрініс табатын ассиметриялар (басымдылық) болады. Адам туралы немесе бір зат, жан-жануарлар туралы айтқанда алдымен ер тегіндегі ер жынысын білдіретін сөздер айтылады. Мәселен, человек, тап, адам. Басқа да құбылыстар кейде ер мен әйел тілдерінің тең емес екенін және ерлердің тілдік жағынан басымдылығын (доминанциясын) анықтайды. Лингвистикада тілдегі гендерлік ассиметрияны зерттейтін, суреттейтін, түсіндіретін бағыт

– феминистік лингвистика болып табылады. А. Гордон феминистік лингвистикаға (әйел тілі) толық түсінік береді.

Гендерлік зерттеулерде Батыс елдерінің лингвистері (Дж. Лакофф, Д. Спендер, М. Блок, Д. Камерон, О. Есперсон т.б.) орыс гендерлік лингвистикасының негізін салушы ғалымдар (А.В. Кирилина, А.П. Мартынюк, Е.А. Земская, М.А. Китайгородская, Н.Н. Розанова т.б.) жалпы тіл біліміндегі гендер мәселесін, гендерлік лингвистика теориясын, әдістемесін, феминистік теориясының себеп-салдарын т.б. гендерология ғылымының басын ашуда үлкен еңбек сіңірді. Дегенмен, гендерлік зерттеулердің бұл тек бастамасы ғана деп түсіну керек. Әлі де зерттелетін, талас тудыратын мәселелер ғалымдар алдында шешімін таппай жатыр. Гендерлік зерттеулердің жалпы тіл біліміндегі теориялық орнығуы – алда талас тудыратын мәселе болып қала бермек.

Гендерлік лингвистика психофизиологияда да зерттелінген проблема болып табылады. Ойлау мен сөйлеудің арақатынасы жөніндегі мәселе психологиялық зерттеулерде көрнекті орын алады. Бұл салада психологияның ерекше мән беретін мәселесі – сөйлеу процесінің қалай іске асатындығы, сөйлеудің түрлері, оның адам психикасымен байланысы, сөйлеу процесіндегі сөйлеу органдарының қызметіне тигізетін зиянды әсерлері. Осы мәселелерді шешуде психология тіл біліміне, тіл білімі психологияға қол ұшын беріп, екі жақты байланысқа, қарым-қатынасқа түседі. Сөйлеу, сөйлегенді қабылдау, түсіну жағдайларын психологияның қатысынсыз ұғыну мүмкін емес екендігі айтылады [7, 5]. Тілдегі гендерлік ерекшеліктер психология мен тіл білімінің ортақ зерттеу объектісі ретінде қарастырылады. Яғни, тіл білімінде лексикалық, грамматикалық ерекшеліктер түрінде зерттелінсе, тіл – қарым-қатынас жасаудың негізгі амалы ретінде психологияда зерттеу объектісіне айналады.

Психология ғылымының докторы, профессор П. Ильин ерлер мен әйелдердің психофизиологиялық ерекшеліктерін, жынысаралық айырмашылықтарын кең көлемде зерттей отырып, ғалым ерлер мен әйелдердің қарым-қатынас жасаудағы ерекшеліктеріне назар аударады. Қарым-қатынастың ерлер мен әйелдер үшін маңыздылығы, қарым-қатынас процесіндегі адамның әлеуметтік ролі, қарама-қарсы жыныстардың бір-біріне қатынасы, жыныстардың ұлтаралық қарым-қатынасқа қатысы, жыныстардың қарым-қатынас жасау ортасы, жыныс пен қарым-қатынас тығыздылығы, еркектік және әйелдік сөйлеу стилі т.б. мәселелер қарастырылады.

Психологтар С. М. Петрова, А. А. Бодалев ерлердің қарым-қатынас жасауда қолданатын сөз көлемі, сөйлеу уақыты әйелдердікінен бір жарым есе кем екенін анықтайды [3, 19]. Психологиялық құбылыстар (сүйетін, қабылдау, сезім) сөйлеу процесіне тікелей қатысады. Қарым-қатынаста тіл ойды ғана емес, сонымен қатар адамның жан дүниесін, сезімін білдіреді [5, 13]. Психологиялық құбылыстармен қатар тілдің адам санасындағы орнын зерттейтін психология ғылымының да тілдегі гендерлік ерекшеліктерде алатын өзіндік орны бар. Яғни, гендерлік лингвистика тек тіл білімі саласында ғана емес, психологияның да үлесіне тиетін мәселе болып табылады. Сондықтан тіл біліміндегі көптеген мәселелерді шешу барысында біз психофизиолог ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын негізге аламыз.

Қазақ тіл ғылымында жынысқа қатысты психологиялық және сөйлеу ерекшеліктері толық зерттелмеген проблема. Ғылыми басылым беттеріндегі кейбір мақалалардан қазақ ерлерінің психикасына қарапайым тілмен берілген кейбір сипаттамаларды кездестіруге болады. «Қазақ ерлері тұрмысынан батыл, еркіндікке құштар. олар досқа адал, қонақжай, жатқа да, сыйластығы мол. Өте әсершіл, жағдайдың ауысуына қарай көңіл-күйлері тез өзгереді, бірақ олар ер көңілді, қиын сәттің өзінде де әзілге сылтау таба біледі. Шектен тыс балажан, әкелік сезімдері жоғары. олардың кейбіреулері мақтаншыл, өркөкірек. олар тойшыл, мейрамшыл, жалқаулыққа біртабан жақын, дегенмен, қажет кезінде қандай істе болмасын өздерін лайықты деңгейде көрсете біледі. Бұл қасиеттер дәстүр мен тәрбиенің ортақ нәтижесі», – делінген [6, 56].

Ал еуропалық әйелдерге қарағанда, қазақ әйелдеріне тән қасиет – сыпайылық, ибалық, имену, ұялшақтық, ұяндық. Олар үлкен кісілер мен ер адамдарды қадірлеп, сыйлап, өзінен жоғары сатыға қояды. Әйелдердің психологиясына қатысты осы қасиеттерді, ерекшеліктерді біз көркем әдебиет беттерінен, тарихи шығармалардағы авторлардың беріп өткен үзінділерінен байқаймыз.

– Қазақ әйелдерінің басым көпшілігіне тән бірнеше қасиет бар, – деп отырушы еді Бабахан, – олар ақыл мен ажар, мейірім мен төзім, имандылық пен инабаттылық, елі мен ерін пір тұту, олар табиғатқа жақын, содан да таза (С. Сматаев).

– Білуін біледі. Бірақ әйел затының көңілі көлдей ашық, жүрегі нәзік, елжірегін келеді. Өтірік қылымсығандышын көріп, сене қалады (Қ. Тоқмырзин).

Қазақ әйелдерінің еріне деген сыйластығы, сыпайылығы, әдептілігі әйел мінезін ерлердің психологиясынан ерекшелендіреді. Сондықтан да, ертедегі ата-аналарымыздың арасында ажырасу, некені бұзу сияқты теріс қылықтар болмаған.

Бірде еліне барғанда сыр қылып осы әңгіменің бәрін шешесіне бір түнде айтып, ағыл-тегіл жылады.

– Қой, қызым, – деді анасы басу айтып, – еркекпен шаужайласып абырой таппайсың. нәсілінде артық жаратылған жанмен деңгейлесемін деуің де әбестік. Рас, әйел ақша табатын шығар, жұмыс істейтін шығар, тіпті шылым тартып арақ ішсін дейін, одан ол еркек боп кетпейді. Өз жаратылысын өзгертпейді. Өзін өзі алдап құр босқа әуре тірлік жасайды. Ал еркектің аты – еркек! Ол өзі еркекпін демесе де, табиғат оны солай жаратқан. Ол тіпті арақ ішіп, құлап жатса да, қатын жіберсе де, құр қарақан басы қалса да еркек! Оны әйел деп дәлелдеп көр күшің жетсе! бір күні арағын тастайды да, әп-әдемі боп шыға келеді. Қатын жіберсе тағы бір қатын алады. Еркектің не құдірет екенін білгің келсе, жұбайыңсыз жалғыз үйде жатып көр. еркек деген ырыс-несібесі артық жаратылған жандар ғой (Л. Омарова).

Қазақ ғылымында жыныстар арасындағы психологиялық ерекшеліктер арнайы зерттелінбесе де, қаламгерлеріміз әйелдер мен ерлер өміріне, олардың психологиялық ерекшеліктеріне терең үніліп, оқырманна деректі етіп жеткізіп отырған.

Профессор Қ. Қ. Жұбанов әйел тілінің спецификалық ерекшеліктерін көрсетеді. Ғалымның айтуынша, әр ұлт әйелдерінің өз ым тілі болады. Қазақ әйелдері тілінің ерекшелігі туралы былай дейді: «Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай ұшталған тіл, мұнымен әйелдер сумандап ала жөнелгенде дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай әйелдерге ғана болатын «ерін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (танданғанда), «аузын бырпылдату» (кекеткенде). Соңғы екі жағдайда ым-шараны ғана емес, дыбысты да қолданады» [8, 56].

Қазірде тілдегі гендерлік ерекшеліктер жөнінде ғалым б. Хасанұлы зерттеулер жүргізіп келеді. Өз зерттеуінде профессор: «Казахской лингвистике XXI века, мы убеждены, суждено изучить деление людского рода на две части – мужчин и женщин и особенности их речи, речевого поведения. Дело не столько в делении, а в оценке роли женщин и мужчин в системе гендерных

отношении, когда женщине отводится пассивная, зависимая роль, а мужчине – активная, в отождествлении человека и подлинно человеческих качеств с женщиной и мужскими качествами...И это дает свое отражение в лингвистике и на родном сознании, в пословицах и поговорках – представление мужской речи как нормы, а женской – как отклонение от нормы. Это представление составляет, по мнению специалистов, определенную и важную часть оценочных мнений, характеризующих женщину в том или ином социуме» [9, 47] – деп келтіреді.

Сондай-ақ, этнолингвистикалық тұрғыдан «әйел тіліне» Ә. Қ. Ахметов «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдерді ала отырып, бұл тыйым түрлерінің әйел тіліндегі көрінісін береді» [10, 20].

Қазақ тіл білімінде ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарында ерекшеліктер болуы мүмкін деген жорамалды А. Д. Сейсенова «Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларын салыстырмалы талдау» (1998) атты ғылыми жұмысында айтып кетеді [11, 53].

Қазақ тіл біліміндегі гендерологияның алға жылжуына бірден-бір үлес қосқан еңбек деп Г. Мамаеваның «Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыс ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясын атауға болады. Зерттеуші бұл жұмысын гендерлік ерекшелік тұрғысынан жазып шыққан [3, 46].

Гендерлік ерекшеліктер мәселесі соңғы жылдары Қазақстандағы тілші, әдебиетші мамандарды ғана емес, әсіресе психолог, социологтарды да қызықтырып жүр.

Қазақ әйелдерінің қоғамдағы ролі мәселесіне байланысты өткен конференция негізінде 2005 жылы «Гендерные исследования в Казахстане» атты жинақ жарыққа шықты [12, 37].

«Психоллингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы» 2003 ж. атты тақырыпта болып өткен халықаралық конференцияның бір секциясы түгелімен гендерлік зерттеулерге арналып, онда көптеген ізденуші-ғалымдар осы тақырып аясында баяндамалар жасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Словарь гендерных терминов // <http://www.owl.ru/gender>.
- 2 Митрохина Е. В. Бессарабенко А. В. Проблема гендера в истории языка // http://teneta.rinet.ru/rus/me/mitrobes_gender.htm.
- 3 Мамаева Г. Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктер: Филол. ғылымд. канд. дисс. – Алматы, 2003.

- 4 Гордон А. Мужское и женское в языке //http: gordon0030. narod. ru/archive/1086/index. html.
- 5 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК баспасы, 1998.
- 6 Қоңыратов О. Түркістан //Қазақстан әйелдері. – № 5. – 1998. – б. 7.
- 7 Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі – Алматы, 1999.
- 8 Жұбанов Қ. Қ, Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
- 9 Хасанұлы Б. Х. Концепция К. Жубанова в контексте гендерной лингвистики // «Жұбанов тағылымы» атты V Республикалық ғыл. теор. конф. матер. – Ақтөбе, 2002.
- 10 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы : Ғылым, 1995.
- 11 Сейсенова А. Д. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларын салыстырмалы талдау. Автореферат. Филол. ғыл. канд. – Алматы, 1998.
- 12 Гендерные исследование в Казахстане. – Алматы : Мальвина, 2005.
- 13 Сматаев С. Бұлақ. – Алматы : Кітап, 1983.
- 14 Тоқмырзин Қ. Үзенгі достар. – Алматы : Жалын, 1984.
- 15 Омарова Л. Қырық бестегі қыз. – Алматы : Жеті Жарғы, 1995.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПСИХОПОЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

АҚТАСОВ А. Қ.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
ҚҰРАЛҚАНОВА Б. Ш.
ф.ғ.к., доцент, ПМПИ, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда тіл білімі мен әдебиеттану ғылымындағы көптеген мәселелерді бір жақты, тар шеңберде қарастырудан арылып, сала аралық байланыста қарастыру кең тарап отыр. Ғылымның қандай саласы болмасын тек өз қазанында қайнамай, өзге де салалармен байланыс орнатуы маңызды. Осыған орай соңғы кездері тіл-әдебиет ғылымын мәдениет, психология және т.б. ғылымдармен шендестіре отырып кеңінен зерттеу белең алуда. Тілдің белгілі бір этносқа қатысын, оның адам санасына тигізетін әсерін этнолингвистика, психоллингвистика бағытында зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдар дәлелдеуде.

Олай болса қазіргі қазақ поэзиясын ұлттық дүниетаным шеңберінде психопоэтикалық тұрғыдан қарастыру қажеттілігін туындауы заңды.

Зерттеу мақсатына сәйкес қазіргі қазақ поэзиясындағы психопоэтика мәселелерін пайымдау үшін психолингвистика, психопоэтика терминдеріне түсініктеме бере кеткеніміз абзал. Психолингвистика – психология мен лингвистиканың аралығындағы ғылым саласы. Ол тіл, ойлау мен сананың қарым-қатынасын зерттейді. Психолингвистика – ең алдымен, тілді психиканың феномені ретінде зерттейтін лингвистиканың бір саласы. Ал психопоэтика терминіне келсек, психопоэтика дегеніміз – психология, лингвистика және әдебиеттанудың тоғысында пайда болған бағыт. Е. Г. Эткинд психопоэтикаға мынандай анықтама береді: «...область филологии, которая рассматривает соотношение мысль – слово, причем термин «мысль» ...означает не только логическое умозаключение (от причин к следствиям или от следствий к явлению и обратно), не только рациональный процесс понимания (от сущности к явлению и обратно), но всю совокупность внутренней жизни человека» [1, 12]. Е. Г. Эткинд бойынша, адамның сыртқы бейнесі мен ішкі дүниесі қарама-қарсы қойылады. Осы тұрғыдан келгенде, әдебиет адамның көзге көрінбейтін ішкі әлемін бейнелейді, сөйтіп психологизммен ұштасады.

Қоғамдағы өзгерістер, ұлттық ой-санадағы сілкіністер поэзияға да жаңа тыныс, соны леп әкелді. Қазіргі қазақ поэзиясы идеялық-мазмұндық жағынан да, көркемдік сапасы, түрлік ізденістері тұрғысынан да жаңашыл белгі-нышандармен толығып, соны тәжірибелерге барып отыр. Алдыңғы поэзиямен салыстырғанда өзгеше бір сипатта дамып келе жатқаны айқын сезіледі. Бұл қандай өзгешеліктер десек, келесі белгілерді атауға болады. Олар: өлең құрылысында жаңа тәжірибелер жасау, астарлы мағынаға бейімділік, бейнелілік, авторлық метафоралардың молдығы, ақындық психологиялық қайшылықтарды көрсете білу, философиялық сипаттың тереңдеуі, ақын мен оқырман арасындағы қатынастың көп қабаттылығы және т.б. дер едік.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, психопоэтика өлең сөздің психикалық ерекшеліктерін қарастыратындықтан, өлең жолдарындағы сөздердің адамның санасы мен бейсанасына тигізетін әсері бірінші кезекке шығады. Және де ол концептік кодтарға, ренкті сөздерге байланысты. Бұл жерде әр оқырманның жеке индивидуалды дүниетанымдық түйсігі мен ментальдық, мәдени

шифрлары, білім деңгейі маңызды рөл атқарады. Бұл дегеніміз бір сөздің өзі әр адамға әртүрлі психологиялық деңгейде әсер етеді деген сөз. Постмодернизм ағымы адамның логикалық санасын айналып өтіп, оқырманына төтенше бейсаналы, санасыздық деңгейінде әсер етуге талпынатынын ескерсек, бүгінгі таңда поэзияның, соның ішінде қазақ поэзисының психолоиялық әдістерге жүгінетінін батыл айта аламыз. З. Фрейдтің тұжырымдамасы бойынша адамның өзіне кейде беймәлім құпия қалаулары мен аңсаулары оның ойларына, іс-әрекетіне әсер етеді. Бұл құбылыстар санасыздық деңгейінде, мидың төменгі терең қатпарларында орын алғандықтан, оның құпия мотивтерін түсіну қиындық туғызады. Демек оқырманның өлеңнен алатын эстетикалық ләззаты тереңдеп, күрделене түспек.

Сонымен қатар шығарма оқырман санасымен, ой – тұжырымдық, дүниетанымдық шеңберімен қатар стереотиптік базасын құруға бұрынғыдан да қатты әсер ете алады. Себебі жоғарыда айтылғандай ментальдық кодтар іске қосылғандықтан, оқырманның саналы ойлау сүзгісі бұл жағдайда көмекке келе алмайды.

Қазіргі таңдағы ақындарды тек қана бір ағым өкілдері деп атау қиын. Олардың шығармаларынан классикалық дәстүрдегі сарынмен қатар модернистік, постмодернистік тәрізді көптеген бағыттардың іздерін байқауға болады. Десек те, қазақ поэзиясы әлі де болса дәстүрліліктен ажырамаған, керісінше, ескіні жаңартып, жаңа қалыпқа салуда.

Әдебиеттанушы ғалымдар кейбір ақындардың жаңашыл ізденістерін тек жеке эксперименттер ретінде бағалап жүр. Өйткені толықтай постмодернизмге өтіп, дәстүрліліктен қол ұзу үшін далалық, ауылдық санадан индустриясы жоғары дамыған қалалық ойлау жүйесіндегі құрылымға көшу қажет деп есептейді. Кезінде суырып салмалық көшпенділікке, ал жазба өлең отырықшылыққа тән болғанындай, жаңашыл, модернистік бағыт та белгілі бір құндылықтарға негізделеді. Яғни, адам санасының ғасырлар бойы қалыптастырған ұжымдық, этностық, адамзаттық дүниетанымдық шеңберін белгілі бір мөлшерде қиратқанда ғана жаңа деңгейге көтерілуге немесе керісінше түсіп кетуге болады. Ал бұл үшін қоғам күрделі әлеуметтік, саяси, экономикалық, технологиялық өзгерістерді талап етеді.

Адам санасынан гөрі бейсанасымен жұмыс істеуге бағытталған өлеңдерге:

– Ой күнгірттігі мен бір қарағандағы түсініксіздік, қиялилық;

– Абстракциялау, жалқыны жалпыландыру немесе керісінше жалпыны жалкыландыру;

– Мифтік, мистикалық сарын;

– Символизм, образдылық элементтері.

Белгілі бір ұжым көлемінде немесе адамзаттық деңгейдегі концептік, менталитеттік, психологиялық шифрлар

Ұрандық, стереотиптік, пафостық сөздермен әдіс-амалдарды жария не болмаса жасырын формада қолдану тән.

Ақын Е. Нұрыдхан:

Жалбыз мұңым гүл ашады

Жалғыздығым ұласады-

Ғасырға-

Боз жусанға кетті айналып шашым да!

Ай искеlep маңдайынан мазардың,

Отыр өне қара дөңнің басында!...

...Тіл ұшында тілсім нүкте...

Қаймағы мол үнсіздікке,

Семіріп-

Көрі зират есінейді ерініп.

Сан ғасырдың сағынышын сімірген,

Сол зираттың сондай суық еріні!

Сан ғасырдың сағынышын...

Сәби көктем көрі қысын...

Мың килы

Көрі зират үнсіз ғана қылғыйды.

Топырақтың қашанғы сол қайғысын,

Жапырақтың жанарына кім күйды?!...

...Мезгілді көрдім мен кеше,

Қыз екен қызыл бұрымды

Мезгілді көрдім...

Ендеше-

Ертеңнің өзі бұрымды!

Қызғылтым шаштың әр талы,

Сағыныш...

улы сан жылан...

Арманның алтын арқаны,

Адамзат рухын шандыған...

– дейді өзінің «Қалжырау» деген өлеңінде. Бұл өлең жолдарында ассоциациялық ойсурет, символдық бейнелеу негізінде лирикалық қаһарманның өзін қоршаған әлемге, ондағы жағдаяттарға қатысты

ішкі сезім иірімдерін бейсаналық түйсіну деңгейінде жеткізу бар. Ай – жоғары руханилық пен тылсым, мистикалық әлем символы болса, мазар – мистикалық боямаға ие, бір нәрсені жоғалтудың, орны толмас қайғының, естеліктің балама символы болып табылады. Өлеңнің өн бойынан сағыныш, жерінумен қатар аңсау, сары уайымшылдыққа салыну байқалады.

Сондай-ақ, Т. Әбдікәкімұлы, А. Елгезек, Е. Жүніс, А. Тасқараұлы және т.б. ақындар шығармашылығында да постмодернистік бағыттағы ізденістерді байқауға болады. Бірақ тек модернизм мен постмодернизм стиліндегі өлеңдер ғана психологиялық әсерге ие емес. Кез келген шығарма белгілі бір деңгейде оқырманына әсер етеді, бұл жерде мәселе оның қалайша және қаншалықты әсер ететініде. Себебі сәтті шыққан шумақ, орынды айтылған сөз адамның жан пернелерін дөп басып, әр алуан сезімдер тудыруы мүмкін. Бұл жерде басып алатын мәселе – шығарма оқырманның санасымен немесе бейсанасымен жұмыс істейтіндігі. Жалаң баяндау мен құрғақ ұранға құрылған өлеңдер адам санасында терең із қалдырмайды, тек белгілі бір ойларға итермелеуі мүмкін. Өлеңнің оқырманына тигізетін әсері көп жағдайда мазмұны мен идеясына, жазылу формасына байланысты болады.

Ал көркемдік құралдар ақын ойын жеткізудің жанама құралы рөлін атқарады. «Өлең формасы – ақын интеллектісі мен интуициясының, тәжірибесінің көрінуі, белгілі бір мазмұн арқылы қалыпқа түсуі. Мазмұнды бейнелеудің, оқырманға мейілінше күшті әсер етудің ең қолайлы, ең тиімді тәсілі – ең ұтымды форма болып есептелуі тиіс» [2, 92], – дейді ғалым б. Ыбырайым.

Түйіндей айтар болсақ, поэзиялық шығарманың оқырман санасына тигізетін психологиялық әсеріне көптеген факторлар себепкер болады. Оларға алғашқы кезекте оқырманның ментальдық қоры, этнотарихи кодтары, өміріндегі бастан кешірген әр алуан тәжірибелері, білім деңгейі секілді т.б. объективті және субъективті факторлар жатады. Ал өлең идеясы мен мазмұны, ойды образды бейнелеу құралдары, мифтік және мистикалық элементтер адам санасына әсер етудің әдістері мен құралдары болып табылады. Көп жағдайда бейсаналық мифпен және мистикамен астарласып жатады. Адам эмоцияларын туындататын жасырын мотивтер бейсаналық деңгейінде мифтік ойлау жүйесінен, ұлттық концепттен, тарихи санадан бастау алады. «Яғни миф – эмоцияның бейнелі объективациясы, жиынтығы. Мифтегі эмоцияның осы объективті көрінісі поэзияды «ішкі әлемге»

көшіріліп, көңіл-күй ауанын, сезім құбылыстарын, ой әрекеттерінің қайшылығы мен шешімін танытуда көркемдік мәнге ие болады» [3, 350], – дейді ғалым Ж. Әскербекқызы өзінің мифопоэтика жайлы еңбегінде. Қазіргі қазақ поэзиясындағы психопоэтика мәселелерін шағын бір мақала көлемінде толыққанды қарастыру мүмкін емес. Біз тек кейбір тұстарына ғана тоқталып өттік. Адам, оның жан дүниесі, оған өнердің оның ішінде поэзия өнерінің тигізетін әсері әр кезде де өз өзектілігін жоғалтпайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Эткинд Е. Г. «Внутренний человек» и внешняя речь. Очерки психопоэтики русской литературы XVIII–XIX вв. – М. : Школа «Языки русской культуры», 1998. – 122 с.

2 Ыбырайым Б. Ы. Қазақ лирикасы. – Алматы : Абай атындағы ҚазҰПУ: Ұлағат, 2013. – 144 б.

3 Аймұхамбетова Ж. Ә. Мифтің поэтикадағы қызметі (қазіргі қазақ поэзиясы арқауында). Монография. – Алматы : Жазушы, 2010. – 365 б.

«ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНДАҒЫ» МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ҚАТЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЛМАУЫТОВА Ә. Б.

ф.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы

Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың болмасын күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібін ұлттық сана мен талғам негізінде қалыптасқан мәдениетін бейнелейтін өзіне тән материалдық дүниесі (еңбек құралдары, ыдыс-аяқ, киім-кешек т. б.) болатыны белгілі.

Тұрмыс жағдайы мен оның ерекшеліктері ұлттың әдет-ғұрпында, дәстүрлерінде, мінез-құлқында т.б. терең із қалдырады. Халқымыздың дәстүрлі қолөнері – қайнар бұлақ, сарқылмас қазына, бай мұра. Зергерлік-әсемдік бұйымдардан бастап, тұрмысқа қажет ұсақ-түйек дүниелерге дейін адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, өздерінің әдемі бояу, бедерлі өрнектерімен, сан қырлы терең сырлы материалымен т.б. технологиялық үлгілерімен, талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы эстетикалық тұрғыдан рухани

мәдениетіміздің қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік, танымдық қызметін де өтейді. Себебі, халықтың іс-әрекеті, тұрмыстық болмысы, дүниетанымы өзі жасаған туындылардан елеулі орын алады. Шебер қолы тиген әр бұйым көне заманнан келе жатқан дәстүрдің жалғасы, әр халықтың ұлттық мәдениетінің белгісі.

«Қазақстанда қолөнері үй кәсібі түрінде дамыды. Көшпелі шаруашылықтың қажетіне байланысты қолөнершілер мал шаруашылығына керекті шылбыр, жүген, ер-тұрмандар т.б. жасаумен шұғылданды. Сонымен бірге құмнан, тастан, саздан ыдыс-аяқ; мүйізден, сүйектен, теріден әшекейленген нақышты мүліктер, саз аспаптарын жасады, киім тікті. Қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу, сондай-ақ моншақ, білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы сияқты зергерлік бұйымдар жасау кең етек алды» [1].

Қазақ тұрмысының мәні мен сәнін бейнелеп, күнделікті өмірдегі қажеттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, рухани қазынасын да көрсететін сан түрлі қолөнер туындылары ұлттық мәдениеттің өзекті бір саласын құрайтыны сөзсіз. Олардың этнографиялық мазмұны, шығу, жасалу тарихы, қолданылу аясы т.б. Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин еңбектерінен басталып, көрнекті ғалымдарымыз Ә. Марғұланның, С. Қасимановтың, Х. Арғынбаевтың, С. Масановтың, Ө. Жәнібековтің, Т. Арыновтың, Н. Уәлиевтің т.б. еңбектерінде жалғасын тапқан.

Тұрмыста қолданылатын қолөнер туындылары – тарихи мәдени категория. Оның кейбір дәстүрлі түрлері мәдениеттің терең қабаттарын құрайды. Оның әр қабатында, түрінде қоғамның әлеуметтік-тарихи, материалдық-экономикалық дамудың таңбалары қалып отырады. Ғасырлар бойы халық екшеуінен өтіп келе жатқан қолөнер туындылары қашанда сап алтын күйін жоймайды. Бірақ халықтың ұлттық ерекшелігі мен дәстүріне, тұрмыстық болмысын бойына сіңіре отырып дамыған ұлттық мәдениеттің алтын қазынасы, халық санасы оянуының айнасы болған халықтық қолөнердің туындылары өзінің жүйелі даму сипатынан айрылып, көптеген түрлері жойылып, ұсақталып, кейбіреулері өзінің құнды қасиеттерінен қол үзіп, қазіргі заманның талап-тілегіне ыңғайлы күйге түскен. Сондықтан, көбі тек атаулары арқылы ана тілімізде сақталған олардың тәлімдік, тарихи-танымдық қасиеті зор.

Демек, күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер туындыларының тілдік қабатын анықтау, оның атауларының жасалу жолдарын, мазмұнын ашу т.б. маңыздылығы дау

туғызбайды. Ол атаулардың табиғаты мен мәнінің ерекшелігі шын мәніндегі этнолингвистикалық зерттеуді, нақтырақ айтқанда тек қана этнолингвистикалық тәсілді қажет етеді. Көбі қолданыстан шығып, ұмыт болған, тек қана эпостық жырлардың жолдарында, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдердің құрамында мағынасы күнгірттенген атаулардың анықтамасы шағын этнографиялық очерктерді, түсініктемелерді қажет етеді.

Сол себепті, «Қорқыт ата кітабындағы» материалдық мәдениетке қатысты атауларға этнолингвистикалық талдау жасау, сол атаулардың шығу төркінін этнос табиғатының тарихымен, мәдениетімен байланысты сабақтас зерттеу жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді.

Мысалы: Қазан – тамақ пісіруге арналып қоладан, мыстан, шойыннан жасалған ыдыс. Қазанның рәміздік мағынасы туралы Ә. Марғұлан: «Қазан мықты болса, ел де мықты, Қазан шаңырақ сияқты бүтіндіктің белгісі, ол құрыса, ел де құриды. Оның үстіне қазанды қасиеттеу – ерте кездегі темірге табынудың бір түрі. Тәуке ханның аңызында жолығатын «қара қазан», «қара мылтық» алу – жаудан кек алу белгісінің ескі түрі. Тәукенің жарғысы бойынша, бұрын жауласқанда «шаңырақ», «қазан сындырып» кек алудың орнына, енді оны сындырмай, жәбір көрген жаққа сол нәрселердің өзін беріп тыныштық жасайды. «Жеті жарғыда» кек алуға беретін символикалық нәрселер – «қара қазан», «қара нар», «қара мылтық», «қара күн», «қара ат», – деп жазады [2]. Келсе үйі ұрланған, қазан аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, үйдің қорада байлаулы қалған сиыры мәңірейді. Үйде ұн жоқ, диірменге кеткен түйе қайтқан жоқ, оның не әкелері белгісіз [10-б.].

Оттау көтергенде арнайы «от жағарға» сайланған бәйбіше қара шаңырақтан от әкеліп, алғашқы отты жағып «от бөлу» рәсімін жасайды. Осылайша ғұрыптық от бөлінген соң оттау пайда болады.

Отты қастерлегендіктен түнде үйден отынның қалдығын шығаруға тыйым салған. Бұл отты тірі деп елестеткен анимистік танымның сілемдері ендігі анық. Солар үшін ақ оттау тіккен ағанилеріне – құрмет! [9-б.].

Күбі – іркіт құятын үлкен ағаш шелек (Қасиманов). Қайыңнан, еменнен, аршадан жасалатын көже ашытатын, ашымал қымыз, шұбат пісетін, май шайқайтын ыдыс. Ондай әйел төсегінен тұрған соң беті-қолын жуады, үйдің (шатырдың) ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні апыл-құпыл пісіп, көрпе-төсегін жинайды [9-б.].

Үзенгі – көлікке міну үшін, ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі (us~жоғары, үсті). Дирсе хан қолына сұр жебесін алып, аяғын үзенгіге тіреп тұрып, адырнасын тартып қалды [16-б.].

Шаңырақ он және сол қоспасы тұсынан төмен қарай доғалана салбырап, ұшы керегеге ілінетін желбау да ерекше мағынаға ие. Ол дауылда үйді жел жықпас үшін таспен бастыратын бау ғана емес, аспаннан құт-ырыздықты түсіретін киелі арқан рәмізі.

Қазақта отбасы сөзінің ауыспалы бір мағынасы – шаңырақ. Қара шаңырақ бүкіл әулетті айғақтайды. Себебі жоғарғы әлемнен құт-несібе шаңырақ арқылы үйге құйылады. Сондықтан оның тура астына қазан тосылады. Шаңыраққа кепкен төстік, үрген қарын ілінеді. Шаңырақтың күлдіреуіштерін бекіте түсу үшін кесе көлденен байланатын кесінді ағаштарды бөгелек деп те атайды. Жалпы көшпелілер түндікті, шаңырақты, бақанды ұрпақтың дүниеге келу салтымен жиі ұштастырады. Мәселен, ел бала көтермейтін әйелді «бөгелегі қураған» деп жазғыратын болған. Анимстік наным бойынша, шаңырақ тірі кейіпте. Сондықтан үй ішінде ешкім жоқ болса да, табалдырықтан аттаған соң «Ассалаумағалейкүм» деп шаңыраққа сәлем беру рәсімі қалыптасқан. Қара шаңырақ әулетті жалғастырушы кие саналғандықтан, кенже балаға мирас етіледі.

Дәстүрлі танымда кез келген заттың түпкі жасалу негізіне космос құрылымы мызғымас үлгі болғандықтан, киіз үйдің сәулеттік бітімі де осы жүйе-жүлгеден алшақ кетпеген. Жеке адам мен күллі ғаламның өзара қарым-қатынасын заттық орта делдалдық жасап, реттейтінін ғалымдар дәлелдеген. Бір сөзбен айтқанда, заттар – ежелгі дүниетанымның бұйымдалған көрінісі, көне мәліметті тасымалдаушы. Кез келген байырғы мәдениетте қолөнер бұйымдары егіз сипатқа ие: біріншіден, тұрмыстық қажеттікті өтейді, екінші қырынан қарағанда, таңба-рәміз, үнсіз мәтін қызметін атқарады. Осындай себептерді тірек ету арқылы киіз үйдің әу бастағы мифологиялық толымды бейнесі жаңғыртылды. Шын мәнінде, киіз үй көшпеліні ыстық-суықтан ғана емес, табиғаттағы түрлі зиянкес рухтардан берік қорғайтын киелі нысан.

Шатыр. Көшпелі қазақ халқының тұрмыс ерекшелігін көрсететін мәдени мұраның бірі – шатыр. Оның кеңінен қолданылғанын жырдаң, яғни, «Қорқыт ата кітабынан» жиі кездесуінен байқауға болады. Ей, хан ием, бір күні Қам-Ғанұлы Баяндүр хан орнынан тұрып, өзінің жігіттеріне Шам жұртынан әкелінген ала шатырларын тіккізіп: «Ала шатырдың төбесі көкке жетсін, оған мың жерден қалы кілемдер төселсін», – деп бұйрық беріпті. Алтындаған шатырларын

кетсе, соның ішінде менің де ақ шатырым бар, оны қырық қарақшыға неге бермекпін?/20-б/. Гәуірлер оның алтын жалатқан шатырларын киратып, аққу құстай керілген қыз қалыңдықтарын зарлатып, олжа қылды /23-б/. Оғыздар заманында жігіт үйленер болса, әуелі садақтан оқ атып, сол оқ түскен жерге қалыңдық шатыры тігілуші еді [41-б.].

Байбіжан саған беремін деген қызын Байраққа берді, олар бүгін түнде неке шатырына кірмек, соны асығыс түрде басып алалық», – деді [42-б.].

Өзінің ақ шатырына кіріп, үйлену тойын өткізді [54-б.].

Сөйтіп қырық жерден шатыр тігілді [54-б.].

Күндерде бір күні Ұлашұлы Қазан бек төсегінен тұрып, қара жерге өзінің ақ шатырын тіккізді [55-б.].

Ала шатырлардың төбесі көкке жетті [55-б.].

Алтын шатырларыңды жау алмасын [21-б.].

Л. Будагов : Шатыр 1) палатка, шатеръ, полочъ. 2) женское бълсе покрывало, въ которсе окутываются въ головы до носъ, зонтикъ. Шатырдың әуелгі мағынасы күнқағар болған сияқты. М. Қашқари отау сөзі «шатер, жилище» мағынасында келтірілген [3, 373]. Шатыр – көшпелі қазқ халқының тұрмыс ерекшелігін көрсететін мәдени мұраның бірі. Оның кеңінен қолданылғанын «Қобыланды батыр» жырынан байқауға болады:

Бұл сөзді айтып Қобыланды
Шатырға қайтып келеді;
Жағалай таудың жатыр-ай,
Жарасар тіккен шатыр-ай.

Бұдан шатыр атауының өте ерте кезден түсінікті ұғым екені көрінеді.

Табалдырық. Табалдырық – босаға – мандайша – бүтіннің орнына жүретін есіктің бөлшектері. Оның ішінде көбірек қолданылатыны – босаға. Босаға – екі дүниенің шегі, кез келген дүниенің кіріп – шығатын есігі, әр нәрсенің аузы деген ауыспалы ұғымға көшкен. Жалпы есік пен босаға сыртқы әлемнен қорғаныш, ішкі береке мен тыныштықты сақтаушы ретінде танылады. Жын-шайтаннан, ішкі әлемді сыртқы әлемнен, өзін өзгеден сақтар қорғаныш қызметін атқарар босаға мен табалдырыққа байланысты тыйымдар бар екені де белгілі. Босаға сөзінің мынадай мағыналары бар:

1) есіктің жақтауы;

2) үйдің төрге қарама-қарсы есік жағы;

3) ауыс мағынада үй, отбасы, табалдырық. Балаға қара шекпен кигізіп табалдырыққа көлденең байлап тастаған екен [62-б.].

Алаша. Кілемге бергісіз алаша бар, Ханға бергісіз қараша бар (Мақал). Бұл атауға уәж болған «ала» сөзі (түсті білдіретін) болу керек.

Далаға шығып жазы арасында жатқан бір алашаны алып, қырық тесік етті де, соны мойнына іліп, есалаң бақсы болып тойға келді [48-б.].

Киіз. Киіз, кигіз – қойдың күзем жүнінен басылған, үй тұрмысында пайдаланылатын бұйым. Көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше. Киіз қазақ жеріндегі көшпелі тайпаларда б. з. б. 1-мыңжылдықта белгілі болған. Бұл киіз басу өндірісі ерте дамығанын көрсетеді. Киізден сырт киім, байпақ (аяқ киім) тіккен, оны тек үйді жабу үшін ғана пайдаланып қоймай, киіз үйдің ішкі жасау-жиһаздарын, өзге де тұрмыс-тіршілікке қажет заттарды тігуге де қолданған. Халық шеберлері қазіргі кездің өзінде киізден қоржындар мен дорбалар жасайды. Ақшаңқан киіз ақ қойдың жүнінен басылады. Дайын киізден туырлық, үзік, түндік, текемет, сырмақ жасалады. Басылатын жүннің мөлшерін, жарамдылығын айыра алатын, шабақтау мен тартуға шебер адамды киізші дейді. Жұртына уағыз беріп: «Ұлы-қызы бірдей жоқ адамдар болса, олар қараша үйлерге кіргізілсін, астына қара құрым киіз төселіп, жейтін асына қара қойдың еті берілсін, жесе жесін, жегісі келмесе орнынан тұрып кете берсін [11-б.].

Баяндүр ханның жігіттері алдынан шығып, оны қараша үйге кіргізді, астына қара киіз төсеп, жейтін асына қара қойдан сойыс берді [11-б.].

Арқан. Арқан– қылдан, мақтадан, зығыр талшықтарынан, т.б. бұрап есілетін бұйым. Арқан есу қазақ халқының тұрмысында ерте заманнан бері қолданылған. Арқан жасау үшін алдымен жеке өрім жіптер ширатып алу керек. Ширатылған 3 – 4 тіл бір-бірімен өріліп біріктіріледі. «Мен сені арқанмен қорған сыртына шығарып жіберсем, әке-шешеңе, еліңе аман-есен барып жетсең, қайтып келіп мені әйелдікке алар ма едің», – деді [45-б.].

Қалғандары болса: «Дирсе ханды үйінен басып, аяқ-қолын байлалық, мойнына қыл арқан салалық, сөйтіп гәуірлер еліңе кашалық», – десті [19-б.].

Кілем – әсемдік үшін, сондай-ақ үйдің жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету үшін пайдаланылатын түрлі-түсті ою-өрнек салып тоқылған бұйым. Кілем бір немесе бірнеше қабатты, түкті немесе тықыр болып келеді. Түкті кілем бірнеше қабаттан тұрады. Тықыр кілем бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылады. Түгі қырқылмаған (түз ақшалы), кейде түгінің жартысы

қырқылып, жартысы қыркылмаған аралас кілемдер де шығарылады. Сонымен қатар тоқыма емес (түгі тігілмелі, шыбықшалы, желімді кілемдер), түскііз, ою-өрнек салынған тері кестелі өрме кілемдер де болады. Ораз ханның әкесі, Баяндүр ханның күйеуі, барлық оғыз елінің бақыты, оғыз батырларының ағасы Қазан-Салор төсегінен тұрып: «Уа, қырық жігітім, қара жерге тоқсан жерден алтын шатыр тігілсін, жібектен тоқылған тоқсан түсті кілем төселсін», -деп бұйрық беріпті [22-б.].

Бесік – нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Бесікті Орталық Азия мен Кавказ, Үндістан, Қытай жерін мекендейтін халықтардың басым көпшілігі пайдаланады. Тек әр түрлі үлгіде жасалады. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін жайылдырмайды. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады. Шүмекті қойдың асық жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады. Бесікпен қоса құс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізебау, тізе жастық, бесік көрпе даярланады. Қазақта бесік қасиетті, киелі құтты мүлік болып есептеледі.

Бесігіне қара өгіздің терісін жауып, жау келетін қара сайдың қақпасына қойған, сол өгіздің күші бар, қаһарланса, қара тасты құм қылған [65-б.].

Оның бесігін анасы тау аңғарына қойып, қара өгіздің терісімен жауып өсірген еді [30-б.].

Кесе – ыдыс. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ыдыс-аяқтардың бәрі ағаштан жасалған. Фарфор ыдыстар қолданысқа кейін кірген. Оны шай, сұйық тамақ ішуге қолданған. Кесенің беті ашық, дөңгелек етіп жасалады. Ағаштан жасалған мұндай ыдыстар кесеге жатпайды, оны тостаған дейді. Кесе фарфордан ғана жасалып, сыртына түрлі ою-өрнектер салынады. Шаштары арқасына түсіп, тал-тал болып өрілген, бармағы мен тырнақтарын қыналаған, иықтарында бір-бір құс сайраған гәуірлердің тоғыз қызына сол алтын кеселермен оғыз бектеріне сусын тартқызды [55-б.].

Гәуір елінен тұтқын болып келген тоғыз сұлу беттерін қыналап, төсіндегі қос анарын дірілдетіп, ақ саусақ қолдарымен кеселерге шарап құйып, оны бектерге тартты [22-б.]. Менің жарқын көзім сөніп барады, қолдарымнан әл кетті, жүрегім қалтырайды,

колымдағы алтын кесем түсіп кетті [68-б.]. Тоғыз жерден көзе, сансыз жерден алтын кеселер қойғызды [55-б.].

Қараша үй – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Көшпенділердің киіз үйі – тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Киіз үй-көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан – қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық [8-б.]. Баяндүр ханның жігіттері алдынан шығып, оны қараша үйге кіргізді, астына қара киіз төсеп, жейтін асына қара қойдан сойыс берді [11-б.].

Мәдениетті тіл арқылы тануда мынадай ұғымдарға назар аударылуы қажет: мәдени әрекет, мәдени орта, уақыт пен кеңістік контексіне сәйкес рухани және материалдық игіліктерге берілетін баға, мәдени трансляция, мәдениеттің метатілі т.б. Осы арада тұлғаның өмірдің мәні мен мағынасын түсінуге қатысты шығармашылық – мәдени қажеттіліктерін сипаттайтын мәдени сұхбатты да атап кетуге болады.

Байқап отырғанымыздай, жоғарыда аталған ұғымдар тіл арқылы анықталатын, жеткізілетін мәдениеттің коммуникациялық (қатысымдық) табиғатымен астасады.

Нақты айтқанда, мысалы, қолданылған материалдық мәдениетке қатысты атаулар жай айтылмайды, олар сол заманда өмір сүрген осы тұлғалардың мәдени әрекеті нәтижесіндегі рухани дүниесінде заттанады. Яғни, бұл – осы тұлғалардың өзіндік санасындағы мәдени ұғымның дискурстық сипаттағы айшықты көрінісі. Себебі, әр замандағы ұрпақтар жалғастығы, мәдени мұраларды игеру, қабылдау шығармашылық негізде тиімді іске асады.

Мәдени туынды егер мәдени коммуникация негізінде рухани мұраға айналмаса, ол мәдени айналымнан шығып қалады. Демек, мәдени болмыстың тірегі – қарым-қатынаста, ақпараттылығында. Бұл тек тіл, мәтінде көрінеді. Ал, тіл тек денотативті коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге халықтың тарихи, әлеуметтік, мәдени мазмұнын ашатын коннотативтік құрал [4, 38-139].

Қорыта айтқанда, тұрмысқа қажет түрлі дүниелер адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, өздерінің әдемі өрнектері мен сан қырлы, терең сырлы бояу, бедер үлгілерімен талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы эстетикалық тұрғыдан рухани мәдениетіміздің қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік, танымдық қызметін де өтейді. Осындай ғажап төл мұрамыздың атауларының

бай сырларына үңіліп, талдап анықтау, оларды рухани қажетімізге айналдыра білу – ұлт санасын жаңғыртатын ұлттық қазына.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚСЭ, 6 Т. 597 б.
- 2 Қазақтың бақсы-балгерлері / Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов / – Алматы : Ана тілі, 1993. – 223 б.
- 3 Древнетюркский словарь. – Л., 1969.
- 4 Манкеева Ж. А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – А., 2008.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БИЗНЕС ТЕРМИНДЕРІНІҢ КІРМЕ ҚАБАТЫ

АМРИНОВА Ү.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаңа саясатқа кірудің басты кілті», – деп Елбасымыз айтқандай, қазіргі таңда еліміз шетелдермен саяси-әлеуметтік және мәдени қарым-қатынас жасау үстінде. Тіл біліміндегі терминдерге қоғамдық өмірдің барлық саласының қызметін атқару міндеті жүктеліп отыр. Тілдің ғылым саласындағы қызметінің жүзеге асуы ғылыми терминологияның жасалуымен, оның жүйеге түсуімен тікелей байланысты. Жаңа терминдер жасап, ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыру үшін термин шығармашылығында іске қосылатын амал-тәсілдер, термин жасауда басшылыққа алынатын принциптері мен терминдердің пайда болу арналары айқындалады. Бүгінде бұл үрдісті қазақ тілі де бастан кешіріп отыр. Жұмыстың бірқатар нәтижелерін жоғары оқу орындарда арнайы оқытылатын терминология, терминография пәндері бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда, теориялық курстар мен арнайы семинарларда, осы саладағы сөздіктер жасауда пайдалануға болады. Бизнес терминдер сөздігін жасау арқылы қазақ тіліндегі салааралық терминологияның дамуына айтарлық үлес қосуға болады. Қазақ тіліндегі бизнес терминдерінің кірме қабатын латын, грек, ағылшын, француз, итальян, неміс тілдерінен енген сөздер тобы құрайды.

Бизнес терминдерінің өзге тілдерден енуінің, кірігуінің төмендегідей лингвистикалық факторлары бар:

1. Терминдердің мағынасы мен мазмұнын түсінуді жеңілдету мақсатында халықаралық терминдерді қайта кодтау;
2. Терминдердің бірмағыналығы мен қысқа болуы шартына сәйкес итернационализм құбылысының тепе-тең түсуі;
3. Интернационализм құбылысының жоғарғы сөз тудыру валенттілігі.

Терминдері жасауда латын тілінің орны айрықша екендігі баршаға мәлім.

Бизнес саласына қатысты терминдердің көпшілігі латын тілі арқылы енген.

Бизнес терминологиясына грек тілінен енген бизнес терминдері:

Ипотека (грек. *hypotheka* –кепіл, кепілзат) – ұзақ мерзімге несие алу үшін жылжымайтын мүлікті кепілге салу; ипотекалық қарыз ақша (ипотекалық несие) қозғалмайтын мүліктің кепілдігіне банк беретін қарыз ақша; сенім қозғалмайтын мүліктің кепілдігі туралы банк қарыз алушыға беретін куәлік. Ипотекалық несие жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін несие нысанында қаржы ресурстарын тарту тәсілі, яғни ипотекалық, коммерциялық банкілер, сақтандыру және басқа несие-қаржы мекемелері жылжымайтын мүлік (жер, құрылыс, тағы басқа) кепілімен беретін несие.

Монополия (дара иелік) (гр. *monos*–жалғыз және *poleo*–сатамын) – бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының, мемлекеттің белгілі бір затқа (мысалы, жерге), белгілі бір затты өндіруге немесе сатып алуға, белгілі бір тауарлармен сауда жасауға айрықша құқығы. Монополия – салалық, ұлттық немесе әлемдік рынокта басым, үстем жағдайға ие кәсіпорын немесе кәсіпорындар тобы. Монополия әдетте жеке меншіктегі, өзіндік, топтық немесе акционер меншіктегі және өнім өндіру мен өткізуді бақылайтын ірі шаруашылық бірлестіктер (картельдер, синдикаттар, концерндер, консорциумдар, т. б.) болып табылады. Өндіріс пен капиталды жоғары деңгейде шоғырландыру негізінде монополия көп пайда табу мақсатымен бағаны белгілеп, бақылап отырады.

Жоғарыда көрсетілген терминдермен қатар көне тілдерден енген мынадай да бизнес терминдерін атап өткіміз келіп отыр: аддендум, ассигнование, бонус, депонент, дефицит, дефляция, инфляция, компенсация, конкуренция, консигнация, концессия, кооперация, кредит, номинал, нотификация, оферта, референция, реципиент, стагнация, фактура және т.б. көптеген терминдер. Қазақ тілінде

бұл терминдер де орыс тілі арқылы енген. Бұл сөздер қазақ тілінде жеке де және қазақ тіліндегі төл сөздермен тіркесіп те, қолданысқа түседі: ипотекалық несие, инфляция денгейі, бонустық жүйе, кредиттік төлем, т.б. Грек тілінен енген конкуренция сөзі қазақ тілінде бәсекестік сөзімен беріліп, қолданылып жүр. Мәдениет тарихында, әсіресе Батыс Еуропа мәдениеті тарихында латын тілінің атқарған рөлі орасан. Барлық Еуропа тілдеріндегі латын тілінен енген көптеген сөздердің, грек және латын кірме сөздерінің интернационалдық терминологияда жиі қолданысқа ие болуы осыған дәлел бола алады. Бизнес терминдерінің грек және латын негіздерінен жасалғандығының болуы шартты, өйткені терминнің латын немесе грек тілінен тікелей енгенін немесе қазақ тіліне дәнекер тіл арқылы енгенін анықтау мүмкіндігі бола бермейді. Латын және грек кірме сөздері қазақ тілінің графикалық құралдарымен рәсімделіп, негізгі тілге тиесілі барлық формальды белгілерін сақтайды. ХХІ ғасыр – жаһандану ғасыры. Әлем елдерінің экономика, білім, ғылым, мәдениет, сауда-саттық, туризм, т.б. салалар бойынша ашық интеграцияға түсуі қазақ тілінің лексикасына көптеген ағылшын сөздерін ала келді. Саяси-экономикалық байланыстардың қарқынды дамуы тілдік қорымызға ағылшын тілінен мынадай сөздер мен сөз тіркестерінің енуіне себепкер болды: – budget-бюджет, national bank – ұлттық банк, financial analysis – қаржылық талдау, balance sheet – қаржылық есептеу, boss – бастық, қожайын, real capital -нақты капитал, bank audit -банктік аудит, public auction – қоғамдық аукцион, cooperative association – кооперативтер қауымдастығы, debtor – борышкер, дебитор, certificate -сертификат, куәлік, broker – брокер, делдал, management – менеджмент, басқару, region – регион, аймақ, т.б.

Бизнес терминологиясына ағылшын тілінен енген бизнес терминдері:

Қазіргі еуропа тілдерінің белсенді тілі, ағылшын тілінен енген бизнес терминдер халықаралық терминдердің ең көп бөлігін құрайды деп айтсақ қателеспейміз. Ол келесі жағдайлармен түсіндіріледі:

а) ХVІ ғасырда Англия өзінің тауарларын сыртқа шығара бастайды. ХІХ ғасырда Англия экспорты мен импорттан алдағы, экономикасы жетік елдердің көшінде тұрды. Нәтижесінде, сауда-саттық, мәдениет, саяси-әлеуметтік, т.б. барлық тілдік бірліктер тілімізге орыс тілінің ықпалы арқылы енді. 64 Бизнес (ағылшын. Business–шаруашылық, сауда-саттық қызмет) –кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғаның пайда табуға бағытталған іс-әрекеті, әуелде «бизнес» термині идиологиялық қырынан танылған. Яғни,

«жыртқышнык, кәсіпкерлік» ұғымында жұмсалса керек. Бизнес адамның табиғи қасиеттеріне, біліміне негізделе отырып, қандай да болмасын бір істен кіріс кіргізуге, өзінің материалдық, рухани қажеттілігін қанағаттандыруға, сонымен қатар қоғамға пайда келтіруге де мүмкіндік береді.

Импорт (ағылшын. import – әкелу) – ішкі рынокта өткізу үшін елге шет елден тауарлар, технологиялар әкелу. Импорт құрылымы белгілі бір елдің табиғат жағдайларының ерекшеліктерімен, оның экономикасының дамуымен және оның халықаралық еңбек бөлінісіндегі рөлімен айқындалады. Экономиканы индустрияландыру, технологияларды жаңарту үшін шет елден машиналар мен жабдықтарды әкелудің маңызы зор. Импортқа ерекше кеден тәртіптемесі, салық төлемдері, лицензиялар, т.б. белгіленеді. Бір елдің импорты екінші елдің экспортына тең болады.

Экспорт (ағылшын. export – шығару, әкету) – тауарды сыртқы нарықтарға өткізу үшін шетелге әкету. Капитал экспорты – капиталды шет елге ақшалай немесе тауарлы нысанда, қызмет көрсету саласы арқылы орналастыру. Алғаш рет термин XIX ғасырдың 50 жылдарында «тауарды шығару» мағынасында жұмсалды. XX ғасырда терминнің семасы нақтылана түсті: өнімді шығарушы елдің тауарды шетелге шығаруы.

Бартер (айырбас) (ағылшын. barter – айырбас) – тауарлар ақшаға емес, басқа тауарларға айырбасталатын экономикалық айырбас түрі және осыдан туындайтын экономиканың түрі. Бартер – сауда да тауар айырбастау операцияларының бір түрі. Бартер мәмілесі бойынша тауарлар ақша қаражатын аудармастан, соның балама сомасына айырбасталады.

Брокер (делдал) (ағылшын. broker – делдал) – қор және тауар биржаларында, валюта, сақтандыру және жүк таситын кеме жалдау рыноктарында тауар сатушылар мен сатып алушылардың (сақтандырушы мен сақтандырылушының, кеме иесі мен кеме жалдаушының) арасындағы сауда делдалдары. Брокердің мақсаты – мол табыс табу болғанымен, ол өзінің делдалдық етуімен қабылданған келісім бойынша нақты тапсырмалар ғана алады. Делдалдың агенттен айырмашылығы – ол тауар сатып алушымен және сатушылармен ұзақ сауда қарым-қатынасында болмайды, жеке тапсырыстар бойынша қызмет көрсетеді. Қазіргі кезде делдалдық операциялардың негізгі бөлігін филиалдарының желісі кең және банкілермен тығыз байланыс орнатқан ірі делдал фирмалар жүзеге асырады.

Демередж (тұрақсыздық) (ағылш. demerege-тұрақсыздық) – кемеңің жолда кідіруі немесе кеме жайда шартта келісілген уақыттан көп тұрып қалуы кезінде, жүк иесінің (фрахтователь) кеме иесіне төлейтін тұрақсыздық айыбы. Демередждің теңіздегі контейнерлік тасымалдауларында – оның порттың аумағынан жүкпен шығарылымның контейнердің түсіруі сәтінен кемеден дейін уақыттың бойысындағы (тегін уақыттан артық) нормативтен тыс қолдану контейнерлік жабдықтарында төлеу. (Банк терминдері мен ұғымдарының қазақша-орысша сөздігі.

Демпинг (ағылшын. dumping-лақтырып тастау) – тауарлардың ішкі нарықтағы бағаға қарағанда сыртқы нарықта неғұрлым төмен бағамен сатылуы. Мазмұнына қарай екі нысанға бөлінеді: тауар демпингі – тауарларды басқа елдің нарықтарында төмендетілген бағамен сату, яғни ол дағдылы коммерциялық операцияларда қолданылады; валюта демпингі, мұнда валютамен неғұрлым қамтамасыз етілген елден валютасының тұрақтылығы жоғары елге тауарлар төмен бағамен шығарылады.

Дилер (ағылш. dealer – саудагер, сатарман) – бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушы. Ол лицензия бойынша дилерлік қызметті жүзеге асырады. Сондай-ақ, тауарларды, бағалы қағаздарды, валютаны сатып алу-сату мәмілесі кезінде делдалдық міндеттерді жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға. Делдалдан өзгеше түрде олар, әдетте, өз атынан және өзінің есебінен әрекет етеді. Дилер делдалдық фирмалардың, инвестициялық банкілердің, сақтандыру компанияларының қызметшілері емес. Олар арнаулы дайындықтан өтуге, емтихан тапсырып, жұмысқа ресми лицензия алуға тиіс.

Дилер бір-бірімен, делдалдармен жәнәткелей тапсырыскерлермен мәміле жасасады, олардың пайдасы сатушы мен сатып алушы бағамдарындағы айырма, сондай-ақ валюталар мен бағалы қағаздар бағамының өзгеруі есебінен құралады.

Еуродоллар (ағылш. eurodollar – еуродоллар) – американдық доллар, бірыңғай еуропалық валюта.

Имидж (ағылш. image – бейне) – фирманың, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, сауда таңбасының қызметтен қосымша табыс беретін немесе залал келтіретін бейнесі. Фирманы тұтас мүліктік кешен ретінде сату кезінде имидж субъектінің сату (сатып алу) бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде бағалануы мүмкін. Оң айырма – «гудвилл», теріс айырма – «бэдвилл» деп аталады.

Лидэ энд лизинг (ағылшын. leads and legs –бастама және тура шот) –кәсіпкерлердің экономикалық пайда табу мақсатында шетел валютасымен есеп мерзімі кезінде айла-шарқы жасау операциясының түрі.

Лизинг (ағылшын. leasing –жалға беру) –бұл лизинг берушінің (жалға берушінің) өзіне тиесілі құрал-жабдықтарды, машиналарды, ЭЕМ, ұйымдастыру техникаларды, өндіріске, сауда – саттыққа және қоймаға арналған құрылғыларды лизинг алушыға (жалгерге) лизингтік төлем төлеу шартымен, белгіленген мерзімге пайдалануға беруін қарастыратын жалға беру шарты.

Маркетинг (ағылш. marketing – базар, сауда) – кәсіпорынның тауар өндіру-өткізу және сауда жасау қызметін ұйымдастыру мен басқару жүйесі. Маркетинг нарық дамуының жай-күйі мен келешегін зерделеуге негізделеді, тұтыну мен өндіріс өніміне (тауарға, көрсетілетін қызметке) сұранымды қалыптастырады, табыс алу мақсатымен рынокта тауарлардың өткізілуін тездетуге бағытталады. Маркетинг – сұранымды жан-жақты зерделеп, болжау, жарнаманы пайдалану, өндірісті ынталандыру, сақтау мен тасымалдаудың осы заманғы тәсілдерін, тауарлардың тұтынушыға жетуіне жәрдемдесетін тех. және басқа түрлерін қолдану негізінде кәсіпорынның жаңа өнімді әзірлеу, өндіру мен өткізу жөніндегі ұйымдық – техникалық, қаржы, коммерциялық және басқа қызмет түрлері жатады.

Ноу-хау (ағылш. know how–білу, істі білу) – көпшілік әлі біле бермейтін және сауда-саттық тауары бола алатын немесе басқалардың алдында бәсекелі болу үшін пайдаланыла алатын ерекше технологиялар, білімдер, мен қабілеттер. Әдетте ноу-хау деп басқалар үшін коммерциялық сыр болып табылатын коммерциялық құндылығы бар инновацияларды айтады. Жоғарытехнологиялы экономикада ноу-хау ірі компаниялардың активтерінің маңызды бөлігі болып табылады. Халықаралық заңнамаларға сәйкес, мекемелер әлдебір өндіріс тәсілін немесе техникалық шешімді жекедара пайдалану үшін екі жолмен сақнана алады – патент немесе коммерциялық сыр арқылы. Ноу-хау заңды түрде сипатталмағанымен, коммерциялық сыр ұғымына кіреді. Патент пен коммерциялық сыр мақсаттары бір – инновацияларды бәсекелестердің пайдалануына жол бермеу және жекедара пайдасын көру.

Офф – шор (ағылшын. off-shore – жеңілдіктің шешімі) – шетел валютасы мен шетел өкілдерімен қаржы-несиелік операциялардың жеңілдік қызметін атқаратын кәсіпорындардың ортақ одақтары.

Своп (ағылш. swop – айырбас) – бір уақыттағы сатылымдағы қолма-қол валютаның сатып алынуы не сатылуын қамтамасыз ететін валюталық операцияның бір түрі.

Форвард (ағылш. forward – алдыңғы) – валюталық және басқа мәміле жасасылған соң екі жұмыс күнінен кейін осы мәміле бойынша есеп айырысу.

Чартер (ағыл. charter – кеме жалдау) – жазбаша нысанда жасалатын әуе, теңіз немесе өзен тасымалы шартына сәйкес тасымалдау үшін бүкіл кемені немесе белгілі бір кеме бөлмелерін беру шарттары, яғни көлік құралын немесе оның бір бөлігін белгілі бір мерзімге не бір сапарға жалдау туралы шарт. Онда тараптардың атауы, көлік құралы туралы, жүктің мөлшері туралы деректер, жүк тиелетін және түсірілетін жерлер көрсетіледі, сталийлік уақыт (кемеге жүк тиелуге және одан түсірілуге кететін мерзім), диспач (жүктің мерзімінен бұрын тиеліп, түсірілгені үшін төлем) пен демередж (кеменің сталийлік уақыттан тыс бос тұрғаны үшін төлем) мөлшері туралы мәліметтер қамтылады.

Сонымен, ағылшын тілінен енген бизнес терминдері өте көп екенін көріп отырмыз. Бұл терминдер ағылшын тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне еніп отырғанын да аңғару қиын емес. Себебі, қоғамдық формацияда елдердің экономикалық, мәдени, саяси-әлеуметтік тұрғыдан қарым-қатынасы халықтарды ғана байланыстырып қоймай, тілде де жаңа халықаралық терминдердің еніп, сөздік қорды байытуына септігін тигізіп жатқан тұсы да бар. Ағылшын тілі бүгінгі үшінші мыңжылдықта халықаралық мәртебеге ие, қолданысы кең, ауқымды тіл. Дүниежүзінде ағылшын тілін қолданатын ең негізгі мемлекеттерге Англия мен Америка Құрама Штаттарын жатқызамыз. Бұл тіл, сонымен қатар, Батыс Еуропа елдерінің көпшілігінде, атап айтсақ, Франция, Германия, Испания, Италия елдерінде, Үндістанда, Латын Америкасы елдері мен Жапонияда, мұхит асып, Ресей мен Орталық Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да дамып келеді. Ағылшын тілінің лексикалық қуатының географиялық тұрғыдан мықты екендігі түсінікті. Себебі, ағылшын тілінің қожайындары – Англия мен АҚШ әлемде дамыған елдер саналады. Қазақстан өз дамуында көп векторлы саясат ұстана отырып, тәуелсіздік алғалы бері аталмыш елдермен тығыз дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Ағылшын тілі Қазақстанның білім беру жүйесінде міндетті шетелдік пәндердің бірі ретінде көптеген жекеменшік және мемлекеттік тіл үйрету орталықтарының тіл үйретуі болып орын алып отыр.

Бұл еліміздің тілдік кеңістігінде азаматтар тарапынан ағылшын тіліне деген сұраныстың артып отырғандығын білдіреді. Ағылшын тілімен байланысты лингвистикалық мәселелердің біріне кірме сөздер жатады. Қазақ тілінде соңғы жылдары ағылшын тілінен енген кірме сөздердің саны артып келеді. Бұлардың негізгі қоры халықаралық қатынас, экономика, қаржы, бизнес, медицина, ақпараттық технология, білім және ғылым, спорт, т.б. салаларға тән. Еліміздің нарықтық қатынастарға көшіп, экономикада әлемдік сауда жүйесіне қосылып, елдің бюджетін құрап отырған шикізат саласы -табиғи ресурстар, мұнай мен газ өндірісіне шетелдік инвестицияны тарту, шағын және орта бизнесті дамыту, т.б. мемлекеттік және халықаралық дәрежедегі қатынастар арқылы тілімізге ағылшын тілінен экономика және қаржы саласына мыңдаған терминдер, кірме сөздер келіп қосылды. Олардың бірқатары ағылшын тілі арқылы енді. Әуелі орыс тілінің лексикасына сіңіскен бұл сөздерді қазақ тіліне баламалап қолданғанымызбен, олардың халықаралық сипатына нұқсан келетіндігі ескеріліп, сол түпкі тілдегі нұқасы бойынша қолданылып келеді. Ең бастысы, бұл сөздер экономиканың түрлі салаларында жиі қолданыс табуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақша-орысша-ағылшыншалық лингвистикалық терминдер сөздігі / А. Ә. Орынбаев, А. Н. Шманова, М. Ш. Сарыбай. – Алматы : «Эверо», 2012. – 164 б.

2 Капанадзе Л. А. Опонятиях «термин» и «терминология» развитие лексики современного русского языка. – М. : Наука, 1965. – 9-79 с.

3 Тасмағанбетов Т. А., Әбленовтың Д. О. бизнестегі есеп пен талдау: оқу құралы. / Жалпы ред. басқарған Тасмағанбетов Т. А. – Алматы : Дәуір, 2002. – 416 б.

4 Асқарова Ж. А. Бизнесті бағалау. Оқу құралы. – Алматы : Заң әдебиеті, – 2006. – 194 б.

5 Орысша-қазақша бизнес – биржа жаргондарының сөздігі / Русско -казахский словарь бизнес – биржевых жаргонов. / Құраст. : С. Тоқсанбай – Алматы : «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008. – 200 б.

6 Ақуов Т. Ж. Қазақша бизнес. «РӨБК Дәуір» ЖШС, –Алматы, 2010. – 262 б.

7 Агробизнесті ұйымдастыру / Жалпы ред. басқарған С. Әбділдин: Оқулық. – Алматы : Қазұлтару, 2001. – 472 б.

- 8 Мадиярова Э. С., Сүйеубаева С. Н. Қаржылық менеджмент. – Алматы, 2009.
- 9 Мақыш С. Ақша айналысы және несие. – Алматы, 2000.
10. Расторгуева Т. А. Очерки по исторический грамматике английского языка. –М., 1983.
- 11 <http://kk.wikipedia.org/wiki/>.
- 12 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Ғылым, 1-10 т., 1974-1986 б.
- 13 Қазақ энциклопедиясы, VI-том, Орысша –қазақша заңдық түсіндірме сөздік – анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы, 2008.
- 14 Вавилов И. А. Справочный коммерческий словарь. – С. Петербург, 1856. – 367 с.
- 15 Бруннер В. А. Общедоступная коммерческая терминология. –М., 1901. – 195 с.
- 16 Яновский А. Е. Словарь иностранных слов и научных терминов. С. – П., 1905. – 252 с.
- 17 Ушаков Д. Н. Толковый словарь русского языка. Т. 1-4. – М., 1947.
- 18 Сейіткасымов Ғ., Бейсенғалиев Б., Бекболатұлы Ж. Банк терминдері мен ұғымдарының қазақша-орысша сөздігі. – Алматы : Экономика, 2006.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АРИМБЕКОВА А.

№ 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Мақал-мәтелдердің тек тілге көркемдік берер құрал емес, ал жалпы адамның қоғамдық орнын, жалпы дүниетанымын, білімділік деңгейін көрсететін көрсеткіш болған деп айта аламыз. Сондықтан мақал-мәтелдер арқылы бүткіл бір елдің болымысын, ойлау желісін, философиялық түйіндемелерін т. с. с. көре аламыз. Қазақ халқында мақал-мәтелдердің алатын орны орасан. Мақалды қолдану арқылы халқымыз айтқысы келген ойды шұрайлап, қысқа әрі нұсқа етіп жеткізген. Сөз қасиетін жоғары бағалаған бабаларымыз, мақалдарды өте ұтымды әрі орынды қолдана білген. Мақалда өте терең философия, сан алуан айтылар сөздің ұтымды, қысқа әрі нұсқа пішіні келтіріледі.

Сол себепті де мақал-мәтелдерді аударудың жауапкершілігі тұрақты тіркеспен салыстырғанда жоғары. Сондықтан мүмкіндігінше автор мақалға мақал балама беруге тырысты. Әрине мақал-мәтелдерде де символдар көрініс табады, нумеративтер де орын алады.

– Сонымен, бірінші мақалымыз: Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі ғылым біл. Бұл мақалдың ең басты семантикасы – білімнің маңыздылығын көрсету. Білім қай елде де жоғары бағаланатын болғандықтан, оған ағылшынша балама мақал табу қиын болмады. Ағылшын тілінде білімнің құндылығы жайлы мынадай мақалдар бер екен: Knowledge – is power, Learning is a treasure that will follow its owner everywhere. Алайда, осыған қоса жеті нумеративінің екі тілде ұқсас семантикаға ие екендігін ескере отырып, бұл мақалды сөзбе-сөз аударсақ та болады: Know seven nation’s language, know seven different sciences. Сонымен бізде мынадай қатар түзіледі. Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі ғылым біл – 1. Knowledge – is power; 2. Learning is a treasure that will follow its owner everywhere. 3. Know seven nation’s language, know seven different sciences.

– Жеті күн аш қалсаң да, атанды сыйла. Қазақ халқы мен ағылшындардың мәдениетін салыстырсақ, өте көптеген айырмашылықтарды табамыз. Сол айырмашылықтарды түсіндіру үшін мәдениетаралық қарым-қатынас жайлы ебектер жазып жүрген Г. Хофстедтің жұмыстарына жүгінеміз. Г. Хофстед мәдениеттерді жоғарғы дәрежедегі күш (High power distance) және төмен дәрежедегі күш (Low power distance) деп екіге бөледі. Осы бөлінуге сәйкес кіші дәрежедегі күшке жататын елдерде үлкендерді сыйлау түсінігі жоқ және балалардың үлкенді сыйлауы жоғары бағаланбайды, ал жоғарғы дәрежедегі күшке жататын елдерде керісінше екені анықталған. Бұл бөлуге сәйкес қазақ мәдениеті жоғары дәрежедегі күш тобына жатады, ал ағылшын мәдениеті, керісінше, төмен дәрежедегі күш тобына сай келеді. Сол себепті де ағылшын мақал-мәтелдерінен үлкендерді сыйлау жайлы мақал кездестіре алмадық. Сондықтан ағылшынша мақал-мәтел баламадан бас тартып, сипаттап аудару тәсіліне жүгіндік: Respect elders anyway.

– Жігітке жеті өнер де аз мақалында өнердің ұлылығы дәріптеліп тұр. Ағылшын тілінде осы мағынада жұмсалатын мынадай мақал балама бар: Art is long, life is short.

– Жеті өлшеп, бір кес, яғни Абайша айтқанда ақырын жүріп анық бас дегенді білдіреді. Ағылшынша мынадай балама бар: Look before you leap

– Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер. Бұл мақалдың негізі ұлтты сүюді, елдің қамын ойлауды меңзеп тұр. Алайда, ағылшын тілінде бұл мақалға да эквивалент табылмады. Бұның себебін түсіндіру үшін қайтадан Хофстедтің мәдениеттерді бөлу ережесіне жүгінеміз. Хофстед мәдениеттерді Коллектевизм және индивидуализм деп екіге бөледі. Осы классификация бойынша ағылшындар индивидуалистік түрге ал қазақтар коллективистік түрге жатады. Ал индивидуалистік түсінік басымдық ететін елдерде топтың немесе елдің көздегені құндылық емес, керісінше жеке тұлғаның құндылықтары жоғары бағаланады. Бұл мақалға да эквивалент болмағандықтан, мынадай сипаттама эквивалент бердік: *History knowledge leads to patriotism.*

– Жетіге шықпағанша, жирен жерге жеті рет құларсын. Ағылшынша бұл мақалға да балама болмағандықтан, жеті нумеративінің екі тілге ортақ баланың ақыл толысу кезеңін білдіретін семантикасын пайдаланып былай аудардық: *Till aged seven a child falls seven times.*

– Жетіге шыққанша бала жеті рет түлейді. Бұл мақалдың мағынасы нақты жеті жасты айтып тұрған жоқ, яғни баланың бітімі қалыптасып, өзіндік бір бет-бейнесі қалыптаспағанша, әркімге де ұқсайтын сияқты болып көріне береді дегенді білдіреді. Бұл мақалды үйде кішкентай сәби дүниеге келіп, оны әркім өзіне ұқсатқысы келіп баланың түрінен өзіне ұқсатқысы келген жағдайда үлкендер осы мақалды айтады. Яғни, әлі бала кішкентай, есейгенше түрі әлі талай өзгереді дегенді меңзеп тұр. Бұл мақалды ағылшынша былай бергенді дұрыс көрдік: *Till aged seven child's features change seven times.*

– Жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң, жетеді. Бұл мақалдың дәлме-дәл эквивалентін табу мүмкін емес екендігі әрине түсінікті. Бұл қазақ халқына тән экстралингвистикалық контекстке байланысты. Ұлтымыз қыздың жасауына үлкен мән берген. Бұл жердегі жеті сөзі қыз баланың ер жету мағынасында айтылған. Жеті жас дегені қыздың бойжеткенге айналған шағы дегенді білдіріп тұр. Ағылшын тілінде бұл мақалға балама табылмағандықтан, бұл мақал аударманың сипаттай аудару тәсілімен аударылды: *Put by on dowry as soon as your daughter becomes mature.*

– Жеті жастағы бала қыдырып келсе, жетпістегі шал иіліп сәлем береді – Бұл мақал қазақ халқының қонақжайлылығын көрсетеді. Ақыл тоқтатқан әр бір адамға оның жасына не басқа артықшылық,

кемшілігіне қарамастан, оған үлкен құрмет пен сый көрсетіледі. Бұл мақалдағы жеті жас тіркесі ақыл толысу, ақыл тоқтату кезеңін білдіріп тұр. Бұл жерде нақты жеті жас мағынасы айтылмаған. Қонақжайлылық қазаққа тән ерекше қасиеті болғандықтан, осы мақал бар. Алайда, ағылшын тілінде бұл мақалға дайын балама таба алмадық. Сондықтан түсіндірме түрде былай аударғанды жөн көрдік: Show respect and praise to your guest in spite of his/her age and social status.

– Жетіскен жеті шапан киеді. Шапан кию – байлық пен дәреженің белгісі. Сондықтан жеті шапан кию шектен шыққандық, артық кеткендік дегенді білдіреді. Ағылшын тілінде осы мағынаға сәйкес келетін мынадай тұрақты тіркес бар: To grow fastidious/fussy, to be too well off, money-bags

– Кедейдің жеті қаңтаруы бар. Бұл мақалға ағылшын тілінде балама болуы тиіс. Өйткені кедейлік ұлтына, еліне қарамастан кім-кімге болсын ауыр. Сол себепті ағылшын тілінде кедейліктің ауырлығы жайлы міндетті түрде мақал болуы тиіс. Және ағылшын тілінде мынадай балама табылды: Beggars must/should be no choosers.

– Жетімнің құрсағы жеті қабат. Немесе бір сөзбен айтқанда, жетім қай жерде де, қай уақытта да қалаусыз деген мағынада. Ағылшынша осылай аударған дұрыс: Orphan is wanted nowhere

– Жеті атасын білмеген ұл – жетесіз.

– Жеті атасын – білмеген жетімдіктің салдары. Бұл екі мақалды қатар алған себебіміз – екеуінің мағынасының жуықтығы. Жеті ата тіркесі бұл екі мақалда өткен, тарих, тек деген мағынада. Алайда, ағылшынша бұл мақалға да балама таба алмағандықтан, бұл мақалдарды мынадай баламалармен аударғанды дұрыс деп шештік: Lack of history knowledge is disgrace, Only orphan can not know his past.

Жұт жеті ағайынды. Қазақ халқында мал күн көрістің басты көзі болғандықтан, жұт болса, бүкіл ауылға үлкен қауіп төнетін болған. Сондықтан қазақ халқы үшін жұттың болуы ең үлкен қасірет боп есептеледі. Ағылшын тіліндегі мына баламалар жұт мағынасында жұмсалмаса да, қасірет мағынасында қазақ тіліндегі мақалдың коммуникативтік қызметін жеткізе алады: seven years bad luck; Troubles never come singly; it never rains but it pours; when it rains, it pours. Аударылған мақалдардың толық тізімі қосымша Ж-да берілген.

Ендігі кезекте ағылшынша мақал-мәтелдерді аударуға талпыныс жасаймыз.

– You should know man a seven years before you stir fire. Осы мақал бойынша адамды білу үшін көп уақыт керек екендігі айтылады. Сондықтан адамға бір қарап, ол жайлы түйін айтуға немесе оған баға беруге, оған сенуге немесе сенбегуге болмайды. Сол себепті бұл мақалға мына қазақ мақалдары эквивалент болады деп шештік: Үндемегеннен үйдей бәле шығады, Қой аласы сыртында, адам аласы ішінде.

– It chances in an hour that happens not in seven years. Бұл мақалды сөзбе-сөз аударғанды дұрыс көрдік. Өйткені осылайша ол өзінің функционалдық мазмұнын жақсы сақтап қалады: Жеті жылда болмаған дүние әп сәтте-ақ болып кетуі мүмкін.

– Keep a thing seven years and you will always find a use for it. Яғни, керексіз нәрсе жоқ. Қай нәрсе де бір күні кәдеге асады деген мағынаны береді. Бұл мақалға нақты эквивалент табылмағандықтан, түсіндірмесін берген дұрыс болады. Ол түсіндірмені қысқа әрі нұсқа түрде кәдеге аспайтын дүние жоқ деп беруді ұсындық.

– A fool may ask more questions in an hour than a wise man can answer in seven years. Сөзбе-сөз аудармасы ақымақ адам ақылды адамның жеті жылда қоятын сұрағын бір сағатта сұрап тастайды. Яғни, ақымақтың мәнсіз, мағынасыз сөзі көп. Жаңадан бір нәрсені біліп жатса да, оның байыбына барып, ұғынып жатпайды деген мағынада айтылған. Бұл мақал сөз қадірін білмейтін адамға ақыл үйретем деп, бекер шаршаудың қажеті жоқ деген мағынада айтылып тұр. Бұл мақалға мынадай балама бердік: Наданға айтылған сөз бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығады.

– Give me a child for the first seven years, and you may do what you like afterwards. Бұл мақалдағы ұғым біздің ұлтымызда да кездеседі. Алайда қазақтар баланы тіпті құрсақта жатқаннан бастап тәрбиелеу керек деп сенеді. Осы сенімнің дұрыстығы қазір ғылыми түрде дәлелденіп те қойды. Бірақ бізде дәл осы мағынаны ашатын эквивалент жоқ болғандықтан, мына мақалмен балама бергенді дұрыс көрдік. Бірақ бұл балама ағылшын тіліндегі мақалға толыққанды эквивалент бола алмайды: Бала тәрбиесі жетіге дейін қалыптасады. Сондықтан мына баламаны аналог ретінде аламыз: Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің. Бұл мақалдың мағынасы тәрбиенің маңыздылығын дәріптейтін болғандықтан, аналог ретінде қолданыла алады.

– Seven may be company, but nine are confusion. Үшінші бөлімде талдағанымыздай, бұл мақалда жеті ең жоғарғы шекті білдіріп тұр. Мақалдың мағынасы әр нәрсе өз шамасында ғана жақсы дегенді

білдіреді. Қай нәрсе болсын шегінен шықса, өз мәнін жоғалтатынын меңзеп тұр. Сол себепті саны көп, сапасы жоқ болғаннан гөрі, саны аз, сапасы мықты болғаны дұрыс деген ой айтылған. Сондықтан мына балама дұрыс деп таптық: Қойшы көп болса, қой арам өледі. Сонымен, барлығы 15 мақал аударылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол – Алматы : Жалын, 1991.
- 2 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы : ҚазССР Ғылым академиясы, 1955.
- 3 Қашқари М. Дивани лұғат – ат түрік.
- 4 Катаринский В. Памятная книжка Тургайской области на 1899 год.
- 5 Диваев Ә. Қазақ мақалдары. – Ташкент, 1927.
- 6 Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 1935.
- 7 Ақмұқанова Б. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы, 1950.
- 8 Әуезов М. Шығармалар жинағы. XX том. – 401 б.
- 9 Сейфуллин С. Шығармалар, IV том. – Алматы, 1964. – 295.

Р. ТОҚТАРОВТЫҢ «АБАЙДЫҢ ЖҰМБАҒЫ» РОМАНЫ

БАЙДАУЛЕТОВА Г. Т.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАРАТОВА М. Н.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» шығармасы бес кітаптан тұрады. Сол себепті роман-хамса деп аталған. Жазушы бұл шығармасына атақты «Абай жолы» роман-эпопеясынан соң араға жарты ғасырдай уақыт салып кіріскен.

«Абай жолы» роман-эпопеясы, өзге де өткен шақ туралы шығармалар әдебиетімізде тарихи жанрдың белгілі бір дәстүрлерін орнықтырғаны мәлім. Социалистік реализмнің туы астында дүниеге келген шығармалар, үстем идеологияның таптық принциптерін айналып өте алмаса да, әділін айтуға керек, алдына қойған міндеттерін ойдағыдай атқарды [1, 65 б.]. Өткен өмір қойнауларына терең сүңгіп, тарихи шындықты көркемдік сом бейнелер арқылы аса шеберлікпен жинақтады. «Абай жолы» – қазақ өмірінің энциклопедиясы деп тегіннен-тегін аталған жоқ. Ол жазушының

өзін де, Абайды да, Абайдай данышпан ақын, ойшылды туғызған халқын бүкіл әлемге паш етті.

Әуезовтың роман-эпопеясы үлгісінде қазақ тарихи романы үлкен халықтық, әлеуметтік өреде суреттейтін дәстүрлерді баурап меңгерді. Оның басты-бастылары былайша тұжырымдалмақ:

- халықтың тарихта шешуші рөл атқаратындығы;
- жағымды қаһарман мен автор көзқарасының бірлігі;
- тарих ағысына шығармасының көркем тұжырымдамасының

жұптастығы

- тарихи оптимизм. Өмірге деген өршілдік көзқарас.

Рамазан Тоқтаровтың шығармасы бұл дәстүрді толығымен сақтаған шығармалардың бірі. Екі романның екеуінде де Абай, ақын һәм хакім Абай заманынан басы асып туған асқақ бейнеде көрінеді. Абай тұлғасы – өз дәуірінің, жалпы қазақ атаулы халықтың тұтас бейнесі, ақыл-ойы, шығармашылық қабілетінің ұлан-асыр шексіз, шетсіз мүмкіндіктерінің айнасы. Екі роман да айнала қоршаған дүниеге Абай көзімен қарайды. Өйткені Абай жолы – қазақ халқының сара жолы. Арғы-бергі тарихының тағылымы.

Абай туралы роман-эпопея мен роман-хамсаның айырмашылықтары да жетерлік. Соңғысы энциклопедия өресіне ұмтылмаса да, ұлы ақын өмір сүрген дәуірдің бұған дейін көркемдік зерттеу назарына ілікпеген тұстарына ден қойған. Тек бұл шығармада тарих кілтінің бұрауын өз қолында сезінетін халықтан гөрі, оның маңдайға басқан перзенттерін суреттеуге көбірек күш салынғанын айту керек. Бастапқы кезде үлкен үміт күткізетін Кенесары қозғалысының тақырыбы, яки ұлт-азаттық қозғалыс әуені біраздан соң, шолақ сайдан аққан бұлақтай сарқылады. Есесіне хан Кеңенің ұлт мұңын мұндайтын шері Шоқан, Халиолла, Сыздық, Әлихандар желілер арқылы ел тамырларын қуалайды. Өзге тартыс, күрес шиелерінің шешілуі – Абайдай алып тұлғаның өзінен артылмай жатады.

Рамазан шығармасының және бір елең еткізер қасиеті, рәміздік сыйпатты жайлар, солардың бірі – Абайдың рухани жан дүниесіне ғарыш сарындарының енгізілуі. Абай «қызылшақа нәресте әлі қырқынан да шықпай, жөргекте ораулы жатып, екі көзін тоқтатып, шаңырақтан айырмайтын әдет тауып еді. Онда да түндікті жауып қойса, не өзі жатқан жерінен босағадағы жүктің үстіне апарып тастаса, қыңқылдап жылай бастайды. Орнына әкеліп жатқызса, қыңқылдауын қойып, бетіне ұйықтап жатып та сәби күлкісін үйіруден бір тынбайды» [2, 63 б.].

Нұр сауып тұратын көгілдір аспан ақын жүрегінде әр кезеңде ауысып түрлене түскен сипатта көрінсе, роман көркем кеңістігі мен көркем уақыт кеңі түсіп, құлашы жайыла беретін де еді. Әдемі сарынның әрі қарай өрістелмегені өз алдына әңгіме...

Әуезов дәстүрінен Рамазан романы ауытқиды да, ауытқымайды да. Ауытқитыны – жаңалық, ауытқымайтындары сапалық өзгешеліктерден гөрі, сандық қосылымдар боп көрінеді. Әуезов секілді Тоқтаров та ақынның өмірбаян деректерін ұлы шығармаларының туу тарихымен қоса, бір сюжетте өреді. Әсіресе, романның екінші бөлімінде оқырман Абайдың әр өлеңінің дерлік туу тарихы сюжеттегі оқиға желісінің негізін құрайды, кейіпкерлер қарым-қатынасының қыр-сырына қанықтырады.

Тоқтаров романының кей кейіпкерлері Әуезов шығармасы бейнелерімен сабақтас. Айталық, бала Абаймен дөкір қалжыңға баратын Майбасар, бала шағынан-ақ болашақ іші тар, қолы қатты Тәкежан бай «Абай жолын» оқыған кісіге «таным бейтаныс» болып көрінеді. Бұндай сабақтастық Рамазан романының ажарын бұзып тұрған жоқ. Тақырып, образ үндестігі әлем әдебиетінде жиі кездесетін жәйт.

Ауытқуға, дәлірек айтқанда, Тоқтаровтың өз тапқан-таянғанына келсек, он бес, жиырма жыл тынымсыз ізденген, бұған дейін жиыны тоғыз роман жазса, соның бәрінде Абайдай жебелі тақырыпқа соқпаған кезі ұшыраспаған жазушының жаңалықтары басқа туындыдан ауыс-күйістерінен әлдеқайда басым екендігіне көз жеткіземіз.

Жазушының М. Әуезовтен кейін бұл тақырыпқа бару себептері де жоқ емес. Біріншіден, романның прологындағы «Ілтифат хат» деп аталатын тұсында ұлы М. Әуезовтен кейін бұл тақырыпқа бару себепін былай түсіндірген: «Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында ақын өмір сүрген дәуір мен оның айналасына күн көзіндей күшті жарық түсірді. Бірақ «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген сөз бар, енді қайтып айналып келмейтін Абайдың қатпары мол дәуірі санада ол роман бойынша өзгермей сақталғанымен, Абайдың өзі заман озған сайын сан түрге өніп, әр жайда құбылып көрініп, көп сөздеріне уақыт ыңғайымен басқа түсініктер өнеді. М. Әуезов Абайдың әрі салса дәуірін, бері салса бір қабат өмірін көркемдікпен шебер бейнелеп берді. Бірақ Абай поэтикасының қуатты көзі, өзінің жұмбақтығы «толық ашылды, шешілді» деп ешкім де тұжырып айта алмас. Мен Абайды жазуға мүлде басқа қырынан келемін. Рақурсым, көру бұрышым басқа»

[2, 7 б.]. Екіншіден, шығармашылық иесі Абай ақынның ішкі жан дүниесін мейлінше ашуға, сол арқылы бүкіл адамзаттың бойындағы қасиеттерді көрсетуге күш салған. Үшіншіден, әр адам Абайды өз танымының елегінен өткізіп барып, қабылдайды, бейнелейді.

Әдебиеттің халықтық сипатына жан-жақты тоқтала келіп, академик Р. Нұрғали өз ойын былай деп қорытқан: «Әрқашан суреткер ана тілі арқылы өз халқының өмірін, тұрмысын, психологиясын, рухын бейнелемек. Әдебиеттің образдық табиғаты, дара сипаты тілмен кіндіктес, өйткені тіл халықтың қоршаған ортасына, болмысқа қарым-қатынасын білдіреді. Сондықтан халықтық сипат белгілі бір елдің әдеби тілі үшін күресінен басталатын кедергі болатындығын да айту шарт» [3, 15 б.]. Осы пікірде терең сыр жатыр. 1960-1980 жылдар кезеңі ұлттық әдеби тілдің біршама дамыған тұсы болатын.

Шын мәнінде, 1960-1980 жылдар прозаның ең таңдаулы, шынайы деген туындылары оқырман назарын бірден өзіне аударған, алдымен ана тілін, халықтық тілді, биік көркемдікті қалай, қандай деңгейде меңгергендігімен сабақтасып жатты. Абайдың тұлғасын ашып көрсетудегі еңбектердің ішінде ең ірісі де, іргелісі де – М. Әуезовтің «Абай жолы» романы. Бұрынғы қазақ ақындарынан да, шағатайшыл молда ақындардан да озып шығып, соны жол салғанын ескерсек, Абайдан бейнелі ақын сол кезде қазақта ғана емес, көрші елдерде де болмаған.

Ұлы Абай – ұлттық поэзияда реформа жасаған жанашыл ақын. Ол ақындық әлеміндегі шынайы көркемдіктің ауылы қай жақта екенін өз замандастарына да, келешек ұрпаққа да көрсетіп кеткен ақын. Сол шынайы көркемдікті, бір жағынан өз шығармасы арқылы көрсетсе, екінші жағынан, өлең өнерінің шартын ақындық тілмен өрнектеп, ұстаздық жолмен насихаттап өткен, сөйтіп соңына тұтас бір эстетикалық, әсемдік мектебін қалдырған ақын.

Осы тұрғыда Ж. Ысмағұлов былай дейді: «Ұлы суреткер М. Әуезовтің ақын өміріне арналған эпопеясын халықтың дәл сондай аузы уәлі, беделді азаматы Қ. Сәтбаев «XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ өмірінің энциклопедиясы» деп бағаласа, көркемдік ойдың осынау іргелі ескерткішіне арқау болған шығармашылық өмірбаянын да сол дәуірдің ең бір дәлелді деректерінің қатарында қабылдай аламыз» [4, 8 б.].

Абай заманы патшалық отарлау саясаты әбден дүрілдеп тұрған кез еді. Бұл кезде қазақ даласындағы өмірдің патша әкімшілігіне тәуелді болмаған, отаршылдықтың қатал заңына бағындырылмаған

бірде-бір саласы қалған жоқ еді. Абайдың өмірі мен шығармашылық қызметі отарлау саясатының осы кезеңіне тұспа-тұс келді. Әкесі Құнанбай аға сұлтандық құрып тұрғанда, сол әке ырқымен оқуы үзіліп, ел билігінің шет жағасына араластырылған жас жігіт кейін, тұрмыс-салты мүлде басқа арнаға түсе бастаған кезде де ел тіршілігінен қол үзе алмай, неше түрлі талас-тартыс пен дау-шардың ортасында қалып қояды. Осы тұста Абайдың өлендері де өз кезіндегі күрделі саяси-әлеуметтік мәселелермен өзектес өріліп, «зар заман» ағымының тақырыптық-идеялық сарыны айқындалған еді [5].

Ел ішінің не бір күрделі мәселелері қазақтың ежелгі төрелік айту жолымен шешіліп келген әке билігі кезінде әрдайым әділет жағында болып, талай жапа шеккен әлсіздердің қорғанышы ретінде жұрт алдында беделі артып, жақсы атымен танылып қалған ақын ел тағдырының бұдан былайғы тетігі патша әкімшілігінің қолына көшкеннен кейін елдің өткен тарихын, қазіргі тұрмысын, салт-дәстүрін білмейтін, тілі, діні жат билеушілер алдында көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар қажет екенін ерекше сезінген еді.

Абай осы зәрулікті түсінгендіктен де ел тіршілігінен бойын аулақ сала алмады. Бірде төреші, бірде би бола жүріп, ел ішінің тыныштығын көздейтін, зорлықшыны тезге салып, жәбірленушінің теңдігін әперетін жерде өзінің ақыл-парасаты мен қажыр-қайратын іркіп қалмады. Сөйтіп жүріп ол халықтың Абайы атанды. Бірақ ел ішінде дүрдараздықтың тамыздығын алып келіп, озбырлық отын маздата түскен отаршылдар саясаты ел ішін бұлдірмей қойған жоқ. Сондай күйзелісті кезеңдердің бәрінде ақын бойына жаңадан рух беріп, туған халқының болашағы үшін қайтадан қайратқа мінгізіп отырған ғаламат күш бар. Ол – даналықтан нәр алған ақындық дарын, биік азаматтық санадан арна тартқан сарқылмас мол шабыт еді.

Міне, осының барлығы жинақталып келгенде, өз заманының барлық шындығын ақындық жіті көзбен көріп, өтімді өлең сөзбен өрнектеп кеткен халық өмірінің шежіресіне айналды. Міне, өнер туын биікке көтеріп, өлең абыройын арттыру бағытындағы Абай тағылымының күні бүгінге дейін маңызын жоймағандығының дәлелі.

«Әр жазушының өз қолтаңбасы, жазу машығы, тәсілі бар. Кейбірі оқиғаны тізбектей баяндаса, кейбірі оқиғаның шұрайлысын алдыңғы кезекке шығарады. Шығарманың тілі мен оның көркемдік сапасын екі бөліп қарауға болмайды. Шұрайлы тілі жоқ жерден шынайы көркемдікті іздеу бос әурешілік» [6, 48 б.]. Осы тұрғыдан, яғни шығармаға ең қажетті көркемдік биіктік, құнарлы тіл өлшемімен келсек Рамазан Тоқтаров шығармаларының сол кезеңдегі

қазақ прозасында алған орны төмен, әдебиетке қосқан үлесі аз деп ешкім айта алмайды. Абай бейнесін сомдау мақсатында М. Әуезовтен бастау алған терең, құнарлы көркемдік тәжірибе кейінгі толқын қаламгерлердің шығармашылығында қайта жанданды, қайта жаңғырды, әлі де дами береріне сеніміміз мол.

Бірқатар қаламгерлеріміздің «Әуезовтен кейін Абайға барудың не қажеті бар» деген біржақты пікірлеріне ақын Мұзафар Әлімбаев былай дейді: «Мұхтар Әуезовтің жалпақ әлемге жайылған «Абай жолы» дәуірнамасынан кейін Абай бейнесіне бару – тайғанақ-тайғақтағы тәуекел емес, дәрменсіз дәме де емес, көзжұмбайдың кеудемсоқ өлермендігі де емес, өнериеттегі өжеттілік, талант табандылығы!» [7, 5 б.]. Идеялық-көркемдік дәрежесі биік реалистік романда ішкі кеңістік әдеби бейнелердің типтік қасиеттеріне, терең психологизміне, компоненттерінің композициялық, стильдік бірлігіне қарай жасалады.

Туындыда Абайдың ұлылығын – бүкіл адамзаттық биік дәрежеге көтеріле алғандығын, Абайдың үш-төрт ауыз өлеңінің өзінде көптеген ұлы теңеулер кездесіп отыратындығын дәлелдеген автор ақынның зор тұлғасын шебер беруге талпыныс жасаған. Әсіресе, Абайдың адамгершілік туралы ұғымын жаңа биік сатыға көтеруге, адамзат қауымына үнемі жаңа идеялар ұсынып отырғандығын бүкпесіз жазады. Жазушы Абайдың дәуір озған сайын жұмбағы тереңдей беретін тұлғасына, өмірден не алып, не нәрселерден көбірек қуат алды, айналасында кімдер болды соларды өзгеше қабылдаумен беруге ұмтылды. Бұл ретте қаламгер өзіне И. Буниннің «Толстойдың арылуы» («Освобождение Толстого») романының түрткі болғанын айтады. Әрине, Абайдың бойындағы теңдессіз ақындық қуаттың қайнар көзі сан тарамды еді. Ақынның басты қасиеті сол өмірден көрген-түйгенін терең толғаммен, философиямен қабыстыра алуы, айналасының сан құбылған жұмбағын шешуге қадам жасауы еді.

М. Әуезов «Абай жолы» шығармасы арқылы ұлы ақын есімін әлем оқырмандарына танытты. Абайдың ақын-азамат ретіндегі шынайы көркем бейнесін жасаумен қатар, ақын мұрасын жинау, зерттеу, саралау, оларды әр түрлі теріс көзқарастардан қорғап, саф қалпында бүгінгі оқырманға жеткізуде де үлкен қызмет атқарған қайраткер. М. Әуезов – өз романында Абайдың дүниетанымындағы өзгерістер мен өзіндік көзқарастардың, өмірлік күрес жолының қалыптасуына тереңнен үңілген және Абай таңдаған жолдың тарихи себептерінің көзін табуға айырықша мән берген ғұлама.

Романның прологында, ілтифат-хатында жазушының өзі дәл тауып айтқандай, «Абайдың өзі заман озған сайын сан түрге еніп,

әр жайда құбылып көрініп, көп сөздеріне уақыт ыңғайымен басқа түсініктер енеді» [2, 6 б.].

Әр заман Абай бейнесін өзінше кескіндемек. Даналық – сарқылмас кеніш. Абай поэзиясы оқыған сайын жаңа қырынан ашылып отыратын себебі осыдан болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. Т. 10. – Алматы, 2006. – 368 б.

2 Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы: Роман-хамса. – Алматы : Әл-Фараби, 1999. – 752 б.

3 Нұрғалиев Р. Телағыс: әдеби дәстүр мен әдеби дәуір. – Алматы : Жазушы, 1986. – 368 б.

4 Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағлымы. – Алматы : Жалын, 1994. – 258 б.

5 Омаров б. Зар заман поэзиясы. – Алматы : Білім, 2000. – 330 б.

6 Тұрысбек Р. Жазушы еңбегі және шығармашылық. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 228 б.

7 Әлімбаев М. Ойы озғанның өзі озар // Алматы ақшамы. – 1999, 1 қыркүйек.

ЕТІСТІКТІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚИТУ

БАЛТАБАЕВА К.

бастауыш сынып мұғалімі, № 19 ЖОББМ, Павлодар қ.

Етістік – семантикалық мәні жөнінен тіліміздегі бай сөз табының бірі. Ол – қимыл процесін білдіреді. Бастауыш мектеп көлемінде қимыл процесі жалпылық, жинақтылық мағынада алынады. Айтпесе, етістік білдіретін қимыл процесінің мәні әр алуан. Мәселен, адамның еңбек әрекетін (ағаш кесу, тас қашау), адамның қозғалысын (еңбектеу, жүру), сезім күйін (есіту, көру), ойлау процесін (ойлау, білу), түрліше табиғи жай-күйді (отыру, ұйықтау, күлу) білдіреді. Бірақ бастауыш сыныптарда етістік осыншалықты кең және әр талап мәні бойынша септелмейді. Тек қана заттың қимылын, ісін білдіреді деп жинақ мағлұмат беріледі.

Етістік – өзінің грамматикалық формалары жөнінде маңызды сөз табы. Бастауыш сынып оқушылары етістіктің жақпен, жекеше, көпше айтылып, бұларға орай түрлену жолдарын біледі. Ал,

етістіктің жасалу жолдарын көрсететін көптеген қосымшалар, соған сәйкес мағыналық түрлері егжей-тегжейлі қарастырылмайды. Дегенмен жаттығу материалдарында сөз жасаушы категориялар ұшырасып отырады.

Етістіктің сөйлем құру, ойды ұйымдастыру жөнінде синтаксистік мүмкіншілігі мол, демек етістік екі бас мүшенің бірі-баяндауыш болып қызмет көрсетеді. Сондай-ақ етістік сөз тіркесін жасауда да ерекше рөл атқарады. Демек етістіктің сөз тіркесінде меңгеруші қызметі бар. Соған орай оқушылардың септік жалғауларды дұрыс қолдануының өзі етістіктің лексикалық және грамматикалық мәнін қаншалықты меңгергендігін байқатады.

Бастауыш сыныптарда етістік тым элементарлы түрде өтіледі. Сонда да бұл тақырыптың оқытылуына бағдарлама ерекше талап қояды. Оқушылар етістік туралы үйренген ережелерді айтып берумен бірге етістік сөздерді, оның формаларын өз сөзінде, жазуда еркін қолдана алатын болуы тиіс. Етістік қатыстырып сөз тіркесін құру, сөйлем құрастыру дағдысын меңгеріп, етістік сөздерді қатесіз жаза білуі керек.

Етістік тақырыбы бастауыш төрт сыныпта да өтіледі. Бағдарлама бойынша әр сыныпта берілетін білім көлемі мына шамада.

Бірінші сыныпта берілетін білімнің барлық мазмұны етістікті заттың қимылын білдіретін сөз ретінде тану, оны тану құралы деп сөзге сұрақ қоя білу екені байқалады. Бұл міндет таза практикалық түрде меңгертіледі. Бұл үшін бағдарлама төмендегідей жаттығу түрлерін ұсынады. Қимылды білдіретін сөздердің үш жақта және үш шақта жұмсалатынын аңғартатын жаттығулар орындау. Заттың атын білдіретін сөздер мен қимылын білдіретін сөздер тіркесінің сөйлем жасайтынын байқату. Заттың атын, сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді таптырып грамматикалық талдау жүргізу. Бұл жұмыс қазақ тілі оқулығында біраз түрлендіріп, балалардың дұрыс түсінік алуын жеңілдету тәсілдері қарастырылған. Сөйлемдегі етістік сөзді теру, сөйлемдегі сұрақ орнына немесе нүкте орнына лайықты сөз тауып жазу, суретке не сұрақтарға ойдан сөйлем құру сияқты жаттығу түрлері беріледі.

Екінші сынып оқушылары «Заттың қимылын, ісін білдіретін сөздерді етістік дейміз» деген грамматикалық ережені үйренеді. Осы ережеден етістіктің екі түрлі мәні танылады. Бірақ бұл мәселенің басын ашып қарауды бағдарлама ұсынбайды, оқулықта әдейілеп талқыламайды. Солай екен деп мұғалім бірінші сыныптағыдай

заттың қимылын білдіретіні тұрғысынан оқытумен тынса, онда II сыныпта етістіктің мәні жөніндегі мағлұмат үстемеленбей, бұрынғысынша қала бермекші.

Етістіктің мағынасын түсіндіргендегі мысалда етістік – туынды түрінде болмауға тиіс. Ол затпен байланысты болып, сол затқа тән қимылды көрсететін етістік танытылуы қажет. Мысалы: бала жүгірді, қолын көтерді, көйлек тікті дегенде заттың қимылы айқын танылады, ал «тікті, жазды» сөздерінде әрі қимыл, әрі іс мәні бар. Осындай қимыл, іс ұғымы айқын танытылатын сөздерден бірте-бірте заттың басқа да мәнін, тіпті «ойлайды, ұйықтады» сияқты жай-күйді білдіретін сөздерді кірістіріп жауап болатын сұрағы бойынша оларда етістік, сөз деген тұжырымға келтіреді. Екінші сыныптың жаңа материалы – «отыр, жатыр, жүр, тұр» – көмекші етістіктердің қатысуымен жасалатын күрделі етістіктер. Бұл күрделі етістіктерді қысқа сөйлемдегі дара етістікке әлгі көмекші сөздерді тіркестіріп, салыстыру жолымен тиісті сөздердің мағыналық ерекшелігін және сөйлем мағынасында пайда болған өзгерістерді бақылатып, танытуға болады.

Бағдарлама екінші сыныпта етістік тақырыбын меңгерту мақсатында мынадай практикалық жұмыстар жүргізуді талап етеді. Берілген жаттығулардан етістікті табу, қай сұрауға жауап болып тұрғанын айту, ойдан мысалдар келтіру, шағын шығарма жазып, ондағы етістіктерді табу. Ал, «қазақ тілі» оқулығында берілген жаттығуды қалай орындау талабы қойылып, оның жолдары түсіндіріледі, кейбір тапсырманың орындау үлгісі көрсетіледі.

Үшінші сыныпта етістіктен өтілетін материалдар ішінде біразы оқушыларға екінші сыныптан немесе осы сыныпта сөз таптарын оқуына байланысты азды-көпті таныс ұғымдар екенін ескеру керек. Олар : етістік, жекеше, көпше, дара-күрделі жіктеу, жақ категориялары жайлы ұғымдар. Оқушылардың көптеген грамматикалық атау, ережелермен бұрыннан хабардар болуы тиісті бағдарламалық материалдарды жеңіл меңгеруіне және олардың көпшілігі талдау арқылы өз беттерімен танып білуіне қолайлы жағдай жасайды. Сонда тыңнан танысатын жаңа тақырып қатарында етістіктің шақтары ғана қалады. Үшінші сынып бағдарламасының осылайша қайталану сипатында құрылуына қарап белгілі ұғымдарды үстіртін өтуге немесе тым қарадүрсіндікке айналдырып жіберуге болмайды. Қайта керісінше, оқушыдан сол ұғымдар турасындағы білетіндерін жаңғыртып, практикалық дағды арқылы білімді бекітіп және материалды осы тақырып ерекшеліктеріне сәйкес байыта, тереңдете түсу тәсілдері қолданылуы тиіс.

Мұғалім жаттығулардан етістік сөздерді таптырып, бұлардың етістік екендіктерін оқушылардың өздеріне дәлелдетеді. Ол үшін мағынамы заттың қимылын білдіретіні, сұрақтары сол мағынаны ашу қызметін атқаратыны ойластырылады. Ал, етістік үш жақпен айтылады деген ұғымды осы сыныпта зат есімнің үш жақта жіктелуі жөнінде өткен білімдерімен ұштастырылу керек. Сонда оқушылардың материалды біліп алуға деген сенімі күшейеді. Етістіктің құрылымы жайында дара, күрделі деген атауларды қолдану керек. Бұл тұста үшінші сыныпта дара және күрделі етістіктен берілген білімді ескеріп, сол бастапқы ұғымды кеңейте түскен дұрыс.

Етістіктің шақтары жайлы материал практикалық тұрғыда оқулық жаттығуларын пайдалану жолымен танытылады. Осында «шак» деген ұғымды «уақыт», «мезгіл» деген синонимдер арқылы түсіндірген жөн.

Бағдарлама төртінші сыныпта етістікті өтуге байланысты оқушыларға жасалынатын практикалық жұмыстың мынадай түрлерін ұсынады. Жаттығулар берілген сөйлемдердегі етістіктердің қай жақта, қай шақта тұрғанын айтқызу. Берілген етістікті үш жақта, үш шақта қойып айта да, жаза да алатындай дағды беру. Жіктелген етістік сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқаратынын айтқызу.

Бұл тақырыпты оқытудың басты міндеттері:

1) етістік туралы берілген ұғымды кеңейту, етістіктің негізгі лексикалық мағынасы мен қызметін, түрлену жүйесін (жақ, шак категориялары бойынша өзгеруін, сөйлемдегі рөлін) меңгерту;

2) етістіктің жіктелуімен таныстыру: үш жақта айтылатынын айтып, жіктік жалғауларын білдіру;

3) етістіктің шақтарымен таныстыру. Осы шак, өткен шак, келер шак етістіктерді саналы түрде табуға және пайдалана білуге үйрету;

4) сөйлеу барысында етістіктерді мағынасына сай дәл, дұрыс жұмсай білу дағдысын дамыту. Осы мақсатта сөйлемдегі, мәтіндегі етістіктердің мағынасына назар аудару, мән-дес және қарама-қарсы мағынадағы етістіктерді пайдалануын қадағалау.

Етістік – сөз таптарының ішіндегі грамматикалық категорияға бай ең бір күрделі түрі. Сондықтан оның категориялары әр сыныпқа бөлініп, біртіндеп үйретіледі. 4-сыныпта жаңадан оқытылатын етістіктің жіктелуі, етістіктің шақтарынан бұрын 2-3 сыныптарда өтілген етістіктің дара, күрделі, негізгі, туынды және болымды, болымсыз түрлерін еске түсіріп, қайталау жұмысын жүргізу қажет. Оқулықтағы 380-389 жаттығулар осыған арналған.

Етістіктің жіктелуі. Жіктік жалғау – баяндауышқа ғана тән жалғау. Олай дейтініміз, жіктік жалғаулы сөз сөйлемде әрдайым баяндауыш болады. Бұл туралы оқушылар «Зат есімнің жіктелуі» тақырыбын өткен кезде алғашқы түсінік алған болатын. Енді жіктеу категориясы туралы ұғымдары кеңейтіліп, етістіктің жіктелуімен таныстырылады. Сондықтан бұл тақырыпты түсіндірер алдында зат есімнің жіктелуін еске түсіріп, оны етістіктің жіктелген түрімен салыстырып байқату тиімді. Сонда оқушылар зат есімнің де, етістіктің де жіктік жалғауларының бірдей екенін байқайды. Өйткені алғашқыда зат есіммен бірдей жіктелетін етістіктер ұсынылды.

Қазақ тіліндегі етістіктердің төрт түрлі үлгі бойынша жіктелетіні белгілі. Әрине, бастауыш сыныпта олардың бәрін түсіндіру міндетті емес. Сөйтсе де, есімдермен бірдей жіктелетін етістіктер туралы мағлұмат берілгеннен кейін кейбір етістіктердің жіктелуі бұлармен сәйкес келе бермейтінін де байқату артық емес. Оқулықта бұларды салыстыру тәсілімен байқату мақсат етілген. Мысалы:

«Қамшыласаң, жүрмеймін,
Мініп алып тебінсең,
Кідіруді білмеймін»

деген жұмбақтағы немесе

«Ақылсызды жұмсаң,
Артынан өзің барасың»

мақалындағы етістіктерді тауып, жіктік жалғауларын өзара салыстыру барысында оқушылар етістіктің жіктік жалғаулары үнемі бірдей бола бермейтінін айқын аңғара алады. Ең бастысы – олар етістіктерді үш жақта жіктей білуі және жіктік жалғаулы етістіктерді мәтіннен өздіктерінен таба алуы қажет.

Етістіктің шақтары. Шақ категориясы да – етістікке ғана тән категория. Себебі қимыл, іс-әрекет үнемі белгілі бір мезгілде жүзеге асырылады. Бұл туралы проф. К. Аханов былай дейді: «Грамматикалық шақ категориясында осы шақ, өткен шақ және келер шақ бір-бірінен қимыл, іс-әрекеттің сөйлеу кезінде қатысы жағынан ажыратылады. Осы шақтың формасы сөйлеу кезімен сәйкес келетін қимыл, іс-әрекетті білдірсе, өткен шақтың формасы сөйлеу кезіне дейін болған қимыл, іс-әрекетті, келер шақтың формасы сөйлеу кезінен соң, яғни келешекте болуға тиісті іс-әрекетті білдіреді» («Тіл білімінің негіздері», 347-б). Етістіктің шақтарына бұдан артық сипаттама беру мүмкін болмас.

4 сыныпта оқушылар етістіктің шақ категориясымен алғаш рет танысады. Сондықтан оқулықта алдымен жалпы шақ категориясы

туралы түсінік беру көзделді. Ол үшін берілген жаттығулардағы етістіктің қандай мезгілдік ұғымда жұмсалып тұрғанын анықтау, берілген етістіктерді іс-әрекеттің бұрын болғанын немесе алда болатынын білдіретіндей етіп өзгертіп жаздыру тәрізді тапсырмалар ұсынылды. Осындай жаттығуларды орындату арқылы етістіктер іс-әрекеттің белгілі бір уақытта жүзеге асатынын білдіретіні аңғартылып, соған байланысты олардың үш шақта (осы шақ, өткен шақ, келер шақ) айтылатыны түсіндіріледі. Етістік тақырыбын өтуге байланысты төмендегі сабақ жоспарын ұсынуды жөн көрдік.

Сабақтың тақырыбы: Етістіктер. 2-сынып.

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушылардың өткен сабақтарда алған білімдері мен дағдыларын нақтылау, жаңа білім беру.

2. Өз өлкесін сүйуге, табиғатын аялауға тәрбиелеу.

3. Өзбетімен білім алу, өздігінше шешім қабылдау, оқушылардың ой-өрісі мен сөздік қорын дамыту.

Сабақтың әдісі: Оқу төмендегі жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Сабақтың барысы:

I. Қызығушылықты ояту.

а) Оқушыларға мына мәтіннің ішінен не істедің? – деген сұраққа жауап беретін сөздерді табындар деген тапсырма берілді.

Көктем келді. Жылғаларда су жүре бастады. Балалар далада ойнады.

ә) Кеспе суреттермен жұмыс. Кеспелерді дұрыс құрастырғанда пайда болған суретке сөйлем құрастырындар. Балалардың сурет бойынша құрастырған сөйлемдеріне сұрақтар қойылды. Балалар жұп бойынша бір-біріне сұрақтар қойып жауаптарымен алмасты. Оқушылардың кейбір ойлаған сөйлемдерінен мысал: Саламат қар күреді. Маржан тақтаға бормен жазды. Болат домбыра тартты. Балалар би биледі.

II. Мағынаны тану:

а) Оқулықпен жұмыс. Оқулықтағы № 407, 408, 410 жаттығуларды орындау.

ә) Семантикалық карта арқылы оқушылардың осы сабақта білгендерін анықтау және өткен сабақтарда алған білімдерін тиянақтау.

Семантикалық картаны толтырып болғаннан кейін оқушыларға төменгі тапсырмалар берілді.

Ақ тамағы бүлкілдеп,
Қарлығаштар сайрайды.

Осы жолдардан етістікті тауып және қарлығаштар деген сөзді сөз құрамына талдау.

2. Төменгі тақырыптар бойынша шағын эссе құрастырындар:
Үш топ бойынша.

Астана-әсем қала. Көңілді көктем. Менің мектебім.

III. Ой толғаныс. Шығармашылық тапсырма. Тірек сөздер бойынша сөйлем құрастырып, сол сөйлемдердің ішінен етістіктерді тауып астын сызындар. Берілген сөздер: кітап, бөлме, оқушы, дала.

Осы тапсырманы орындап болғаннан кейін сабақ қорытындыланады. Оқушыларға сұрақтар беріледі. Біз бүгінгі сабақта не үйрендік? Сабақ соңында оқушылардың бүгінгі сабаққа қатысы бағаланады. Үйге тапсырма беріледі.

Сабақтан кейінгі мұғалімнің пікірі (рефлексия). Бастауыш мектеп-оқушыны тұлға ретінде қалыптастырудың алғашқы бапалдағы. Әр сабақта оқытудың тиімді әдістерін қолдана отырып оқушыларымның оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттырудың мен үшін мәні зор. Өйткені бала оқудың өзі үшін қажеттілігін түсіну керек. Сонда ғана өздігінен білім алуға талпынады. Сыни ойлау мен үшін шәкірттерімнің белсенділігін арттыруға, оларды сабаққа жасқынбай еркін қатынасуға мүмкіндік береді.

Сонымен қорыта келгенде, ойын элементтерін, инновациялық технологиялардың тиімділігін бастауыш мектеп пәндерінің ерекшелігіне, мақсатына сай қолдансақ, онда сабақтың жетілуі мүмкіндігі көрініп, яғни оқушының сабаққа қызығушылығы арта түсуі, мұғалімнің шебер ұйымдастырушылығынан оқушыда психологиялық – педагогикалық жүйе тәрбиеленеді, білім жүйесі күрделенеді, себебі инновациялық технологияны пайдалану бастауыш мектеп пәндерінің деңгейінің жоғары болуына әсерін тигізеді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Уәйісова Г., Жұмабаева Ә. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. – А., 2009.

2 Уәйісова Г. Бастауыш кластарда морфологиялық ұғымдарды оқыту. – Алматы, 2011.

3 Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы : Атамұра, 2013.

4 Уәйісова Г., Жұмабаева Ә. Қазақ тілі. Оқулықтарына әдістемелік нұсқаулар (2, 3, 4 – сыныптарға арналған). – А., 2009-2015.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

БЕРІКБОЛ С.
магистрант, Шәкәрім атындағы
Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Оқытудың қазіргі заманғы тенденциялары жоғары сапалы оқушы даярлаудың жаңартылған сапалы өзгерістерін талап етеді. Осы орайда оқушыларға орта білімнің сапасын арттыру мақсатында әр түрлі бағытта және жаңа әдістерді пайдалана отырып білім беру үлкен маңызға ие.

Қазіргі қоғамның педагогика ғылымының алдына қойып отырған талаптары оқу үрдісіне үлкен өзгерістер енгізуді, оқытуды қарқындатуды көздейді.

Әрбір педагогикалық технология өзіндік жаңа әдістермен ерекшеленеді. Әдістер оқытушы ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп, ең тиімдісі қолданылады.

«Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды», – деп жазады А. Байтұрсынов [1, 357]. Ғалымның бұл тұжырымынан қандай әдіс-тәсілдерді қолдансақ та, оның жұмсалатын орнын, топ ерекшелігін т.б. ескеріп, тандап қолдану қажеттігін ұғынуға болады.

«Қандай әдісті ойлап шығарсақ та, ол педагогтердің оқушыларға өздігінен көп оқуына жағдай туғызатын болуы керек, сонда мектепте сөз бен нәтижесіз еңбек аз болып, оқушылардың бос уақыты, қуанышы, табысы молаяды: бұл – біздің дидактиканың негізі», – деп көрсетеді Я. А. Коменский [2, 218]. Яғни, оқушы білімді өз бетімен меңгеріп, сол арқылы тілдік қатынасқа түсіп, белсенді топ мүшесіне айналуы тиіс. Орта мектепте қазақ тілін оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерінің бірі ретінде ұжымдық әдісті атауға болады.

Оқушылардың қоғамдық ортада пікір алмасуын, адамдардың түсінісу қажеттігін өтейтін тиімді әдістердің бірі – ұжымдық оқыту әдісі. «Білім саласындағы тоқыраудан шығу үшін тиімділігі жоғары

жаңа оқыту әдісі – ұжымдық әдісіне көшу керек», – деген пікір айтады В. К. Дьяченко.

Ұжымдық оқытудың негізін А. Г. Ривин салды. Ол 1918 жылдың басында Киев жанындағы Корнин деген жерге бала оқыту үшін ата-аналардың шақыртуымен келген. Оның педагогикалық білімі болмаған, политехникалық институтты бітіріп, инженер мамандығын игерген. 1911 жылдың өзінде-ақ, оны өндіріс салаларының барлығы автоматтандырылған, механикаландырылған деңгейге көтерілген де, ал оқу еңбегі сол бұрынғы күйінде қалып қойған деген мәселе толғандыра бастайды. Оның ойынша, оқу еңбегі оқушы мен оқытушының аз уақыт пен күш жұмсап, көп білім алуы керек және ол өте саналы түрде жүруі тиіс. Сондықтан ол өзінің бар өмірін оқытуда тиімді әдістер іздеп, бала оқытуға арнаған.

А. Г. Ривиннің әдісі кез келген уақытта оңтайлы жұмыс істеуге өте ыңғайлы болған. Ол карточкамен жұмыс, абзацтар бойынша мақала, тақырыптарды меңгеру, тіл дамыту сияқты бірнеше бөлімдерден тұрған. Ол ең алдымен оқытудың әдісін оқушыларға үйреткен. Оның әдістемесі оқушылардың бір-бірімен жұмысты жұптасып істеп және алмасып отыруына негізделген. Осындай оқытудың нәтижесінде тәжірибе жүзінде бір уақытта бірнеше мәселені шешіп отырған. Оқытудың ұжымдық әдісі сұрақ-жауап түрінде ұйымдастырылған және білім сапасы ретінде енгізілген, әр түрлі жастағы және білім деңгейлері әр түрлі оқушылардың өз еркімен оқып білім алатын тұрақты ұжымын құрған, оқушылардың бір-бірімен жұмыс істеу әдістемесін жасаған. А. Г. Ривиннің оқушылары көбіне жұптасып оқыған, топтық жұмыс өте сирек жүргізілген. Оның сөзі бойынша, топтық жұмыс сабақтың небары 20 %-ын ғана алған. Жұп тұрақты болмаған, ол үнемі өзгеріп отырған. Мысалы, бір оқушы оқу үрдісінде топтағы барлық оқушылармен жеке жұмыс істеп шыққан және ол оқушы бір оқушыны үйрете отырып, одан өзі де үйренген. А. Г. Ривиннің негізгі қағидасы: «Не үйренсең, сол жерде оны басқаға үйрет» [3, 12].

Оқушы өзінің үйренгенін екінші біреуге үйрету арқылы сапалы әрі жылдам білім алатынын ол жақсы түсінген. Оқушы білгенін бір ғана оқушыға емес, бірнеше оқушыға үйреткен, сол арқылы ол білімді әбден меңгерген. Яғни, оқушылардың бірін-бірі оқытып үйретуі А. Г. Ривиннің негізгі заңдарының бірі болған. Ол өзінің ұжымдық оқыту әдісін «талғенизм» («талант» және «гений» деген сөзден шыққан), «организованный диалог», «корнинский диалог», «сочетательный диалог» деп атаған.

1920 жылдардың басында А. Г. Ривиннің әдісі жан-жаққа тарай бастайды. Кейбіреулері оған қызығушылық білдірсе, кейбіреулері ол әдісті мүлдем жоққа шығарып, оның есі дұрыс емес деген айып тағады. Ол өз жұмысын соғыс салдарына байланысты тоқтатқан. Бірақ А. Г. Ривиннің әдісі әр кезде де өз жалғасын тауып отырған.

Ал 1950 жылдардың ішінде В. К. Дьяченко және басқа да ұжымдық әдісті қолдаушылар – А. Г. Границкая, В. Ф. Шаталов, М. Г. Булановская, Э. Л. Григорьева математиканы, орыс тілін, әдебиетті, шет тілін, тарих пәндерін оқытқан кезде ұжымдық оқыту әдісін іс жүзінде қолданған. Бұл әдісті сабақта пайдаланған мұғалімдердің бірі – А. И. Говорованың 3 «в» сыныбындағы жетістіктерін мектеп әкімшілігі былай бағалаған: «Ұжымдық оқыту әдісін енгізгеннен бастап біздің мектептің барлық оқу үрдісінде сапалы қайта құру жүрді. Сабақ қызықты, мағыналы, өзгеше түрде өтетін болды. Оқушыларда байсалдылық, қайырымдылық күшейіп, олар пікір-таластар тудырып, өз пікірлерін дәлелдеуге үйренді, өздігінен жұмыс істеуге төселді, ең бастысы, тақырыптың мазмұны мен мақсатын терең түсінуге ұмтылыс жасады. Оқушы сабақтың әрбір кезеңінде жаңа жұппен кездесіп, жаңа серіктестікпен жұмыс істеу арқылы өзінің ақыл-ойын шыңдап, басқаның білімін тексеруге үйренді». Ол жөнінде А. И. Говорованың өзі: «Қыркүйек айынан бастап сабақта ұжымдық оқыту әдісін қолдана бастадым. Негізінен А. Г. Ривин әдістемесі пайдаланылды. Нәтижесі таңқаларлық болды. Небары үш оқушы ғана минутына 86-87 сөз, ал басқалары 120-160 сөзге дейін оқи алатын дәрежеге жетті», – деп жазады [3, 19-20].

Ұжымдық әдістің ең басты ерекшелігі – сыныптағы оқушылардың жұп болып жұмыс атқарып және ол жұптардың үнемі өзгеріп отыруына байланысты.

В. К. Дьяченко ұжымдық оқыту әдісі бойынша: «Коллективным можно назвать только такое обучение, при котором коллектив обучает и воспитывает каждого своего члена и каждый член активно участвует в обучении и воспитании своих товарищей по совместной учебной работе. Отсюда коллективная форма организаций учебной работы – это общение обучающихся и обучаемых в динамических парах сменного состава», – деп анықтама береді [4, 96].

Ұжымдық оқыту әдісінің негізгі белгілері мыналар болып табылады:

- 1 Сынып оқушыларының ортақ мақсаттарының болуы.
- 2 Өз қызметтері мен міндеттерін бөліп алу.

3 Өзара ынтымақтастық және достық қарым-қатынас, көмек көрсете білу.

4 Бірінің жұмысын бірі бағалауға, бақылауға, басқаруға араластыру.

5 Жұмыс көлеміне байланысты әрбір жеке адамның істеген жұмысынан ұжым болып атқарылған жұмыстың көп болуы.

6 Барлығы бірі үшін, бірі барлығы үшін әрекет ету.

7 Оқушылар арасындағы теңдік, бірлік.

Ұжымдық оқыту әдісінің негізі – оқушылардың бір-бірімен жұптасып жұмыс істеп және алмасып отыруына құрылған. Ұжымдық оқыту әдісінде әр оқушы топтағы жеке оқушылармен жұп құрап жұмыс істейді, жаңа ұғымды өзі үйренеді және оны біреуге үйретеді. Яғни, негізгі жұмысты оқушылардың өздері ауыспалы жұп арқылы атқарады. Ұжымдық оқыту әдісінің бір үлгісін былай көрсетуге болады. Оқытушы топтағы бір оқушыны пәннің оқытылуға тиісті тақырыбы бойынша мұғалімдікке даярлайды. Ол арнайы сұрақтар бере отырып болашақта кез келген оқушымен жұмыс жүргізгенде сұрақтарды дұрыс қолданып, одан жауап ала алатындай етіп жүргізеді. Одан кейін оқушының оқыған тақырыбы бойынша келесі бір оқушыға оқытушы болуды жүктейді. Оқытушы болған оқушы екінші оқушыға тақырыпты түсіндіреді. Олардың өзара жұмысын оқытушы бақылап отырады. Бірінші оқушының екінші оқушыға сұрақтардың дұрыс қоюына көмектесіп отырады. Осылайша екінші оқушы да оқылған тақырыбы бойынша мұғалімдікке даярланады. Екінші оқушы оқыған тақырыбы бойынша келесі, үшінші оқушымен жұмыс жүргізгенде, бірінші оқушы басқа жаңа тақырып бойынша дайындалады немесе ары қарай басқа, төртінші бір оқушымен жұмыс жүргізеді. Осылайша сыныптағы оқушылар жұптары алмасып, бірін-бірі оқытуы арқылы тақырыпты меңгеріп шығады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, ұжымдық оқыту әдісі икемге келгіш, әрбір оқушының жеке басына, білім деңгейіне сәйкес жүргізіледі. Ұжымдық оқыту әдісінде оқушыға өз әрекетін өзі басқаруына еркіндік пен мүмкіндік беріледі.

Ұжымдық оқыту әдісін табиғат аясында да, өндірісте, шаруашылық орнында және тағы басқа орындарда да ұйымдастыра беруге болады. Оқу барысында оқушылар қосымша әдебиет, карточка, каталог, анықтама, сөздік, энциклопедия, компьютерлер және осы заман талабына сай көптеген жаңа оқу жабдықтарын кеңінен пайдалана алады. Сол арқылы өз білімдерін жетілдіреді. Әр

оқушылар тек өзі ғана оқып, меңгеріп қоймай, білгенін, үйренгенін басқа жолдастарына да үйретеді.

Қазақ тілін қарқынды оқытуда ұжымдық әдісті пайдаланудың мақсаты – әр оқушының білімінің жоғары деңгейге жетуіне мүмкіндік беру, білімді игеруде аз күш пен уақыт жұсай отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізу.

Ұжымдық әдістің тағы бір ұтымды жағы оқушыларды шығармашылыққа жетелейді. Ұжымдық әдіс арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп, дамытуға мүмкіндік мол.

Қазақ тілін ұжымдық әдіс арқылы оқыту нәтижесінде оқушылар теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға және дәлелдеп айтуға, өз көзқарастарын, пікірлерін қорғап шығуға төселеді, тіл байлықтары молаяды, оқу белсенділіктері артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 444 б.

2 Коменский Я. А. Великая дидактика. Из б. пед. соч. – М. : Учпедгиз, 1955. – 487 с.

3 Дьяченко В. К. Сотрудничество в обучений. – М. : Просвещение, 1971. – 191 с.

4 Дьяченко В. К. Общие формы организаций процесса обучения: Актуал проблемы теорий и практики обучения. – Красноярск : Изд. Краснояр. ун., 1984. – 185 с.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ «КЕДЕЙ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САРЫН

ӘБУТӘЛІП А. Ә., ҚАСЕН А.

студенттер, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

ҚАДЫРОВ Ж. Т.

ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

С. Торайғыровтың «Адасқан өмір» шығармасымен үндес, өзектес туындысы «Кедей» (1919). Бұл – лирикалық-реалистік поэма.

Поэмадағы лирикалық кейіпкер – кедей арқылы өзінің демократтық-ағартушылық ой-пікірін айқынырақ білдіре, таныта түскен. Кедейдің аянышты халін суреттеуі көңілге қонымды, өмірлік

шындықты талғап береді. Поэма басталуында берілген картина үлкен әлеуметтік мәселеге мегзейді. Дене тітіркенер сүреңсіз табиғаттың аясында итпен бірге кедейдің қой күзетуі – оның малының жоқтығы, «бай қамшысы арқасын осып өткен» бейшаралық өмірінің шындығы [1, 146 б.].

Туғаннан, міне шықтым талай жасқа.
 Өкпемнен барады өтіп күзгі суық,
 Бір жағынан қышытып, биттер буып
 Бит жеген, ескі күпі жабағысы,
 Жөргекке оралғанда іштен туып [2, 150 б.].

Психологиялық параллелизмде қатар екі мотив суреттеледі де, қайсысы адамзаттық мазмұнға бай болса, артықшылық сол жақта деп түйіндейді А. Н. Веселовский [3]. Бұл – психологиялық параллелизм жайын бағдарлағанда ескерілетін қағида.

Қазіргі қазақ жазушыларына осы заманғы әдебиеттің жағдайына сәйкес уақыт қойып отырған үлкен міндеттің бірі – «адам жанының диалектикасын» ашу. Дәлірек айтқанда, кейіпкердің ішкі рухани әлеміне үңілу, жан сарайына психологиялық талдау жасау саласында терең толғану, тынбай іздену керек болып отыр. Әдеби әдіс мәселелері ең басты дүниетанымдық, көркемдік құбылыс саналса, осы мәселелердің неғұрлым нақты, толымды, шешімі айқын ғылыми келбеті-кейіпкер жан дүниесін бейнелеу мүмкіндіктері мен амал, жолдары, бағыт-бағдары, сол бағдардағы жемісті нәтижелер арқылы танылмақ. Шартты теңеуге барсақ: «көркемдік әдіс-мазмұн, психологиялық талдау-пішін. Пішін мазмұнға қарай, мазмұн пішінге қарай өзгермек. Эстетикалық байлық-іш пен тыстың бірлігі мен өзара ықпал әсерінде, жаңа байланыс түзе алуында». Психологиялық талдаудың тағы бір көркемдік мәні мынада деп ойлаймыз, атап айтқанда «ол-жазушы үшін толыққанды образ, өміршең тұлға жасаудағы бірден бір қолайлы да, оңтайлы тәсіл». Расында, образ, характер жоқ жерде көркем шығарма рухы түгілі оның елесі де жоқ. Осы туралы сөз қозғаған Ә. Қоңыратбаев: «Даралау-характер жасаудың ішкі заңы» [4, 31 б.], – деген болатын. Даралыққа жету үшін типтендіру қажет.

«Типизм – творчествоның негізгі заңының бірі, онсыз творчество жоқ» [4, 32 б.]. Сонда біздің психологиялық талдаудың көркемдік қызметіне тоқталғанда айтатынымыз оның кейіпкер характерін даралаудағы басты сипаты. Мысалға: Қазіргі қазақ әдебиетінің классигі Ә. Қоңыратбаевтың шығармаларын алып қарайық. Жазушының қол артқан басты тәсілі-психологиялық

талдаудың аналитикалық түрі. Аналитикалық дегеніміз-бір кейіпкердің жан дүниесін бүгі-шегісіне дейін талдау деп жүрміз.

Жазушылық бұндай позиция туралы Ә. Қоңыратбаев былай деген: «Сонымен бірге оның өзіне адамдық характері болуы керек. Мұны даралау дейміз. Даралау жоқ жерде образ жоқ» [4, 31 б.].

Өз сырын өзге түгіл өзінен жасыратын Әміршінің табиғаты-тұнып тұрған кұпия, өзінің не күйінішін, не сүйінішін сырт көзге сездірмес төкәппар. Кейіпкер-тек төңірегіндегілер үшін ғана емес, оқушысына да оңайлықпен сыр ашпайтын тылсым характер. Оның сырт көзге байқала бермейтін ішкі сезім иірімдеріне, жан арпалыстарына, ой-сезім құбылыстарына, санасындағы психологиялық процесегі, терең тебіреністеріне тек автор көмегімен дөңдейсіз. Әміршінің ой-монолог, көпті көңіліне ойланса да, неден күдіктенсе де іште сақтайтын сарбаздығы оқиғаны оймен өрбітеді. Суреткерлік бүкіл роман бойына оқиға қумай, адам жандүниесіне терең бойлап, оның психологиясын, рухани әлемін, ішкі иірімдерін драматизммен ашуында жатыр. Біз айтып өткен сипаттамалар «даралаудың бір тәсілі мінездік талдау-психологизм» [6, 173 б.]. Ендеше, кейіпкер психологиясын шынайы суреттеу шеберлігі суреткердің ерекшелігі ғана емес, оның ерекше талантының айғағы да... Психологизм – көркем әдебиеттің тұтас болмысынан ажырамас қасиет, біз ол жағдайды байқай бермейміз. Сонымен бірге «психологизм-көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі» [5, 318 б.]. Психологиялық талдау – шығарманың композициялық құрылымына, сюжеттік желісіне кейіпкер сомдау амал-тәсіліне әсерін тигізер бірден бір әдіс. Сондықтан да психологиялық талдау әдебиеттегі өміршендігін сақтай бермек.

Ақын суық, сүреңсіз, ызхғарлы, қараңғы күзгі түн мен иттен басқа жолдасы, үстіне ілер лыпысы жоқ кедейдің арасына параллель жүргізеді. Дегенмен, маңыздысы, мазмұндысы кедейдің ауыр тұрмыс-халі, шығармасының өне бойында көрсетпегі де сол Қазақ кедейінің адам айтқысыз қиын тірлігін бейнелеуде күздің көріксіз келбетін қосарлап, психологиялық параллелизм әдісімен шынайы, жанды сурет жасаған.

Қозыға жарауымнан біраз бұрын
Ойнатып, уатпап па ем байдың ұлын?
Сүйретіп, арбасының аты болдым,
Бір аяқ ас еді ғой сондық құным [2, 151 б.].

Көзін ашып, қаз тұрғаннан жоқшылық тауқыметін тартқан кедейдің сорындай тағдыры жеті атасынан келе жатқан «мұра». Ақ орда да жайбарақат ұйықтап жатқан байдың малын бағып, қорасын

салатын да, шөбін шауып, ағашын жаратын да, асын пісіріп, малын сауатын да-осы кедей:

Ұзақ түн итпен бірге қой күзетіп,
Киім жоқ, күзгі суық дірілдетіп.
Таң атқанша айғай сап, көз ілмеймін
Бай жатыр ақ үйінде пыр-пыр етіп [2, 152 б.].

Қаладағы жебірлер жегідей жеген кедейдің жағдайы да оңып тұрған жоқ. Тозағымен қорқытып, ұжмағымен алдайтын кедейдің соры қожа-молда тағы бар.

Мен жалғыз ел қызметін істедім бе?
Қаланың да дәмін-тұзын ішпедім бе?
Тірі көрге түскендей жер астының
Кендерін шығарғалы түспедім бе? – [2, 152 б.]

дейді Торайғыровтың кейіпкері.

«Көрден тұрған кісідей өңі» бар қаладағы кедейдің ауыр тұрмысын поэмаға енгізу нәтижесінде ақын шығармасының саяси-әлеуметтік көтерер жүгін ұлғайта түскен.

Кедейдің аузымен айтқызған:
Әкем, шешем, арғы атам солай өскен,
Олардың да өкпесін есік тескен.
Мен істеген жұмысты олар да істеп.

Мұқтаждықтан құтыла алмай, күнін кешкен, [2, 154 б.] – деген жолдармен Сұлтанмахмұт адам баласы теңсіздігінің әріден келе жатқан ата жауы екендігін көрсеткен. Ұрпақтан ұрпаққа уытын жайып, кеселін тигізіп келе жатқан өктемділікке төзбестік білдіру кедейдің бөліп айтарлық қасиетінің бірі.

Кедейді мырзалармен салыстыруда ақын қоғамдағы әрекеттілікті одан әрі қазбалап ашады.

Ана Жақып сән түзеп, сауық құрған,
Құрдасым емес пе еді бір күн туған?
Мен туғанда табылмай қара сабын,

Ол туғанда иіс сабын тәнін жуған, [2, 156 б.] – деп, ұсақ детальдің ұшығын шығарып, дәуірдің сүреңсіз сұрқай бет-бейнесін айшықтай көрсетіп, аямай шеңдейді.

Кедей туған тәнін жуар «қара сабын» табылмай, Жақыптың «иіс сабынмен» жуынуының себебі неде?

Тумысымда онан жоқ еш кемдігім,
Жалғыз-ақ менде мал жоқ, онда мал бар [2, 158 б.].

Келтірілген қос тармақта жоғарыдағы сауалдың жауабы бар. Дүниедегі, қоғамдағы теңсіздіктің негізгі ақылынын

артықшылығында емес, мал-басының көптігінде жатыр. Бұл жердегі кедейдің өмірден түюі оның «Адасқан өмір» поэмасындағы лирикалық «менін» монологімен ұқсас.

С. Торайғыров кедейін ауыр тұрмыста, жоқшылықта, теңсіздікте екендігін суреттеумен шектелуді мақсат тұтпаған. «Біздің халқымыздың ең мәртебелі де, ең етене қасиеті – әділдік сезімі мен соны көксеуі», – депті орыстың кемеңгер жазушысы Ф. М. Достоевский. Ендеше әділдікті ансау – қашан да адамзаттың ең нәрлі сезімдерінің бірі.

Поэмада кедейге өмірі жайлы сұрақ қойғызып, басындағы ауыр халді өзгертуге үндеу идеясы бар.

Байларға өгіз болып өту үшін,
Дүниеге шыныммен-ақ келгенім бе?

Кедейдің тап мұндай ойға қалуы – кейіпкердің өскендігі. Заманның ағымында, икемінде кетпей тарихи санасы өзгеріске ұшырай бастаған уақыт келбетінен дәмеленуге хақылымыз.

Қартайғанда қайыршы болу үшін,
Жастықта жұмыс жаншып солу үшін,
Сол бейнетке тастауға тағы да ұрпақ,
Осы үшін жасамаймын ба, айтшы, кісім? [2, 162 б.]

– деп жауап қайтарады. Лирикалық кейіпкер «бейнеттен басқа алдымда үміт жоқ» деп торықпайды, бақытқа жетуге ұмтылады. Торайғыров кедейдінің ойынша адамның басты қасиетінің бірі «бақытқа талпыну».

Жоқ, мен бұған разы тіпті болман!
Бақытты іздеу керек басқа жолдан;
Бұл жолға көрге дейін өмірін беріп,
Жан аз ба меннен басқа әуре болған? [2, 170 б.]

Ақын басқа жолдан бақыт іздегенде, болашақ жаңа қоғамды мегзеп отыр десек сәуегейлік болды. Бірақ ақын өзі бастан кешіп отырған беймаза уақытқа, дүрлігіп бір қиырдан бір қиырға тұрақтамай шатқалақтаған ортаға риза еместігі анық. Ол азаматтылыққа жету керектігін айтады, қашан, қалай жететіндігін нақтылап жатпайды. Саяси трактат емес, көркем шығарма болғандықтан, оқырман ақыннан оншама ежіктеуді талап етпейді де.

С. Торайғыров қорытынды бөлімді «Бақытқа жететін оңай жол» (яғни елге мысал болу) деп атаған.

Жол қайсы құдай салған, шайтан салған,
Білмеймін, осы жері маған арман.

Мейлі, құдай берсін, шайтан берсін,

Мақсатым-оқу, оқу көңіліме алған, [2, 172 б.]

– дей келіп, тосын түйін жасайды:

Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып,

Шақырып тұр, мінеки, кеттім сонда [2, 172 б.].

Ақын неген бұлайша аяқтап, бұлдыр, күңгірт ой қалдырған? Біздің ойымызша, ол әдеби процесі жиі ұшырасатын шарттылықпен байланысты. Әділдік орнайтын өмірге ғашық болып, бостандықты ынтыға күткен қаламгерді басқаша түсінудің, түрлі болжам жасаудың қажеті шамалы.

Сыншыл реалистік әдебиеттің белді өкілі. С. Торайғыров «Кедей» поэмасымен ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылындағы таптық қайшылық, әлеуметтік теңсіздік тақырыптарын қозғап, шынайы суреткерлік шешім жасады.

Қазақ ауылындағы кедейдің тұрмысын, тіршілік, тынысын түбегейлей көтеріп, шынайы бейнесін сомдап шығарады.

Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларын жазу барысында бүкіл шығармашылығының өзегі – саяси – әлеуметтік тақырыпты сан қырынан барлап, идеялық – эстетикалық тұғырдан кекселенгендігін дәлеледі. Байлық, кедейлік, адалдық, арамдық төңірегіндегі тебіреністер дами келе, уақыт сынынан өтіп, ұсақ өлеңнен салауатты лирикалық – философиялық поэмаларға ұласты. Сөйтіп қазақ поэзиясында жаңа кейіпкерлер – лирикалық «мен» және кедей дүниеге келді, әдебиеттегі ұнамды образдар галереясын толықтыра, молықтыра, көріктендіре түсті.

«Образ болмай ойдың да қасиеті болмайды. Жұрт айтып жүрген ойды сіз де айтасыз», – деп жазды М. О. Әуезов. – Жұрт айтпаған ойды айту – анда-санда бір ұшырасатын бақыт, ол ырыс» [6, 152 б.]. С. Торайғыровтың кемел суреткерлігі сонда, – ол поэмаларындағы жаңа кейіпкерлерінің аузымен тұңғыштан тартып терең ой айтты, сыршыл сырлы сезім пернелерін дәл басты.

Ішкі мазмұнымен бірге, Торайғыровтың «Адасқан өмір» мен «Кедейі» – пішіні бөлек, тұлғасы дара туындылар. «Лирикалық кейіпкердің ой – сезмі арқылы тарихты барлау, халық тұлғасын мүсіндеу – поэзия үшін аса қиын міндет. Рас, орыс поэзиясында, қазақ өлең-жырларында да мұндай өнеге бар. Бұл тарапта алысты шарламай-ақ, Сұлтанмахмұттың «Кедей» және «Адасқан өмір» І. Жансүгіровтың «Дала» атты поэмаларын еске түсірсек те жеткілікті [7], – деген қазақ өлеңінің көрнекті өкілі Қалижан Бекхожин пікірі С. Торайғыров тындырып кеткен ұланғайыр істің

мөлшер – межесін елестетері анық. «Адасқан өмір» мен «Кедей» С. Торайғыровтың реалистік, лирикалық, философиялық поэма табиғатын жете меңгергендігін ғана аңғарған жоқ, қазақ әдебиеті тарихында поэма жанры дамуының жаңа бір кезеңін белгілеген дәуірлік шығармалар санатына енді.

Сонымен қатар, Сұлтанмахмұт қазақ халқын ояту, ілгері бастыру жолдарын, халықтың теңдік алу, саясат, шаруашылық, мәдениет жағынан өркендеп, жетілу жолдарын тағы қарастырады.

Сұлтанмахмұт көптеген шығармаларында, әсіресе 1917 – 1920 жылдар арасында жазған «Осы да әділдік пе?» деген өлеңінде, «Кедей», «Адасқан өмір» поэмалары мен «Социализм» деген мақаласында еңбекші халықтың – кедейдің, жұмысшының капитализм тұсындағы қайыршылық тұрмысын, ауыр азабын суреттейді. Елдегі бектік – феодалдық қанауды, қаладағы капиталистік қанауды, капиталистік қоғам құрылысын ғылыми тұрғыдан қарап, келісті суреттеп, әділ сынады.

Мысалы, «Кедей» атты поэманың бас кейіпкері – қазақ кедейі өзінің жоқшылық, азап көргенін, ауыл арасында бай, феодал қанауынан, қалалы жерде саудагер, капиталистер қанауынан көз ашпағанын, діннің өтірігіне еріп, рухани жақтан езілгенін айтып зар жылайды. Тек өзі ғана емес, ата-баба, әке-шешенің де осы күйде өткенін, өзі сияқты көп адамның осы хәлде жүргенін баяндайды.

«Адасқан өмір» поэмасында ақын капиталистік қоғам құрылысын, капитализмді сынай келіп, капиталистік қоғам негізі – жеке меншік, сенікі, менікі деушілік; бұл адам баласына індет болып тиіп отыр, жеке меншік жойылсын – деп тұжырым жасайды.

Жоғалсын «бұл сенікі, менікілік»

Осы ғой адамзатты қырған індет...

Осы жеке меншіктің үстемдігі жүріп жатқандықтан біреу бақытқа жетсе, біреу бақытсыздыққа ұшырайды, біреу байыса, екінші біреу кедейленеді, біреу езуші болса, екінші біреу езілуші болады. Адал еңбек жанбайды.

Жоқ, байымас бұл күнде адал еңбек,

Біреу байыса, біреулер кедейленбек.

Кімде кім тез байыса, қолына ағып,

Кім кедей болса, соның малы келмек.

Өнер – білімнің, жалпы адам баласы мәдениетінің игілігін, қызығын ат төбеліндей байлар ғана көреді. Бүкіл адам баласын бақытты етеді деген өнер, ғылым, техника табысы капитализм тұсында адам баласының көпшілігін бақытсыздыққа душар етеді.

Өнер, ғылым, техника өскен сайын адамның еңбегін жеңілдетудің, тұрмысын жақсартудың орнына, езушілік күшейіп, соғыс көбейіп барады деп, бұл ойын ақын былай білдіеді:

Азусыз қасқырларға азу болып,
Қой халін ауырлатты онан әрі.
Бұрын көл болса, енді теңіз болды,
Өнердің арқасында адам қаны.

Өкімет, әкім, төре дегендер, дін, қожа, молла дегендер, бәрі де байдың, езушінің сөзін сөйлеп, сойылын соғады. Күштілердің күшсіздерге істеген зорлық, зомбылығын мақұлдайды, әлсіздерді алдап, арбап, қорқытып, күштеп әлсірете түседі. «Дін», «әділдік», «ар», «адамгершілік» деген сөздер күшсіздерді алдауға қолданылады.

Сұлтанмахмұт капитализмді сынап, мансұқ етіп, әділетті қоғамды дәріптейді. Ол әділдік деп социализмді түсінеді. Бұл, біріншіден, оның сол әділдікті жалпы суреуінен айқын ұғынылады да, екіншіден, оның «Социализм» деген мақаласында капиталистік қоғамда әділеттіктің жоқтығын, болмайтынын айта келіп, «әділдік туралы төменде, социализм мәселесіне келгенде жазамыз» деген сөзінен аңғарылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кенжебаев Б., Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы : Мектеп, 1966. – 300 б.

2 Сұлтанмахмұт шығармалары. – Алматы : Арыс, 2009. – 312 б.

3 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы : Ғылым, 1991. – 155 б.

4 Қоңыратбаев Ә. Шеберлік сырлары. – Алматы : Жазушы, 1979. – 316 б.

5 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы : Санат, 1996. – 318 б.

6 Өезов М. Шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1985. – 451 б.

Бекхожин Қ. Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы : Жазушы, 1969. – 122 б.

ЕСТЕЛІКТІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

ЖОЛМАХАНОВА А. Б.

ғ.ғ.м., докторант, Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы пікірлер мен ғылыми тұжырымдар көбіне автобиографиялық көркем туындыларға қатысты болып келеді. Ал естелік-жазбалар, олардың көлемді мемуарлық шығармалардан айырмашылығы туралы әлі де тұшымды зерттеулердің жоқтығына назар аударыла отырып, осы мәселеге өзіндік көзқарас білдірілген.

Әдеби образ, көркем бейне туралы әдебиеттанушы ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, естелік кейіпкерлерінің жасалуындағы ерекшеліктер туралы сөз болады. Көркем шығармалардағы әдеби бейнелердің суреткерлік шеберліктің жемісі екендігі, көркем образдарда көркем ойлаудың алға шығатындығы заңдылық. Ал естеліктерде көбіне автор өз кейіпкерінің бейнесін дәл, нақты жасау арқылы шынайылыққа құрылады. Мұнда ойдан шығару, типтендіру т.б. әдеби әдіс-тәсілдердің қолданылмауы естелік кейіпкерінің азаматтық, қайраткерлік тұлғасын ашуға көбірек мән берілуі жанрлық ерекшеліктің көрінісі екендігі зерделенеді.

Автор өз тұжырымдарын нақтылау үшін Мария Шоқай естеліктеріндегі Мұстафа Шоқай бейнесінің жасалуын негізге алады. Естелік жазушының (Мария Шоқайдың) негізгі мақсаты өз жұбайының қайраткерлік қырын, саяси ұстанымын, өз халқының азаттығы жолындағы күрескерлік келбетін ашу болғандығын айтады. Дегенмен, естеліктің кейбір тұстарында Мұстафа Шоқайдың адамгершілік бітім-болмысы, сезім-сырлары да көрініс беретіндігіне назар аударылады.

Шоқай бейнесін жасауда автор диалог, монолог, ішкі монолог сияқты көркем образ жасаудағы басты әдеби әдістерді емес, естелік жанрының басты құралы баяндауға көбірек сүйенгендігі айтылады.

Кілт сөздер: Образ, естелік, мемуар, жанр, теория, көркем шығарма, кейіпкер.

Әдебиеттану ғылымында «образ», «бейне» ұғымдары көркем шығарма кейіпкеріне қатысты қолданылып, зерттеліп келеді. Л. И. Тимофеев: «Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті» [1, 60], – десе, З. Қабдолов: «Көркем бейне, яки әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе

персонажы дейік, бәрібір, осылардың бәрі – бір-ақ ұғым – образ. Бейнелеу образдылық болса, бейне – образ» [2, 97], – дейді. Ал С. Мақпыров: «Көркем шығармада тағдыр-талайы, күрес-тартысы, арман-ансары суреттелетін адам тұлғасы әдебиеттану ғылымында кейіпкер, бейне, көркем бейне, көркем образ, образ, тұлға, герой, қаһарман, характер, персонаж...деп түрліше аталып жүр. Характер жалпы адам мінезінің бір қыры болса, персонаж әрине, пьесалық туынды кейіпкеріне етене атау сынды. Қазіргі ғылымда «тұлға» сөзі қатардағы кейіпкерге емес, толыққанды бейне-типке (типтік тұлғаға) қатысты қолданылып жүр. Ал «қаһарман» атауын біздіңше, ауыз әдебиеті, фольклор мұралары туындыларының кейіпкерлеріне қатысты қолдану орынды секілді» [3, 34-35], – деп тарата тұжырым жасайды.

Көркем шығарма кейіпкері – суреткер шеберлігінің нәтижесі. Өйткені кез келген суреткер өз кейіпкерінің барынша шынайы болуы үшін тер төгеді. З. Қаболовша айтсақ: «Суреткер үшін керемет қиын нәрсе адамның жаны мен жүрегіндегі көзге көрінбес көп иірімдерді табу, тану және жазу» [1, 95] үшін еңбектенеді. Оның яғни, образ жасаудың түрлі жолдары, әдеби әдіс-тәсілдері бар. Болашақ кейіпкерінің прототипін іздеуден бастап, типтендіру, портрет, диалог, монолог, ішкі монолог т. т. көркем образ жасау үшін қолданылады. Жазушы осындай тәсілдерді қолдану арқы ғана өз мақсатына жетеді. «Күдірет иесі – адамға тән алуан қырларымен жан-жақты даралап, тірі бейне етіп көрсетеді» [3, 35].

Ал біз сөз еткелі отырған естелікте мұндай әдеби тәсілдер көп қолданыла бермейді. Естелік жазушының алдындағы басты мақсат тарихи шындықтан ауытқымау, деректілік және естелікті баяндауда мүмкіндігінше хронологиялық дәлдікті сақтау. Бұл естелікке қойылатын талап деп те қаруымызға болады. Осы талаптар естелік жазу үстінде сюжет «ойнату», ойдан шығару, жинақтау сияқты көркемдік әдіс-тәсілдерді қолданудан сақтандырады.

Әдебиеттану ғылымында мемуарға байланысты түрлі көзқарас-пікірлер бар. Бұл осы жанр табиғатының күрделілігі мен ерекшелігіне байланысты болса керек. Н. Лейдерманның: «Мемуарлық прозаның басты ерекшелігі оның синтездік қасиетінде. Ал соңғы кезде ғалымдар мемуарлық баяндауды аралық жанрға жатқызып жүр» [4, 32], – десе, Т. М. Колядичтың: «Мемуардың бойындағы лирикалық повестің элементтері, ғұмырнамалық баяндау, әдеби портрет сияқты басқа да қасиеттері оның құрылымы жағынан күрделі жанр екендігін көрсетеді» [5, 8], – дейді. Бұл пікірлер

мемуарды жанр ретінде әдебиеттану ғылымында әлі де зерттей түсу қажеттігін білдірсе керек. Орыс эмигрант-жазушыларының естеліктері туралы зерттеуінде Н. Н. Кознова: «Мемуарлық жанр арнайы әдеби дайындықты қажет етпейді, естелікті кәсіби әдебиетшілермен қатар белгілі бір тарихи оқиғаның куәсі немесе қатысушы болған қатардағы адамдар да жаза береді» [6, 3], -деп өмірге соншалықты жақын пікір білдіреді. Шынында естелік жалпыға ортақ жанр десек те болады. Естеліктің суреткерлік шеберлікті аса қажет ете қоймайтындығы да осыдан болса керек.

Жалпы мемуар жанрын әдебиет теориясы ғана емес, әдебиет тарихы, лингвистика мен әлеуметтану, психология мен тарих ғылымдары да зерттеу нысанына айналдырып келеді. Бұл да аталған жанрдың күрделілігін, сонымен қоса ерекшелігін білдірсе керек. Естелікте баяндаудың бірінші жақта жүруі қаншалықты заңдылық болса, жазудың ментальді ерекшелігі де осы жанрға тән қасиеттің бірі.

«Деректі шығармада оқырман нақты, тарихи жағынан айғақты өмірбаян іздейді. Яғни, өмірбаяндық шығарма басқа жанрларда болмайтын адам мен уақыттың жанды байланысын дәл жеткізеді. Көркем туындыларға қарағанда бұл жанрдың ерекшелігі адамдардың типтік бейнесін жасамайды. Ол дербес, қайталанбайтын жеке тұлғаны көрсетеді. Осыған сәйкес бұл жанр адамның тарихи жасаған уақытына емес, жеке-дара болмысының қалыптасуына көбірек назар аударады» [7, 175]. Естелік кейіпкерін жасаудағы осы пікір мемуар табиғатын барынша ашатындығын айта кетуіміз керек. Жалпы қазақ әдебиеттану ғылымында мемуар жанры туралы айтылғанда көбіне мемуарлық романдар тілге тиек етіліп, жанр сипаты да осындай шығармалар аясында ашылып келеді. Ал жоғарыдағы Қ. Байтанасова пікірі өмірбаяндық естелікке негізделіп отыр. Ендеше, мемуарлық жанр туралы айтқанда осы мәселенің есте болғаны абзал.

Ұлт тарихында өзіндік орны бар тұлғалар туралы естелік жазу бұрыннан бар үрдіс. Жалпы естелік жанрының өмірге келуін ғалымдар Ксенофонттың Сократ туралы естеліктерімен байланыстырып жүр. Біздің ұлттық әдебиетте де бұл жанрдың өмірге келуі орта ғасырлардағы жазбалармен байланысты. Дәлірек айтқанда М. Х. Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты мемуарлық еңбегі осы жанрдың бастауы деп есептеп жүрміз.

XX ғасырдың басы қазақ тарихындағы елеулі кезең. Қазақ даласынан ұлт азаттығы үшін күрескен бірнеше ұлт қайраткерлері шықты. Осындай алаш арыстарының арасында Мұстафа Шоқайдың

орны ерекше. Ел тәуелсіздігінен кейін ғана толымды зерттеудің нысанына айналған М. Шоқайдың өмірі мен күрескерлік жолы әлі толық зерттеліп, өзінің тарихи бағасын алды деп айта алмаймыз. Сан қырлы қайраткердің саяси-күрескерлік тұлғасын ашуда сүйген жары Мария Шоқай естелігінің мәні зор. Мұстафа Шоқай мен Мария Яковлеваның естеліктері 1997 жылы түрік ғалымдарының құрастыруымен жарық көрсе, оның қазақ оқырмандарына жол тартуына себеп болған ғалымдар Әбу Төкенов пен Мәмбет Қойгелді. Аталған ғалымдар естеліктің түйін сөзінде: «Осы күнге дейін Мұстафа Шоқайдың өмірі жайлы толық ғұмырнама жазылмапты. Бұл жинақ осы кемшіліктің орнын толтырарлық көптеген мәліметтерге, кісі аттарына, саяси оқиғаларға бай. Мұстафа Шоқайдың естелігінде 1917 жыл оқиғалары үлкен дәлдікпен шынайы баяндалса, 1918-1941 жылдар аралығындағы ғұмыры оған осы кезеңде сүйікті жар, сенімді дос, қамқоршы бола білген Мария Шоқайдың естелігінде суреттеледі. Бұл естелік саясаткер емес, қарапайым адамның көрген, сезген, көңіліне тоқығандарына негізделеді» [8, 237-238], -деп Мария Шоқай естеліктерінің тарихи мәніне жоғары баға берген.

Мария Шоқай өз естеліктерін жары Мұстафа Шоқайдың қазасынан кейін барып жаза бастайды. Бұған дәлел ғалым Ә. Тақенов пен М. Қойгелдиев «М. Я. Шоқай бұл естеліктерін 1941 жылдың 27 желтоқсанындағы қайғылы қазадан соң жаза бастаған және сол кездегі «Яш Түркістан» газетінің секретары әрі бөлім меңгерушісі доктор А. Оқтай мырзаға жолдап отырған» [8, 84], – деп жазады.

Естелік Мария Шоқайдың: «Оқырмандардан бұл шығарманың әдеби көркемділігіне аса мән бермеулерін өтінемін. Өйткені мен шығарма жазуға қабілетсізбін. Әсіресе, өмірбаян жазу қиын нәрсе. Өзімнің ең жақын адамым туралы толқымай отырып жазу да мүмкін емес еді.

Дүниеден қайтқан адамды еске алғанда оның өткен өмірі, істеген әрекеттері көз алдыға елестеп, жанды бейнеге айналатыны сондай, жазылғандарды оқ отырып оның өмірінің кейбір тұстарының ұмыт қалғанын көресің. Көресің де толықтыра түскің келеді, ойың сан-саққа жүгіреді. Міне сондықтан да оқырман менің естеліктерімде де тастап кету, қайталау сияқты олқылықтардың кездесуі мүмкін. Солай бола тұрса да мен өз қабілетім мен мүмкіндігім жеткенінше арымның алдында жауап бере отырып, жетістіктері мен қателіктерін ешбір қоспасыз айтып, марқұм күйемнің портретін суреттеп шығуға тырыстым» [8, 85], – деген кіріспе сөзінен басталады. Естелік жазу – үлкен жауапкершілік, тарихтың, ар мен адамгершіліктің алдындағы жауапкершілік. Сонымен бірге автордың естелік

кейіпкеріне деген ықыласы, ілтипаты, құрмет-ниеті. Олай болмаған жағдайда естеліктің шынайы жазылуы да мүмкін емес. Мария Шоқай кіріспесінен ең алдымен байқалатыны осы жауапкершілікті сезіне алғандығы және өзінің сүйген жарына деген ыстық ықыласы мен ілтипаты.

Кіріспеден соң өз жұбайының өскен ортасы, балалық шағы, студенттік кезеңі мен қоғамдық-саяси өмірге араласа бастауы туралы баяндайды. Мұстафадан естіген әңгімелерін баяндау кезінде автор жадының мықтылығын көреміз. Өзге ұлттан бола тұра қазақ әулетінің шежіресін толықтай білуі таңқалдыратын жағдай екендігін де айта кетуіміз керек. Сондай-ақ, бұл кезендерді жалаң баяндау түрінде емес, Мұстафа хаттарын бере отырып нақтылығы мен шынайылығына баса назар аударады.

Кіріспеде айтып кеткендей автордың алдына қойған мақсаттарының бастысы Мұстафа Шоқайдың «портретін суреттеу». «Оның мінезі өте жұмсақ әрі нәзік болатын. Ол көпшілікті басқару үшін мемлекет-саясат адамының тез шешімге келе алатын, қатал мінезді болу керектігін білетін. Ешқашан өз мінезін түзетуден және оқудан жалыққан емес.

...Түрлі саяси көзқарастағы адамдарды және олармен пікір таластырғанды ұнататын. Өте сабырлы болып, қарсыласының пікіріне қызмет көрсететін. Ең үлкен кемшілігі де оның сенгіштігі еді, осы тез иланғыштығының кесірінен үлкен қиындықтарға да ұшыраған. Адамдардың азғантай адамгершілікке жатпайтын әрекеттеріне ренжіп қалатын» [8, 101], – деген жолдардан Мұстафаның адамгершілік, азаматтық болмыс-бітімі анық көрінеді. Авторлық баяндау кезінде өз кейіпкеріне деген жылы ілтипат анық сезіледі.

«Мұстафа Шоқайұлы студенттік жылдарында да, саяси қызметке араласқан жылдарында да ешбір партияға мүше болған емес. Социализмнің титтей де қоспасы жоқ демократ болатын. Өз отаны мен халқын жанындай жақсы көретін және халқының келешегі мен тыныштығы үшін еш аянбайтын. Саясатшылардың арасында соғысты жақтайтындар да, бейбітшілікті жақтайтындар да бар. Мұстафа Шоқай бейбітшілікті жақтаушы, ұлтжанды саясаткер еді» [8, 101], – дейді. Жары Мария Шоқайдың бұл жазбасынан Мұстафа өзінің өмірін туған халқының тұтастығына, бірлігіне арнағандығын аңғаруға болады. Және бұл жолда өзінің қызмет бабында ғана емес, тұрмыста да күресе білгендігінің көрінісі.

«Ол студент бола жүріп 1914 жылғы соғыс басталған соң Мемлекеттік Думаға хатшы болып кіреді. Мемлекеттік думаның

Мұсылман Фракциясы Хатшылығына оны Бөкейхан орналастырады. Осы жерде Мұстафа тұңғыш рет түрік-татар халықтарының саяси өміріне араласа бастайды. Еділ татарлары, Қырым татарлары, Орал татар-башқұрттары оған түрлі саяси міндеттер жүктейтін, Мұстафа да бұл міндеттерді өте жақсы орындап шығатын» [8, 102], – деп жазады Мария Шоқай. Бұл естеліктен біз Мұстафа Шоқайдың алғаш түркі халықтарының бірлігі мен «тұтас Түркістан» идеясын студент кезден ұсанғандығын, күрескерлік жолы осы тұста басталғанын аңғарамыз. Ал оның мемлекеттік саяси қызметі 1917 жылдың жазынан басталады. М. Шоқай шенқұмарлықтан, менмендіктен аулақ болатын. Саяси интрига мен адамдардың жағымпаздығына жиіркеніш сезіммен қарайтын. Ардайым соғыс саясатын емес, бейбіт саясатты жақтаушы оның бар арманы Түркістанның Большевиктерден құтылуы болды, – деп еске алады жары Мария Шоқай.

«Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек қана саяси үгіт ісімен айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы тамаша кітаптар жазумен шұғылданаар едім» [8, 106], – деп қиялдайтын дейді. М. Шоқай үшін бұл жәй қиял болмады. Күрескерлік жолын тек осы арман-мақсатына арнады. Осы жолда өмірінің соңына дейін аянбай еңбек етті. Эмиграцияда жүріп те елінің тәуелсіздігі, түркі халықтарының бостандығы жолындасқуресе білді.

Мария Шоқай естеліктерінің шоқайтанушы өзге ғалымдардың зерттеулерінен ерекшелігі М. Шоқайдың қайраткерлік, күрескерлік болмысын ашумен қатар, адами құндылықтарын шынайы суреттей білуінде. Жалпы, естелік жазуға талпынған кез келген адамның ең алдымен шығармашылық әлеуеті жоғары болуы қажет. Белгілі бір тұлғалардың шынайы бейнесін жасау, өзі өмір сүрген кезеңмен қатар адам болмысын ашу, сол кезеңнің тарихи, саяси сипатын суреттеу ол барлық автордың қолынан келе бермейтін дүние. Ал, Мария Шоқай естеліктерінде мемуарға тән талаптар толығымен көрініс таба білген.

Профессор б. Кенжебаевтың: «Мемуарлық шығарма тарих ізімен, тарихи шындыққа сай жазылады. Оның авторы, өзіне үлкен талаптар қоя отырып, басынан өткендерін, көрген-білгендерін, әр кездегі ойларын бүркемей, боямай, бұрмаламай, ашық, дәл, нақты жазады; өзінің шын сыры, бір кездегі ізгі мақсаты, арманы етіп баяндайды», – деп қорытады.

Жалпы, әдебиеттану ғылымында әлі де болса толығымен зерттелмей келе жатқан, дегенмен белсенді жанр ретінде танылған мемуарды біз екі топқа бөліп қарастыруымызға болады. Бірі деректі-

публицистикалық, екіншісі көркем-дерекнамалық. Осы тұрғыдан алғанда Мария Шоқайдың естеліктерін біз көбіне екінші топқа жатқызуымызға болады.

Орыс жазушысы К. Ваншенкин «Мемуарды тек әдебиетшілер ғана жазбайды. Оның тамаша үлгілерін артистер, суретшілер, ғалымдар, әскерилер, яғни роман немесе әңгіме жазу ойына келмейтіндер жазады» [9, 62], – деп тұжырымдайды. Әрине, біз Мария Шоқайды мемуарист жазушы ретінде қарастырмаймыз. Алайда, оның жары М. Шоқай жайлы жазған публицистикалық, көркем-дерекнамалық естеліктерін бұл жанрдан бөліп қарай алмаймыз. Автордың М. Шоқайдың шежіресінен бастап мектептегі шағы, лицейдегі кезеңі, қоғамдық-әлеуметтік өмірде, саясатта деп бірнеше топқа бөліп қарастыруының өзі жазушының үлкен мақсатынан туындаған дүние екендігін аңғартады.

«Мемуарлық шығарманың өзгешелігі суреткердің өз замандастарымен қарым-қатынасын, өмірге деген көзқарасын, күйініші мен сүйінішін әрбір эпизодта өзекті мәселе етіп алып, өз шешімін, өзіндік дүниетанымын ұсынып отыруында» [10, 170], – деген пікір тұрғысынан қарасақ, Мария Яковлевна өз кейіпкерінің бейнесін қоғам, қоршаған орта, сол кезеңнің саяси ұстанымы аясын ескере отырып жасағандығына көз жеткіземіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Л. И. Тимофеев. Основы теории литературы. – М. : «Просвещение», 1971.

2 З. Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы : «Қазақ университеті», 1992. – 352 бет.

3 С. Мақыров. Адамтану өнері. – Алматы : «Арыс», 2009. 214 б.

4 Л. Лейдерман. Движение и времени и законы жанра: Жанровые закономерности развития советской прозы 60-70-е годы. Свердловск. 1982.

5 Т. М. Колядич. Воспоминания писателей: проблемы поэтики жанра. Монография. – М., 1998.

6 Н. Н. Кознова. Мемуары русских писателей-эмигрантов первой волны: концепций историй и типология форм повествования. Автореферат доктора фил. наук. – Москва, 2011.

7 Қ. Байтанасова. Эмиграция әдебиетіндегі идеялық-көркемдік сабақтастық. – Астана, 2013. Л. Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті оқу-өндірістік типографиясы. – 351 бет. – 175 бетте.

8 Такенов Ә., Қойгелдиев М. Мұстафа Шоқай-Мария Шоқай: Естеліктер. Turk dunyasi arastirmalari vakfi, Istanbul, 1997. – 271 б.

9 Қ. М. Байтанасова. «Орыс мемуаристикасының қалыптасуы» Абай атындағы ҚҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы № 4 (34) 2010 ж., – Алматы.

10 М. Хасенов. Мемуарлық шығармалар және оның жанрлық табиғаты. // Жанр сипаты. – Алматы : Ғылым, 1971. Құрастырушы: М. Атымов. – 269 б.

АҚЫНДАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰНАМДЫ, ҰНАМСЫЗ БЕЙНЕ МҮСІНДЕУ МӘСЕЛЕСІ

ЖУМАБЕКОВА Б. Б.

г.б.м., аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адамның ұнамды, ұнамсыз сипаттары сөз болғанда, оны не ұнамды, не ұнамсыз деп бөліп, не оған сырттай сүйсінумен, не одан мүлде безінумен шектелмеу қажет. Адамдардың не бірыңғай жағымсыз болып келе бермейтінін, қайта бір адамда әрі оң, әрі теріс сезімдер қатар өмір сүріп, арпалысқа түсе отырып адам сезімін терендеп аша түсуде елеулі орын алады.

Мәселен ағылшын жазушысы Уильям Мейкпис Теккерей (1811-1863) адамның ұнамды, ұнамсыз сипаттары жөнінде «There are no good and bad people, there are circumstances» деген екен, яғни жоғарыда айтып өткендей, адамды бірыңғай не жақсы, не жаман деп қараудан гөрі, оның оң, теріс қасиеттерін сол уақытқа байланысты болған жағдайдан не іс-әрекеттен анық байқауға болады дейді [19; 253 б.].

Мәселен, Мәшһүр-Жүсіптің – «Жарты нан хикаясы» өлеңінде басты назар өзіне жақсылық жасаған адамды жұтпақ болған айдаһар жауыздығына емес, жапа шеге жаздаған адамның өзінде үлкен қайшылық бар екеніне назар аударамыз. Мұнда, яғни, онай олжаға қызығып, біреуге жақсылық жасап, жапа шегушіні Мәшһүр-Жүсіп не ұнамды, не біржола ұнамсыз адам етіп көрсетпейді. Ақын сырт қарағанда қанша ұнамды, жағымды көрінген адамның өзінің ішкі иірімдеріне үңіле біледі, басқаларды да үңілте біледі. Кезінде біреуге қамқорлық көрсетіп, жарты нан беруі сол адам үшін әрі құптарлық, әрі айыптарлық іс болып алынады. Мәселен:

Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,
Дәрменің қалмап па еді, құрып әлің.

Танып қой, танымасаң, мен боламын,
 Дүниеде қылған қайыр-жарты наның!
 Шықпаған сараңдықтан, бүтін қолдан,
 Қалмас-ең болса бүтін мұнша жолдан.
 Дүниеде қылған қайыр, ықсаныңыз

«Тар жол, Тайғақ кешуде» пана болған, – деп келе, соңынан:
 Жиылса бір араға тамам түтің,
 Түтіннің не болатын көрдің бетін.
 Қайыр, ықсаң, сауапты жарты қылмай,
 Қыла гөр күні бұрын соны бүтін [20; 168 б.].

Яғни, осы өлеңді оқи отыра, кейіпкердің кезінде біреуге қамқорлық көрсетіп, нан беруі сол адам үшін құптарлық іс болса, жарты нан ғана беруі айыптарлық іске айналғанын байқаймыз. Ақын бұл шығармасында сонымен бірге, әр пәндінің өз «айдаһары» болуы ықтималдығына да көңіл бөледі:

Жамандық қайдан туар, тілден туар,
 Әркім де ақыл болса, тілін буар.
 Шығарсаң бір жаман сөз сен аузыңнан,
 Артыңнан айдаһар боп сені қуар [20; 167 б.].

Ақын сөйтіп, адам сезімінің көп қырлы екенін, ішкі қайшылықпен күресу мәнін көрсету арқылы қаһарман жан дүниесіне терең бойлау үлгісін де бейнелі жасаған.

Негізінен, адамның ұнамды, ұнамсыз сипаттары жөнінде сөз қозғағанда, оны не оңға, не теріс іске бағыттаушы басты сипатқа көңіл бөлуіміз қажет. Ол – нәпсі. Осы орайда нәпсі хақындағы Байрон мен Машһүр-Жүсіп шығармашылығындағы үндестік пен сабақтастықты бөліп көрсеткіміз келеді.

Байрон мен Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы нәпсі туралы айтылған аңыз әңгімелерге тоқталып өтсек, Байронның «Каин» драмасына келіп тірелеміз. Яғни, бұл мәселе жөнінде қарастыратынымыз – Адам – атаның ұлдарының бірі – Каин бейнесі. Діни әдебиеттердің бәрінде атап көрсетілгендей, Адам – атаның өз отбасымен Аллаға сыйынып, Алланың рақымы үшін құрбандыққа мал шалуын жөн көрмеген Каиннің тек Адам–атаның қатал талабының негізінде ғана құрбандыққа егінін шалуын көреміз. Абель болса, Алланың рақымы үшін қой малын шалады. Алла Авельдікін қабыл алып, Каиннің егінін жерге шашып тастайды. Осыдан, Каин мен Абель арасында қызғаныш туады. Каин өз сезімін нәпсіге жеңдіріп, інісін өлтіріп, адамдар арасындағы алғашқы қылмыскер саналады.

Мәселен:

Каин: Да, смерть!
 И это я, который ненавидел
 Так страстно смерть, что даже мысль о смерти
 Всю жизнь мне отравила, – это я
 Смерть в мир призвал, что собственного брата,
 Толкнуть в ее холодные объятия!
 Я наконец проснулся, – обезумил,
 Меня– мой сон, а он уже не проснется! [15; 399 б.]

Яғни, осыдан байқайтынымыз, Каиннің ағасы өлтіруі алдынала жоспарланған зұлымдылықтың нышаны емес, қайта оны сол уақытта нәпсінің жеңіп және сол нәпсіге сезімін билетіп бір сәттік қызбалыққа салынғанын көреміз. Соның нәтижесінде ұнамсыз сипатқа ие болғанын байқауға болады. Пасық нәпсі салдарынан бақытсыздық туды. Авель ағасы тарапынан өлтірілді де, топастықтың, қызғаныштың, надандықтың құрбаны болды.

Парсы ақыны Жәлаләддин Румидің (XII ғ.) «Жасырын мән туралы дастан» шығармасында нәпсінің ақиқатты көруге тосқауыл болатынын бейнеленген. Шебер өз шәкіртін құмыра әкелуге жұмсайды. Ол көзі қыли болғандықтан бір құмыраны екеу есебінде көреді. Шеберге келіп: «Екі құмыра көрдім, қайсысын әкелейін! – дейді. Шебер, ашуланып: Екеу көрсен біреуін сындыр! – дейді. Шәкірті біреуін сындырғанда, екіншісі де жоқ болып кетеді». Бұл жерде Руми «зұлымдық пен нәпсі» адам көзін қыли қылдырады дегісі келген [21].

Мәшһүр-Жүсіп те нәпсінің зияндылығын ежіктеп бейнелеген:

- 1) Көп күнә қарап қалды талай ерді,
 Шайтанның нәпсі дұшпан тіліне ерді.
- 2) Дүниеде күнә істеп жүргендерді,
 Шайтанның алдауына ергендерді,
 Нәпсінің алдауына кіріп,
 «Өзінен дүние өтпес!» – деп білгендерді.
- 3) Бір іске өкінбейін деп ойласаң,
 Нәпсінің достық айтқан алма тілін [20; 132 б.]

Байқағанымыздай, Мәшһүр-Жүсіп нәпсі зобаланың кең ашады. Нәпсіқұмарлықтан туындайтын: дүниеқұмарлық, ашкөздік, сарандық, іштарлық, өтірікшілдік, пайдакүнемдік т.б... туралы Байронның да, Мәшһүр-Жүсіптің де өз шығармаларында әсерлі, әрі бейнелі суреттей білгенін байқаймыз. Қорыта айтқанда, екі ақын да әділдік, ізгілік, ақиқатың бас жауы нәпсіге құнықпау керектігін айта отырып, адамның теріс сипатын қалыптастырудағы нәпсінің

орнын ерекше көрсетеді. Осы орайда Мәшһүр – Жүсіптің «нәпсі» хақындағы сақтандыруына тоқталып өтейік:

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,

Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [20; 93 б.]

Яғни Мәшһүр-Жүсіптің «нәпсінді атқа мінгізбей бақ, міне қалса жортқызып желгізбей бақ», – деуінен ақиқаттың бас жауы нәпсіге құнықпау керектігін шебер дәлелдей білген.

Бұл еңбегімізде әдебиеттану саласындағы аса зәру міндеттің бірі қазақ поэзиясының батыс – еуропалық үлгідегі ақындық мектеппен өзара байланысын зерттеу, олардың арасындағы сабақтастықты саралау мәселесі, соның ішінде, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев пен Джордж Гордон Байрон поэзия әлемінің тереңнен тамырласып жатқанын зерттей келе, екі ақын шығармашылығын ұйытқан әдебиеттегі ұлттық және жалпыадамзаттық идеялар тоғысына көз жеткіздік.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев туындылары қоғам өмірімен, тарихымен тығыз байланыста болған. Сол себептен де қазақ халқының көрген теңсіздік, әділетсіздік, зорлық-зомбылығы оның шығармаларынан айрықша орын алған. Ол халықтың ғылым-білімнен шет қалмауын тіледі. Патша үкіметінің қазақ халқының басына азап төндірген жайсыз жақтарын әшкереледі. Сөйтіп, реалистік поэзияның өркендеуінен байат салысты. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өмір шындығын батыл айтуды өзінің зор міндеті санады.

Байрон дәурен шеккен кезеңдегі Англия – әлеуметтік қайшылық барынша шиеленіскен, уақыт еді, сол кезде Англиядан әділетсіздікті, өзбырлықты, қанаушылықты кездестіруге болатын еді.

Жасынан әділдікке, еркіндікке бой ұрған Байрон өз отанындағы әділетсіздік жәйттерге, билеуші, үстем топтарына жаны түршіге қарсы шығады. Поэзия әлеміне Байрон да батыл пікірлерімен келді.

Қос ақынның да ірі қаламгер, әрі қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен де сол кездегі қоғамдағы тағдыры, т.б. жөніндегі ой қорытулары еді.

Сонымен қатар Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон шығармаларында өз кезеңдеріндегі өзекті мәселелерді көтеру, ел ішіндегі ұнамсыз қылықтарды сынап, би-болыстар мен патша әкімдерінің келенсіздіктерін әшкерлеп, озық ой-көзқарастарын байкатады.

Мәшһүр – Жүсіп те, Байрон да ағартушылық идеясын жақтаған. Олар білім алу – биік мұраттарға бастайды деп түсінді.

Екі ақын да бұл идеяны дінмен байланыстыра уағыздап, бір ұғымға – құдайды тану, адамшылыққа, әділдікке бастау ісіне саяды. Сондықтан да, Мәшһүр – Жүсіп пен Байрон дүниетанымында діни әдебиеттің айрықша орын алғанын байқаймыз.

Сөйтіп, Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон сынды екі түрлі әдеби дәстүрлердің мектебінен шыққан авторлардың көркемдік әлеміндегі мұндай сәйкестіктер ұлттар, мәдениеттер арасындағы қатынастың бар екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ болып табылады. Осы қатынастың дәлелі олардың шығармаларындағы күрделі салмаққа ие болатын ұғымдар – құдай, жер мен адам жаратылысы, ұнамды, ұнамсыз қаһарман сомдау мәселесі, бейнелеу құралдарын пайдаланудағы өзектестік т.б. жататынынан да байқалады.

Біздіңше, ой тұжырым негіздеудегі бұл сабақтастық әрі идея төркіндестігі – бір ұлтқа ғана қатысты емес, халықаралық маңызы бар, жалпыадамзаттық мәңгілік сұрақтардың жауабын іздейтін сөз үлгілер мен мәні зор поэтикалық құрылымдағы ұйытқы мәтіндердің негізі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпов Н. Қ. Мәшһүр-Жүсіп және фольклор. – Павлодар : Эко, 1999. – 93 б.

2 Садуақасов С. Қазақ әдибиеті. // Халық кеңесі, № 42, 2 наурыз, 1993. – 9 б.

3 Лотман Ю. Анализ поэтического текста. – М. : Просвещение, 1972. – 272 с.

4 Жирмунский В. Сравнительное литературоведение. – Л. : Наука, 1979. – 494 с.

5) Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – М. : Искусство, 1979. – 424 с.

6) Құран Кәрім. Мәдина, 1991.

7) Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. III Мәшһүр-Жүсіп оқулары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2003. – 370 б.

8) Көпейұлы М. Ж. Шығармалары. 2 том. – Павлодар : ЭКО, 2003. – 384 б.

9) Абай. Энциклопедия. – Алматы : Жазушы, 1995. – 500 б.

10) Мәшһүр-Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар : Павлодар университеті баспасы, 1999. – 384 б.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ПЬЕСАЛАРЫНДАҒЫ ТАРТЫС ПЕН МІНЕЗ

ЖҰМАБЕКОВА Ш. Т.

студент, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

ҚАДЫРОВ Ж. Т.

ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

1920-1930 жылдардағы суреткерлердің бірі – жазушы-драматург Жүсіпбек Аймауытов. Драматургия – Жүсіпбек Аймауытовтың проза жанрымен қатар дамыды. Қазақ әдебиетінің проза, драма жанрында өзіндік стилі бар жазушы. Ж. Аймауытов трагедия, комедия жазуға қарағанда драмаға көп көңіл бөліп, онда мәселе көтеріп, пьеса оқиғасын шиеленіскен тартысқа құруға, мінез жасауда драматург өз шеберлігін танытты. Ж. Аймауытовтың драмалық шығармалары мен пьесаларында тартыс пен мінез аса жоғары шеберленген. Рабиға, Қанапия-Шәрбану, Шернияз, Раушан, Жәмила, Мүсілім, Қасқырбай, Күләнда араларындағы тартыс пен мінез жақсы көрсетілген. Жүсіпбек Аймауытов проза саласындағы «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнікейдің жазығымен» қатар әңгімелерінде, публицистикалық, ғылыми-ағартушылық еңбектерінде, сын мақалалары мен аудармаларында жазушының жан-жақты білімді, шығармашылық ізі жатыр. Сол кездегі қазақ топырағындағы мерзімдік басылымдардың барлығында дерлік Ж. Аймауытов шығармалары жарық көрген. Бұл өз алдына арнайы зерттеуді, сала-салаға, жанрға бөліп қарастыруды талап ететін қазына.

Ж. Аймауытов шығармашылығының үлкен бір саласы - ұлттық топырақта бұрын-соңды болмаған театр өнерінің негізін қаласып, оның дамуына өзіндік үлес қосты [1, 8 б.], – деп театр өнерін зерттеуші Б. Құндақбайұлы сөз етеді. Жүсіпбек Аймауытовтың сан салалы шығармашылық мұрасының салмақты жағының бірі – драматургиясы. Ол қазақ әдебиетінде революция қарсаңында ғана туа бастаған осы жанрдың да негізін салушылардың қатарында аталды. Сонымен қатар Ж. Аймауытов қазақтың ұлттық театр өнерінің де бастауында тұрған адам. Қазақ даласында алғашқы кәсіпқойлық ойын-сауық үйірмелерін ұйымдастырып. Оған өзі жазған пьесаларын өзі режиссерлық жасап, сахнаға қоюшылардың алдыңғы легінде де Жүсіпбектің де аты бар. Бұл жөнінде қазақ

театры тарихын арнайы зерттеуші профессор Б. Құндақбаев өзінің «Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері» атты мақаласында кеңінен камтып айтқан. Ол ұлттық сахна өнерінің алғашқы үлгілері жайлы материалдар жинау үстінде Семейде Аймауытовтың қатысуымен қойылған спектакльдер тарихымен танысқанын әңгімелей келіп, «М. Әуезовтің кеңесімен халқымыздың өнер ордасы болған Семейден басталатын ұлттық сахна өнерінің алғашқы қадамдарымен танысқанымызда, оның тәй-тәй басып дүниеге келуі Жүсіпбек Аймауытов есімімен тығыз байланысты болып шықты» [2], – деп жазады б. Құндақбаев.

Ж. Аймауытов драмалық шығармалар жазумен де ерте айналысқан. Бұл жанрда еңбек етуіне оның өнер сүйгіштігі айрықша әсер еткен. Ол жасынан ел ішіндегі ойын-сауық кештеріне қатысып, домбыра тартып, жақсы ән салған. Осы табиғи өнерін Жүсіпбек Аймауытов Семейде оқып жүрген кезінде жалғастырып дамыта түскен екен. Ол оқып жүрген кезінде жастардың драмалық, сахналық кештеріне қатысып, ұлттық мәдени ойын-сауықтар өткізген. Соның бастауы – 1914 жылы Семейде Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толған күніне арналған әдеби-этнографиялық, музыкалық өнер кешін өткізуі. Алғашқы режиссерлік тәжірибелерін Ж. Аймауытов әрі қарай жалғастырып, М. Әуезов тағы басқалармен бірігіп, қаладағы ойын-сауықтың ұйытқысы болады. Енді өздері де пьеса жазып, соны сахнаға шығаруға ден қояды. Театрмен, драматургиямен шұғылдандуды ол қызмет істей жүріп те сүйікті өнерінен қол үзбеген. Семейде болған 10 жылға жуық мерзімде Жүсіпбек Аймауытов театр мен драматургияны дамытудағы жетекші шығармашылық адамы болды. Европалық үлгідегі театр тек қана европалық үлгідегі драматургия арқылы келеді десек, оның қыры мен сырын меңгеріп, ден қойып алғашқы қалам тербеген де Жүсіпбек Аймауытов [3, 18 б.].

Ж. Аймауытұлының әдеби мұрасының салмақты бөлігі – драмалық шығармаларының еншісіне тиеді. Бұл ретте жазушы-драматургтің «Сылаң қыз», «Мансапқорлар», «Ел қорғаны», «Рабиға», «Шернияз», «Қанапия-Шәрбану» секілді пьесаларын әр қырынан қарастырған туындылары еске түседі, әрі оларды танып-талдау қажет те, қасиетті міндет болып саналады. Драматург қолтаңбасына тән ортақ қасиет: оның шығармаларында туған халқының тарихы мен тағдыры, еркіндігі мен теңдігі қос арнадай ағынды ағыс құрайды. Қайсыбір пьеса болса да ел өмірінің тыныс – тірлігі мен тамырларын әр уақыт алға тартқан кезеңнің басты

тақырыптары – 1916 жыл оқиғасы, би болыстар мен қалың көптің арасындағы тартыс пен әйел теңдігі мәселесі, түрлі әлеуметтік қайшылықтар т. т орынды көтеріледі [3, 79-80 б.].

Ж. Аймауытов ауыз әдебиеті мен фольклорды, киссаларды жетік біле отырып, көне дәуірді бейнелейтін бір де пьеса жазбаған, пьесаларын, тұтас алып қарағанда, барлығы да өз заманының болмысын суреттейтін шығармалар. Және де басқа драматургтердің дүниелеріне ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері айқын. Оның барлық пьесалары шымылдығының ашылуы жеке кейіпкерлердің психологиялық толғанысынан бастау алады. «Рабиғада» оқиға өзімен-өзі іштей арпалысып отырған Рабиғаның монологінен басталса, «Ел қорғанында» оқығанның әңгімесінен, «Қанапия-Шәрбануда» Шәрбанудың шешесі Ұмсынайдың уайымға толы үрейлі монологінен, «Мансапқорларда» болыс болып сайлануды арман еткен Мүсілімнің айла-тәсілінен, ішкі жоспарынан басталады. Осылай басты кейіпкерлердің сөзінен немесе монологтерінен басталған пьесаның өрекеті ширақ, кейіпкерлері барлық оқиғалардың түйінін шешіп, соның тізгінін пьесаның аяғына дейін ұстап отырады [4, 20 б.]. Жүсіпбек Аймауытұлы пьесаларында драмаға тән барлық қасиет сақталғанын аңғарамыз. Олар: драмалық жағдай, монолог, диалог, тартыс, кейіпкерлер мінезі.

«Рабиға» – Жүсіпбек Аймауытовтың шағын драматургиялық дүниесі. Пьесаның атына лайық мұнда Қазан революциясының жаңғырығы қазақ даласына жеткенімен, әлі бостандық пен еркіндікке қолы жете қоймаған қазақ әйелдерінің ауыр жағдайы, сол кезеңнің талабына қарай нанымды суреттелген. 19 жастағы Рабиғаның ескі салт бойынша өз еркіне қарсы малға сатылып қойшы шалға келіншек болып түсуі. Бұл тек Рабиға басынан өткен оқиға емес, жалпы сол замандағы қазақ қыздарының тағдыры. Мысалы, оны Ысқақ пен Рабиға диалогінен аңғаруға болады.

Ысқақ: Тақылдаған тілден басқа табар өнерлерің жоқ. Басқа түссе баспақшыл, қорлықта, күндікте жүресіңдер де «ит көзі түтін танымайды», кеуделерінді сүйретіп жүре бересіңдер. Кісі болып жаралсандар, басына ерік ізде, «жыламаған балаға емшек бермейді».

Рабиға: Ерікті қалай, кімнен сұрарсың. Біздің қол-аяғымыз кісендеулі емес пе? – дейді.

Сол замандағы қазақ қыздарының салт-дәстүрге қарсы шыға алмағандығы, өз сүйгеніне, теңіне қосыла алмауы суреттеледі. Рабиға оңаша қалған мезеттерде: «Жасқа тигеннің не арманы бар?! Екі аяқтының итіне душар қылдың-ау. Күліп-ойнап бір аяқ асынды

дұрыс іше алмайсың. Тым болмаса, жаркылдап отырса кедейлігі де, шалдығы да білінбес еді» – деп өз тағдырына наразы болады. Рабиға үйіне келген Ахметтің әні күйеуінің қорлығына шыдай алмай, казактың қыздарын азаттық алуға шақырады.

Ауылым Қызылшілік арасында
Сол жаман теңім емес барамын ба?
Сол жаман егер менің теңім болса,
Сақина сау басыма саламын ба?!
А-ха-ха-хау, ой жалған!

Бұл дәурен екі айналып келмес саған...

– деп, Ахметтің сызылтып ән салғаны, Рабиғаның күйеуінің қорлығына шыдай алмай, қазақ қыздарын азаттық алуға шақыруға себеп болады. Пьеса соңында Рабиға: «Күндіктен, қорлықтан құтылайын! Басыма теңдік алайын! Кел, қазақтың күң қыздары! Қол ұстасып бостандық тұрмысқа жетейік!» – деп, ұран тастайды. Жүсіпбек Аймауытов суреттеліп отырған дәуірдің негізгі мәселелерінің бірі – әйел теңдігі екенін осы пьесада айқын көрсеткен.

Осы тектес идеяның анықтығы Жүсіпбек Аймауытовтың басқа пьесаларында байқалады. «Қанапия-Шәрбануда» кеңес өкіметінің арқасында теңдік алып қосылған екі жас туралы. Бұл пьеса 1916 жылдың оқиғасына арналған. Пьесада әйел тағдыры, теңсіздігі мәселесі өткір көтеріледі. Бұл тақырып автордың көптеген шығармаларында, атап айтсақ «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы», басқа да әңгімелерінде негізгі арна ретінде кең өріс алып отырады. Мұнда екі жастың қосыла алмау сырғалаңы 1916 жылғы июнь жарлығы кезіндегі әлеуметтік тартыстар жағдайында өтеді. Шәрбанудың әкесі Исатай баласы Ынтықбайды солдаттан қалдыру мақсатымен қызы Шәрбануды Сазанбай байға береді. Мұның кедей адамның басындағы еріксіз болған трагедиялық оқиға екені, байдың осы сәтті пайдаланып жасаған зорлығы пьесада орынды ашылады. Пьеса соңында солдаттан қайтқан Қанапия Шәрбануды алып қашып, кеңес өкіметін паналайды. Бірақ жазушы таптық қайшылықты өршіте, шиеленістіре бермейді. Сазанбай жастардан жасаған қателігі үшін кешірім сұрайды. Бұл – Жүсіпбек Аймауытовтың үстем таптың кейбір зорлық мінездерін надандықтан көріп, оларды ағарту, түсіндіру жолымен жөндеуге болады деген ойларының қазақты жалпылама бөлмей қарауға тырысқанының көрінісі болса керек.

«Мансапқорлар» (алғашқы аты – Жебір болыс) – екі перделі драма. Жүсіпбек Аймауытов драматургиясындағы көркемдік

шоқтығы биік әрі аса актуальды мәселені көтерген шығарма. Пьесаның атынан көрініп тұрғандай, мұнда қазақ даласының тірлігінде әкімшілік-бюрократтық үстемдік билік құрып тұрған тұстағы мансапқорлық, парақорлық, жуандар мен әлділердің халықты сүліктей сорған зорлық-зомбылықтары шынайы суреттеу тапқан. Шен-шекпен мен әкімшілікке таласуда адам өлтіруге дейін баратын қара ниет оқығансымақтардың зұлымдықтары әшкереленеді. Пьесаның оқиғасы мен тартысы бас-аяғы сегіз адамның төңірегінен өрби келе, үлкен әлеуметтік құбылысқа ұласады. Бұл пьеса өмірден алынған драма, мансап пен пара алудың, биліктің өрбіп тұрған кезеңін жақсы ашады. Бұл пьеса атақ, дәреже құмар ел басшыларының арасындағы тартысқа құрылған. Тартыстың бір жағында Қасқырбай болыс болса, екінші жағында – оның інісі, тілмашы Мүсілім. Жазушы Мүсілімнің қылығын болыстан кек алумен ғана шектемей, оның әйелімен көңілдес болуы, сол арқылы болысты өлтіріп, оның орнын алып, болыс болуы, жауыздықпен, зұлымдықты оның мінезінен табуға болады. Пьеса Мүсілімнің өз ойын күбірлеп айтып отыруымен басталады. Мысалы, Мүсілім: (кеңсесінде, екі қолы қалтада, аузында шылымы, аяндап сөйлеп жүр). Мені оқытпаймын деп осынша жанталасып еді. Ол ойы болмады. Мен қашып-пысып жүріп оқыдым, нан жерлік білім алдым. Бір шешеден тумағандығын қылып, әкеме де талай зорлық қылып еді. Енді сол кегімді бір алсам. Осы сайлауда болыс болып, кеудене бір мінсем, арманым болмас еді. (Токтап сөйлейді). Бірақ көзі тірі тұрғанда, бұл жауыз менің өркенімді өсірмейді, бұның көзін жоғалту керек! Қалай жоғалтамын? Қалай құтыламын? Жатсам да, тұрсам да ойлайтыным осы. Осы оймен оның қатынымен тамыр болдым. Қатыны мені сүйеді. Ол жас, маған қызығады. Оның махаббатын пайдалануым керек. Мен – тілмәш. Тілмәш үлкен дәреже ме? Жалдама хатшы. Менде билік жоқ. Мен ел билегім келеді. Болыс болғым келеді. Жоқ, Мүсілім болыс болу керек. Мүсілім кісіге бағынбайды, бағындырады. Болыс болу үшін, бақ алу үшін-арды, адамшылықты аяққа таптамай болмайды. Келтірілген үзіндеде Мүсілімнің бірден-ақ қандай адам екенін аңғарамыз. Бұл оның мансап жолына тілмәш болып, түскенін байқатады. Мүсілім оқыған, көпті көрген. Ол болыс болу үшін зұлымдыққа дейін баратынын бірден аңғартады. Мансап үшін өз ағасын өлтіруді ойлайды. Мүсілімнің жауыз, зұлым, жағымсыз кейіпкер екенін көреміз. Болыстың әйелі Күләнда болса Мүсілімді жақсы көреді. Ал Мүсілім болса, оны өз пайдасы үшін пайдаланады.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ халқына көмек көрсететінін оқыған жігіт ауыл адамдарына бос отырмай күресуге шақырады. Ораз, Әбіш, Құрмаш, Домбай, Көпжасар тағы басқа ауыл адамдарының қолдарына мылтық алып, қазақ халқының болашағы, ұрпағы үшін күреске шығып, соңында жеңіске жетуі. Пьеса соңында Командирдің: Енді, қазақ кедейлері, күндерін туды, заман сендрдікі; оқы, талпын, талаптан, ұйымдас, еңбегінді, есеңді байға, жуанға жегізбе! Біз сендерлік! Қорғалама, қорықпа! Қазақ кедейлерінің қызылдарға тілектестігін білдіріп, нан, тұзын алып шыққанын біз де қуанышпен қарсы аламыз. Нан, тұзды ақтаймыз деп серт береміз. Сіздермен бірлескеніміздің белгісіне қызыл жалауды тәжім еткіземіз. (Жалау еңкейеді, ауыл да жалауын ейкейтеді). Жасасын Коммунист партиясы! Жасасын Кеңес үкіметі! Жасасын оның қызыл әскері! Жасасын қазақ автономиясы! Бұл 20-жылдарда болған шындық тарихи оқиғаны Жүсіпбек Аймауытов саралап, тартыс желісін ұтымды қолданып, көркемдік ерекшелігін айқын көрсете білген. Бұл пьесада кейіпкерлер әрекеті, өзара тілдесулері шебер ұйымдастырылған. Жүсіпбек Аймауытов драматургиясының ең озық үлгісінің бірі 1925 жылы ақ өлең үлгісімен жазылған «Шернияз» драмасы. Жазушының «Шернияз» драмасы Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналған. Мұнда Шернияз бен Базарбай ауыл мен қала көріністерін сөз етеді. Бұл пьеса негізінде айтыс ретінде құрылғаны байқалады. Екеуінің жастық, махаббат, өмір, тұрмыс-тіршілік жайында сөз қозғауы және екі түрлі сенім-наным қақтығысы бейнеленеді. «Шернияз» пьесасы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айтыс» поэмасымен сарындас болып келеді.

Қараңғы қазақ көгіне
 Өрмелеп шығып күн болам.
 Қараңғылықтың кегіне
 Күн болмағанда кім болам?

– деп, автор пьесаны ақынның өзінің өлең шумақтарымен бастайды.

Ал Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айтыс» поэмасымен салыстыратын болсақ, онда былай делінген:

Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
 Ұранға алаш деген атты аламын.
 Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
 Мен неге қазақтықтан сақтанамын [5, 121 б.],

– деп, дала ақынының айтқан жауабы. Осы екі шумақтарды салыстырсақ екеуінде де патриоттық сезімнің билеп тұрғанын көреміз. Қазақ зиялыларының орысша оқып білім алуы, басқа

елдердің мәдениетін игерсе де, бірақ өздерінің қазақ екенін ұмытпауды айтады.

«Шернияз» пьесасы поэзия тілімен жазылған, сазды лирикаға толы шығарма.

Ж. Аймауытов драматургиясы өзінің көркемдік деңгейі жағынан сол кезеңнің мәдени талабына толық жауап береді. Ең маңыздысы – оның пьесалары М. Әуезовтің, С. Сейфуллиннің, Қ. Кемелгеровтың, Ж. Шаниннің тағы басқалардың шығармаларына жол ашып, қазақ драматургиясының іргесін қалады [4, 37 б.].

Жүсіпбек Аймауытов – қазақтың жаңа дәуірдегі әдебиетінде драматургияның негізін қалаушы болып табылады.

Жүсіпбек Аймауытұлы драматургиясы – өмірден алынып, драмаға тән қасиеттердің сақталғандығы оның әр пьесасынан байқалып отырады. Шығарма тақырыптары негізі тұлға есімімен қойылып, соның өмір тағдырымен өрбиді. Кейіпкерлер сипаттары күрес, тартыс үстінде дамып, одан әрі ширығып отырады. Жүсіпбек Аймауытұлы драмаларын оқыған кезде сол дәуірге сапар шеккендей боласын, сол заманның бар тартыс күштерін өзін сезінгендей бір күйде қаласың. Жазушы – драматургтің шығармалары шебер тіл, мықты іс-қимыл арқылы өте көркем суреттелгендіктен оқырманның да, көрерменнің жанынан орын табады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дүйсенов М. Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі. – Алматы, 1971. – 297 б.
- 2 Құндақбаев Б. Театр туралы толғаныстар. – Алматы : Өнер, 2006. – 266 б.
- 3 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1985. – 322 б.
- 4 Құндақбаев Б. Заман және театр өнері. – Алматы : Өнер, 2001. – 258 б.
- 5 Торайғыров С. Шығармаларының 3-томдық жинағы. – Алматы, 1993. – 288 б.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ИДЕЯ (М. ӘУЕЗОВ, Ж. АЙМАУЫТОВ)

ИМАНТАЙ А.

студент, ПМПИ, Павлодар қ.

ӘМІРЕНОВ Ә. Д.

доцент, ПМПИ, Павлодар қ.

Қазақ халқының мол сақталған әдеби мұрасы – поэзиясы, әсіресе жыраулар мен ақындар жыры. Сан ғасыр сынынан өтіп, халық көкірегінде жатталып, біздің дәуірімізге жеткен сұңғыла сөз зергерлері – XV-XVII ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шөлгез, Жиембет, Марқасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Көтеш, Шал т.б. сияқты ақын, жыраулар ежелгі дәуір әдебиетінің, түркі тектес халықтардың ортақ мұраларынан тәлім алған.

Ақын-жыршылар – ұлттық құндылықтарды жасаушы, сақтаушы, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші. Өйткені, ежелден еркіндік аңсаған ұлттық ерекшелігіміз сол көне Тұран дәуірінен келе жатыр. Ежелгі Сақ, Ғұн, Ежелгі Үйсін, Қаңлы дәуірінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың бізге жеткізген көркем дүниелері арқылы әдет-ғұрыптар жинағы, елдігіміздің, ұлттығымыздың негізгі ұстанымдары, ұлттық идеяларымыз қалыптасқан. Қисса-дастандарымыз, халық ауыз әдебиеті, ежелгі әдебиет, біздің рухани мұрамыз.

«Тақыр жерде шөп шықпайды» деген М. Әуезов даналығы азаттық идеясының әр кезең әдебиетінде ойып орын алып отырғанын, кейінгі жыраулар поэзиясындағы еркіндіктің XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының шығармаларында ұлттық идеяға ұласқанын, сөйтіп «ұлттық» деген ұғымның қалыптасқаны аян. Ұлттық руханиятта аталмыш ұғымның жеке түсінік ретінде қазақ тарихына енуіне Алаш зиялыларының әсері көп.

Түркі тектес халықтардың ортақ мұрасы – ежелгі әдебиеттен бөлініп, қазақ хандығын құрған XV ғасырдың ортасынан бастап өзіміздің ұлттық әдебиеттің бастауы – «Хандық дәуір әдебиеті» деген дәуірден дами бастады. Олардың көшбасында жыраулар толғауы тұр.

Әдебиетші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әмірхан Әбдіманұлының «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея» атты еңбегінде Асан қайғы бастаған жыраулар шоғырының шығармашылығына: «Ой толғаудың өрісін ашып, көкейге сары уайым ұйытпай, санаға серпіліс әкеліп, туған ел,

туған жер сағынышын ұран ғып көтере, ел намысына от жанар бұл толғаулар ұлт болып ұйысудың қатығына айналған жырлар», – деп баға беріледі.

«Ай хан, мен айтпасам білмейсін.

Айтқаныма көнбейсін.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсін»,

– деп дана жыраудың Өз-Жәнібек ханға өсиет айтуы арқылы ел қамын ойлаған, соған қайғы жеген тарихи тұлғаның орнын анықтап, бұл дәстүрдің кейін Бұқар жыраумен жалғасқанына баға береді [1, 63]. Олай болса, мұнда әр жыраудың, оның тасасындағы халықтың, ұлттың, әр пенденің ел бірлігі арманы тұр. Азаттық, ел тәуелсіздігі, рухани еркіндік XVIII ғасыр әдебиет өкілдерінің шығармаларына да өзек болғаны белгілі. Жоңғар басқыншылығына қарсы күрестің жыр байрағы болған Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей жыраулардың толғаулары ерліктің, әр ұлттық рухтың бастау бұлағы болды. Оны мына өлең жолдары дәлелдейді:

Кеуде бір жерді жол қылсам,

Шөлең бір жерді көл қылсам.

Құрап жанды көп жиып.

Өз алдына ел қылсам!

Жыраулар толғауының алтын арқауына айналған ұлт-азаттық идея, ел тәуелсіздігі тақырыптары әр жыраудың толғау мәнері мен бейнелеу стилі, олардың тақырыпты жырлаудағы өзіндік шеберлігінде жатыр.

Ақтамберді жыраудың толғауларына тақырып болған ұлттық, азаттық идеясы әр жыр жолдарынан табылып, ел мен ер тұлғасы көркемдік тұтастықпен бірлік табатынына әр шығармасын оқыған сайын көз жеткізе түсеміз.

Жауға шаптым ту байлап,

Шепті бұздым айғайлап,

Дұшпаннан көрген қорлықтан,

Жалынды жүрек қан қайнап,

Ел-жұртты қорғайлап,

Өлімге жүрміз бас байлап...

Немесе:

Бар арманым, айтайын,

Батырларша жорықта

Өлмедім оқтан қайтейін!

Ел аман болсын ылайым,

Тілегім берді бәрін де,
Ризамын, құдайым!

– дегенде ақын тоқсанға келсе де жорықта неге өлмедім деп ел мүддесін ойлап жатқанының куәсі боламыз. Өзі батыр, өзі ақын, өзі көсем жыраудың арманы биік.

Ұлттық рухты сөз өнерінің өзегіне айналдырудың алғашқы белгілері, бастау арналары ежелгі әдебиеттегі ерлік жырлары мен жыраулар поэзиясындағы жауынгерлік жырда жатқандығы талассыз. Ол өзінің жалғасын зар заман ақындары шығармашылығындағы ой-толғаныстардан, Махамбеттің күреске үндеген азатшыл ұранды толғауларынан тапты. XIX ғасыр әдебиеті ұлттық рухты шығармашылық болмыстың басты ұстанымына айналдырудың дәстүрлік арнасы болып табылады.

Махамбет Өтемісұлының қазақ әдебиетіндегі тарихи орны оның өршіл рухтың ерен үлгісін тудырған жырлары арқылы анықталғаны белгілі. Бұл жөнінде Ө. Әбдіманұлы: «Біздіңше, Махамбет поэзиясының өнер символына айналар қасиеті оның толғауларындағы от-жалынды рухта жатыр. Әр толғауы қазақ деген халықтың күресшіл рухының құрыштай мұқалмас беріктігін танытып, атойлап тұрған асақ жыр – бүкіл бір дәуірдің ыза-кегін бойына жинап айбат шегіп тұрғандай» [1, 66], – дейді. Шынында да Махамбет жырларының алдындағы ақындардан айырмашылығының өзі осы, ұлт-азаттық идеяның өріс алуы, бұрынғылардай болжап, бейнелеп емес, нақты өмірден алып, өжеттікпен өлең өрген өзі ақын, өзі батыр, өзі көсем жанның бейнесін сомдауымен соны.

XX ғасыр әдебиетінде ұлттық идеяның үлкен категорияға айналып, жаңа түсініктің табиғаты айқындалғаны ақиқат. XX ғасыр басындағы шығармаларда бостандық, теңдік, азаттық идеяларын алға қойып, ұлттық сананы ояту, күрескерлік рухты көтеру басты мақсат болды. Олар қайшылықты емес, ұлттық бірлікті жырлап, ұлт тұтастығын сақтауды көздеді. Соның нәтижесінде ұлттық рух көркем әдебиетте кеңінен көрініс тапты.

Ұлттық сананы жаңа өріске бағыттаған ұлт зиялыларының бірі – Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ұлы Абайдан тәлім алып, өлең құдіреті арқылы халыққа ой салып, саналы іс-әрекетке, күреске үндеу – Ахмет поэзиясы әкелген жаңа арна. Сондықтан да қазақ поэзиясында Ахаң салған жаңа бағыт – ұлттық бағыт пен ұлттық азаттықты жырлау [1, 68].

XX ғасыр басындағы қазақ даласында болған саяси өзгерістер мен қоғамдық-әлеуметтік жағдай, Алаш зиялылары бастаған

оқыған азаматтардың белсенділігінің нәтижесінде ұлттық идеяның кеңінен насихатталуы қолға алынды. Әсіресе, әдебиетке тұңғыш туындысымен «Оян, қазақ!» деп ұрандата келген Міржақып Дулатовтың отаншыл отты жырлары әрбір қазақтың ұранына айналғаны шындық. Қазақ поэзиясына өткір сөз, ойлы пікір, өршіл сарын, асқақ рух әкелген ақынның жырлары күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ.

Отаршылдық бұғауында болған қазақ халқының ғасырлар бойы тәуелсіздікті аңсап келген халық екендігі тарихтан жақсы белгілі. Халықтың осындай арман-шері, рухани аңсары оның әдебиетінен де көрініс табатыны белгілі. Кеңес дәуіріндегі саяси ұстаным бойынша Ресей патшалығының құрамындағы ұлттар мен ұлыстардың баршасы өздері аңсаған осынау теңдікке, азаттыққа қолдарын жеткізген аса ірі таихи оқиға – 1917 жылғы атақты Қазан революциясы. Әрине, қанды соғыспен орнаған революция өзінен өзі тәуелсіздік әкеле қойған жоқ. Билік басында отырған патшашылдар мен олардың жақтастары өкіметті қолдан беріп қоймау үшін жанталаса қарсыласып бақты. Соның салдарынан Ресей сияқты алып державада Азамат соғысының орын алғаны, оның төрт жылдай уақытқа созылып, соның салдарынан миллиондаған адамдардың қырғынға ұшырағаны белгілі. Ақыры Кеңес өкіметі жеңіске жетіп, ақ гвардияшыларды қайтадан бас көтерместей етіп, біржола жеңді. Сонымен ел таптық тұрғыдан тәуелсіздікке қол жеткізді. Бұрынғы үлкен державаның құрамындағы қазақ жұрты үшін де басқалармен бірдей азаттық таңы атты деп айтуға болар еді. Бірақ іс жүзінде олай болған жоқ. Патша заманындағыдай билік бәрібір орыс өкіметінің қолында қала берді.

Алғашқы қазақ романдары жекелеген адам тағдырларын суреттеуге құрыла отырып, тарихи-әлеуметтік проблемаларды да көркем түрде көтере білгені белгілі. Солардың қай-қайсысында да ішінде халықтың азаттық туралы арман-мүддесі әр түрлі деңгейде бейнеленіп отырған десек, артық айтқандық емес. Ұлттық романның алғашқы үлгісі болып саналатын М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалынан» (1910) бастап қатар түзейтін қомақты шығармалардың қай-қайсысында да бұл саяси идея көркем ойдың кестесіне айналып, белгілі бір дәрежеде көрініс тапқаны байқалады. Ұлт оқырманының шер-шеменін қозғайтын осынау ұлағатты үрдіс қазақ прозасының айтулы шеберлерінің бірі Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» (1926), «Ақбілек» (1927) романдарының мазмұнынан да аңғарылады.

1920-1930 жылдары жазылған қазақ романдары сан жағынан онша көп емес. Бірақ көркемдік-эстетикалық деңгейі жағынан алып қарағанда, оқырман қолына тиген сол аз романдардың қай-қайсысы да осал болмады. Атап айтқанда, олар Ж. Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек», С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», «Біздің тұрмыс», І. Жансүгіровтің «Жолдастар», Б. Майлиннің «Азамат Азаматыч», С. Мұқановтың «Адасқандар», «Жұмбақ жалау», М. Дәулетбаевтың «Қызылжар», С. Ерубаеттың «Менің құрдастарым», Ғ. Слановтың «Дөң асқан» тәрізді санаулы шығармалар еді.

Бүгінде «азатшыл», «ағартушы-демократтық бағыт» аталып жүрген Алашұранды әдебиет өкілдері А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, Ғ. Қарашев Алаш идеясының түбінде өз мақсат-мүддесіне жететіндігіне сенді. Оларды ең алдымен саяси, экономикалық, рухани кіріптарлыққа ұшырап бара жатқан ел тағдырының әдебиетте көрініс таппай жатуы да алаңдатты. Осындай түрлі қайшылықтарға байланысты олар «Ақжол», «Шолпан» газет-журналдарының маңайына топтасып, таза ұлттық рухтағы шығармаларымен, қазақ әдебиетіндегі азаттық идеясын дамытуға өзіндік үлестерін қосып жатты.

Отаршыл самодержавие, капитализм және қазақ қоғамындағы «ояну дәуірі» саналатын ХХ ғасырдың басындағы кезеңдер Мұхтар Әуезовтың дербес ойлау жүйесін қалыптастырды. Ұлт-азаттық идея жолындағы күрестер мен мақсат-мүдделер жазушының шығармасының мазмұны мен мағынасына айналды. Ойшылдық, қайраткерлік көзқарасының қалыптасуы барысында дамыған ұлт-азаттық идея көсемсөзден бастау алып, көркем проза мен драматургияда өз жалғасын тапты. Бұл отызыншы жылдардағы әдеби сында «М. Әуезов тек қазақ тұрмысын суреттейді, ескі өмірді аңсайды» дейтін сындарға тойтарыс береді.

«Қорғансыздың күні» (1921) таптық мүддені көздеген шығарма емес. Мұхтар Әуезов бұл әңгімесі арқылы өз таным-түсініктері бар, дәстүр салттарына берік жандардың сырттан бөтен ештеңе қаламайтын тілегін көрсетпек болған. Ел қорғаған, жер қорғаған батыр бабаларының әруағын күзетіп, өз бетінше өмір кешіп жатқан олар ешкімге басыбайлы болғысы келмейді. Олардың тіпті жақын маңдағы ауылға да бармайды.

Суреткер кейіпкер өлімін де өзгеше бейнелейді. Ғазиза ата-бабаларының жатқан жеріне барып, әкесінің қабірін құшақтаған күйі көз жұмады. Автор идеясы да осы эпизотта түйінделеді. Яғни адамға

ең қажеті, қымбаты – туған жердің топырағы, жеке бастың азаттығы, ар мен иман. Дәл осы көркемдік шешім «Қилы заман» романында да бар. Бірақ сәл басқа формада көрінеді. Ғазиза жеке бастың азаттығы үшін ашық күресе алмағанымен, ата-бабаларының қаны тамған жерде азат болып көз жұмды. Бұл оның іштегі қарсылығы еді. Ғазизалардың қорғаны – дін, ар мен иман. Қорғансыздық тек Ғазизаның басындағы хал емес. Сондықтан суреткердің шығарманы «Қорғансыздың күні» деп атауында үлкен мағына жатқан сияқты. Мұндағы түйін – жеке бастың азаттығы, сенетін діні болмаған адамға еш нәрсе қорған бола алмайды деген ойға келіп тіреледі. Сондықтан бұл шығарма азаттық пен тәуелсіздікті аңсап өткен ел өмірін суреттейтін туынды.

Ұлт-азаттық идеяның халықтық табиғилығын айқындай отырып, дәстүрлі қалыпқа салудың нәтижесінде бұл секілді сарындар «Қилы заман», «Хан Кене» және «Әдебиет тарихы» зерттеу еңбегінде көрініс тауып жатты.

Жиырмасыншы жылдардың екінші жартысына дейінгі шығармаларында суреткер кейіпкерлерді нағыз азатшыл рухтағы қаһармандар дәрежесіне көтеруге тырысса, «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Хан Кене» шығармаларында азаттық үшін ашық күресе алатын жандардың бейнесі сомдалып жатады.

Жазушының «Қараш-қараш оқиғасы» (1927) шығармасы соңғы екі шығарма секілді кеңес тұсында «қате ықпалмен жазылған» деп бағаланған болатын. Осыған орай автор да шығарма мазмұнын бірнеше мәрте өзгертіп отырған. М. Әуезов бұл шығармасында бұған дейін еш жазушының қаламы бара қоймаған жеке адамның бас еркіндігі мәселесін көтерген. Өмірде болған оқиғаны негізге ала отырып, жеке басының азаттығы үшін күрескен нақты тұлғаның күрескерлік бейнесін заман шындығымен байланыстыра отырып, суреттей алған.

Жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында қазақ әдебиетінде ұлт және күрес тақырыбын дамытудағы шығармалар қатары молая түсті. Ұлт-азаттық күрес тақырыбы әсіресе 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына қарай үдере түсті. Кейбір қазақ қаламгерлері шығарма тақырыбын осы көтеріліс аясында алып жатса, енді біреулері қазақ даласында өткен бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістерді, тарихи тұлғаларды шығарма сюжетіне арқау етіп, қайта жаңғыртты.

Мұхтар Әуезов ұлт тақырыбын дамыту, әрі сол тұста-ақ бұрмаланып жатқан тарихты қайта қалпына келтіру мақсатымен

де 1928 жылы «Хан Кене» пьесасын жазуға кіріседі. Жазушы Кенесарыны ұлт-азаттық көтеріліс басшысы, батыр, тарихи тұлға ретінде ғана суреттеп қоймай, жеке бастың еркіндігін аңсаған халық тілегін арқалаушы, азаттықтың туын көтерген, сол жолдың азабын көре тұра, үмітін жоғалтпаған өршіл рух иесі деп таниды.

Алдабек Н. өз еңбегінде: «Белгілі ғалым Ш. Елеуқенов қос жазушының (М. Жұмабаев пен М. Әуезов) Кененің трагедиялық тағдырын сол кездегі және ХХ ғасыр басындағы қазақ қасіретімен сәйкестендіре бергендігін байқайды. Шынында халқын бір тудың астына біріктіре алмай, елі үшін еңіреп өткен есіл ер Кененің трагедиясы ХХ ғасыр басындағы ұлт мүддесі мен келешегі үшін жандарын шүберекке түйіп, күрес жолына түскен Ахмет, Әлихан, Мұстафалардың тағдырымен ұқсас.

1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» зерттеу еңбегінде Мұхтар қазақ даласында өткен белгілі ұлт-азаттық қозғалыстар мен оның көсемдері және өзіндік бай табиғатымен халықтық жыр-аңыз, ертегілердің өмірлік тарихы негіздері мен көркемдік сипаттарын, азаттық идеяларды меңзейтін түп арналарын жақсы талдайды» [2, 93], – деп жазады.

Жүсіпбек Аймауытов – ХХ ғасырдағы қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетінің алтын қорына ұлттық рухты биікке көтерген «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы» сынды керемет көркем шығармалар қосқан, сан қырлы дарын иесі. Бұл шығармалардың қай-қайсынан да азаттық идеяның көрінісін тану қиын емес.

Жазушының «Қартқожа» романының негізгі фабуласы жиырмасыншы ғасырдың бастапқы кезеңінде әлеуметтік өмірге араласа бастаған қазақ жігіттерінің типтік тағдырын суреттеуге арналған. Мұндағы мақсат – қоғамдағы өзгерістерді қатардағы адамның көзқарасы, қабылдауы арқылы көрсету. Сол арқылы оның еркін қоғам құруға деген ұмтылысының сырын ашу. Әдебиетші ғалым Д. Ысқақұлы бұл роман туралы: «Шығарманың көркемдік-идеялық қыртыстары қалың» [3, 129], – десе, соның бір астары азаттық идеясын көтеруде жатыр. «Қартқожа» романы – революция тұсындағы Қазақ қоғамының шындығын бас кейіпкердің өмір жолы арқылы жан-жақты бейнелеген үлкен шығарма.

Академик С. Қирабаев Қартқожаның азамат ретіндегі көзқарасының қалыптасу эволюциясы жайлы: «Алашордашылардың тарауы, большевиктердің келуі, қашқан ақ әскерлерінің қылықтары оның әділет, бостандық туралы ұғымдарын толықтырады» [4, 176],

– деп баға береді. Осы арқылы зерттеуші шығарманың өнбойында ұшырасып отыратын азаттық идеясын айқындай түседі. Түнек заманның ауыртпашылықтарын көріп өскен басқа да саналы замандастары сияқты Қартқожаның да аңсайтыны ұлттық азаттық екені романның өнбойында шым-шымдап ашылып отырады.

Ж. Аймауытовтың осы кезеңде өмірге келген тағы бір көлемді туындысы «Ақбілек» романы. Оқиғасы Кенес өкіметінің алғашқы жылдарына сай келгенімен, ол тарихи-саяси құбылыстарды негіз етіп алған шығармалардың қатарынан саналмайды. Романның сюжеттік жүгі – қиын-қыстау заманға тап келген қарапайым қазақ қызының басынан кешкендері, талайлы тағдырының қалай шешімін тапқандығы.

Негізінен, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер жайында көбірек әңгімелейтін «Ақбілек» романында ұлттық тәуелсіздік идеясы айқын көрініп тұр деуге келмейді. Қаладағы қазақтың бетке ұстарлары бас қосқан эпизодта ғана ұлт-азаттық мәселесіне қатысты жанама штрихтар байқалады.

Ж. Аймауытов өз романдарында ұлттық тәуелсіздік идеясын өктем жұрттың көңіліне, көзқарасына қарамастан, жасырмай, ашық көтере білген деп тұжырымдай аламыз.

Азаматтық ұлы ұғымдарды әр әдеби кезең өкілдері өз өлеңдеріне өзек ете отырып, ұлттық идеяны арқау еткен өлмес мұра, өшпес рухани құндылықтар қалдырғаны ақиқат. Олардың бәрі ұлттық рухты әдебиетте әспеттеп, әрлеп, көркем бейнелеудің жаңа қырларын, тың белестерін, соны суреттік сілемдерін салуға, шын шеберлік шыңына көтеруге мүмкіндіктер тудыруы табиғи заңдылық еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гүлзия Пірәлиева. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяның зерттелуі. «Ақиқат» журналы. 2011. № 4. – б. 62-69.

2 Алдабек Нұргүл М. О. Әуезов және ұлт-азаттық идея: Оқу құралы / ҚазҰУ. – Алматы : Қазақ университеті, 2006. – 136 б.

3 Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана : «Фолиант», 2004. – 304 б.

4 Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 304 бет.

АБАЙ МҰРАСЫ – РУХАНИ АСЫЛ ҚАЗЫНА

КАБЫКЕНОВА А. М.

11 «Ә» сынып оқушысы, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

КАЛИЕВА А. С.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Мұндай ғажайып түйінді ойды Абай Құнанбаевқа дейін кім жазды? Ал, Абай атамыздан кейін кім жазды екен? Бұл – біздің Абай атамыздың өлеңі, өнер үшін, өлең күдіреті үшін берген үлкен талғамы. Абай Құнанбаев-ақын, композитор, философ, ағартушы. Ақынның әрбір жыры бүгінде халықтың жүрегінде, мәңгі өшпес, өзіндік сыры бар қазақтың қайталанбас сырлы өрнегіндей. «Жүрекке кашалған сөз-мәңгілікке суарылған сөз», – деген ғалым Қадыр Жүсіп. «Алмас жыр» атты еңбегінде.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Өнердің ең асылы-сөз» деген екен. Асыл дегеніміз қымбат дүние. Абай атамыздың әр өлең жолы мен үшін асыл қазына, терең мағыналы ой, философия:

Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың?

Ал философия деген не?

Оның анықтамасына тоқталсақ, былай болады: «Философия- қоғамдық сананың бір формасы-табиғаттың, қоғам мен ойланудың даму барысындағы неғұрлым жалпы заңдылықтар жайындағы ғылым». Ал ғалым Т. Рысқалиев: «Философияның даналықтан туатын, даналықпен тығыз байланысты тағы бір қыры, тағы бір анықтамасы түсінік», – дейді.

Абай Құнанбаев шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде, 1920-1930 жылдарда ақынның идеялық мұрасы әр түрлі пікірде болды. Көрнекті мәдениет қайраткерлері мен ғалымдар: М. О. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұбанов, С. Садуақасов, І. Жансүгіров Абайдың ақындық мұрасына арнайы мақалалар жазды. Әр түрлі көзқарасқа қарамастан С. Мұқанов: «Абайдың әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, солай болғандықтан да

қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі», – деп жазды.

Абай Құнанбаев көптеген орыс жазушылары мен философтарының, атап айтқанда А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың, И. А. Крыловтың, В. Г. Белинскийдің,

А. И. Герценнің, Н. Г. Чернышевскийдің, Н. А. Добролюбовтың шығармаларын оқып, зерттеді. Орыс демократтарының ойы мен дүниетанымының ақынның қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар, ойшыл-ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель және Шығыстың көрнекті ойшылы әл-Фараби еңбектерімен танысты. М. Әуезов: «Абай Құнанбаев Батыс Еуропа философиясын, дәлірек айтқанда Р. Декарт,

Б. Спиноза, Г. Спенсер, Л. Фейербах еңбектерін оқыды, өзінің философиясын кездейсоқ жасай салған жоқ», – деген пікір білдірді.

Абай Құнанбаевтың идеялық мұрасы қазақтың қоғамдық ойы мен мәдениетінің даму тарихын жаңа бір деңгейге көтерді. Ақынның өлеңдері өз дәуірі үшін философия саласында қазақ халқының қоғамдық ойының жаңа пікірлер ұсынғандығы болып табылады.

Абай Құнанбаевтың философиялық ойы. Абай Құнанбаевтың көптеген өлеңдерінде терең философиялық ой табиғатқа, болмысқа көзқарасы, таным, ақыл, сана көрініс тапқан. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңінде:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.
Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

– десе, 1897 жылы жазылған. «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңінде:

Соның бірі-арнаулы таусыншақ күн,
Арғысын бір-ақ алла біледі рас.
Ақыл мен жан-мен өзім, тән менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы-екі.
«Мені» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі,

– деген жолдардан ақынның адам және адамзат туралы терең мағыналы ой түйіндегенін байқаймыз. «Мен» мен «менікінің» ара

катынасы ертеден әр түрлі діндер мен философиялық жүйелерде қарастырылып жүрген өте көне философиялық мәселелердің бірі. Абай философиясының өзекті мәселесі – адам, кісілік мәселе болғандықтан, Абай Құнанбаев «Мен», «менікінін» деген қарым-катынасқа философиялық талдау жасайды, түсінік береді. «Мен» -жан, рух болып табылса, «менікі» – тән адам денесі. «Менікі», яғни адамның тәні, денесі өлсе де Абайдың пікірінше, «мен», яғни рух, жан еш уақытта өлмес емес. «Мен» әр адамның рухы, оның адамгершілік қасиеті, ал «менікі»-еңбекпен жасалған, артта қалған дүние-мүлкі. Материалдық дүние өткінші, ал руханилық-мәңгі. Руханилық адам бойындағы адамилыққа байланысты болса, материалдық дүние-пендешілікке тән. Сондықтан Абай «менікі» өлсе өлсін, оған қайғырма, өзіңнің өзіңнен кейінгі ұрпаққа қандай рухани мұра қалдыра алатындығыңды ойлан, бір сөзбен айтқанда пенде емес, азамат адам бол деп үйретеді.

Ақынның өлеңдерінде өмірдің сан қырлы жақтары түрлі тақырып төңірегінде өрбиді.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін,

– деп көкірегі сезімді жастарға сөз өнерінің құдіреттілігін ұғар, сезер деген түйін жасайды.

Абай Құнанбаев:

Өткірдің жүзі
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан
Надандар бәһра ала аламас,

– деген толғауында өлеңге талаппен қарау керектігі жөнінде әсерлі, үлкен талғампаздық ой салады.

Ал ақынның:

Мақсұтым-тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Надандық көңілін қойып көзін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуле баста-ақ,

– деген жолдарынан өскелең жас ұрпаққа үлгі тұтар ғибратты, тәлімі мол, терең ойшылдыққа жол көрсеткендей өнегесін аңғарамыз.

Абай Құнанбаев айтқан философия мәселесін түсінік деп қарастырсақ, адамның бұл дүниені, яғни қоршаған ортаны, өзінің ата-тегің, өзін түсінуі-бәрі үлкен таным деуге болады. Жалпы даналық түсінік деген ой қазақ дүниетанымында ауыз әдебиеті үлгісінен бастау алып, ғылымда «Орхон-Енесей жазулары» деп аталатын көне түркі жазуымен тасқа қашалып жазылды, жыраулар поэзиясы Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз жырау жырымен жалғасып, Бұқар жырау, Көтеш ақын, Абай, Ыбырай атамыз сынды дара да дана ақындарымыздың өрнекті ойымен биікке шарықтады.

Ақын 1886 жылы жазған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге,

– деп жастарды «Ғылым» атты ғажайып түсінікті меңгеруге шақырған. Ғалымдық жолға түсу үшін нені өз бойына жақын ұстау керектігіне тоқталып:

Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөңсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз,

– деп ғылым жолына түскен жастарға ерекше көзқараста болу керектігі жөнінде түйін жасайды. Бұл Абай Құнанбаевтың өз атынан жазған алғашқы өлеңдерінің бірі. Олай болса, ақындық жолға түскен Абай атамыздың алғашқы ойы мәдениет, ғылым, білім арқылы сөз өнерінің асқақ биіктігін байқата білді деуге болады.

Абай Құнанбаевтың әр өлеңі бір ғылым деп айтсақ артық болмас, өйткені ақын өлеңі түрлі тақырыпта терең жазылған, ұшқыр ойлы келеді:

Жазғытуры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Немесе:

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда.

Ақын өлеңдері өмір сүру жағдайына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне сай табиғаттың сәнді көрінісіндей мөлдір, ал ой тізбегі жарасымды көрініс береді. Осылайша, Абай Құнанбаевтың жырларын сөз өнері, ғылым, өмір философиясы деп бірнеше тақырыпқа бөліп қарастыруға болады.

Абай Құнанбаевтың философиялық ойының негізгі бір ерекшелігі адам мәселесін философияның негізгі мәселесі ретінде қалыптастырады. Хәкім Абай адамды жаратқан Құдай болғандықтан, адамның бойындағы адамдық табиғатпен емес, Аллаға деген сеніммен, махаббатпен анықталады. Адам мен кісі мәселесін жан-жақты қарастыру арқылы ақын жетілген адам тұжырымын жасады.

Қытайлық ойшыл Конфуций өзінің философиялық ойын «Жақсы адам парыз туралы ойласа, жаман адам өзінің пайдасын ойлайды» деген, ал Абай ағамыздың пенде туралы ойы Конфуций ойымен сабақтасады. Ақын адам мәселесі бойынша өзінің ой – толғаныстарын діни эстетикалық жақтармен толықтырады:

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлыттан ашылса.

Немесе:

Алла ішінді айтқызбай біледі ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распен таласпа мумин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма! – дейді.

Абай Құнанбаев шығармашылығында «рас» – болмыс деген мағынаны білдіреді. «Рас» не деген сұраққа Абай: ол Алланың өзі және сөзі деп жауап береді. Алла-шындық. Шындықты мойындау. Алланы мойындау деген сөз. Абайдың «распен таласпа...» деуі. Алла сөзіне күмәнданба деген мағынаныф береді және де Алла жолына түскен адам ғана адамдықты жоймайды, себебі адамилық Алла мен адамның арақатынасынан туатын қасиет.

Алла шексіз, оны танып білуге ұмтылған адам өзін-өзі шексіз жетілдіріп отыру керек. Алланы тануы-адамның өзін-өзін тануы. Абай үшін нағыз мұсылман болу-адамның адамдық атын жоймаумен тең.

Абай Құнанбаев жан-жақты жетілген адамды «Махаббат философиясымен» байланыстырады. Алланы сүюге шақырғанда адамның өзін-өзі танып, тазару мақсаты тұрғысынан айтады. Ақын махаббатты адамды жарамсыз қылықтарынан арылтатын, тазартатын күш деп қарайды. Сонымен, Абай Құнанбаевтың философиясы-адам, адамдық, кісілік сияқты өзекті мәселеге негізделген. Ақын өз халқының бойына адамилық тәрбиені дарыту мақсатында түрлі ой-толғанысын жазған.

Адам табиғатының қыр-сыры мол. Әрбір адам жеке бір әлем, оның өз өмірі, өз түсінгі бар. Сол сияқты жеке адамның тек өзіне ғана қатысты сезімдері бар. Соның ішіндегі адамның аса қуатты сезімі оның дүниеге құмарлығы.

Құмарлық-адамзаттың биологиялық қорғаныс қуаты. Адамның құмарлығы болмағанда, ол жер бетінен әлдеқашан құрып кетекн болар еді. Құмарлық адамдарға да, жануарларға да ортақ сезім болғанымен, екеуінің арасында еш байланыс жоқ. Адамдарға тән құмарлықты «Нәпсі» деп атаймыз. Ақынның «Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол»-деген ойынан адам болмысының көрінісін байқаймыз. Нәпсі мүмкін іске асады, мүмкін іске аспайды. Ол адамның өз еркінде. Сонымен бірге нәпсі адамның тағдыры. Жалпы нәпсіні тыйып, оны теріске шығарғандарды әулие, сопы, монах, т.б. деп атаған. Олар әрбір қас-қағым сәт сайын нәпсімен күрескен. Нәпсіні меңгеру адам болмысындағы аса қиын іс. Адамның кінәкөр атануы да сол нәпсіге қатысты.

Фарифолла Есімов «Хәкім Абай» еңбегінде: «Нәпсінің ұялаған жері сана емес, тіптен сезім де емес, ол адамның тарихи -табиғи болмысының ең төменгі қабатында. Нәпсіні зәулім үйдің іргетасымен салыстыруға болады» – деген пікір білдіреді. Нәпсі туралы Қазақстан ғалымдарының терең зерттеулері болмағанымен, көрнекті жазушы М. Әуезовтың осы ойға қатысты «Қаралы сұлу» әңгімесі бар. Бұл әңгімеде махаббат, ғашықтық туралы сөз жоқ, әңгіме тек нәпсі туралы болған. Әңгіменің қысқаша ойы мынадай: Күйеуі барымтада өлген жас келіншек ешқашан тұрмысқа шықпауға, еркек «бетін» көрмеуге өзіне-өзі ант береді. Бірақ ол сол сөзінде тұра алмай, кездейсоқ кесдескен Болат шалға беріледі. Абай Құнанбаевтың түйіндеген ойы осы ғашықтықтан өзге құмарлық жолы. Ғашықтық нәпсіні меңгеруден туады. Ғашық жандарды жалғандық, сатқындық болмайды. Ғашық

адамға өзінің сүйгені бүкіл дүниенің жиынтық бейнесі. Ғашықтардың бірі үшін бірінің құрбандыққа ойланбай баратындары сондықтан. Ғашық болу әрбір адамның қолынан келе бермейді, ол үшін тән, жан сұлулығы қажет. Ақын:

Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып,

Жүдетер безгек ауру сықылданып.

Тұла бой тонар, суыр, үміт үзсе,

Дәмеленсе, өртенер, күйіп-жанып – деген жолдарда ақын ғашықтық жолы өте ауыр екендігін, ал құмарлық пен ғашықтықтың екі түрлі жол деп түсіндіреді. Ғашықтық – адамгершіліктің өлшемі. Бірақ ғашықтық адам болмысында екі арнада өрбіген: бірі Адамның Аллаға ғашықтығы екіншісі адам мен адамның арасындағы ынтықтық. Аллаға немесе құдайға ғашық болғандарды ислам дінінде сопылар, әулиелер деп атаған. Бізге жақын нағыз сопы, әулие Ахмед Яссауи. Сопылар ғашықтықты иман деп қабылдаған. Яссауи «ғашық еместердің иманы жоқ, ей жарандар» -деп жар салған. Аллаға ғашық болған жан нәпсіні жеңген, дүние кірінен тазарған адам. «Дүние кірі» деген түсінікті Абай «Нәпсіге» қатысты қолданған. Абай Құнанбаев махаббаты екі мәнде қолданған: Біріншісі, махаббат жаратушының адамдар сезіміне берген нұры, екіншісі, еркек пен әйел арасындағы сүйіспеншілік деп қарастырған.

Жас қартаймақ, жоқ тұмақ, туған өлмек,

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.

Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек, – деп адам өмірі уақытша екенін ескертеді.

Абай Құнанбаевтың өлеңдері өмірдің сан қырлы жақтарын түрлі тақырып төңірегінде жазған. Ақынның кейінгі ұрпаққа қалдырған терең ойлы мұрасы – ғажайып дүние. Әр түрлі тақырыптағы өлеңі – асыл қазына. Ақынның өлеңдерін оқи отырып, ой қорытамыз, түсінеміз. Абай атамыздың өнегесінен ғибрат аламыз. Адам баласы мәңгілік өмір сүру үшін шапағатты іс істеп, соңына мұра қалдыру керек. Ол – ғылым, оқу.

Көрнекті жазушы М. Әуезов: «Абай кешкен өмірді, Абай қалдырған мұраны тану, зерттеу керек дегенді бәріміз де түсіндік»-дейді. Олай болса, Абай атамыздың өлеңдері біздің заманымызға жеткен асыл мұра, үлгі-өнеге. Ақынның нақылға толы ой тұжырымын әр қырынан түсіну, зерделеу-бүгінгі ұрпақтың парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай. Энциклопедия. (бас. ред. Р. Н. Нұрғалиев, ред. алқасы: З. Ахметов). – Алматы : «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
- 2 Абай Құнанбайұлы, өлеңдерін, поэмаларын, аудармалар, қара сөздер. Құрастырушы Г. Бельгер. – Алматы : Мектеп, 2003. – 248 б.
- 3 Ақылдың кені. Құрастырған Қ. Жарықбаев. – Алматы : Қазақстан, 1991. – 256 б.
- 4 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н. Ақбаев). – Алматы : «Санат», 1995. – 320 б.
5. Ежелгі көшпенділер дүниетанымы. Жиырма томдық. I том. – Астана : Аударам, 2005. – 496 б.
- 6 Қадыр Жүсіп. Алмас жыр. – Атырау, 2003. – 130 б.
- 7 Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы ред. Басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы : Дайк-Персс, 1999. – 776 б.
- 8 Ғарифолла Есімов. Хакім Абай: (даналық дүниетанымы). – Алматы : Атамұра-Қазақстан, 1994. – 200 б.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚЫТУ МЕН ОҚУДАҒЫ \ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

КАЛИЕВА А. С.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулі – топтағы оқушылар бір-бірімен қарым – қатынас жасау арқылы өз ойларын жеткізіп, пікір алысуы. Оқушылар сыныпта диалог жүргізу барысында тәжірибе жинақтап, білмегенін зерттеуге тырысады. Қойылған сұрақтарды оқушылар өз беттерімен зерттейді, ынтымақтастық пен тиімді дәлелдерді жүйелеу арқылы тілдік қабілеттері жетіледі. Диалогтік оқыту ұжымдық және өзара білім алмасуға жағдай туғызатын әдіс ретінде өте тиімді.

Диалогтік оқытуды зерттеген ғалымдар № 26 мектеп-гимназиясы, Мерсер, Литлтон, Выготский, Барнс, Ходжкинсон, Александер, Рэгт және Браун, Харгривс, Гэлтон. Ендеше, диалогтік оқыту сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттырады және білім сапасының жоғарылауына өз үлесін қосады. Барнс (1971) оқытудың мұғалімді селкөс тындағанда ғана емес, вербалды

күралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында жүзеге асатынын көрсетті.

Сыныпта сұхбаттасудың үлкен пайдасы болатындығы жайлы Мерсер мен Ходжкинсон пікірлерін толықтай құптаймын. Олар:

- оқушылар тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінуіне көмектеседі;
- оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларға білім беру барысындағы деңгейлерін анықтау үшін көмектеседі.

Бағдарлама идеясын оқыту кезінде пайдалану үшін 6-сыныпта әдебиет пәнінен төрт тізбектелген сабақта «XIX ғасыр және XX ғасыр әдебиеті» тарауы бойынша бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра сабақ өткіздім. Сабақ барысында диалогтік оқытудың зерттеушілік әңгіме, әңгіме-дебат түрлерін алдым. Топтағы оқушыларға зерттеушілік әңгіме, әңгіме-дебат түрлері қалай жүргізуге болатындығы туралы айтып, алдарына парақтар тараттым. Оқуда қолданылатын әңгімелесу түрлерінің ерекшелігіне тоқталдым. А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын талдауға арналған бағдарламада барлығы төрт сағат берілген. Ақынның өлеңін талдау бағдарлама бойынша екінші сабақ, Блум таксономиясының «Білім» кезеңінде «Өлең авторы туралы не білесіңдер?»-деген сұрақ төңірегінде бірінші сабақта алған білімді еске түсірді.

А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша қосымша берілген парақтағы материалдан мәлімет алады. Жеке, жұпта, топта бір-біріне сұрақ қойды...Әр оқушы мәлімет ұсынды, топ ішінде бір-біріне сұрақ қойды. Сұраққа дәлелді жауап берді. Топ мүшелері келісімге келді. Топ ішінде оқушылар зерттеушілік әңгіме жүргізді. Ақынның «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңін ақынның ойын түсіну үшін мәнерлеп оқиды. Тапсырма өлеңнің идеясын білу мақсатында дауыс ырғағы мен кідіріске сай түсініп оқуға дағдыландыру үшін берілді.

1-топ. «Жақсы ән мен тәтті күй, көңілге түрлі ой салар» төңірегінде жұптық әңгіме жүргізді. Оқушылар зерттеушілік әңгіме жүргізу барысында:

- әр оқушы әр түрлі мәлімет берді: «Тәтті күй» құлаққа жағымды әуен немесе әнді естігенде оның мазмұнын түсінуге болады, – деп түсіндірді.

Бір-біріне сұрақтар қойды: – А. Құнанбаевтың «жақсы ән» деген ойына қандай өлеңдерді атап айтуға болады?

– сұраққа жауап берді, айтқандарын дәлелдеді: – Ақынның «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы» сияқты өлеңдері біздің көңіл-күйімізге әр түрлі әсер етеді.

– топтағы оқушылар бір келісімге келді. Топ оқушылары қосымша

– материалдарды пайдаланды. Менің ойымша, зерттеушілік әңгіме жүргізуде оқушылар бір –бірімен сөйлесу арқылы ынтымақтастық орнатылды. Қорғау кезінде әр топтан екі оқушы ғана сөйледі.

Топ мүшелерінің айтылған мәселе туралы өзіндік пікірлері қалыптасып, оқушылардың көпшілігі өз көзқарасын өзгерткен жоқ. Еңлік, Камила, Лаура, Олжас әннің ішкі мазмұны адамға түрлі көңіл-күй сыйлайды, сондықтан әннің бізге әсері болады деген оймен келісемін, – деді. Безкзат, Дана, Динара «жоқ» деп өз ойларын айтып, дәлелдеп берді. Сыныптағы оқушылар бір көзқараста қалмай, жақсы ән мен күйді тыңдағанда көз алдымызға кең пейілді қазақ ауылының тіршілігі мен жазғы әуенді кештің көрінісін елестетуге болатындығын айтты. Ән мен күйдің көңілге ерекше әсерін ететіндігін жеткізе білді. 2 топта «Мұңмен шыққан, оралған тәтті күй» деген ой төңірегінде әңгіме – дебат жүргізілді. Өлеңдегі ішкі сезімге байланысты ақынның сөз қолданысын әр бала топта сөз мағынасын түсіндіру мақсатында айқындады. Оқушылар әңгіме – дебат жүргізу барысында Мақсат пен Бекзаттың ақын өзгеге көңілім тояр-ау, бірақ сонда да өлеңді қоюға бола ма деп, адам тірлігіндегі өнердің орны туралы ойлары бірдей шыққандықтан, жұпта талдады.

Сабақта диалогтік оқыту арқылы қандай нәтижеге жету керектігін түсіндім. Оқушылар жұпта, топта тапсырманы талдады, бірін-бірі тыңдады.

Қазақ әдебиеті сабағында диалогтік оқытудың тиімді пайдалану нәтижесінде оқушының ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамытатынына көз жеткіздім.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулін қолдану барысында оқушылар әңгіменің үш түрін талдау арқылы берген тапсырманы толық орындады. Әсіресе, сыныптағы Бекзат, Дана, Еңлік сияқты үлгерімі жоғары оқушылар өзіндік көзқарасты нақты, дәлелді жеткізді. Аталған оқушылар өз топтарының көшбасшылары ретінде топ жұмысын реттеп отырды. Топтық жұмыста сұрақ қою ерекше

маңызды болды. Сұрақты дұрыс қойғанда ғана сабақ беру тиімді құралға айналады. Сабақта оқушылардың біліміне қолдау жасалды.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулін қолдануда өзіме мынандай келесі қадамдарды айқындап алдым:

- сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру,
- оқушылар өзіне сенімді болу арқылы ғана өз ойларын еркін жеткізе алады.
- рөлдік ойындарға оқушылар икемделеді.

Келешекте диалогтік оқытуды әр сабағыма кіріктіремін.

Қорыта келгенде, диалогтік оқыту – оқушы үшін тиімді тәсілдердің бірі. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулін қолдануда оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары мен белсенділігі артты, өз ойларын еркін әрі дәлелді жеткізе білді, өзгенің ойын түсініп, өзіндік идея ұсынып, пікірін жеткізе білді. Оқушылар пікірталасқа түсу арқылы ақпаратты көбірек есте сақтайды, ұзақ мерзімді жадының қызметі арта түседі. Бір-бірімен тығыз байланыста болады. Кумулятивтік әңгімеде жауап беруде топпен шешілген жұмыс болғандықтан, еркін жауап береді. Өзіне деген сенімі артады. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз сыныптастарымен топта тапсырманы орындауға үйренеді. Топ ішінде өз идеясын айтады. Бір-бірінің пікірін тыңдайды, бағалай алады. Диалогтік әңгіме барысында оқушылар тапсырманы зерттей алады. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлануына әсерін тигізеді. Басқа оқушылардың идеяларын тыңдап, оған құрметпен қарауға үйретеді, берілген жауапты бағалауға дағдыланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

2 Абай Құнанбайұлы, өлеңдерін, поэмаларын, аудармалар, қара сөздер. Құрастырушы Г. Бельгер, – Алматы : Мектеп, 2003. –248 б.

3 Ақылдың кені. Құрастырған Қ. Жарықбаев. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 б.

4 Абай. Энциклопедия. (бас. ред. Р. Н. Нұрғалиев, ред. алқасы: З. Ахметов.). – Алматы : «Атамұра» баспасы, 1995. –720 б.

К ВОПРОСУ О КАТЕГОРИИ ЦЕННОСТИ

КАРЖАСПАЕВА Б. К.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Категория ценности является объектом исследования большинства гуманитарных наук, и она неразрывно связана с проблемами человеческой деятельности.

В обществе постоянно производится всесторонняя оценка явлений и предметов окружающего мира. Ценностный подход к явлениям природы и общества, к результатам деятельности означает отбор того, что ценится, что является необходимым для жизненного существования, удовлетворения потребностей.

С античных времен философов и мыслителей волновал вопрос «Что есть благо?» Как отмечает, казахстанский ученый З. К. Темиргазина, «на протяжении всей истории развития человеческой мысли трактовка блага, то есть ценности, колебалась в довольно широком спектре взглядов от натуралистических... до социологических» [1, с. 15].

В философской литературе нет однозначного определения понятия «ценность». Ряд авторов под ценностью склонны понимать все многообразие предметов человеческой деятельности, общественных отношений и включенных в их круг природных явлений, которые можно оценивать в плане добра и зла, истины и не-истины, красоты и безобразия, допустимого и запретного, справедливого и не справедливого и т. д. Следовательно, многообразие подходов к вопросу о сущности ценности свидетельствует о многоаспектности самого явления ценности.

Подробно этапы развития взглядов на категорию ценности изложены в работе М. С. Каган «Философская теория ценности» [2].

Некоторые философы пытаются определить ценность через какое-либо сходное понятие, например, интересы. Так, А. Г. Здравомыслов под «ценностями» понимает: «обособившиеся в ходе развития самой истории благодаря разделению труда в сфере духовного производства интересы» [3, с. 166].

М. В. Киссель дает следующее определение ценности: «Это – термин, широко используемый в философской и социологической литературе для указания на человеческое, социальное и культурное значение определенных явлений действительности» [4, с. 765].

В социологическом контексте более продуктивным является подход к определению ценности, предложенный В. Брожиком. С его точки зрения, не только человек существует как общественное существо, но и существование мира вещей (природных вещей или искусственно созданных объектов) в процессе практики также приобретает общественный характер [5, с. 143]. Для обозначения определенного свойства объектов окружающей действительности, а именно, для характеристики их бытия автором используется понятие ценностной предметности.

Ценностная предметность – это реляционное, то есть данное в определенной системе отношений, состояние, которое возникает в процессе практики и продолжается или соответственно развивается до тех пор, пока развивается общественная практика. Она не существует вне естественных, телесных свойств объектов, но и не сводится к ним, не тождественна им.

Ценностная предметность – это функция, роль, выполняемая природной вещью или искусственным объектом в общественной жизни и наделяет его этой функцией человек в практической деятельности. Значит, ценность – это значение объекта для субъекта.

Одним из способов реализации ценности выступает оценка. Она невозможна вне субъекта, так как представляет собой проявление той ценностной предметности, которая стала предметом оценки. Вместе с тем оценка несет информацию об этой ценностной предметности, то есть отражает специфические стороны общественного бытия. Необходимость оценки диктуется, в первую очередь, потребностями общественной практики, вынуждающей решать вопрос о предпочтениях одних предметов перед другими. Именно в оценке ценностная предметность объекта находит свое актуальное выражение, становясь предметом актуальной потребности.

Ценность не тождественна ценностной предметности, она является отраженной ценностной предметностью, отраженным функциональным состоянием объекта. Состояние объективно, но отражение (рефлексия) – субъективно. Эстетическая, этическая, политическая, научная, правовая, техническая, экономическая и т. д. ценность выявляют объективную ценностную предметность только в рефлексии, форма которой обусловлена субъективным выбором оценочного критерия. Опредмечивание сущности человека во внешнем предмете рождает возможность ценности: удовлетворение потребности индивида с помощью данной вещи, превращает ценность из возможности в действительность, реализует

ее, делает ее актуальной [там же, с. 170]. Ценность включает в себя субстанциональный момент: ценностные свойства и реляционный: ценностное отношение. Таким образом, ценность не есть предмет, его свойства в их собственном, не связанном с субъектом бытия. Ценность есть предмет во взаимоотношении с человеком. Ценность не является отражением ценностной предметности в сознании субъекта (таким отражением является в определенном смысле норма (эквивалент)), которая в то же время есть выражение интересов субъекта, но представляет собой проявление ценностной предметности, субъективно обусловленный способ, каким объективная ценностная предметность является субъективному сознанию. Следовательно, ценность существует не в сознании, а до него, хотя свою форму обретает благодаря норме (эквиваленту), которая является фактом сознания. Ценность не есть сама вещь, а ее особый, общественный способ существования.

Ценностная предметность изменчива, она развивается вместе с диалектически развивающейся практикой общества, познаваема как и любое другое объективное отношение, предмет или свойство. Ценностная предметность раскрывается субъекту познания в отношениях и может быть выражена через общественные отношения. Познать соответствующую ценностную предметность означает осознать функции ценностного объекта и их общественную обусловленность.

Предмет познания и предмет оценки не одинаков. Если познание представляет собой отражение предметов, явлений и процессов объективного мира в понятиях, суждениях, умозаключениях, то оценка предполагает взаимное сравнение с нашими субъективными взглядами и представлениями, которые выполняют в процессе оценки функцию критерия, мерила, нормы и, тем самым, позволяют прийти к оценочному суждению. Предмет оценки уже, чем предмет познания. Элементы бытия, еще не ставшего общественным, лишены всякой ценностной предметности (минерал, который еще ничем не стал в общественной практике, можно познавать, но нельзя оценивать до тех пор, пока познание не раскроет такие его свойства, благодаря которым минерал можно будет использовать в общественной практике). Если возможным предметом познания является все, что объективно существует, то предметом оценки, служит только ценностная предметность, т. е. общественное бытие объектов. Важно подчеркнуть то, что как действительным предметом познания становится лишь определенная часть объективной реальности,

так и предметом оценки становится не общественное бытие как таковое, а лишь определенная ценностная предметность и лишь частичным образом. Познание – предпосылка оценки, а оценка, в свою очередь, обуславливает процесс познания (она стимулирует познавательную активность в том направлении, котором считает желательным). Предметом оценки является ценностная предметность таких элементов общественного бытия, которые служат предметом не удовлетворенных в полной мере актуальных потребностей субъекта, или таких элементов, которые связаны с удовлетворением этих потребностей [там же, с. 175].

В каждой оценке заключается вопрос «Для кого-то или инсе важно, полезно или вредно, необходимо?». Оценочное сравнение является выражением интересов оценивающего субъекта в отношении к оцениваемому объекту.

Оценка является субъективной формой отражения объективной реальности. Ни объект, ни субъект оценки, ни ее ход и даже результат по своему характеру не тождественны субъекту и объекту познания и полученным знаниям. В то время как в процессе познания субъект осознает объективную реальность, в процессе оценки он осознает себя в ней. Лишь в результате сравнения, выбирая эквивалент, норму оцениваемого, субъект выявляет собственные потребности и интересы. Поэтому каждая оценка является отчетливо общественной, выражающей субъективную заинтересованность. И если субъект познания стремится абстрагироваться от этой заинтересованности, то субъект оценки утверждает ее, то есть оценка основывается на заинтересованности субъекта [6, с. 45]. Эта заинтересованность в удовлетворении определенных потребностей составляет неперемнное условие оценки, так как отсутствие всяких потребностей и интересов делает ее ненужной и невозможной.

Таким образом, в процессе оценки все познанное сравнивается с целью измерения эффективности и интенсивности, с какой та или иная ценностная предметность выполняет ту или иную функцию в отношении к тому или иному объекту. Функциональное состояние объекта, его ценностная предметность еще не есть ценность. Как ценность она реализуется лишь в оценке, исходящей из совершенно определенной общественной потребности субъекта. Ценность – это проявление способности объекта выполнять определенную общественную функцию. Однако нельзя отождествлять развитие этих общественных функций с развитием способа их выражения, которое всегда обусловлено уровнем способов их оценки, которыми

располагает субъект. Следует обратить особое внимание на то, что оценочные суждения – это субъективная форма отражения объективной реальности и, потому эти суждения объективны по содержанию.

Многообразие ценностей предполагает и разнообразие применяемых оценок. Процесс оценки – сложная и специфическая форма познания объективной действительности. Всякая оценка должна быть научно-обоснованной, базироваться на знаниях, полученных в различных областях науки. В зависимости от преимущественного характера оценки, от того на что необходимо особенно обратить внимание в каждом конкретном случае и различают следующие ее виды: политическую, этическую, эстетическую и т. д.

Оценки определяют практическую направленность человека на преобразование мира. Специфика функционирования оценки исторически обусловлена социальным типом деятельности и типом сознания. Нормативные структуры сознания выступают не только основанием внешней и внутренней (рефлексивной) оценки, но и ее объектом. Поэтому не только научные, но и художественные, нравственные, правовые и другие, освященные традицией, нормы, идеалы, выступавшие в прошлом в качестве императивов, с течением времени подвергаются переоценке, меняя, тем самым, свой функциональный статус в структуре общественного сознания. Следовательно, оценка по своей природе диалектична. Она может осуществлять переоценку ценностей, что связано с изменением деятельности субъекта, либо объективных условий на разных этапах развития общества [7, с. 56].

В общественном сознании оценочная сторона человека играет большую роль, выступая необходимым звеном перехода к практике, которая, определяя, что нужно человеку, включает в себя познание и оценку. Отражая предмет, человек познает его объективное содержание и, в то же время, соотносит его с потребностями общества, с тем, что может способствовать общественному прогрессу, быть значимым. Если благодаря познанию субъект развивает свое сознание, то благодаря оценке он углубляет свое самосознание.

Познавательный и ценностный моменты тесно взаимосвязаны между собой, ибо, с одной стороны, чтобы оценить тот или иной предмет (явление, действие) необходимо знать его содержание, с другой, познание содержания предполагает оценку. Ценностный

аспект оценки присутствует в каждом из видов оценки, способствует формированию ценностных мотивов, ориентаций, установок, определяет выбор средств по постановке и осуществлению целей. Ценностная ориентация, мировоззрение, как стратегия поведения человека в окружающем мире, помогает выбирать человеку объект, направляя его внимание на те или иные предметы, выявляя значимость объекта для субъекта.

Ценностное отношение выполняет в жизнедеятельности человека важные функции, ибо выступает связующим звеном между человеком и внешней средой, вызывая через систему потребностей, целей, интересов внутренние побудительные механизмы, возможности человека, направляет познание, сочетая его с практическими задачами общества. С помощью оценок, ориентаций и установок ценностное отношение влияет на формирование представлений, мотивов, целей, определяет деятельность человека в окружающем мире, способствует ценностному отбору при рассмотрении благ, выявлению эффективных путей и средств освоения и использования ценностей.

Важнейшим моментом освоения действительности является эстетическая оценка, так как природные и общественные явления сопоставляются с идеалами красоты, которые сами черпаются из жизни и преломляются через социальные интересы. В свою очередь и целесообразная человеческая деятельность способствует развитию эстетических возможностей личности и ее творческому отношению к действительности.

Эстетические ценности (как и любые другие) представляют собой синтез трех основных значений: а) вещественно-предметного, б) психологического и в) социального.

Вещественно-предметное значение включает в себя характеристику внешних свойств вещей и предметов, выступающих как объект ценностного отношения. Второе значение характеризует психологические качества человека, как субъекта ценностных отношений. Социальное значение указывает на отношение между людьми благодаря которым ценности обретают общезначимый характер.

Свообразие эстетических ценностей заключается в характерном для эстетики отношении человека к действительности. Оно подразумевает чувственно-духовное, бескорыстное восприятие реальности, которое направлено на постижение и оценку внутренней сущности реальных объектов.

Эстетическими ценностями могут обладать все предметы и явления реальной и мыслимой действительности, хотя сами

ценности не обладают ни физической, ни психической природой. Сущность их заключается в значимости, а не в фактичности. Поскольку эстетические ценности носят субъективный характер, то есть указывают на соотносённость их с человеком, наличие эстетической ценности у этих объектов зависит от того, в какую конкретную систему социально-исторических отношений они включены. Поэтому эстетические ценности имеют зыбкие границы и их содержание всегда является социально-историческим.

Исходя из разработанной эстетической наукой классификации эстетических ценностей, следует считать, что основным ее видом является прекрасное, которое в свою очередь выступает во множестве конкретных вариаций (как изящное, грация, миловидность, великолепии и т. д.); другой вид эстетической ценности – возвышенное – также имеет ряд вариаций (величественное, величавое, грандиозное и т. п.). Как и все другие положительные ценности, прекрасное и возвышенное диалектически соотносятся с соответствующими отрицательными ценностями, «антиценностями» – с безобразным (уродливым) и низменным.

Обобщая вышеизложенное, заключаем, что в динамике ценностного отношения понятие ценности связано с объектом, а понятие оценки – с субъектом. Объект как носитель ценности обеспечивает связь с окружающей действительностью. Субъект же вместе с исходящей от него оценкой и ее мотивацией ориентирован на мышление, сознание, внутренний мир человека.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Темиргазина З. К. Оценочные высказывания в русском языке: монография. – Павлодар : ЭКО, 1999. – 272 с.
- 2 Каган М. С. Философская теория ценности. – Спб: «Петрополис», 1997. – 257 с.
- 3 Здравомыслов А. Г. Потребности. Интересы. Ценности. – М.: Прогресс, 1986. – 187 с.
- 4 Киссель М. В. Ценность // Философский энциклопедический словарь. – М.: Сов. энциклопедия, 1983. – С. 765.
- 5 Брожик В. Теория оценки. – М.: Прогресс, 1982. – 289 с.
- 6 Ивин А. А. Основания логики оценок. – М.: Прогресс, 1970. – С. 45.
- 7 Дробницкий О. Г. Некоторые аспекты проблемы ценностей // Проблема ценности в философии. – М. -Л., 1996. – С. 18-96.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗ ТІЛІНІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

КЕМЕҢГЕРОВА Г. А.

магистрант, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

МҰХАМЕДЖАНОВА А. Т.

ф.ғ.к., доцент, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

Мерзімді басылымдар тілі – жазба тіл Ғалым Ә. Болғанбаевтың айтуы бойынша: «Газет – әдеби тілдің бірінші баспалдағы. Барлық өнегелік пен шеберліктің шыңдалып, таралатын жері де осы» [1, 169 б.]. Ал ғалым б. Момынова: «Газет – жалпыхалықтық ақпарат құралы, сондықтан ондағы кез келген материал оқырманның жасына, кәсібіне, мәртебесіне қарамастан, тез түсіне алатындай болып жазылуы тиіс. Сондықтан да газет беттерінде халыққа таныс емес терминдер, кәсіби сөздер, жаргондар мейлінше сақтықпен қолданылуы жөн. Сөз қолданысқа қатаң қарау газеттік-публицистикалық стильдің тағы бір ерекшелігін, атап айтқанда, жалпыға түсініктілігін қамтамасыз етеді. Қазіргі қазақ мерзімді баспасөз тілі – коммуникативтік қызметі жағынан үлкен аудиторияны қамтитын беделді жазба нұсқаларының бірі, сондықтан да ол сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеудің бірден-бір доминант үлгісіне айналып отыр», – деп баспасөз тілінің ерекшелігін атап өтті [2, 31 б.]. Газет – біріншіден, қоршаған ортаны түсініп білуге көмектесетін құрал, екіншіден, адамдардың саяси білімділігінің, іс-әрекетінің белгілі бір оқиғаға баға бере алуының деңгейі мен ерекшелігін көрсететін, сонымен қатар әлеуметтік құндылықтарды, дәстүрлерді, саяси қарым-қатынастарды реттейтін өлшемдердің мазмұны мен сапасын, саяси мәдениеттілікті ашып көрсететін саяси мәтін, үшіншіден, өзінің лингвистикалық ерекшеліктерімен айқындалатын тілдік көрініс.

Мерзімді баспасөз тілін зерттеу тіл білімінің маңызды зерттеу нысаны болып қала бермек. Себебі баспасөз тілі күнделікті әлеуметтік-қоғамдық өзгерістерге байланысты үнемі дамып, толығып отырады. Баспасөз – қоғам айнасы, тарих тілшісі, қоғамдық пікір қалыптастырушы. Өз оқырманының талап-тілегіне орай қызмет етуді мақсат етеді. Мысалы, мазмұнына қарай газеттерді түрлі салаларға бөлу арқылы өз оқырмандарын топтастыра алады, өз оқырманына етене жақын болуы үшін оқырман деңгейіндегі

лексиканы колданады, өз оқырманының түсінігіне, дәстүрі мен дініне, тіліне, тұлғалық ерекшелігіне, тіпті, мамандығына да лайық тілдік бірліктер мен ұғымдарды пайдалануға тырысады. Демек, бүгінде баспасөз адам факторын басты нысанаға алады. Өз қызметін адамға белгілі бір дәрежеде әсер етуге, қаншалықты болмасын оның қажетін өтуге, қала берді өзінің көздеген жеке немесе қоғамдық мақсатын іске асыруға бағыттайды. Өйткені қазіргі адамның өмір сүру салты бұрынғымен салыстырғанда түбегейлі өзгерген. Бұрынғыдай адам санасында бейжайлық көрінбейді, адамдар өмір ағынына ілесу мақсатын алға қояды. Үнемі ізденеді, білім алуға, әлемдегі соңғы жаңалықтарды игеруге ұмтылыс жасайды. Өзіне қажет мәліметтерді сөз жоқ, ең алдымен, баспасөз беттерінен іздей бастайды. Демек, қазіргі оқырманның тұтынушылық талабы мен талғамы да мейлінше өскен. Ал баспасөз өз оқырманының талап-тілегімен, білім дәрежесімен міндетті түрде санасады. Сөйтіп тілді қолданушылар арасында (адресант пен адресат) таңбааралық қатынас орнайды. Лингвистика ғылымындағы мұндай бағытты бүгінде семиотиканың прагматика саласы зерттейді.

Прагматика коммуникативтік қызметке әсер ететін тілдің қолданылуын зерттейтін бағыттарда қарастырылады. Алдымен, прагматика ұғымының мәнін айқындап алайық. Жалпы прагматика сөзі грек тілінен аударғанда «іс-әрекет» деген мағына береді. Қазіргі тіл біліміндегі прагматикалық зерттеулер 1930 жылдардағы Ч. У. Моррис еңбектерімен байланысты. Прагматика – семантикамен тіл біліміндегі тілдік таңбалардың қызметін зерттейтін тіл білімінің саласы. Тілдің прагматикалық функциясын тілдің когнитивтік функциясымен байланыстыра зерттеу – тиімді бағыттардың бірі болып табылады. Тілдің прагматикалық функциясының берілу жолдарын анықтау тілдің прагматикалық қызметіне сүйенеді. Прагмалингвистика қарым-қатынас іс-әрекеті туралы ғылым саласы болғандықтан, тілдің барлық аспектілерінің қызметіне тікелей қатысады. Семиотиканың негізін қалаушы Ч. Моррис прагматиканы тілдік таңба мен оны қолданушысының арасындағы қарым-қатынасты зерттейді деп анықтайды. Ч. Мористің көзқарасын лингвистикалық тұрғыдан әрі қарай тілші ғалымдар жан-жақты дамытады. И. П. Сусов прагматиканы семиотика пәні немесе семиотика саласының бірі ретінде адам қызметінде белгілерді зерттеуде делдалдық ролін сипаттайтынын айтады. Осы сияқты пікірлерді семиотикаға қатысты еңбектерден және лингвистикалық анықтағыштардан да кездестіруге болады.

Соңғы жылдары тіл ғылымының дербес саласына айналған прагмалингвистиканың алғышарттары қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде бастау алғаны белгілі. Атап айтқанда, М. Оразов сөз семантикасының прагматикалық аспектісін қарастырса, А. Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикалық ерекшеліктерін, б. Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісін, З. Ерназарова сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісін, Д. Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасын, С. Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасын, Б. Хасанов сөздің лексикалық мағынасы мен прагматикасын, Б. Райымбекова қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтінінің прагматикалық аспектісін, Ф. Жақсыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын қарастырса, Г. К. Ихсанғалиева тақырыпаттарға прагматикалық талдау жасаған. Т. Ш. Мырзахметова тыныс белгілердің, оның ішінде көп нүктенің қолданысын прагматикалық тұрғыдан зерттеген. Ал Р. А. Омарова неміс тіліндегі газеттер материалы бойынша баспасөз дискурсына прагмалингвистикалық талдау жүргізсе, С. Қ. Ережепова орыс және қазақ тілдеріндегі ресми-іскерлік стильдің прагмалингвистикалық аспектісін салыстыра зерттеді.

С. С. Исақова «Қазақ терминдерінің прагматикалық қызметі» атты диссертациялық еңбегінде прагматика – сөйлеушінің тілдік таңбаға қатынасын зерттейтін семиотиканың бір бөлімі дей келіп, прагматиканың әдіснамалық аппараты аталған зерттеудің негізгі ұстанымдарын түзету үшін пайдаланады дейді. Былайша айтқанда, терминологиялық лексика көркем әдебиеттің функционалдық стилінің мәтініне енгенде терминологиялық сипатын жоғалтып, мәнмәтінде мағыналық реңкке ие болып қана қоймай, бүтіндей алғанда ойды білдірудің коммуникативтік мақсатына жету үшін де өз үлесін қосады», – деп түсіндіреді [3, 192 б.]. З. К. Темиргазина лингвистикалық прагматика – коммуниканттардың қатысым актісінде тілді қолдану шарттарын зерттейтін ғылым екенін айтады [4, 54 б.]. З. Ерназарова прагмалингвистиканы тілдің негізгі құралы қызметін сөйлеуші және тілдік таңба арасындағы байланысты басшылыққа ала отырып зерттейтін тіл білімінің саласы деп тұжырымдайды. Және тілші ғалымдардың көзқарастарында прагматиканың (прагмалингвистика, лингвистикалық прагматика, прагматикалық лингвистика) лингвистикалық мәні әр түрлі сипатталуын пікірлердің бәрі де тілді «өз ішінде өзі үшін» емес, қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылатындығын, және тілдік

қатынастың прагматикасын тілдік таңбалардың қарым-қатынасынан емес, қатысымға қатысушы адамдардың қарым-қатынас аясынан іздеу керектігін түсіндіреді [5, 34].

Қарым-қатынас пен сөйлеу әрекеті – прагматиканың бір-бірінен ажырамас бөлігі. Прагматикалық сөйлеу әрекетінің негізінде адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал ету, әрекетке итеру ұғымдары жатады. Бұл ұғымдар қарым-қатынасқа қатысушы коммуниканттардың мақсатынан туындайды. Демек, сөйлеу әрекетін тудыратын – сөйлеушінің мақсаты. Жалпы қайсыбір сөйлесімнің прагматикасы болмасын, нақты жағдайдағы адамдардың қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын анықтауды мақсат тұтады. С. С. Исакова лингвистикалық прагматика «таңба мен пайдаланушының» барлық қырын зерттеумен айналысатындықтан, оның зерттеу пәніне сөйлеу субъектісімен (сөйлеуші, адресант), адресатпен (реципиент, қабылдаушы) байланысты, қарым-қатынас ситуацияларындағы, коммуникацияларындағы өзара байланыстары тәрізді көптеген мәселелер жататындығын айтады [3, 192 б.].

Газет материалдарының жаңаша сипатқа ие болуы, атап айтқанда, сөз саптаудағы ерекшеліктері, адресант пен адресат арасындағы байланысты басшылыққа алуы қазақ ғалымдарының еріксіз назарына ілікті. Сөйтіп, газет тілін прагматикалық негізде зерттеу қажеттілігі туды. Бұл тақырыпта М. Мұқашеваның «Научно-популярная периодика Казахстана: истоки, становление и перспективы развития» атты ф. ғ. к. диссертациясын (1999 ж.); Ф. З. Жақсыбаеваның «Газет мәтінінің прагматикалық функциясы» атты кандидаттық диссертациясын (2000 ж.); Б. Ж. Раймбекованың «Газетный текст на русском и казахском языках» (2000 ж.) атты кандидаттық диссертациясын; Г. К. Ихсанғалиеваның «Функционально-прагматический анализ заголовков» (2000 ж.) атты кандидаттық диссертациясын; З. Ш. Ерназарованың «Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері» атты ф. ғ. д. диссертациясын (2001 ж.); В. Т. Абишеваның «Особенности публицистического стиля и проблемы культуры речи журналистов в современной региональной печати Казахстана» атты ф. ғ. к. диссертациясын (2002 ж.); Р. Т. Қожабекованың «Баспасөз бетіндегі тақырыптардың фразеологиялану ерекшелігі» атты ф. ғ. к. диссертациясын (2002 ж.); Г. Ш. Ерназарованың «Қазақ публицистика тілінің дамуындағы Байтұрсынұлы кезеңі» атты кандидаттық диссертациясын (2004 ж.); Қ. Ө. Есенованың «Қазіргіқазақ медиа-мәтінінің прагматикасы» атты

филология ғылымдарының докторығылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын атауға болады. Бұл зерттеулерде газет мәтінінде прагматикалық қызмет атқаратын микрокомпоненттер (бағалауыш лексика, синтаксистік құрылымдар, когнитивті мәндегі сөздер тақырыптар, графикалық құралдар, т. б.) теориялық тұрғыдан тұжырымдалды. Десек те, тіл ең алдымен тілдік құрал ретінде терең зерттелуі тиіс.

Баспасөз мәтіні міндетті түрде екі коммуникантқа қатысты болады. Адресант өз көзқарасын білдіре отырып қоғамда болып жатқан оқиға, құбылыстарға баға береді. Осы тұрғыдан бір-бірімен тығыз байланысты ой әрекеті және тілдік әрекет жүзеге асырылады. Ой әрекеті – мәтіннің тууы мен қабылдануына негіз болатын коммуникацияның мақсаты мен шарттарын ескеретін, ең алдымен автордың ойлау дүниесін қамтитын күрделі семантикалық кешен. Ол адресаттың тілдік біліктілігін, әлеуметтік мәртебесін, индивидуалды-психологиялық ерекшеліктері мен ғалам туралы білімінен тұратын ойлау жүйесі болып табылады. Ал ақпаратты беруде ең алдымен адресантта ой мазмұны қалыптасып, тілдік сигналдар арқылы жеткізіліп отырады. Ол тілдік сигналдар ауызша коммуникацияда айтылым түрінде болса, жазбаша коммуникацияда мәтін арқылы көрініс табады. Ал ақпаратты адресатқа жеткізу үшін адресант тілдік құралдарды өз мақсатына сай қолданады.

Қазіргі қазақ тілінде шығатын басылымдарда көптеген тілдік құралдар прагматикалық функция атқаратындығын біз жоғарыда атадық. Мәселен, мақала тақырыбында болсын, мәтін ішіндегі микрокомпоненттер көлемінде болсын мақал-мәтелдердің қолданылуы, фразеологиялық тұрақты тіркестердің, қайтадан қолданысқа ене бастаған неологизмдердің, қайталамалардың газет бетіндегі материалдарда жаңа қырынан танылуы дәлелді мысал бола алады. Аталмыш тілдік құралдар адресант мақсатына орай жұмсалып, түрлі прагматикалық қызметтерді атқарады. Адресант пен адресат арасында байланыс орнатып, оларға тілдік тұрғыда талдау жасауға зор мүмкіндік туғызады. Мұндай тілдік құралдардың газет тілінде көптеп ұшырасуынан оның әлі де болса прагматикалық тұрғыда зерттеуді қажет ететіндігін аңғарамыз. Қорыта айтқанда, баспасөз тілі күрмеуі қиын мәселелерді көтеріп, сол мәселе төңірегінде адресатқа әсер етуді мақсат ететін, көпшілік пікірін қалыптастыратын прагматикалық әлеуеті күшті публицистиканың бір саласы, және де тілді қолдану барысында түрлі амал-әдістерді, тілдік құралдарды жетілдіретін маңызды өндіріс объектісі.

Тілдік бірліктерді адам ойын жеткізуде қолдануы, өзін, тұлғалық сипатын, пікірлесушіге қатынасын көрсету үшін қандай тілдік жүйені қолданатындығы туралы сұрақтарды зерттеу, яғни, прагматикаға қатысты сұрақтарды зерттеудің мәні зор. Айтылғандарды қорыта келгенде тілде, лексикада адамға қатысты факторларды айқындау үшін, міндетті түрде әлеуметтік, мәдени, этникалық, психологиялық және қолданушының басқа да сипатын, культурологиялық деректерді келтіру, семантика, прагматика, прагмасемантиканы түсінуге қажеттілерді ескереді. Және де тілдік құралдардың қолданылуын айрықша стильдік тәсіл ретінде журналистер мәтіннің прагматикалық құндылығын арттыру мақсатымен жиі қолданады. Өйткені адресантқа жүктелген маңызды прагматикалық міндет – адресаттың көңіліне әсер ете отырып, оны белгілі бір эмоционалдық күйге түсіру – осындай жолдармен орындалады. Осы мақсатқа қол жеткізілуі үшін тілдік құралдарды пайдаланудың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Болғанбаев Ә. Тіл және шеберлік // Өнер алды қызыл тіл. Мақалалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1986. – 153-170 б б.
- 2 Момынова Б. Газет лексикасы. – Алматы : Арыс, 1999. – 224 б.
- 3 С. С. Искакова. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі. – Алматы, 2008. – 354 б.
- 4 Темиргазина З. К. Оценочные высказывания в русском языке. – Павлодар, 1992. – 270 с.
- 5 З. Ш. Ерназарова Сөйлеу тілі синтаксисінің прагма лингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 193 б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ «АЙТЫС» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ҰЛТ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

КОСПАКАЕВА Г. А., РЕЖАБОВА К. Н.
студенттер, М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.
ҚАДЫРОВ Ж. Т.
ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

С. Торайғыров өмірінің ақырында жазып, аяқтай алмай кеткен шығармасы – «Айтыс». 1992 ж. «Адасқан өмір», 1933 жылғы

«Толық жинақта» жарияланып, көп жылдар бойы оқырманға жол таба алмай келді. Осы жолдар авторы «Айтыс» поэмасын «Жұлдыз» журналында жариялады [1].

«Айтыс» 1919-1920 жылдары ақын қаламынан шыққан тартымды туынды. Өзек жарған өрелі дүниесі – «Айтысты» бітіре алмағандығын ақын өкініш етіпті. Әрқашан ізденгіш, жаңалыққа құштар С. Торайғыров «Айтыс» поэмасын жазуда да төтенше суреткерлік әдісті пайдаланған. Қазақ фольклорындағы көне де құнарлы жанр айыс поэтикасына ден қойған. Дала ақыны мен қала ақыны айтыстыра келіп, қоғамдағы, қоршаған ортадағы өмірдегі сан қырлы әлеуметтік, адамгершілік, этикалық мәселелерді көтерген.

Поэмада екі кейіпкер бар – дала ақыны, қала ақынын. Отызыншы жылдардағы сын мақалаларда орын тепкен дала ақыны Сұлтанмахмұттың өзі деген пікірмен келісе қою қиын.

С. Торайғыров алашордашыл, байшыл – ұлтшыл ақындар қатарына қосылып, кейінде төңкеріс жылдары адасты деген қағида қаққан қазықтай қатып, әдебиет тарихында берік орын алған кездерде «Айтыс» поэмасын ұмытуға мәжбүр болдық. Қайта құру мен жариялылық, еліміздің егемендік алуы қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге жол ашып, соны мүмкіндіктер туғызған сәтте «Айтыс» поэмасының тарихтағы орнын қайта белгілеуіміз шарт.

Айтыс «поэмасы біз өмір сүріп отырған бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін ұрпақпен бірге көтеріскендей күй кештіреді. Халық тағдыры таразыға түсіп, жан экологиясы, тіл қасіреті басты мәселеге ұласып, Аралды арашалау, Семейдегі зілзала полигон зардаптарын жою, адамгершілік, имандылыққа жүгіну әрбір саналы азаматтың көкірегіндігін көкसेген арманына тоғысқан беймаза кезеңде «Айтысты» ой жүгіртіп қайта-қайта оқу керек.

Айтысты бастаған қала ақыны менмендік танытып, білгішсініп, менсінбей сөйлейді:

Сен кімсің семіз, толық тән жағынан?
 Өгіздей бар шығарсын әл жағынан.
 Көрінген көрнегіңнен. Жүрсіңнен,
 Топастығың білінген әр жағынан [2, 201 б.].
 Тоқталып, тосылатын дала ақыны ма?

Кезегі тие сала дала көркін, дала сымбатын жырға бөлейді, елдігін, елінің паш етеді.

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
 Ұранға алаш деген атты аламын.
 Сүйгенім қазақ өмірі, өзімқазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын?
Ерікті ең даланың құсынша ұшып,
Ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп [2, 201 б.].

Дала ақыны шалқып сөйлейді. Сұлтанмахмұт дала ақынының шабытына қанат бітіріп, көсілте, нөсерлете төккізеді. Себебі дала тынысы, дала тірлігі Сарыаркының төсінде өскен ақынға ыстық, жақын.

Қала ақыны қайырыла сұрақ қойып, далада мақтанарлық не бар, кісі қызығарлық қасиеттерін айт деп қамшылайды. Дала ақыны кең жазира жерін, ондағы елін таныстыра жөнеледі:

Сүйдіріп жүрегімді ітартқан менің,
Сарыарқа, Сарыдала туған жерім.
Көккүмбездің астында көкмасаты,
Сәуле мен алтындағансары белім.
Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс,
Исі аңқып, бетім сүйгенсамал желім.
Кіндік болып мал менен жанды өсірген
Жаз жайлау, күзгі күзек, қысқы тебін [2, 202 б.].

Дала ақынының айналадағы өмірге өзіндік көзқарасы, қалыптасқан пікірі бар. Қазақтың дастарханы жиылмайтын қонақжайлығы, кімге болса да көңілі ашық дақандығы, аамды құрметтеп, сыйлайтын қастерлі қасиеті – дала ақынының айтыстағы бетке ұстар нысанасы. Ұшқан құс қанаты талатын ұшы-қиырсыз қазақ даласындағы жақсылық атаулы – дала ақынының мәртебесі көтеріле сөйлер тірегі.

Дала ақыны қазақ ауылындағы билік айту дәстүрін мадақтайды. «Қағассыз, полициясыз» екі ауыз сөзбен дау дамайды тиятын, төрелік айтқанда туралықтан таймайтын билерді қаланың паракор, қиянатшыл соттарына қарсы қояды.

Тапқыштық, шешендік пен кім алса атақ,
Халық сонық етіпті «би» деп атап.
Шарменен, не үлкеннен бұйрық алып,
Би болатын жоқ ондабіздің шатақ.

«Дала уалаяты» газетіндегі Дінмұхаммед Сұлтанғазиннің «Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы» мақаласында дала ақыны қозғаған ойларды тиянақтай түседі. «Бұрынғы уақытта қазақ арасында көптен келе жаққан құрметті адамдар билік айтады екен... Бұрынғы биді сайламай – ақ, білімді ақсақалдар болып, көбінесе тұқымына кетеді екен, хәм бағзы дана адамдар халықтың рәсімін жасы

білім білім хәм сөзіне шешен болған соң халықты қаратып жақсы кісі болып шығып, тұқымынан болмаса да би болып кетеді екен» [3, 59 б.].

Халық санасында бекіген би болу, билік айту екі бірінің қолынан келмейтін, төкпе шешендікті, ерек ақыл-парасатты, қара қылды қақ жарған әділдікті талап ететін атадан балаға мирас өнер. Құн дауы, жер дауы, жесір дауы сияқты дау-шар атаулы дуалы ауыздардың билігімен шешілген. Билікке жүгініп дағдыланған дала ақыны қазақтың дақы қалаға қарап «жалғыз ауыз тіл бімеген» сотқа ісі түскен жағдайда тосырқай қарайды.

Сөзімді жеткізуге тақсыр Мекен,
Бір аттын азырқан бай аларма екен?
Мекапардыңсөзінен мені танып,
Билік айтар сотың да сот-ақ екен!

– деп қала сотын тілмашы Мекенге қосып әжуалай түседі. Ақындықты пайғамбарлыққа балақтың қазақ халқы ақын – жырауларды көкке көтере қадірлеген. Сол үрдісті дала ақыны да ұстанады.

Даламның ақындарын айтсам сізге,
Үлгіге сөз патшасын сонан ізде.
Миға тамақ, сусын беріп,
Даңқы кеткен ақын көп бұл үш жүзде

Халқымыздың ежелден өленді, өнерді қастерлейтін абзал қасиеті туған жерін, әсем даласын, ел қорғар ерін жырға бөлеген ақыны С. Торайғыров суреттеуінде жарасымды, нәрлі поэзияға айналған.

«Ер тарғын», «Қобыландыны оқып байқа,
Абайды оқы, таңырқан, басын шайқа.
Ақындықтың қуаты есінді алып,
Бас алмастан оқырсың қайта – қайта.
Кешегі Бұхар жырау, жанақ ақын,
Шөже, Орынбай халыққа жаған даңқын.
Ахмет пенен Міржақып әм Мағжан,
Алты алаштың баласы біледі атын, [2, 214 б.]

– дегенде құр бекерге ақындарды тізімдеп, сауақпен санап отырған жоқ. Олардың бойындағы «Жаратқыштық» күш, поэзиясындағы мөлдір, пәк сезім, шынайы, кеңулі ой тәнті еткен дала ақынының мақтанышы, әрі өзгеге ұсынар өнегесі.

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Сол тілмен шешем мені әлдилеген,

Еркелеткен «құлыным, жаным», деген.

Сол тілменен бірінші білгізілген,

Ана деген сүйгендік сөз хәм менен [2, 213 б.].

Туған тілді ту ғып ұстап, ана сүтімен бойға сіңген қасиет күдіретімен дүниедегі тылсым ой табиғаттағы бояу-реңк, іштегі бұл сезім өлең-жырға, мақал-мәтелге, шешендік толғауға айналып, халықтың рухани қазынасын байытқан үстіне байытуы Сұлтанмахмұттың дала ақынның есіле сөйлеуіне мүмкіндік береді.

Қазақтың даналық тұнып тұрған он бір ақалын поэтикалық шумақтарға топтап, оқырманды ойланта, толғанта тебірентіп тиянақты тұжырым ұсынады:

Байқасаң, қазақтың өзінде бар,

Дүниенің генийлігі, пайғамбары.

Жалпы елдің ары мен абыройы іспетті ұлт тілінің тазалығы, оның тотықпай саф алтындай күйінде ұрпақтан ұрпаққа жетуі С. Торайғыров шығармаларында жүйелі өтерілетін мәді құбылыс, маңызды тақырып.

С. Торайғыров кейіпкері дала ақыны енді бірде халықтың, әдет ғұрпы, салт-санасы, мінез-құлқы төңірегінде ой тербейді. Дала ақынның көзімен қарағанда, қазақ тұрмысында жасанды қылымсу, өтірік көлгірсу жок, үлкенді сыйлау, кішіні қадірлеу қанына сіңген қасиет.

Даламда бар ұят, Құдай деген

Қалаңдай намысы жок жолсыз емен.

Әділдер дән көретін сыйлығы бар.

Жауыздарға бір жаза бар деп сенем

Қала тұрмысының бірітіндеп дала өміріне ене бастауынан қорқады дала ақыны. Мал бағып қызыққа кенелген көк шалғын, жасыл жайлаудағы дәуреннен кимайды, қаланың кейбір «мінездері» жұғама деп сескенеді.

Мың Париж, жүз Мәскеудің керегі жок.

Басымда тұрар болса осы қалып.

Даламның кемшілігін, бейқамдығын,

Жаным іздеп, жүрегім сүйеді анық,

– дегенде, дала ақынының бойындағы елін елти сүйген ізгі махаббат пен жаңалықа тосырқай қараушылық аралас. Академик жазушы З. Қабдолов айтпақшы «дала тағдыры даланың өзіндей байтақ қана емес, даланың өзіндей сырлы, даланың өзіндей ойлы-қырлы» екендігін тарихи таным биігінен қарап, кейінгі ұрпақ біз ұғамыз,

Мені өз еркіме қой, қалымда қой,
Айтатын бар тілгім бар, қала, саған!

Еркіндігін, елдігін сақтауды көздеген, ақ та пәк ғұмыр сүрмекші дала ақынының мінез-көзқарасы. С. Торайғыров дала ақынының кезек-кезек ой қозғап, салмақты түйін жасауына, тіпті кейде тұлғаланып, биіктеп кетуіне жол ашақан. Ақынның өзін де, кейіпкерін де түсіне білуіміз қажет, неге десіңіз, кіндік қаны тамып, балаллық шақты, жігіттік дәуренді өткізген дала төсі қай қазаққа ыстық емес.

Ала ақынын өткір сынның тезіне алуы, біріншіден, кемшілікті аямай мінеу айтыс жанрының талабымен үндесе, екіншіден, С. Торайғыровтың шәһармен жүздесуімен, қаланы тануымен сабақтас.

С. Торайғыров тың «Айтыс» поэмасы – ХХ ғасыр әдебиетіне қосылған қомақты олжа, айтулы қазына. Ақын лирикалық қаһармандарының жан дүниесін ақтара ашып, әлеуметтік, адамгершілік проблемаларын бүкіл адамзаттық деңгейге көтере қозғады және бұл бағыттағы ізденісі жемісті.

С. Торайғыров поэмаларында кейіпкер санаулы ғана – «мен», кедей, оқыған, қара қазақ, дала ақыны, қала ақыны. Оның суреткерлік сұңғылалығы бірер кейіпкер көңіл күйі, сезім тебіренісі арқылы адамзаттың өмірі, тірлігінің мәні, адам атаулының болашаққа талпынысы философиялық түйіндеулерге негіз болып, әсемдік әлемінде соны дүниелер санатында мәңгі бақи қалуында.

С. Торайғыров «Таныстыру», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» туындылары қазақ поэмасын тарихындағы жаңа беттер ғана емес, әдебиетіміздегі бедерлі белес, үрдісті үлес, кезендік шығармалар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бисенғалиев З. ХХ ғасырдың басындағы қазақ прозасы. – Алматы, 1989. – 136 б.

2 Сұлтанмахмұт шығармалары. – Алматы : «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 312 б.

3 Еспенбетов А. С. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. Ғылыми зерттеу. – Алматы, 2008. – 240 б.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

ҚҰБАЙДОЛЛИНА А.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
ЖҰБАНТАЕВА Ж. Қ.

аға оқытушы, «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы, ПМПИ, Павлодар қ.

Фразеологизмдер – айтайын деген ойға айрықша мән, әр, мәнерлік беріп, көркем шығарма тілін жандандыратын, астарлап, бейнелей суреттеудің тілдегі дайын құралы, халық даналығынан суырылған образды ойлау, көркем тілінің үлгісі. «Фразеология (гр. phrasis – сөйлеу оралымдары, logos – ғылым) – құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде бөлшектенбей, даяр қалпын сақтай отырып қолданылатын, мағына тұтастығы мен тіркестірілетіндігі тән бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі күйін және тарихи қалпын зерттейтін тіл білімінің саласы» [1, 414]. Ал фразеология саласының негізгі зерттеу нысаны – фразеологизмдер болып табылады. Фразеологизм дегеніміз – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы тұтас бір мағына білдіретін тұрақты сөз тіркестері. Фразеологизмдер – тіл қазынасының бір бөлшегі, фразеология деген терминнің мағынасы кең, оны әртүрлі ұғынып, әр алуан салада зерттеу объектісі ретінде алуға болады. Тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінге сыйғыза отырып, ұлт менталдығының, яғни халықтың салт-дәстүрі, мәдениеті, сана-сезімі, тарихы мен наным-сенімін, ұлттық болмысын бейнелейтін фразеологизмдер жан-жақты зерттеуді талап етіп отырады. Себебі, фразеологизмдер тек сөз мәнерлілігін арттырып қана қоймай, әрдайым даяр түрінде қолданылатын, ұлт менталдығының көрсеткіші бола алатын, ғасырлар бойы халық санасында қалыптасқан, ойды орамды, әсерлі жеткізудің құралы ретінде қолданылады. Қазақ фразеологиясының негізін салған, алғаш рет қазақ тіліндегі фразеологияларды жинап, фразеологиялық сөздік құрастырған – І. Кеңесбаев. Ғалым: «Фразеологизмдердің құрылым жағынан қалыптасып, компоненттерінің тіркесу амалдарында бір заңдылық бар. Өмір талабынан туған фразеологизмдер талай дәуірдің елегінен өтіп, құрамы, жасалу тәсілі жағынан, мағынасы жағынан бір жүйеге түскен», – дейді [1, 601]. Соматизмдер лексиканың ертедегі көне қабаты ретінде фразеологиялық тіркестердің құрамды компоненті болып табылады. Бүгінгі күнге дейін адамның дене мүшелері ұйытқы болған соматикалық фразеологиялық тіркестер

жан-жақты қарастырылды, сараланды әлі де зерттелініп жүр. Десек те, соматикалық фразеологизмдерге қатысты кейбір мәселелер өз шешімін әлі де таппағаны белгілі. Осындай өзекті тақырыптардың бірі – ішкі ағзалар ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдер. Дене мүше атаулары (анатомиялық атаулар) ауыспалы мағынада қолдана отырып, адамдар өз ойлары, пікірлері мен сезімдерін толығырақ жеткізе алады, сол себепті де анатомиялық атаулар заманауи лингвистиканың аса маңызды зерттеу нысандарының біріне айналып отыр. XX-XXI ғғ. антропологиялық факторға қызығушылық артқанын да атап өткен жөн. Сондықтан да дене мүше атаулары негізінде туындаған бірліктер кенінен әрі жан-жақты талдауды қажет етіп отыр. Әр кезде де анатомиялық атаулардың маңызы зор және арта түспек.

Қазіргі қазақ фразеологизмдерін зерттеу І. Кеңесбаев көрсеткен барлық бағытта жүріп жатыр. Олар мынадай бағыттар: фразеологизмдердің басқа құбылыстардан айырмашылығы, фразеологиялық мағынаның қалыптасуы, олардың ішкі құрылымы, фразеологизм және синонимия, фразеологизмнің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдерді жеке автордың қолдануы және фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы, фразеологизмдердің варианттылығы және т.б. [1, 107].

А. Т. Қайдаров, Р. Е. Жайсақова секілді тілтанушылар қазіргі қазақ тілінің фразеологизмдерін пәндік-тақырыптық тұрғыда классификациялауда соматикалық фразеологиялық бірліктер (СФБ) тобын ерекше бөліп қарастырады. Мұндай топтастыруды фразеология саласын жан-жақты зерттеп жүрген Р. А. Авакованың [2, 29-35] еңбектерінен де байқауға болады. Зерттеуші фраземалардың ішкі формаларының туындау көздеріне шартты түрде төмендегідей топтастырулар жасайды:

- адамның анатомиялық атаулары (соматизмдер) мен қимыл қозғалыстарына байланысты туған соматикалық фразеологизмдер;
- жануарлар әлеміне қатысты пайда болған фраземалар – зооморфтық фразеологизмдер немесе бұл ұғымды ғылымда анималистік фраземалар деген атпен қолданылып жүр;
- өсімдіктер (флора) әлеміне қатысты фразеологизмдер – фитонимдік тұрақты тіркестер;
- табиғат құбылыстарына байланысты туындаған фразеологизмдер;
- өлшем бірліктерді (метеорология) білдіретін мезуративті тұрақты тіркестер;

- сандық (нумеративтік) фраземалар;
- түр-түстік және сындық мәнді символдық фразеологизмдер;
- алғыс және қарғыс мәнді фраземалар;
- мифтік және діни фраземалар;
- тарихи кезендермен және тұлғалармен байланысты туған фраземалар;
- сәлемдесу және қоштасу мағынасын білдіретін фразеологизмдер.

Жоғарыда аталған топтардың ішінде фразеологиялық қордың басым бөлігін құрайтын ең көп тараған компонент – соматизмдер болып табылады. Көптеген зерттеушілер мен лексикографтардың пікірінше, анатомиялық атаулар мен дене мүшелері ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдер кез келген халық тілінің фразеологиялық қорының 30 %-ын құрайды. Дене мүше атауларына қатысты көптеген лингвистикалық еңбектер бар. Сол еңбектердің анатомиялық атауларды қай жағынан қарастырылғанына келер болсақ, анатомиялық атаулар көптеген ғылыми мақала, зерттеу жұмыстарында жан-жақты зерттелгеніне, ғалымдардың түрлі қырынан қарастырғанына көз жеткіземіз.

К. Жидебаев «Анатомические названия в казахском языке» (1977 ж.) атты кандидаттық диссертациялық жұмысында алғаш рет қазақ тіліндегі дене мүше атауларын басқа түркі тектес тілдермен салыстырмалы тұрғыда тарихи-этимологиялық және семантикалық талдау жасап, олардың мән-мағынасын, құрылым-құрылысын, шығу төркініне қалам тартқан. Сонымен қатар, кейбір дене мүше атауларының тиянақты сөз тіркестер жасаудағы қызметін де сөз қылған. Сөзіміз дәлелді болу үшін автордың төмендегідей пікірін келтірейік: «...И, наконец, изучая лексику, в данном случае названия частей тела, нельзя не обратить внимания на то, что последние легко и широко образуют устойчивые словосочетания и выступают как опорный компонент идиом и фразеологических сочетаний» [3, 7].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері» еңбегінде жарияланған Ә. Болғанбаевтың «Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер» атты мақаласында дене мүше атауларының ұйытқы болуымен жасалған фразеологизмдер сипатталған. Мақалада қазақ тіліндегі анатомиялық атаулардың фразеологизмдер жасаудағы өнімділігі, тілімізде дене мүше атаулары негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестердің көл-көсір байлығы және олардың құрылым-құрылысының соншалықты күрделілігі сөз болған. Ә. Болғанбаевтың пікірінше, «Анатомиялық атаулар негізгі

сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы туынды сөз жасауға сонша бейімдігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі» [4, 87]. Н. М. Қоқышева «Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүше атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер» диссертациясында дене мүше атаулары қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялардың негізі ретінде жұмсалатындығын атап өткен. Автор еңбегінде дене мүше атауларын сөз тудыру қабілеті бойынша іріктеді. «Жиналған тілдік материалдар ішінен дене мүше атауларын білдіретінең құнарлы деген жиырма төрт атау іріктеп алынды. Атап айтқанда, олардың қатарынан бас, кеуде, қол, табан, қарын, іш, арқа, аяқ, бел, жүрек, бет, бауыр, көкірек, төс, кіндік, иық, ауыз, тіл, тізе, мойын, мұрын, көз, тіс, құлақ атаулары енді. Ал өкпе, ерін, қабақ, өкше, маңдай, шеке, төбе, самай, таңдай, кірпік, көмей және т.б. дене мүше атаулары тілімізде жиі қолданылғанымен, сөз тудыру мүмкіншіліктері жоғарыда аталған сөздерден төмен» [5, 53]. Қазақ тіл білімінде фразеологияның алатын орны ерекше. Оған дәлел – соңғы кезде жарық көріп жатқан зерттеу еңбектері мен ғылыми диссертациялардың қорғалу санының жиілігі. Осы зерттеулер тек қазақ тілінің фразеологиялық қорымен ғана шектелмейді, олардың санын Қазақстанда тұратын жеке халықтар тілдерінің материалы негізінде жасалған зерттеулер толықтырса, қазақ тілінің туыстас түркі тілдерімен салыстыра, туыс емес тілдермен салғастыра зерттеген диссертациялық еңбектер бір төбе. Соның ішінде фразеологизмдердің тақырыптық топтарының ішіндегі ең көп таралған соматикалық фразеологизмдерді жан-жақты салыстыра, салғастыра зерттеген еңбектер де жеткілікті.

XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді теориялық жағынан зерттеу ісі белең алды. Бұл мәселемен түбегейлі шұғылданып, фразеологизмдерге арнайы зерттеу жүргізген, қазақ фразеологизмдерін теориялық тұрғыдан зерттеп және арнайы лексикографиялық еңбектерді басып шығаруға ат салысқан атақты ғалым, академик І. Кеңесбаев екені белгілі. Түркі тілдес халықтардың ішінде алғашқы фразеологияның іргетасын қалаған еңбекті академик І. Кеңесбаев 1977 жылы басып шығарды. XX ғасырдың орта шенінде Қазақстан топырағында І. Кеңесбаев мектебі мен оның шәкірттері тұсында дүниеге келген фразеология саласының басты мәселелері бүгінгі таңда оның нысаны, материалдары, қолдану аясы мен функциясы тұрғысынан әртүрлі аспектіде зерттелініп жүр. І. Кеңесбаев былай дейді: «Фразеологизм

сөйлеу процесінде, демек сөйлем ішінде құлпырып кететіні белгілі. Ал тұтас сөйлемнің бөлшегі ретінде кездесетін фразеологиялық бірліктер өзін қоршап тұрған еркін тіркеске тұрғыласып, мағына жағынан да, синтаксистік байланыс жағынан да жымдасып жатады» [1, 149].

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді арнайы, теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеу ХХ ғасырдың ортасынан бастап, бүгінге дейін толастамай келеді. Осы уақыттағы фразеологизмдерге қатысты зерттеулерді төрт кезеңге бөліп қарауға болады:

ХХ ғасырдың 40-50-жылдары – қазақ фразеологиясын теориялық тұрғыдан зерттеудің алғашқы кезеңі болып табылады. Алғашқы кезеңде ұлттық тіл білімін қалыптастырудағы аса көрнекті тілші ғалымдардың дені фразеологияның теориялық жағынан зерттеуге назар аударған болатын. К. Аханов, Р. Сәрсенбаев, І. Кеңесбаев, С. Аманжолов және т.б. ғалымдар осы салада фразеологизмдердің теориялық-практикалық мәселелері бойынша алғаш тұжырым жасаушылар болды.

ХХ ғасырдың 60-70-жылдары – қазақ фразеологизмдерін жіктеу, жеке авторлар еңбектеріндегі фразеологизмдердің қолданылу жайы сөз болды. Қазақ фразеологизмдерін зерттеудің екінші кезеңінің 60-жылдары фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер бір ме, оларға не жатады деген сауалға көңіл бөлінді. Р. Сәрсенбаевтың «Қазақ мақал – мәтелдерінің лексика – стилистикалық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясында, С. Исаевтың «Қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестерінің бір типі жөнінде» мақаласында осы мәселеге мән берілді, сөз топтарына жүйеленді, сөйлемде беретін мағынасына қарай топтастырылды. Осы кезеңнің жемісі ретінде І. Кеңесбаевтың көп жылдық еңбегінің нәтижесі ретінде он мыңнан аса фразеологизмдерді қамтыған «Қазақ тілінің фразеологизмдер сөздігі» жарық көрді.

ХХ ғасырдың 80-жылдары – фразеологизмдерді жан-жақты зерттеу кезеңі. Үшінші кезең фразеологизмдерді жан-жақты зерттеуге бағытталады. Қазақ фразеологизмдерін өзге тілдердегі тұрақты тіркестермен салыстыра зерттеу, аударма мәселесі жайында кандидаттық диссертациялар қорғалды. Ж. Қонақбаева антоним фразеологизмдерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде салыстыра зерттесе, Д. Алтайбаева фразеологизмдердің аудармадағы берілу жолдарына (калька, дәл баламасымен берілуі) назар аударды. Үшінші кезеңде қазақ-орыс фразеологизмдерін салыстыра зерттеу нәтижесінде «Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік» жасалды.

XX ғасырдың соңғы он жылы (1990-2000 жж.) – фразеологизмдердің этнолингвистика, этномәдени тұрғыдан зерттелу және салғастырмалы фразеологияға мән берілген кезең. Қазақ фразеологизмдерін зерттеудің төртінші кезеңі 90-жылдардан басталып бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл салада төртінші кезеңде көп ізденістер мен жан-жақты талдау жүзеге асты [6, 187-188].

С. Сәтенова қазақ тілінде мал шаруашылығына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестердің табиғатын зерттесе, Ш. Сеитова өсімдікке байланысты тұрақты тіркестерге этнолингвистикалық сипаттама берген, Қ. Фабитханұлы наным-сенімге байланысты тұрақты тіркестерге талдау жасаса, б. Уызбаева соматикалық етістікті фразеологизмдерді зерттеді. Уызбаева Баян Кәменқызы өзінің 1994 жылғы «Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты» атты диссертациялық еңбегінде соматикалық етістікті фразеологизмдерді этнолингвистикалық жағынан зерттеп, соматикалық бірліктердің 500-дейі айқындалып, соның ішіндегі, ең негізгілеріне жататын, ең жиі қолданылатын 83 (оның ішінде ішкі ағзалардан: бүйрек, жұлын, жүрек, өкпе, өңеш, ішек, қабырға, жауырын, кеңірдек, тамыр) соматизмнен туындаған 1000 СЕФ-ге талдау жасаған. Олар атқаратын функционалдық қызметіне, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай топтастырылады. СЕФ-дің материалдық мазмұны, тілдік табиғаты, пайда болу жолы, қалыптасу тәсілдері этнолингвистикалық тұрғыда, халықтың өзіндік дүниетанымы, рухани өмірі негізінде сипатталып өткен. Салғастырмалы-типологиялық тұрғыдан фразеологизмдердің зерттелуін тіл теориясын дамытудағы осы салаға қосылған үлес деп бағалауға болады [7, 16]. А. Б. Нұржанова «Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды» (2010 ж.) атты диссертациялық еңбегінде қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдерді «тіл және адам» проблематикасы тұрғысынан өзектей отырып, олардың мазмұн межесін қазақ этносының дүние бейнесінде бекіген әлем туралы білімінің, өмірлік іс-тәжірибесінің соматикалық коды тұрғысынан зерттеп, «қарабайыр» санада орын тепкен «адам және оның дене мүшелері» туралы көне ұғым-түсініктердің тілдік көрінісін айқындаған [8, 20].

Соматикалық фразеологизмдерді кез келген ұлттың фразеологиялық қорынан көптеп кездестіруге болады. Фразеологизмдердің тақырыптық тұрғыдағы жіктемесі бойынша құрамында дене мүше атаулары бар фразеологизмдер аса маңызға ие. Мұны біз төмендегі нақты мәліметтен байқай аламыз: көптеген зерттеушілер мен лексикографтардың

пікірінше, кез келген тілдің фразеологиялық қорының 30 % соматикалық тұрақты тіркестер кұрайды екен. І. Кеңесбаев сөздігінде 630-дан аса соматикалық фраземалар тіркелген. Ә. Болғанбаевтың деректеріне сүйенсек, қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде 34 ішкі ағзаның қатысуымен 789 соматикалық фразеологиялық бірлік тіркелген [4]. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Д. Сүлейменованың жетекшілігімен Н. Г. Карменовтің «Дене мүше атаулары: қысқаша қазақша-арабша, арабша-қазақша сөздігі» жарық көрді. Аталған сөздікте автор қазақ және араб тілдеріндегі соматизмдердің лексика-семантикалық өрісін салғастыра зерттеу нәтижесінде 200-ге жуық лексикалық бірліктерді қамтыған. Осы сөздіктің «Ішкі мүшелер» деген тараушасында жалпы саны 24 ішкі ағза 2 тілдегі аудармасымен берілген. Оларға автор төмендегідей ағзаларды жатқызады: ми, мишық, көктамыр (вена), күретамыр (артерия), қалқанша безі, кеңірдек, өңеш, қолқа иіні, бронх, жүрек, өкпе, көкет, бауыр, өт, көкбауыр, (талақ), асқазан (қарын), ұйқы безі, бүйрек, тоқ ішек, аш ішек, соқыр ішек (бүйен), соқыр ішек өсіндісі, тік ішек, қуық [9, 11-15].

Қорытындылар болсақ, зерттеу барысында қазақ тіл білімінің лексикология және фразеология салалары бойынша тұжырымдар жасалып, фразеология саласының дамып, жеке ғылым ретінде қалыптасуына үлес қосқан І. Кеңесбаев, М. М. Копыленко, Ә. Болғанбаев, Ф. Қалиев, Ә. Қайдаров, Г. Смағұлова, Р. Авакова сынды ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : Арыс, 2007. – 800 б.
- 2 Смағұлова Г. Н. Соматикалық атаулар // Қазақ тілі мен әдебиеті № 3. – 1993. – б. 25-29.
- 3 Жидебаев К. Анатомические названия в казахском языке. Автореферат канд. дисс. на соиск. уч. степ. к. ф. н. – Алматы, 1977.
- 4 Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер. Кітапта: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 87 б.
- 5 Қоқышева Н. М. Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүше атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер. Филол. ғылымд. канд. дәрежесін алу үшін дайынд. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2001. – 28 б.
- 6 Болғанбаев Ә., Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2001. – 284 б.

7 Уызбаева Б. К. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғылымд. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 1994. – 28 б.

8 Нұржанова А. Б. Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды. Филол. ғылымд. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған канд. дисс. авторефераты. – Астана, 2010. – 30 б.

9 Карменов Н. Г. Дәне мүше атаулары: қысқаша қазақша-арабша, арабша-қазақша сөздігі. Филол. ғылымд. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2006. – 28 б.

10 Жалпы және салғастырмалы фразеологияның өзекті мәселелері. – Алматы : Альянс-2, 2003. – 165 б.

ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙДЫҢ КЕЙІПКЕР ПСИХОЛОГИЯСЫН АШУДАҒЫ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕРІ

МУХИТОВА Л.

студент, ПМПИ, Павлодар қ.

ОРАЗХАНОВА М. И.

ф.ғ.к., доцент, Павлодар қ.

Психологизм шығармадағы кейіпкер ойы мен іс-әрекеті, ішкі сезімдері мен тартыстарынан тұратын тұтас бір жүйе болып табылады. Ұлы жазушы М. Әуезов: «...Психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ жолы» – деген болатын [1, 129].

Қазақ әдебиетінде бұл жүйені бұзбай бір қалыпта сақтаушылардың бірі – Тұрсын Жұртбай десек, қателеспейміз. Жазушы шығармаларының бір өзгешелігі – кейіпкерлердің бойынан кездесетін шынайылық пен оқырманды баурап алатын реалистік образдың болуы. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін жазушы адам психологиясын жетік меңгеріп, ішкі жан дүниесіне толыққанды зерттеу жүргізуі тиіс. Айтылған тұжырымға сәйкес келетін жазушы өз шығармаларындағы кейіпкерлермен тығыз байланыста болады. Тұрсын Жұртбайдың еңбектерінен де осы ұстанымды анық байқауға болады. Жазушының әңгімелері мен роман, хикаяттарында жиі кездесетін кейіпкерлер психологиясын барынша ашық көрсете білген тұстарда қаламгердің олармен тығыз байланыста екенін көре аламыз. Оның шығармаларындағы кейіпкерлер ағынан

жарылып, шынайы адал сезімдерін оқырман қауымға арнайды. Тұрсын Жұртбай шығармаларының басты ерекшелігі де осында болуы керек. Оның «Қалампыр», «Аэродром», «Болашақтың бейтерегі», «Бір уыс жусан», «Түйешінің қызы», т.б. әңгімелері мен романдары кейіпкер психологиясы мен оның шығармадағы алатын орнын, өмірге деген көзқарасы мен өзіндік ерекшелігін өте шебер суреттейді. Жазушының әрбір шығармасындағы кейіпкердің белгілі бір жағдайды бастан кешіргеннен кейінгі қалпы оны үлкен тұлға бейнесіне айналу кезеңдерін оқырман назарына ұсынады. Кейіпкердің бұлайша дамуы көркемдік бейнелеу құралдары арқылы ғана айқындалады. Мұндай бейнелеу құралдарына монолог, ішкі монолог, кейіпкер ойы, түс пен сандырақ, қиял және еске алу, т.б. жатады. Аталған категориялар әдебиеттану саласында көркемдік құрал, ал психология саласында адамның жан дүниесін зерттейтін арнайы категориялар қатарына енеді. Сол себепті шығармаларда кездесетін реализм мен өмір шындығының әлемі психология саласымен тығыз байланыста болады.

Психологизм шығармада кейіпкерлердің монолог, диалог, ішкі монолог, түс, хат, іс-әрекет пен ішкі сезімдерді арқылы беріледі.

Психологиялық талдаудағы көркемдік тәсілдің бірі – хат. Бұл тәсіл шығармаларда көбіне мотив ретінде кездеседі. Алайда кейбір жазушылар «хат» мотивін басқа қырынан көрсетуге тырысады. Қаламгер Тұрсын Жұртбай «Түйешінің қызы» атты әңгімесінде осындай бір тәсілді пайдаланады:

«...Мынау менің күнделігім, сен туралы күнделігім...Өзім болмасам да, сен туралы барлық сезімім төгілген дәптер сенімен бірге жасасын. Пәк махаббатымның белгісін білдірсін...Сен мені түсінесің бе? Қашан? Каникулға келген сайын бір жылы лебіңді күтем...Қанша жыл? Көз жасы тасты да ерітеді дейді. Қашан ерисің, қашан? Қашан?...» [2, 14] – деп, Қаршыға қыздың Жарасқа жазған хаты арқылы кейіпкердің бар толғанысы мен тебіренісін айқара ашып береді. Шығармадағы басты кейіпкерлер Қаршыға мен Жарастың арасындағы сезімнің барлығы дерлік олардың хаттары арқылы білдіріледі: Жарастың Фатимаға жазған хаты, Қаршығаның Жарасқа жазған хаты.

«Көз алдым тұманданып, кірпігіме жас іркілді. Қалың дәптердің тысын сипалай бердім. Іші-бауырым егіліп, жан дүниемнің ең асыл бөлшегінен, қимас бейнеден, күні кеше ғана еркін ойнап-күлген, бейуаз, мүбәрак сезімнің ғайыпқа айналып, мәңгілік қош айтысқанын білдім...– «Түйешінің қызы-ау», мен де сені сүйетін

едім ғой, – деймін қыстырылып, – «Түйешінің қызы-ау», сүйетін ем ғой, сені де». Іштей булығы өз деміме тұншықтым. Махаббат деген осы ма. Қалай аңғармадым...» [2, 16], – деп, өзегін өкініш өртеген жанның бейнесін барынша әсерлі суреттеген бұл тұста хат жазу тәсілімен бірге монолог та орын алған.

Жазушының «Қар астындағы көбелек» роман-хикаятының «Күн – өмірдің жанары» атты үшінші бөлімінде Қанаттын досына жазған хаты кейіпкердің ішкі монологімен қатар келеді: «Жандүниенді билеген, он сегіз жыл бойы жүрегінді дірілдеткен тебіреніспен қоштасу қандай қиын, ішім езіліп кетеді. Саған шынымды айтып жазсам сергітінімді, мен үшін біреу емес сен ұшатындай толқитынымды білдім. Өмірдегі ең ауыры – белгісіздік те, ең бастысы – өз орнынды дұрыс таңдап, нақты мақсат қою екен. Сен ол жолда қателеспегеніңді білемін, бірақ өмірі түс көргендей болма, сергі, өзіңе сырттан қара және қатал да әділ бағала» [3, 190]. Кейіпкердің сол сәтте бойына жиналған өкініш, сағыну, қуаныш сынды эмоциялары бір абзац арқылы ғана шебер суреттеледі.

Жазушының шығармаларында хат жазу көркемдік тәсілі жиі қолданылады. Оған тағы бір мысал, жоғарыда аталған шығармада кездесетін хаттан алынған үзінді:

«Бауырым-ау, ана көзі жаутандаған қарындасына шешемізді жоқтатпа, жалтақкөз етпе. Біз ғой, есейдік, еркеледік. Ол не көрді? Ана сүті ернінен кеппей, боздап қалды. Соны аяла, ұқтың ба. Қабағы түйілмесін. Саған да қиын-ау, қайтейін...Әттең, үшәуіміздің басымыз қосылып, бірге тұрсақ, ешкімнен кем болмас едік-ау... Сағындырмай, жанарын жаудыратпай барып тұр. Оның сенен басқа сәңері жоқ, түсіндің бе? Киімін реттеп, жуындырып бер... Сағындым, өздеріңді...» [3, 117].

Осындай тәсілдер арқылы Тұрсын Жұртбай психологизмді ұтымды пайдалана білді.

Әдебиеттану саласында ерекше мәнге ие «хат жазу» көркемдік тәсілі психологияда да осындай маңызды орын алады. Мәселен, өз сезімдерін ашық білдіре алмайтын немесе сөйлеу жағынан қиындыққа тап болған адамдарға психолог мамандар хат жазу арқылы өз ойын ашық жеткізуге ұсыныс жасайды. Осындай әрекет арқылы адам іштегі сезімдерін қағаз бетіне түсіріп, қалауын өзгеге жеткізеді. Сол сияқты әдеби көркем шығармада да хат жаздыру арқылы қаламгер оқырман қауымға кейіпкердің психологиясын түсінуге мүмкіндік береді.

Психологиялық талдаудағы көркемдік тәсілдің тағы бір түрі – түс. Түс көркемдік тәсілінің де әдебиет саласында мотив түрі бар. Тұрсын Жұртбайдың «Жер-бесік» романында осы бір көркемдік әдіс шебер пайдаланылған деуге болады: «Түсінде Зарқұм ақ бұғы жеккен, ақ тонды шана-көшті көрді. Қуана алдынан шығып, айғай салды. Мұны көрмеді ме, әлде даусын естімеді ме, дәл жанынан зулатып өте шықты. Соңынан жүгіре-жүгіре өкпесі күйіп, буын-буыны талып, омбы қарға құлап түсті. Қарға басы кептеліп қалған екен дейді. Булығып жатып оянып кетті» [4, 136]. Бұл жерде Кербаланың Рысканнан қалған ұл Зарқұмның түсі жайлы айтылады. Осы түс арқылы жазушы Зарқұмның әкесіне деген махаббаты мен адал көңілімен әкесінің сөздеріне сенген қалпын көрсетеді. Шығарманың басты кейіпкері Кербаланың осы түсті жорыған сәтінде: «...Мынау хат – олар зарыға аңсаған ақ құс қой, ақ құс! Бала қиялын қанаттандырған, сәби жүрегін жұбатқан, мұңлы ойға үйірілген әсем ертегідегі ақ көгешін, құтты құсы – осы хат емес пе?» [4, 165] деп пайымдайды. Бұл жерде екі тәсілдің қатар келген тұсы да көрінеді.

Түс көркемдік тәсілі кей жағдайда шығармада үстіртін алынады. Автор кейіпкердің көрген түсіне емес, одан алған әсеріне тоқталады. «Болашақтың бәйтерегі» әңгімесінде бас кейіпкердің кішкентай ұлы Жасұланның түс көруі де, оның қоршаған ортадан алған әсерімен байланыстырылады: «...Жасұлан мұрны пысылдай уайым-қайғысыз ұйықтады. Кенет түсінде күрсініп, өксіп қоя берді. Жүрегім інемен сұғып алғандай шаншып, тұла бойым шымырлады. Таңертең түсінде күліп еді, міне, кешкұрым өксіп жатыр. Бұл оның тұңғыш күрсінуі, өксуі. Ал алда қаншама ойын, күлкі және өксік күтіп тұр, білемісің, ұлым. Ол – сенің өмірің. Өмірге келген соң күлу де, жылау да парыз. Тек ең басты медетің – мақсатың, жан дүние тазалығы болсын. Сен – менің еккен бүрі ашылған, солқылдаған көк шыбығымсың. Ертеңімнің, болашағымның бәйтерегісің.

Түсінде мүмкін өксірсін, ал өңінде өксіме. Түс деген – алданыш, алданыш қой, қарағым, алданыш...» [2, 40]. Алынған үзінді де өз ішінде екі көркемдік тәсілді, монолог пен түсті бір жерде байланыстырады.

Келесі бір көркемдік тәсіл – еске алу, еске түсіру. Бұл тәсіл де кейіпкер психологиясынан мәлімет алуға көмек тигізуші құрал ретінде қолданылады. Жазушы «Қар астындағы көбелек» атты роман-хикаятында осындай тәсілдерді жан-жақты қолданады: «Бұл – жалбыз иісі аңқыған Қызылтасты бұлақтан су алуға келген менің

әкем, бұл – менің балалық шағымның елесі. Өне, мөлдір су аялай сипаған малта тастар мен қайнар көзден шыққан ұсақ құмдар тұма ішінде жылт-жылт етеді. Сірә, бастау тұнған қызылды-жасылды маржан болса керек...» [3, 10]. Ересек адамның жастық шағын есіне түсірген сәтіндегі сезімді оқырман қауымға жеткізу үшін адам психологиясын жете түсіну қажет. Кейіпкердің осындай жабырқау сәттердегі көңіл-күйі мен ойлары, сағынышы мен өкініші сәл де болса өз әсерін тигізбей қоймайды. Жазушы Тұрсын Жұртбайдың «Қар астындағы көбелегі» осындай эмоционалды эпизодтарға толы: «Егер жарық дүниенің жалғыз тал сәулесі өшер тұста, кешкен ғұмыр, көрген тіршілігіндегі жұбанышын не деп жанашыр жаныңның бірі сұрай қалса:

Балалығым! – дер едім» [3, 10].

Еске түсіру тәсілі көбіне сағыныш сезімін арқау етеді. Сол арқылы кейіпкердің сезімтал болмысын аңғаруға көмектеседі.

«Ойыма жаңбырлы, қара суықты қоңыр күздегі бесауат бір оқиға оралды.

Онда ел етегі толық жиналмаған... Бізден өзге жұрт ертерек камданыпты, бала-шағаларын қыстауға қоңыр күзде көшіріп апарыпты да, малшылардың өздері күркеде салт қалыпты.

Ауа райы қабағын түйісімен төсектерін қанжығаларына бөктеріп, үдере көшкен. Ал біз қайда бармақпыз? Белгісіз еді. Не арба, не көлік жоқ, жалғыз үй жұртта біз қалдық...» [3, 92]. Кейіпкердің бұл естелігі бала кезінде көрген қиыншылықтың бір айғағы. Осындай сәттерді еске түсіру арқылы жазушы шығармадағы шегіністің көмегімен кейіпкердің бүкіл өміріне шолу жасайды, оны толық тануға көмектеседі.

Жалпы мұндай көркемдік тәсілдер шығармадағы кейіпкерлердің психологиясын көрсетуге мүмкіндік беретін бірден бір маңызды әдіс болып табылады. Аталған түс көру тәсілі жазушы шығармаларында ұтымды пайдаланылуы арқылы олардың жан дүниесін, өмірге көзқарастарын анық көрсетеді. Бұл бейвербалды ишараттардың бір түрі.

Жазушы «Қар астындағы көбелек» романының кіріспесінде: «...мұнда менің жан дүниемнің барлық қасірет-мұңы, қуаныш-сүйініші, аңсары, «қар астындағы өмір» сондай бір аңғал (сентиментальді) да қарапайым (натуралистік) шындықпен қағазға түсіпті...Шығармашылық тарихы мен психологиясында сан қилы түсініп болмайтын құпиялар кездеседі» [3, 5], – деп жазады.

Қарастырылып отырған психологизмнің көркемдік тәсілдерін жазушының көптеген әңгіме хикаяттарынан аңғаруға болады. Біз қарастырып отырған «Түйешінің қызы», «Жер-бесік», «Қар астындағы көбелек» шығармаларында еске алу, түс және хат көркемдік тәсілдері қолданылады. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін суреттеу арқылы жазушы олардың ішкі жан дүниесін түсініп, оқырман қауымға шығарманың мазмұнына терең үнілуге мүмкіндік береді. Тұрсын Жұртбай шығармаларының басты ерекшелігі де осы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 М. Әуезов. Анкетаға жауап. // «Жұлдыз». 1991, № 10, –129 б.
- 2 Т. Жұртбай. Бір уыс жусан. Әңгімелер. – Алматы : «Атамұра», 2009. – 360 б.
- 3 Т. Жұртбай. Қар астындағы көбелек. Роман. Хикая. Хикаяттар. – Алматы, 2008.
4. Т. Жұртбай. Жер-бесік. Роман-новелла, повестер. – Алматы : Жалын, 1985. – 384 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҒЫЛЫМИ-ІЗДЕНУШІЛІК БАҒЫТТА ОҚИТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

МҰХТАРОВА А. А.

магистрант, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.
МҰҚАНОВА Қ. Қ.
п.ғ.к., Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту қажеттілігі туындап отыр.

Өз бетімен белсенді істер атқаратын оқушының өзіндік ізденісіне, олардың өзін-өзі танытуына, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктер жан-жақты қамтылатын оқыту технологиялары бүгінгі қоғам талап етіп отырған бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда шешуші мәнге ие бола алады. Қазіргі білім беру мекемелерінің алдында тұрған күрделі міндеттердің бірі де білімалушылардың ғылыми ойлау дәрежесін барынша шығармашылықпен, ғылыми жұмыстармен байланыстыра

отырып дамыту болып отыр. Ол әрине білім сапасымен тікелей байланысты. Білім беру жүйесінің ең басты міндеттерінің бірі – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және оның ғылыми-зерттеу даярлығын жетілдіру. Оған сабақ барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы қол жеткізуге болады. Осы талаптарға жауап беретін әдістердің бірі ретінде жобалап оқыту технологиясын атауға болады.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік сипаты оқушының даралық қабілеттерін дамыта отырып, оның жеке тұлғасын қалыптастыруға жол ашады. Түрлі жобаларды орындауы нәтижесінде оқушының «өмірлік дағдылары» жетілдіріледі.

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының ғылыми негіздерін толық меңгеру, оны сауатты қолдану қазақ тілін оқытудың сапасын да сапасын арттырады.

«Жоба әдісі» оқыту үдерісінде ХҮІІ ғасырдан бастап қолданылған. 1671 жылы Парижде алғаш рет Корольдік Сәулет Академиясы студенттер арасында ең әдемі жобаларға бәйге жариялайды. ТМД елдері тарихында С. Т. Шацкийдің, Н. К. Крупскаяның оқыту тәжірибесінде 1905 жылдан бастап қолданылған бұл әдіс кейіннен «бригадалық әдіс» деген ұғыммен ауыстырылып, қолданыстан шығып қалғанымен, соңғы жылдары оқу-ағарту саласында қайта жаңғыра бастады. АҚШ-тың, Германияның оқыту үрдісіне ертеден еніп, «әдістемелік құрал», «дидактикалық концепция» ретінде қарастырылып келді. Оның өзіне тән ерекшелігінің айқындалуы жобалау әдісінің білімалушының интеллектуалдық-әлеуметтік-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімділігін тануға мүмкіндік берді.

1965 жылдан бері қарай жобалау әдісі халықаралық деңгейде қолданыла бастады. Бұл әдіске қайта оралудың басты себебін ғалымдар «мәселені оның дамуында қарастыруға мүмкіндік беретіндігімен» байланыстырады, яғни білімалушылар нақты мәселені шешу үшін әрекет үстінде бірнеше рет теорияға үңіледі, соның нәтижесінде өз ісінің қалай орындалғанын бағалай алады, өз қолдарымен жасалған іс оларға қанағаттанарлық, өзіне сенімділік әкеледі. Ғалымдар бұл технологияның осы артықшылықтарына үлкен мән берген. В. Килпатрик жобалау әдісін «от души выполняемый замысел» деп түсінді. Оның ойынша, оқу әрекеттері оқытушының қатысуынсыз орындалуы тиіс. Сонда оқушы өз әрекетінің нәтижесін көріп, өзінің қабілетін бағалай алады деп тұжырымдайды.

Жобалай оқыту технологиясының сапалы білім берудегі тиімділігі оқушының жеке басының ізденімпаздық қабілетінің дамуымен байланысты анықталады.

Жобалай оқыту технологиясын қазақ тілін сапалы әрі тиімді оқыту жүйесі ретінде таңдап алудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Өз бетімен қазақ тілі бойынша берілетін түрлі жобаларды орындау барысында оқушы білімді өзбетімен іздену арқылы меңгереді және ол оқушының өмір бойғы білім алуы дағдыларын дамытады. Екіншіден, жоба жұмысын орындау арқылы оқушы өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды. Үшіншіден, бұл технология оқушының білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді. Төртіншіден, жобалай оқыту технологиясы шығармашылық белсенділікті тудырады. Бесіншіден, жобалау технологиясын сабақта қолданылғанда оқытушыға да, оқушыға да жауапкершілік жүктейді әрі өзіне деген сенімділігін арттырады. Алтыншыдан, жобалау технологиясы оқытушыға да, оқушыға да жұмысына, ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін ұялатады.

Жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін ғылыми-ізденушілік бағытта оқытудың ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол оқушының қызығушылығын тудыруы қажет; оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалай оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы мүмкін. Осындай жұмыс тобын құру тілдік тұлғаның шығармашылық белсенділігін тудыруға және топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Жобалап оқыту әдісі оқушылардың ойлау қабілеттерін белсендіруге жеке тұлғаның өзін-өзі шығармашылық тұрғыда жетілдіруге, алған білімдерін іс-тәжірибеде, өмірде қолдана білуге бағытталған. Кез келген жоба нақты бір мәселенің шешімін оқушының өз бетімен шешуіне негізделген іс-әрекеттер жүйесі. Сондай-ақ, жобалап оқыту әдісі арқылы оқушылардың сөйлеу тілін, көркем сөйлеу мәдениетін

жетілдіруге, көркем ойлауын дамытуға болады. Оқушылар жоба жұмысын орындау кезінде зерттеуші, тілші, жобалаушы, құрастырушы т.б. сияқты кәсіп иелерінің тәжірибесін игеруге мүмкіндік алады.

Жобалап оқыту әдісінің болжамы:

- зерттеу нәтижесі арқылы шешімін табуға негізделген мәселенің болуы;

- күтілетін нәтиженің практикалық, теориялық, танымдық маңызы;

- оқушылардың өзіндік іс-әрекеті;

- жобаның ең маңызды тұстарын көрсете білу;

- қорытынды жасау.

Жобалап оқыту әдісінің тиімді іске асырылуы үшін мұғалім:

- зерттеушілік, ізденушілік әдістерді жақсы меңгерген болу керек, оқушылардың зертеу жұмыстарын жақсы ұйымдастыра білу керек;

- оқушыларды қойылған мәселенің дұрыс шешімін табуға бағыттап білу керек;

- таңдап алынған жоба тақырыбы бойынша әр сала білімін ықпалдастыра білу керек.

Жобалап оқыту әдісімен жұмыс істеу барысында әрбір оқушы:

- білімді өз ізденісі нәтижесінде игеріп, игерген білімді жаңа танымдық, тәжірибелік міндеттерді шешуде қолдана алуға үйренеді;

- дұрыс, әрі еркін сөйлеу шеберлігі мен дағдысы қалыптасады;

- зерттеушілік жұмыстардың практикалық тұстарын игереді, қажетті ақпараттар жинайды, фактілерді талдауға үйренеді, қорытынды шығарады

Қорытындылай айтқанда, жобалап оқыту әдісінде оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулып, олардың танымдық әлеуетін көтеруге, лингвисттанымдық мәдениетін қалыптастыруға, теориялық тұжырымдар мен қағидаларды орынды қолдана алу дағдыларын дамытуға, өздігінен білім жетілдіру тәжірибесі бар, шығармашылық белсенділігі жоғары жеке тұлға қалыптастыруға басымдылық береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Полат Е. С. Метод проектов: история и теория вопроса // Школьные технологии. – 2006. – № 6. – С. 43-46.

2 Солопова Н. Шельпова Н. Проектная методика в профильном обучении. // Школьные технологии. – 2005. № 3. – С. 120-125.

3 Байсалбаева М. Жобалау технологиясы бойынша оқушылармен жұмысты ұйымдастыру тәжірибесінен. / Қазақ тілі: әдістеме. 2011. – № 2. – 25 б.

4 Сатбекова А. А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (гуманитарлық бөлім) Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты Қазақстан Республикасы Алматы, 2009.

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

НУРТАЕВА Н. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Мемлекеттік тілде оқытатын дарынды балаларға арналған «Зерде» мамандандырылған ЖББМ, Екібастұз қ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. 76-қадам. 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әр түрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыстану ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география).

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруға арналған оқығанын пайдалану бағаланады [1, 3 б.].

Орта білім беру мақсаты – алынған білімді оқу және өмірлік жағдаяттарда қолдана білуге дағдыландыру. Ұлттық жоспардың мақсаты – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін жағдай жасау. Ол үшін оқушы негізгі құзіреттіліктерді меңгеру керек. Оның ішінде қарым-қатынас құзіреттілігіне тоқталамыз. Қарым-қатынас құзіреттілігі дегеніміз – алдына мақсат қойып, ауызша және жазбаша түрде сол мақсатқа жете білу, өз көзқарасын ұсынып, қорғай алу.

Алдымен оқушының жас ерекшелігіне байланысты тақырып тандап алынады. Сол тақырыпқа байланысты өз пікірін дәлелдей алу үшін ізденіске жол сілтейміз. Тілді меңгеру – өте көп уақыт, ынта-жігерді қажет ететін күрделі құбылыс. Сөзді тек тілдік бірлік ретінде қарастыруға болмайды. Оқушының ой-өрісі, санасын дамыту үшін сөзді түрлі ғылыммен байланыста қабылдауға дағдыландыруды жөн санаймыз. Оқушының қиялын ұштап, іздендірудің жолын қарастыру үшін «Ақ асыл ма?», «Қара асыл ма?» деген екі тақырыптың бірін тандауын өтіндік. Аргумент, дәйектеме, дәлелдер келтіру үшін осы мәселеге қатысты қоғамдағы құбылыс, оқиға, тіршілік жағдайы, тәжірибе, ғылыми дәлелдемені іздестіру салалары ұсынылды.

I. Тіл білімі. Лексика. Фразеологизмдер

Ақ

Оң пікір: ақ жүрек – ашық, ақ көңіл – мейірімді, ақ бата – игі тілек,

Теріс пікір: ақ сайтаны ұстау – қатты құмарланып, ессіз әрекетке бару, ақ көз – қауіп-қатерді ойламай іс-әрекет жасау, ақ сүйек жұт – ашаршылық; [2, 17 б.].

Қара

Теріс пікір: қара ниет – жаман пиғыл, қара бет – өзіне кір келтірген адам, қара басу – теріс әрекетке бару,

Оң пікір: қара шаңырақ – барлығы содан тараған, құрмет тұтанын үй; қара тану – сауат ашу, қара қылды қақ жарған – әділ, адал [2, 118 б.].

II. Жалпы мәдениет.

Ақтан жасалған тағамдар: сүт, айран, қымыз, шұбат; мидың түсі ақ.

Қара алтын – мұнай, көмір, бояу; қара шаш – жастықтың белгісі, қара топырақ, қара жерді басып жүрміз.

Барлық оқушы тапсырманы орындап болғаннан кейін әдеби мұраға назар аудартамыз. Атап айтқанда, ауыз әдебиетінде Ешнияз

бен Тыныстың сөз таластыруы және Абай мен Әбіштің әзіл әңгімесі белгілі.

Ешнияз бен Тыныс

Сыр бойындағы жыр дүлдүлдерінің бірі Ешнияздың жас кезінде шектес ауылда Тыныс деген қыздың сөз тапқырлығы, даналығы һәм оның әдептілігі, тал жібектей биязылығы, тазалығы ел ішінде аңызға айналған екен.

Ешнияз Тыныстың үйіне келіпті. Сырттай қарағанда, аяғын сылтып басатын, қара қызға көңілі толмай: –Тыныс-Тыныс! Мүсін-Мүсін! – дегенге үріп ауызға салғандай, жүзіктің көзінен өткендей, мөлдіреген жүзімдей, алқызыл нарт алмадай, көлдің көркі аққудай ай нұрлы, албыраған ару-керім екен десем, қап-қара көрім екен ғой! Қатпыш қараны оза дабыра-дақпырт еткен елде де көз қалмаған екен-ау! – дейді нығырта.

Сонда Тыныс қыз:

– О, тәуір құрбым! Қардан аппақ ешнәрсе жоқ, ұстасан, қолыңды тондырады. Қазаннан қара нәрсе жоқ, ішіндегісін ішсен, мейірінді қандырады. Қара бөрік хан басында, ақ киіз аяқ астында емес пе? Қыран құс-қырымға, күзғын құс-ырымға деген. Менің ішімнің саралығына қарамай, түсімнің қаралығына қараған сіздің көзіңіз де көз емес, ағарып кеткен боз екен! Көзі соқырдың көңілі соқыр-ғаріп, есуастан есірік-ғаріп. Сол есірік пен көңілі соқырдың иә бірі, иә «пірі» болмасаң нетті-депті [3, 63 б.].

Абай мен Әбіш

Бірде Абай әңгіме үстінде:

– Қалқам Әбіш, осы әлемдегі жаратылысты ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма? – деп сұрапты. Ол іркілместен:

Ақ зат асыл ғой, – дейді.

Неге, қара зат асыл емес пе?

Әбіш күлімдеп:

Қараны қалай асыл дейсіз? – дейді.

– Біріншіден, адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзбен көреді емес пе? дедім мен. Бірақ көздің ағы көрмейді, ортасындағы кішкене қарашығы ғана көреді. Екіншіден қағаз – ақ, одан адам оқып білім ала алмайды, үстіне қара сиямен жазғаннан өнер – білім алады. Үшіншіден, жас шақта адамның сақал – шашы қара болады. Осыған байланысты жас күнде адамда ақыл, білім, қайрат көп болады. Қартайғанда шаш-сақалы ағарады. Ал, адамда ақыл, білім, қайратта азаяды, сондықтан қараны асыл ма деп ойлаймын, – дейді әкесі.

Оның бәрін қалай білдіңіз?

Ақылмен білдім.

Олай болса ақыл мида болмай ма, ал ми ақ зат емес пе?
Екіншіден, ақыл-нұр, жарық зат. Ал жарық о да аққа ұқсамай ма?
– дейді Әбіш [4, 47 б.].

Сонымен қатар ақиық ақындарымыздың поэзиясына да бойлаймыз.

Фариза Оңғарсынова

Ақ пен қара туралы ақиқат

Ақтықтың – адалдықтың тапталды үні,
сезіндім мені ұрғандай жақтан бірі...

Ағамның болғасын ба сыйы бөтен,

сол жайды көкірегіме түйіп өтем.

Дүниеде таза, аппақ күйде қалу

асылы адамдарға қиын екен [5, 225-227 б.].

Фариза апамыз «ақ» ұғымын адалдық, көңілдің кір шалмаған таза күйі деп қабылдайды.

Қалқаман Сарин

Арманыма болмай ынтық, ынтызар,

Бәлкім, мен де білмес едім бақ құнын.

Сұлулықта шаттық үн бар, күлкі бар,

Жалғыздықта тәтті мұң бар,

Тәтті мұң!...

Қаншама рет,

Бұл өмірде өлшеулі,

Бақ пен нала,

Ақ пен қара арбасты.

Сұлулықта қоштасу бар ең соңғы,

Жалғыздықта махаббат бар алғашқы.

Бәрі өткінші,

Сезінгенің,

Сезгенің,

Тындау керек жүрек үнін, әуезін.

Сұлулықта өмірі бар өзгенің,

Жалғыздықта жалғыз жұп бар.

Ол – өзің! [6, 225-227 б.].

Ақынның өлеңіне терең үніліп, зер салсақ, ақ – сұлулық, махаббат, өзгенің өмірі, ал қара – жалғыздық, қоштасу, сен өзің.

Мұқағали Мақатаев

Жаман өлең
 Бәрібір қарауылға ілінгенсің,
 Білгіштің айтуынша «бүлінгенсің»
 Жаман өлең жазайын Петефише
 Жамандасын білгішім, күнін көрсін.
 Жаман өлең жазайын мынадай деп,
 Торы менен жиренді құладай деп.
 Айтайыншы құланды құралай деп,
 Түсінбейді теңесем Хантәңірді!
 Қағып қойсан Тянь-Шаньға сынадай деп,
 Іздестіріп жер-көктен қарайын да,
 Керемет бір теңеуді табайын да,
 Білгішіме берейін не дер екен,
 Ақ қағазға ақ бояу жағайын да.
 Көрер ме екен қайсыбір қара шаштың
 Күміс талшық тұрғанын самайында.
 Түсінер ме не екенін бақ пен нала
 Боя дейді жалғанды ақпен ғана.
 Сезер ме екен білгішім, қайдам, қайдам,
 Тұратынын алмасып ақ пен қара [7, 25 б.] – деп, екеуі алмасып
 отырады деген қорытынды жасайды.

Қорыта айтарымыз, ұсынылған жұмыс тәсілі арқылы оқушылар бұрыннан белгілі білімді ой елегінен өткізіп, керегін жаңа жағдайда өз мақсатына пайдаланып, бар білімі мен мүмкіндіктерін жағдаятқа байланысты қолдана алуға икемделеді. Ал оқу сауаттылығында өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруға арналған оқығанын пайдалану бағаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана : БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 257 б.

2 Кожухметова Х. К., Жайсақова Р. Е., Кожухметова Ш. О. Казахско-русский фразеологический словарь. – Алма-Ата : Мектеп, 1988. – 224 с.

3 «Сөз тапқанға қолқа жоқ». – А. : «Жазушы», 1988.

4 «Шешендік шиырлары». – А. : «Қайнар», 1993.

5 Оңғарсынова Ф. Өлеңдер, дастандар. III том. – Астана : Елорда, 2004. – 256 б.

6 akikat. kazgazeta. kz/?p=7277&сpage=1
7 Мақатаев Мұқағали. Аманат: Жыр жинағы. Құраст. А. Алтай.
– Алматы : Атамұра, 2002. – 304 б.

ТІЛ ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАТЫ

НҰРЛАНҚЫЗЫ Т.

магистрант, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Қазақ халқы тарихының күрделі асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Алаш идеясы қазақтың мемлекеттік, елдің тұтастық идеясы болатын. Қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған Алаш қозғалысының тарихы мен тағылымының маңызы уақыт өткен сайын артпаса кемімері сөзсіз.

Алаш қайраткерлері туған халқының көзін ашып, ұлттық рухын оятып, білім нәрімен сусындатып, бірте-бірте тәуелсіз ел болуға жеткізудің қиын да болса, ең сенімді жолын тандап алды. Саяси тәуелсіздікке қол жеткізу рухани еркіндікті орнатудан, сауаттанудан, күшті саяси күштерді ұйымдастырудан басталатындығын зиялылар анық түсінді. Алаш қайраткерлері ұлтты ұлт ететін қадау қадау істерді бастағаны, жолға салғаны белгілі. Сол зиялы қауым көтерген іргелі мәселенің бірі – тіл мәселесі. Кез келген халық әлеуметтік кеңістіктегі даму барысында тек қана өзінің тілін, немесе ділін ғана емес, солар арқылы жалпы рухани және саяси болмысын да қалыптастыратыны белгілі. Қазақтың өзіндік тілі жазба мәдениетінің жетекші құралына айналу қажеттілігін қазақ зиялылары жақсы түсінді. Алаш зиялылары Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы тағы да басқалар бастаған рухани мәселелер бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр. Солардың ішіндегі ең негізгісі – қазақ тілінің мәселесі болатын. Олар ең алдымен, қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті ұлттың көзі, құлағы мен тіліне айналды.

Алаш қайраткерлерінің ұлттық сананы оятудағы ролі орасан зор болды. Олардың өткен ғасырдың басында тіл туралы айтылған ой-пікірлерінің ХХІ ғасырдың басында өмір сүріп отырған біздер үшін де өзекті болып отырғаны белгілі. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған

қоғам тіл саласында әлі де Алаш зиялылары көтерген мәселелер деңгейінен көтеріле алмай отырғанын мойындауымыз керек.

Алаш қайраткерлерінің, қазақ қаламгерлерінің пікірлерін басшылыққа ала отырып атқарар жұмыстар бүгінгі ұрпақ алдында ұшан теңіз. Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең, бұл – күйініш» [1] деген еді. Еліміздегі тіл саясатына қатысты айқын мақсатты жүзеге асыру үшін баршамыз, бүкіл зиялы қауым, ел болып, әсіресе біздер жастар қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін, яғни еліміздегі басымдығын үнемі насихаттап жүруіміз қажет.

Қазақ баласының басқа елдің тілінде білім алуы деген сөз оның басқа елдің тәрбиесін, салт дәстүрін бойына сіңіруі болып шығады. Осыны Алаш зиялылары бұдан бір ғасыр бұрын ұғынып, сөзбен де, іспен де шешуге тырысқан.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050 Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Рухани дамуда негізгі рөлге әрқашан интеллигенция ие...Біздің қоғамымыздың қазіргі көзқарастарының негізін дәл осы интеллигенция беруі керек. Интеллигенция қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс» [2] деп белгілеп берген басымдықтарын жастар үнемі басшылықта ұстауымыз қажет. Қазіргі зиялы қауымның алдында тұрған басты міндет-мемлекетшіл рухты қалыптастыру, оны өскелең ұрпақ бойына сіңіру. Адам бойында отаншыл рухты тәрбиелейтін – тіл тағылымы. Өз ана тілінде тәрбиеленген ұрпақ бойында ұлттық мінез қалыптасып, ұлттық тәлім-тәрбиенің көзіне айналады. Бүгінгі таңда тілдік қолданыстың басым бөлігі ақпаратпен байланысты екендігі белгілі жайт.

Мемлекеттік тілде білім берудің сапасын арттыра беру мақсатында ойлы, орайлы істерді атқаруды қолға алған абзал. Осыдан тәрбие-оқу орындарына арналған кітаптар шығару, уақыт талабына сай кинофильмдер, мультфильмдер, мультимедиалық бағдарламалар шығару мәселесі туындайды. Ең бастысы – ұлттық тіл ұлттық сананың, ұлттық намыстың жоғарылығына, оның қажеттілік деңгейіне байланысты екенін жадымыздан шығармауымыз қажет. Қазіргі таңда қазақ тілінің тағдыры қазақтың өз қолында. Тіл тағдыры көбіне-көп бұқараның белсенділігімен, биліктегі қазақ азаматтарының ұлтжандылық қасиеттерінің биіктігімен шешілетіні

де дау туғызбайды. Сондай-ақ шығармашылық қауым бүгінгі заманғы технологияларды пайдаланып, осындай қажетті өнімдер шығаруды жолға қойғаны дұрыс.

Ұлт жанашырларының сөзінде ел болып қалыптасу мен тәуелсіздіктің баяндылығы да тілмен байланысты екендігі ескертілген. Біздің уақыт үшін бұл пікірлердің бағалылығы да осында. Бұл үрдіс сонау Алаш қозғалысы дәуірінде басталған аманат күресі, тәуелсіздігімізді тұғырлы етеміз десек, оны орындауға міндеттіміз. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі Елбасымыз атап айтқандай, «барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы» екендігін әрқашан есте сақтауымыз керек.

Алаш қайраткерлері өз заманында сол дәуірге лайық көркем шығармалар тудырды, ақпарат құралдарын шығарды. Ал біз ғасыр жетістіктерін пайдаланып, ақпараттық технологияның қазақ тіліндегі үлгілеріне бет бұруымыз керек. Жалпы қоғамдық сананың жоғары руханилыққа, білімділікке қарай ұмтылуы, әрбір азаматтың сауатты да ақылды болуы әлеуметтік дүниедегі жетілуді, үйлесімділікті өркендете түсетініне ХХ ғасырдың басында өмір сүрген ұлт зиялылары үлкен мән берген. Алаш қайраткерлерінің өміршең идеялары, негізгі мұраттары ұлт тәуелсіздігімен байланысты екенін көреміз. Осынша этностың басын біріктіретін күш – қазақ халқы. Ал халықтың күші де, байлығы да тілде. Барлық рухани, мәдени құндылықтарды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа, ХХІ ғасырға аман алып жеткен ұлы құндылық – тіл, қасиетті қазақ тілі. Рух, сана тәуелсіздігін қалыптастыратын негіз – ана тіліміз, мемлекеттік тіліміз. Өйткені тіліміз – руханиятымыздың іргетасы, ұлттық болмысымыздың айнасы, қазақтығымыздың, Алаш ұрпағы екендігіміздің басты белгісі. Қазақ ағартушыларының аманаты ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бостандық пен тәуелсіздікті, азаттық пен дербес дамуды аңсаған ұлт рухын шыңдаумен болды.

Алаш қозғалысының тағылымы, олар жүріп өткен жол, күресі, ақын жазушыларымыздың қаламынан ғибратты ой – тәуелсіз мемлекет құрған, егемен ел болған қазақ баласының үлкеніне де, кішісіне де ғибрат болуға тиісті. Алаш зиялыларының азаттық үшін алысқан күндерінің салмағы мен бағасын ұғынған сайын біз бүгінгі тәуелсіздігіміздің мәнін сезініп, баянды болашағымыз үшін әрекет істеуге дайын бола бермекпіз. Бұл ең алдымен өскелең ұрпағымыз үшін, қазақ елінің өміршеңдігі үшін аса қажетті хәм міндетті қасиетті қадам болмақ.

Кез келген тілдің болашағы – балалардың, жас ұрпақтың қолында екені рас. Балалардың тілді білмеуі, ұмытуы – ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ең әуелі әрбір шаңырақтағы отбасы мүшелері өз ана тілінде сөйлеуі шарт.

«Жаһандану-нағыз мәдениеттің жұтандауы, һәм рухани құндылықтардың азайып кемуі. Ежелгі аңызда Вавилон мұнарасы адамзаттың астамшылығы, күпір пиғылынан салынып, сол кесірдің салдарынан құдайдың жазасы жетіп, тілдік негізді шайқап жіберген дейді. Аңыз түбі-шын. Тәңірлік асыл жаратылысымызды жоғалтып алмас үшін тілді, оның раушан тазалығын қорғау керек» [3] – деп жазады қазақтың талантты жазушы қызы Айгүл Кемелбаева өзінің «Мәжнүн жүрек» атты эсселер кітабында.

Сондықтан, қазақ тілінің тағдыры қазақтың өзінің қолында.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н. Ә. Қазақстан халқына жолдауы. 28 қаңтар 2011.
- 2 Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы.
- 3 Кемелбаева А. «Мәжнүн жүрек» Эссе сұхбат. – Алматы : Алаш, 2013.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ СЫНЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

РАХИМОВА Г. И.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАРАТОВА М. Н.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетінің көркемдік мәселелерін танып-білуде әдеби сынның өзіндік орны бар. Қазір әдеби сынға қатысты біршама еңбектер бар. Бұнда сынның тарихы ғылыми тұрғыда сараланды, жеке қаламгерлердің сыншылық қызметтері зерттелді. Сынның ғылыми, идеялық, көркемдік дәрежесін зерттеу кезінде оның ұзақ жылғы жүру барысында қалыптасқан өзіндік құрылымы, даму заңдылығы барын ұмытпау керек.

Әдебиет сыны – әдеби сын, көркем әдеби сын – әдебиеттану ғылымының бір саласы. Ол өмір шындығы мен әдеби шығармадағы көркем шындық арақатынасын саралап, көркем шығарманы әдеби тұрғыдан бағалайтын, әдеби дамудың ағымдағы мәселелерін талқылап, бағыт сілтеп отыратын әдеби-публицистикалық, ғылыми-эстетикалық шығармашылық түр. Ол – аса күрделі сала. Оның негізгі

зерттеу нысаны – көркем әдебиет, әдеби үдеріс. Сыншы белгілі бір әдеби шығарманы талдап, баға беру үшін әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерін, әдіснамасын қолданады. Әдеби сынның басты ерекшелігі, көбінесе, қазіргі әдебиеттің жай-күйін қарастыруында, әдеби мұраларды бүгінгі заман тұрғысынан пайымдауында. Ол әдебиеттің теориясы мен тарихының жеткен жетістіктеріне сүйенеді. Көркем шындыққа айналатын өмір – аса күрделі құбылыстардың біртұтас жиынтығы. Міне, сол сан қырлы өмір оқиғаларының көркем әдебиетте қалайша көрініс тапқандығын анықтап отыратын да әдебиет сыны. Ол арқылы берілген баға – сол кезеңдегі әдеби үдерістің үні. Көркем шығармашылыққа дер кезінде үн қосып, сыр-сипатын айқындайды, баға беріп, пікір білдіреді.

Әдебиет сыны көркем әдебиеттегі әр жаңалықты, оның жүрек қағысын, тамырдағы білінер-білінбес қан ағымын дер кезінде байқап сәтінде бағалап, оқырман қауымға дұрыс бағыт көрсетіп отыруға тиіс.

Сын көркем әдебиет емес. Мақсаты бөлек: әдебиеттің нысанасы – өмір, басты мұраты – өмір құбылыстарын көркемдікпен бейнелеу, осы мақсатқа көркемдік тәсілді қолдану арқылы жетеді. Сын нысанасы – әдебиет, сол арқылы өмірді зерттейді. Сын мақсаты – бүгінгі күн әдебиетінде, әдеби үдерісте болып жатқан жаңа өзгерістерді уақытында талдау. Сыншы бұл міндетті орындау үшін аналитикалық талдау әдісін қолданады. Көркем әдебиетте нысана өмір болса, сында – әдебиет. Тәсіл – әдебиетте – көркемдік жинақтау, сында – аналитикалық талдау. Бұл екеуінің екі бөлек екенін көрсетеді. Ұқсастығы: екеуінің (сын, әдебиеттану) де зерттейтін нысанасы әдебиет. Әдебиет сынның, сосын барып ғылыми зерттеулердің нысаны, сын аяқталғанда ғылым басталады. Сын алғаш әдебиет туралы пікір білдіріп, жаңалық пен олқылықты барлап, ғылымға шикізат жинайды. Сын көркем әдебиетке бағыт-бағадар беріп, жол салды. Ол әдебиеттану ғылымына қажетті деректер, материалдар, пікірлер жинап, ғылымның іргетасын қалайды. Сондықтан ол күдікке жақын. Онда артық, кем пікірлер айтыла береді. Ал ғылымда күдік болмайды, ол сында айтылған пікірлерді қорытып, тұрақты баға береді. Сын әдеби өмірдегі кей мәселені шеше алмайды, ал әдебиеттану ғылымында ол сараланып, тиісті бағаланады. Сын мен әдебиеттану бірімен бірі тығыз байланыста. Қазақ әдебиетінің даму жолдарын саралауда әдеби сын рөлінің жоғары екендігі сөзсіз. Әдебиет сыны әдебиеттің теориясы мен тарихына сүйене отырып, қазіргі кездегі әдеби

шығармаларды, әдеби үдерістерді талдайды; әдебиеттің жетістігі мен кемшіліктерін саралап, алдағы даму жолын нұсқайды. Ол – ғылыми көркемдік ойлаудың нәтижесі, ал әдебиеттану – ғылыми ойлау жүйесінің нәтижесі. Сын – табиғаты жағынан бір-біріне қарама-қарсы екі ойлау жүйесінің тұтастығы. Ғылыми стильмен жазылған сынның аудиториясы тарыла береді, ал сыни мақаланың тілі ғылыми стиль мен көркем стиль. Сондықтан оның сипаты – ғылымилық. Эстетикалық талдау – әдеби сынның өскенінің белгісі. Ғ. Мүсірепов: «Ғылыми сын тексеру – зерттеу арқылы әдебиетті ылғи алға сүйреп отырады. Әдебиет пен жазушының алдына жарығын түсіріп, бастап отыратын сын», – деген екен [1]. Сынның табиғи қасиеті баспасөзбен тығыз байланыстылығында, дамуы да осыған тәуелді. Баспасөз-сынның өмір сүру формасы, даму арнасы. Ғалым В. Дементьев «біздің сынымыз қозғалмалы публицистика болуы тиіс», – деп атап көрсеткен [2].

Ал А. Байтұрсынов көркем әдебиеттегі әлеуметтік мәселелердің ауыр салмағын оқырмандарға жеткізіп, рухани игілікке айналдыруда сыншылардың міндеті күрделі әрі жауапты екендігін айқындаған [3]. Сынның мақсаты – әдеби өмірде болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде бағалап, оқырманға түсіндіру, көркем шығарманы талдау, бағалау. Оның түрі: жазушы сыны, сыншы сыны, оқырман сыны.

Әдебиет сыны әрқашан дәл өз тұсындағы әдебиеттің тірі үдерісіне белсене араласып, нақты әдеби туындыны жан-жақты талдау, оның идеялық-көркемдік құнын белгілеу, өз кезінің эстетикасы үшін мәні мен маңызын анықтау арқылы, бір жағынан, жазушыға жазғандарының бағалы қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетіп, оның шығармашылық өсуіне тікелей қолғабыс жасаса, екінші жағынан оқырманды оқығандарының байыбына барып, оны жете түсініп, дұрыс бағалауға баулиды. Бұл ретте, сыншыны жазушы мен оқырманның екеуіне ортақ – ара дәнекер десе де болар еді. Бірақ бұл аз. Сыншы – қалың оқырманның өскелең талабы мен талғамының жаршысы, әдеби құбылысты жалпы мемлекеттік мүдде тұрғысынан пайымдайтын қоғамдық ой-пікірдің озған өкілі.

Олай болса, жалпы әдебиетті дамытудағы сыншының күші, жазушыға тигізер сынның ықпалы оның оқырманға тигізер әсеріне, қалың көпшіліктің көркемдік талғамын қалыптастыруына тығыз байланысты. Сын тек жазушы үшін ғана емес, оқырман үшін де жазылады. Оның көркемдік шығармаға қосалқы комментарий емес, өз алдына жеке шығарма болып табылатыны да сондықтан, – деп,

әдебиеттанушы З. Қабдолов айтқандай, әдебиет сынының арқалар жүгі ауыр әрі жауапкершілігі мол [4]. Әдебиет сыны әдебиеттанудың құрамдас үш ғылыми саласының бірі болып табылады. Сонымен қатар, әдебиеттің теориясы мен тарихының жетістіктеріне иек артып, солардың негізінде өзіндік пайымдауларын жасап отырады.

Сын әдебиет пайда болған кезден бастап өмір сүріп келеді. Алғаш акын халық алдына шығып, өз өлеңін оқыған кезде немесе шебер әңгімеші аңыз-ертегі мен мақал-мәтел айтқан шақта сын көпшіліктің пікірі ретінде көрінеді. Сыми пікірлердің негізі көркем әдебиеттен, оған деген көпшілік көзқарасынан, қоғамдық өмірдің рухани қажеттілігінен туындайды, яғни сын халық талғамынан бастау алады. Ол әдебиеттің болашағы үшін күреседі, өзі де сонымен бірге қалыптасып, барлық жанрда жаңғыра түседі. Демек, артық-кем жақтарын «түзетіп» отыратын сын болмаса, әдебиеттің тарихын, оның бүгінгі даму жолын көзге елестету мүмкін емес. Сынсыз әдебиеттің даму үдерісін бағдарлау қиын. Онсыз әдебиет бет-бетімен шашыраған, жүйесіз фактілерге айналып, көркемдік қуаты әлсірер еді. Бұл айтылғандардан сын әдебиетпен бірге пайда болып, бірге дамып, шығармашылық еңбекпен біте қайнасып жатады деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттің гүлденуі мен оқырман мәдениетінің өсу дәрежесі – өзара биік байланысты құбылыстар. Әдеби сынның дамуы және оның идеялық-көркемдік дәрежесінің биік болуы – әдебиетті дамытудың және оны жаңа дәуір талаптарына байланысты жетілдірудің бірден-бір шарты. Біртұтас әдеби үдерістің бір бөлігін құрай отырып, сын көркем шығарманың қоғамның рухани өмірінде алатын орнын айқындайды, соның тәуір үлгілері негізінде халықтың эстетикалық талғамын, көзқарасын қалыптастырады. Әдеби үдерісте осындай ықпалды күшке ие болуы үшін сынның идеялық және теориялық дәрежесі жоғары болуы әрі өмір талаптарын ұғыну мен түсіндіруде алдыңғы шепте болуы шарт.

Сынның негізгі мақсаттарының бірі – ажарсыз бен келіссізді мінеу емес, ең алдымен адамның жандүниесін, талап-талғамын әсемдік пен сұлулыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

Ш. Елеуенов: «Сынтану негіздері арнайы ғылым ретінде өз алдына жеке отау құруы тиіс» екендігін айта келе, оның құрамдас бөліктеріне төмендегілерді жатқызады:

– сынтану негіздері немесе жалпы сынтану. Мұнда осы ғылымның әдіснамасы қаралуы тиіс;

– сынтану теориясы. Ғылым нысаны, пәні құрылым жүйесін теориялық жағынан негіздеу. Әдеби сын типологиясы, қағидаттарын талдап шешу. Сын туралы ғылымның әдебиеттану және басқа ғылымдармен байланысын, арақатынасын анықтау;

– сынтану тарихы. Қазақ сыны тарихы. Сын туралы білім тарихы. Сынның тууы, дамуы, әдіс, формаларының өзгеру жолдары;

– сынтану поэтикасы. Сын жанрлары мен түрлері. Тілі, стилистикасы [5].

Сын – аса күрделі сала. Оның табиғаты, теориялық негіздері жайлы бір зерттеушілер көркем әдебиеттің бір саласы деп білсе, енді біреулері әдебиеттану ғылымына жатқызып келеді. Ш. Елеуқенов сынның осындай сан сипатты екендігін айта келіп, оған «Сын – көркем әдебиет пен әдебиеттану ғылымының саласы және сынтанудың зерттеу нысаны» деген анықтама береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мүсірепов Ф. 5 томдық шығармалар жинағы, 5 том. – Алматы : Жазушы, 1978. – 203 б.

2 Критик-это-писатель. Писатель и жизнь. – Москва, 1978. – с. 238.

3 Байтұрсынов А. Шығармалары / А. Байтұрсынов. – Алматы, 1989. – 201 б.

4 Қабдолов З. Сөз өнері / З. Қабдолов. – Алматы : Санат, 2002. – 360 б.

5 Елеуқенов Ш. Сын мен сыншы / Ш. Елеуқенов // «Ақиқат», – № 4, 1998. – 54 б.

МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

САМАРОВА А. Т.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАРАТОВА М. Н.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Көркем әдебиетті сол сияқты өнер туындысының кез келген саласын қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар қатарында қарастыру қажет екендігі мәлім. Ол әр ғылымның өсу өрісін, даму болашағын айқындайды. Табиғаттану, қоғамтану ғылымдары философиялық ой-тұжырымдарынсыз анықтау мүмкін емес. Әдебиеттану ғылымы философиялық эстетика заңына сүйенеді. Осы арқылы көркем туындының заңдылықтарын, идеялық-эстетикалық мән-мазмұнын

ашады, сол арқылы дұрыс баға бере алады. Көркемөнер қоғамдық өмірмен байланысты. Ол – объективті дүниені танудың, қоғамдық сананы қабылдаудың құралы.

Мектептегі әдебиетті оқыту әдістемесіне орыс ғалымдары Голубков В., Кудряшев Н., Маранцман В., Рез З., Черкезова М. өз еңбектерін арнаса, қазақстандық ғалымдар Ақшолоақов Т., Әдібаев Х., Жұмажанова Т., Көшімбаев А., Қоңыратбаев Ә., Мақпырұлы С., Тілешова С., Сманов Б., т.б. еңбектерінде қазақ әдебиетін оқыту әр қырынан зерттеліп келеді. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының мәселелеріне Қ. Айтқалиев, Қ. Бітібаева сынды әдіскер–ұстаздар көп назар аударып отыр. Алайда, әдебиет пәні әдістемелік нұсқаулармен толық қамтылды, оқулық толықтырылып осы күйінде пайдалануға лайықты деуге, біздің ойымызша әлі ертерек.

Зерттеу жұмысының өзегі болып отырған прозалық шығармалар – уақыт озған сайын маңызын жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жетер асыл қазына. Прозалық шығармалардағы реалистік сипатта берілетін өмір шындығы, онда суреттелетін кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері жас ұрпақтың рухани қалыптасуына үлкен әсері болмақ. Ал осы құндылықтардың мәні мен маңызы қазіргі күнде ұлтымыз үшін ауадай қажет екенін таныту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Себебі, қазақ қаламгерлерінің қай-қайсысын алсаң да, шығармалары да жалпы өмірбаяндары да қазақтың тарихымен, мәдениетімен тығыз байланысты. Сондықтан, қазақтың майталман ақын-жазушыларының жалпы тұлғасын таныту үшін өмірлері мен шығармаларының оқыту аясын кеңейту қажет. Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымның негізгі бағыттарының бірі бұрынғы қалыптасқан әдістемелік тәжірибелерімізді дұрыс пайдалана отырып, белгілі әдістерге бүгінгі сұранысына сай модификация жасай білу, шығармашылық тұрғыда жан жақты жетілдіру болып табылады. Пән бойынша берілетін білім мазмұнның тиімді меңгеруі арқылы, оқушының өмірлік дағдысы мен іскерлік қатынасты көтеру басты мақсат болып табылады.

Гуманитарлық ғылым ретінде әдістеме ғылыми тәжірибелік дәстүрлер шеңберінде дамиды. Бұл жаңа мазмұнда идеялар, ұстанымдар мен әдістердің дамуына бөгет жасамайды, қайта әдістемелік тәжірибені толықтырып байыта түседі.

Бүгінгі заман сұранысы оқыту ісінде техниканың кең қолданылауына байланысты жаңаша оқыту талабын туғызды. 60-жылдардан бастап білімді «технологияландырудың» ғылыми

атауы бірітіндеп кеңейтіліп, «әдістер мен құралдар жиынтығы» терминіне айналды.

Ғалым зерттеушілер педагогикалық технологияны ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері ретінде, оқыту үрдісінде жандандыруға тырысты. 70-80 жылдары «педагогикалық технология» ұғымы оқу-тәрбие үрдісін басқару және оқыту әдістері мен құралдарын ұйымдасатыру бағытында қарастырылды.

Оқу тәрбие үрдісін технологияландыру – білім беру мен тәрбиелеу проблемаларын сапалы жаңа деңгейде шешуге ықпал жасайды. Технологиялық әдіс-тәсілдердің көмегімен оқушылардың таным белсенділігі артып, даму үрдісі жетіле түседі. Білім мазмұнын жаңарту қажеттігіне сәйкес ең озық технологияларды жүйелі түрде қолдану өркениетті елдер тәжірибесінде біртіндеп іске асырыла бастады. Оқу үрдісін «технологияландыру» мәселесі ХХ ғасырда педагогика ғылымында шетелдік, отандық ғалымдардың еңбегерінде әр қырынан алынып зерттеледі. М. В. Беспалько, В. К. Дьяченко, В. В. Гузеев, М. В. Кларин, Д. ХодGRID, В. М. Монахов, Г. К. Селевко, М. А. Чошанов, С. М. Құсайынов, Г. Нұрғалиева, Ж. Қараев, Н. Нұрахметов, М. Жанпейісова, Г. Д. Әуелбекова, З. Бейсембаева, С. К. Исламгулова т.б. ресейлік және қазақстандық ғалымдар ғылым мен тәжірибені ұштастыра зерттеп, жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдаланудың жолдарын көрсетті. Білім беруді ұйымдастырудың әлемдік тәжірибелерде өзін ақтаған жаңа түрлерін дамыту, оқытудың неізгі ұстанымдарын айқындау мақсатында біршама жұмыстар жүзеге асырылды.

Технология шеберлік туралы ғылым. Шеберлікпен нәтижеге жету, кәсіби шеберлікті шындап, белгілі бір жоба модельмен оқуға саяды.

Мұнда жалпы білім беретін орта мектеп қабырғасында қазақ әдебиеті пәнінің тарихи бастау көздері ретінде Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Т. Шонанов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, т.б. сынды қайраткерлердің еңбектеріне зерттеу тақырыбы тұрғысынан сараптама жасалады, ондағы құнды ой-пікірлер таразыланады.

Ы. Алтынсаринның көркем әдебиетті мектеп қабырғасында оқытуға байланысты қазақ балалары үшін ана тілінде «Қырғыз хрестоматиясы» (Қазақ хрестоматиясы) атты алғаш оқулық жазып тәжірибеге енгізуі арнайы пән ретінде оқытудың тұңғыш бастамасы болғаны белгілі.

Өзінің ағартушылық мақсаттары ана тіліндегі төл оқулықсыз жеткілікті дәрежеде жүзеге аса алмайтынын білген ұлы ұстаз оқу құралын жазу себебін мына жолдар арқылы түсіндіреді: «Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бірде-бір кітаптың жоқтығынан оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан шәкірттерге амалсыздан татар тілінен ешқандай кемдігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі араб, парсы сөздеріне толған, сол себепті ол қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан оларды осы жағынан алғанда дүниелі мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану қолайсыз» [1]. Ы. Алтынсарин оқулыққа көркем мәтіндерді іріктеуге байланысты төмендегідей ұстанымдарды негіз еткенін байқаймыз:

– оқу материалдарының оқулыққа балалардың жас ерекшеліктеріне, педагогикалық, прогрестік даму талаптарына сай сұрыпталынып енгізілуі;

– материалдардың орналасу, берілу тәртібінің тәрбиелік-өнегелік тұрғыда үлгі болуы;

– оқушыға материалды меңгеруде баса назар аударатын мәселелерді қарастыруда оқытушының әрекеттері сияқты ұстанымды негізге алғанын көреміз.

Осы әрекеттердің түп-төркіні көркем мәтінді түсіндіруде талдау қажеттігі жатқанын байқатады. Оқулық хрестоматияда балалар өмірінен, күнделікті тұрмыстан алынған әңгімелер, қазақ ақындарының өлеңдерінен, жырларынан үзінділер, халық даналықтары, мақалдар мен мәтелдер, И. Паульсонның хрестоматиясындағы балалар әңгімелері аударылып берілген. Бұл да көркем шығарманы оқыту кезінде Ы. Алтынсариннің алғашқы әдістемелік зерттеулері деуге болады.

Жалпы білім беретін орта мектептегі оқу пәндерінің жетекші өлшемдерінің бірі – білім мазмұнының тәрбиелік, өнегелік, тұлғаны дамытушылық мәні дейтін болсақ, онда қазақ әдебиеті пәнінің белгілі мазмұнының негізгі құрамдас бөлігі болып саналатын халық ауыз әдебиеті пәндік бастаудың бір саласы түрінде, отаншылдық сезімді, азаматтық, имандылық, гуманистік дүниетанымды қалыптастыруға қызмет ететін тәрбие құралы ретінде оқулықтан орын алды.

Ана тілі мен әдебиетімізді оқытудың әдістемесі жөніндегі ғылым тарихында Ы. Алтынсариннен кейін оның ізбасары А. Байтұрсынұлының көшбасшы болғаны баршаға аян. Олай дейтініміз, XX ғасырдың басында әдебиетке араласқан қазақ ақын-жазушыларының үлкен бір тобы ел мүддесі мен халық қамы үшін ағартушылық-педагогтық салада ерекше жұмыла еңбек етіп, мектеп оқулықтарын, нұсқаулықтар, алғашқы зерттеулер жазуды қолға алды. Айталық, М. Жұмабаев «Педагогика», Ж. Аймауытов «Психология», М. Дулатов «Есеп құралы», Б. Майлин «Шаласауаттылар үшін оқу кітабы», М. Әуезов «Жеткіншек», Ғ. Мүсірепов «Қызыл әскер әліпшесі», т.б. оқулықтарын, әдістеме құралдарын жазды. А. Байтұрсынұлы мектеп оқушыларына арнап тұтас оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар жүйесін жасады. Қазақстанның Халық Ағарту Комиссары қызметіндегі Ахмет Байтұрсынұлының 1921 жылы 31 қаңтарда Орынборда қазақ мектептері үшін оқулық жасау мәселесіне арнап мәжіліс өткізгені туралы ақпараттық хабар «Қазақ» газетінде (редакторы М. Әуезов) жарық көрді.

Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының зиялы қазақ азаматтарын мәжіліске шақырып, 1-ші һәм 2-ші буын мектептер үшін оқу құралдарын даярлау туралы кеңес ашқаны жөнінде айта келіп, мәжілісте комиссар Байтұрсынұлы төмендегі жайды баяндағанын жазады: «Бұл күнге шейін қазақ тілінде 1-ші һәм 2-ші буын мектептер үшін оқу құралдары жоқ, сондықтан қазақша оқу құралдарын жазуға, һәм тәржімалауға тезінен кірісу керек. Әдебиет пәні үшін хрестоматия құрастырып жазу ісі Сәдуақас (Сәкен) Сейфуллинге, Жүсіпбек Аймауытұлына, әдебиет теориясы М. Жұмабаевқа тапсырылады» – дейді. Міне, осындай ретпен ұлттың рухани көсемі барлық қаламгерлерді, зиялы қауым өкілдерін ортақ іске жұмылдырып отырды. Аталған мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің 1996 жылы 17 қыркүйектегі 38-санында қайта басылып, онда мынадай тұжырым жасалған: «Ахмет Байтұрсынұлы басқарған қазақ зиялыларының мәжіліс-кеңесінде қабылданған қаулыларындағы шаралар жүзеге асып, орындалған. Аталған оқу кітаптары дер кезінде жазылып, басылып шығып, 1928-1929-жылдарға шейін қазақ мектептерінде оқу құралы болып келген».

Мақалада С. Сейфуллин I, II сатыдағы бірыңғай қазақ мектептері үшін қазақ әдебиеті оқулығын жазу туралы алған тапсырмасын орындау үшін жатпай-тұрмай ізденіп, 1924 жылы «Қазақ әдебиетінің

қысқаша тарихы» деген тақырыпта дәріс дайындап, оны Орынборда қазақ жастарының Орталық клубында оқығаны айтылады. Кейін ол жұмысы жетілдіріліп, қазақ әдебиетінің тарихи курсына қомақты үлес болып қосылды.

А. Байтұрсынұлының «Әліппе» (1921) [2], «Оқу құралы» (1921), «Әдебиет танытқыш» (1926) [3], «Әліпби», «Жаңа құрал» (1926), Т. Шонанұлымен бірігіп жазған оқу құралы (1927), М. Жұмабаевтың «Сауатты бол» (1923), Ж. Аймауытұлының «Жаңа ауыл» (1929), Б. Майлин, Ф. Мүсірепов, Ә. Сыдықовтың «Сауаттандырғыш (сауатсыздар әліппесі)», «Мұғалімдер үшін қолданба» (1933) атты оқулықтары мен тағы басқа оқулық-хрестоматиялары ұлттық әдебиеттің мектепте жеке пән ретінде жүре бастауына жетекші ықпал етті.

Осынау жауапты да абыройлы істі атқаруға Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, М. Тұрғанбаев, Х. Болғанбаев, М. Жолдыбаев, Қ. Жұбанов, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасов, К. Тоқтыбаев, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Е. Омаров, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ө. Тұрманжанов, т.б. қазақ арасынан шыққан жас оқытушылар, ақын-жазушылар мен халыққа білім беру саласының алғашқы қайраткерлері, ағартушылар араласты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ы. Алтынсарин. Қырғыз хрестоматиясы. – Орынбор, 1879. – 100 б.
- 2 А. Байтұрсынұлы. Бірінші кітап: Балаларға арналған әліппе. – Орынбор, 1921. – 90 б.
- 3 А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. – Қызыл-Орда, 1926. – 286 б.

БАЯНАУЛДЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЫСАНДАРЫН АТАУДЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

САПАРОВ Қ. Т.

ғ.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

ИМАНГАЗИНА А. К.

студент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қандай да болмасын аймақтың топонимиялық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен мол ақпар беретін географиялық атаулар тобы маңызды сипатқа ие болады. Қазақтың география

атаулары жергілікті жердің жер бедері (төмен, бейтарап, көтеріңкі бөлігі) ландшафт ерекшеліктері: өсімдік және жануарлар дүниесі, жайылым түрлері т.б. география нысандарын нақты бейнелеп айқындайды [1].

Іқылым замандардан бері кеңістікті танып-білу адамның өзінен басталған, мұның астарында түркілік сана аясындағы адамды табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде қабылдауы жатыр. Кеңістікті игеру барысында көшпелілер ерекше нысандарды бағдар ретінде пайдаланып, номинация принципіне жүгініп, ажырата білген. Ландшафт ерекшеліктерін анықтауда түске байланысты географиялық атаулар мен терминдердің рөлі айқын байқалады.

Номинация барысында кеңістіктегі бағдарлаушы нысандардың алдымен көзге түсетін белгілері: ақ, қара, көк, сары, жасыл, қоңыр, ала, қызыл, боз, кер, шұбар т.б. жиі байқалады. Мұның өзі көшпелі қазақ (түркі) дүниетанымен тікелей байланысты болып келеді. Барлық көне ұғымдар сияқты, метафоралық сипат алған бұл атаулар да белгілі уақыт аралығында қазақ халқының аса бай, жіктелген географиялық терминалогисының алтын қорына енген.

Түске байланысты атаулар көшпелі қазақтардың өмірінде ерекше маңызды орын алып, олардың шексіз дала алқабы мен тау алды жайылымдарында көші-қон кезінде белгі қызметін атқарған. Топонимдердің басым көпшілігі тұрған жерінде бағыт-бағдарды оңай айқындайтын географиялық нысандардың айрықша белгісін білдіреді.

«Қоңыр» термині көбінесе жайылымдық термин негізінде қалыптасқан. Мысалы Қоңыр құдық, Қоңырша бейіт, Қоңыржайлау, Қоңырорпа, т.б. қарастыруға болады.

«Қызыл» сөзі негізінде қалыптасқан атауларды біз тау жыныстарының түсімен және гидронимдердегі атаулардың су ішіндегі ағзалармен тығыз байланысты қойылған деген пікірдеміз.

Қызыл құдығы, Қызыладыр қонысы, Қызыластау құдық, Қызыләскер ауылы, Қызылжар құдығы, Қызылжар қонысы, Қызылқұдық, Қызылқұм ауыл орны, Қызылқұм құмы, Қызылой құдығы, Қызылөзен ауылы, Қызылсай төбесі, кенті және жырасы, Қызылсор қонысы, Қызылсу ауылы, Қызылсуат құдығы, Қызылтам қыстауы, Қызылтас бұлақ атауларын кездестіруге болады.

Бұл нысандардың бәріне ат қоюда айқындаушы уәждің түр-түс екені даусыз. Жер бедері, топырақ, су ішіндегі ағзалар, қызыл түсті тау жыныстары (граниттер) т.б. да қызыл түсті немесе қызғылттау болуы да мүмкін.

Қызыл сын есімі «қан түсті, қырмызы» түсті білдіріп, тілімізде біршама белсенді қолданылады. Оның сансыз көп мағыналарының ішінен жер-су атын жасауға түсті білдіретін тура мағынасында империялық елдер мен кеңестік дәуір туының түсіне байланысты пайда болған саяси термин ретінде қатысады.


Қоршаған ортаны танып дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеуде бірнеше ұстанымдар, яғни қағидалар арқылы жүзеге асырылады. Кеңістікті танып игергенде, сол тану, игеру нәтижесін тілде, яғни топонимияда белгіленде Л. И. Дмитриеваның пайымдауынша үш қағида «жұмыс істейді»: ол – қағидаларды топонимиялық тұлға санасындағы ментальді модель деп те атауға болады – бағыт бағдарлық (маршруттық) модель, шеңберлік (радиалдік) модель, тұрмыс-тіршіліктік кеңістік моделі [2]. Көшпелілерге тән мал жаю малмен бірге көшіп-қону шаруашылық тұрмыс тіршілігінде кеңістікті игеру, тану, нысандарын атау осы бағыт-бағдарлық (маршруттық) бағдар арқылы іске асырылды. Бағыт-бағдарлық модель негізінде кеңістікті танып, игеріп, нысаналарын атап отырған (этнос) дүниенің төрт тұсын және өзінің соған қатысты географиялық нысандарын бағдарлауы қажет етеді. Осыған орай қоршаған ортаны бағдарлау (Қарауыл шоқы, Найза қара, Қара дiң, Дiң төбе) барысында бірқатар географиялық терминдер (апеллятив) мен қатар атаулар қалыптасқанын аңғаруға болады [1]. Е. Керiмбаев: «Географиялық апелляциявiтi топонимдерде географиялық ортаның жан-жақты белгiлерi, қоғамның рухани, шаруашылық өмiрi бейнеленедi» – деп жазады [3]. Сондықтан табиғат жағдайларын бейнелейтiн географиялық атауларды топтастырудың топонимиялық, тарихи-географиялық зерттеулер үшiн маңызы зор деп бiлемiз.

Ғ. Қонқашбаевтың пайымдауынша көшпелiлердiң күн көрiсiне жергiлiктi жердiң табиғи жағдайы, жер бедерi элементтерi: гидрография және климат ерекшелiктерi, өсiмдiк жамылғысының құрамы және жабайы аңдар септiгiн тигiзген [4]. Топонимдерде аумақтағы қоныстанудың тарихи кезеңдерi, адамдардың шаруашылық iс-қимылдары, байырғы көшi-қондар мен ұлтаралық қарым-қатынастар, этностардың ареалдары, әлеуметтiк-экономикалық факторлар көрiнiс тапқан деуге болады. Топонимдер қазба байлықтар, тау жыныстарының текстуралық ерекшелiктерi жөнiнде ақпарат бередi. Академик Қ. И. Сәтбаевтың пiкiрiнше, «мыңшұнқыр», байырғы кен қазба орындарын анықтайды. «Қаратас» халық ұғымында темiрi бар, «көктас» сөзi бұл жерде

мыс бар деп топшылауға болады. «Жыланды» атауын сол жерде түсті металдар бар, өңір болу керек деп топшылап, топонимиялық әдісті қолдана білген [1].

Түркі халықтарының түспен байланысты геосимволикасында солтүстік қара түспен байланысты болып келеді. Белгілі түркі танушы ғалым А. Н. Кононов атап өткендей, кеңістік символы ретінде алынған «қара» этнонимдерде де халықтың мекен ортасының географиялық орнын білдіреді [5].

Біздің зерттеулерімізде Баянаула аумағында түске байланысты 367 атау қарастырылып, яғни барлық топонимдердің (3800 атау) 1, 2%-ын құрайтыны анықталынды. Олардың көпшілігі орографиялық және гидрографиялық атауларда жиі кездесетінін аңғаруға болады (сурет – 1).



Сурет 1 – Түске байланысты атаулардың таралу ареалдары

Сарыарқа жері сөз болса, көз алдымызға мидай жазық дала, төбелі шоқылы, аласа таулармен ерекшеленген шежірелі Ұлытау, Қарқаралы, табиғаты өлендерде жырланған Көкшетау, Баянаула елестейді. Павлодар облысының оңтүстік-батыс бөлігі аласа таулы, ұсақ шоқылы төбелермен ажыратылатын Баянаула, Қызылтау таулары Қазақстанның ең ірі орографиялық нысаны Сарыарқаға сұғына еніп жатыр. Баянаула тау жоталары: Ақбеттау (Баян, Найза тас таулары), Жақсыаула (Жасыбай, Өгелең, Шибет, Малай, Нияз, Киікші, Мырза шоқы, Қызылшын, Қалпақтас т. б.), Жаманаула (Текекүйген, Қазқонған, Шоқпартас, Айыртас, Сарытау, Бүркітті т.б.) жоталар тізбектерінен тұрады. Баянаула тау жоталары шығыстан – батысқа 40 км-ге, Жаманаула солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай 11 км, меридиан бағыты бойынша Баянаула (Жақсыаула) 20 км, Жаманаула 6 км-ге созылып жатыр [5]. Жаманаула мен Жақсыаула арасында, осы тау жоталарын бөліп жатқан тау аралық шекара (2 км)

бар. Бұрын бұл маңда Кеңөлең, Үйтiккeң, Болпаш-Ақтерек, Бердiнiң Сырты, кара ағашы деген географиялық атаулар болған. Баянауланың жер бедер ерекшелiктерi оның геологиялық құрылысы мен даму тарихы, жер бедерiн түзушi факторларға тiкелей байланысты болады. Жеке-жеке төбелер, оқшау жатқан шоқылар, аласа тау жоталары сыртқы процесстер әрекетiнен бұзылып, жер бедерiнiң басқа да пiшiндерiмен өзара үйлесiм тапқан деуге болады. Оның айғағы Кемпiр тас, Найза тас, Үңгiр тас, Далба т.б. болып табылады.

Ш. Уәлиханов көшпелi қырғыздар (қазақ) туралы: Баянауыл (бұрмаланған атау, нақты, тарихи атауы Баянаула, монғолша Баян-Ола) – берекелi, көрiктi, бай тау мағынасында қарастырады [6]. Баянаула (Жақсыаула) Жаманаулаға қарағанда жайылымы кұнарлы, суы мол және көрiктi табиғатымен ерекшеленедi. Баянауланың оңтүстiк-батыс бөлiгiндегi оқшау жатқан биiктiктер 500-600 м болатын төбелi шоқылар Жаманаула тауларына жатады [6]. Баянаула – Баянның, Жаманаула – Жаманның (батырлар) ауласы болғанын дәлелдейтiн деректердi де кездестiруге болады [7]. Баянаула тау жоталары солтүстiк, шығыс, оңтүстiк батысқа қарай (Жаманаула) бiршама төмендей бередi. Жер бедерi ерекшелiктерiн бейнелейтiн метафоралар: Қалпақтас, Бүйректас, Серектас, Найзатас, Сандықтас, Ақбет, Керегетас т. б., тарихи оқиғалардан мол ақпарат беретiн Жасыбай, көлi, асуы, Жалантөс, Көшет, Алпыс, Уак, Тұрсынбай асулары, Олжабай, Қарауыл төбесi, Жақсыаулада, Екiаула, Әйменбет, Қасқабай, Кiшiкей асулары Жаманаула жағында орналасқан.

Ерте заманнан-ақ көшпелi қазақ халқы қоныстанған Сарыарқа (Арқа) жерiнде Сарышоқы, Сарытау, Сарыадыр, Сарыөлең т.б. топонимдердi жиi кездестiруге болады [8]. Баянаулада жүргiзген патша үкiметiнiң отарлау саясаты және Кеңес үкiметi тұсында көптеген жергiлiктi микро нысандар (бұлақ, көз, құдық, асу, қоныс, жәйлау, қыстау т.б.) өзiнiң бұрынғы атауынан айырылып қалды. Оған себеп осы аумақта бiрнеше мәрте жер шекараларын (жер дауы) бөлу, кескiндеу шаралары жасалды. Бұл елдi мекен, жер-су аттарының да өзгеруiне әкелiп соқтырды [8]. Халықтық (жергiлiктiк) топонимдер патшалы Ресей тұсында қазақтан тартып алынып, орыстың қоныс аударған (переселенцы) мұжықтарына берiлiп, солардың атауын алды. Мысалы, Алексеевка (Кұнды көл), Александровка (Қандықарасу) елдi мекендерiн атауға болады. Осы маңда Өскенiң отары (яғни атаман Иосиф Зоновтың мал жаятын

жері) деген қоныс атауы бар. Сөйтіп арам пиғылды сол кезеңге сай, топонимдер топтамасы географиялық картада өз орын тапты.

Кеңес үкіметі дәуірінде Жасыбай, Сабындыкөл маңында туризмді дамыту үшін пионер лагерлері пайда болды. Сол уақытта көптеген жергілікті микро нысандарды туристер бұрмалап басқа атаулар берген. Мысалы, Түйе тас тауы (черепаха) «Құсайын Найзатасы» (Горка булка), Шорман Сызы (Рыбный ключ), Қарақуыс үңгірі (Ущелье ведьмы), Огонек, Чайка, Факел т.б. географиялық атаулар қалыптасты. Топонимдер ұдайы толығы және жаңара отырып, өткен қоғамның да, қазіргі қоғамның да жан-жақты сұраныстарына қызмет етті және қызмет етуде және олар тарихтың жалғастырғыш құралы бола отырып, болашақ ұрпақтарға да қызмет етпек. Қазіргі уақытта масштабы 1:100000 болатын топокарта негізінде Баянауыл ауданында 960 топонимдер: оның ішінде (120 көл, 46 өзен, 85 ойконим, 340 қоныс, 220 тау нысандары, 89 ескі орындар, 28 некроним т. б.) анықталды [6]. Халықтың рухани байлығы мен даналығының орасан қоймасы бола келіп, топонимдер мәдениетпен халықтың ауызша шығармашылығының ескерткіштері ретінде, әрі қарай жинауды (жергілікті өлкетанушыларымен бірлесіп), сақтауды, қалпына келтіру және қорғауды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сапаров К. Т. Павлодар облысының топонимикасы. – Алматы : Эверо, 2015. – 352 бет.

2 Тілеубердиев Б. М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2006. – 280 бет.

3 Керимбаев Е. А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: Автореферат док. дис. – Алма-Ата, 1992, – 61 с.

4 Конкашпаев Г. К. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана // Изв. АН Каз. ССР, Вып. I (II), 1959. – С. 85-98.

5 Кононов А. Н. О семантике слов кара и ақ в тюркской географической терминологии // изв. атд. общ. наук АН Тадж. ССР вып 5, 1954. – С. 85-88.

6 Топографическая карта. КазССР. Павлодарская область. – М. 1:100000, ГУКГ, МГОН, СССР 1962-1991, – 126 с.

7. Валиханов Ч. Ч. «О кочевьях киргиз» // Собрание сочинений, – Алма-Ата, т. 5, 1961, – С. 720-721.

8 Баянаула (тарихи-зерттеулер), «Фолиант». – Астана, 2001, – 238 б.

9 Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы (монографиялық зерттеу) / Алпысбес М. А., Аршабек Т. Т., Қасен Е. б., Кейкі Е. – Астана : «Парасат әлемі» баспасы, 2005. – 480 б.

М. СЕРҒАЛИЕВ – ЭССЕ ЖАЗУ ШЕБЕРІ

СЕЙДАХМЕТ Г. С., РЫСПАЕВА С. Т.

студенттер, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

ҚАДЫРОВ Ж. Т.

ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

Эссе – «нақтылы бір мәселе жөнінде жеке адамның әсері мен көзқарасын танытатын шағын көлемді және еркін композицияға құрылған прозалық шығарма» [1, 252 б.]. Ол мәселе туралы толық, жан-жақты немесе түпкілікті қорытынды немесе жалпы тұжырым жасаудың эссеистің міндетіне жатпайды.

Эссенің көп жағдайда естелікпен ұштасып, сабақтасып кететін жайлары бар. Қазіргі түсінікте көп ретте бұл дүниеден өткен адамдардың әлдебір қырын, қылығын сөз етуді естелікке жатқызады да, замандастары жайлы жазылған дүниелерді эссе деп есептейді. Қалай болғанда да, белгілі жандардың көпшілікке үлгі етер штрихтарын, мүмкіндігінше, тартымды етіп бере алатындарды эссеистер деп санаушылықтың қисыны барға ұқсайды.

Осы эсеге байланысты көптеген зерттеушілер мынадай пікірге тоқтайды: Бір өкініштісі – қазақ топырағында естелік түрінде болса да, эссе ретінде берілсе де, жұртшылық есімдерін сүйіспеншілікпен атайтын қайраткерлер жайында естелік жазу жағы талап деңгейінен төмендеу көріне береді және сан жағынан да аз екендігі белгілі. 60-жылдары академик Қ. Жұмалиевтің «Жайсаң жандары» жақсы бастама болған сияқты еді, одан соң бірталай үзіліс байқалады. 90-жылдары академиктер Ш. Шекиннің, Ө. Сұлтанғазиннің естеліктері еліміздегі талай ғалымдармен қайта жүздестіріп, оларды елулі еңбектерін көз алдымызға әкелгендей болды. Бұлардың жақсы нышан екенін баса айта отырып, ғылымнан басқа салалардағы ардақтыларымыз жөнінде де сондай еңбектердің дүниеге келуі құнды қазына болар еді.

Осы ретте көзге көп шалына бермегенімен, өзгелерге ой саларлық біраз еңбектердің тобын сөз етсе болар еді.

Әңгіме белгілі тіл маманы, әдебиет сыншысы Мырзатай Серғалиевтің естеліктері мен эсселерінің өзгешелігі, өзіндік ерекшеліктері жайында болмақ. Оның эсселері ғалымның «Өнеге» деген естелік пен эсселер кітабында жинақталған. Әр естелік мазмұны мен көлеміне қарай топтастырылып, ол топтар өз ішінде тақырыптар мен тақырыпшалар бойынша орналастырылған. Қазақ зиялыларының өміріндегі тартымды жайлар туралы әңгімелер жеңіл оқылады. Эсселерінен ұстазға деген құрмет, балалық шаққа деген сағыныш, атақты адамдардың игі істері мен құнды ойларына деген ықыласы көркем сөзбен кестеленіп беріледі. Оқырманды бірден баурап алады.

Автор алғы сөзінде оқырмандармен былайша сыр бөліседі: «Аздаған жылдар аясында естеліктер мен эсселер жазудың сыры мен маңызын түсініп келе жатқандаймын. Талай автордың дүниелерін оқығаннан кейін әртүрлі тіпті, қарама-қарсы да ой түюші едім. Біреулері көркем шығармадай оқылып, сөзімен де сүйсіндіріп, кейіпкерін жан-дүниесімен де қызықтыратын. Арманшыл оқырманды сондай болуға жетелейтіндей әсер беретін. Ал кейбіреулері ой айтуда да, сөз саптауда да, басты кейіпкерінің бейнесін жасауда да айта қаларлық жаңалығы жоқ. Көпшілік білетін жайларды қарабайыр баяндаумен тынады. Әрине, эссенің бір ерекшелігі сол – ол елулі құбылысты ойдан қосуға «көнбейді». Сондықтан белгілі жайдың өзін тартымды суреттеуге шеберлік жетіспей жатады. Мұнымен менің жазғанымды ешбір мінсіз кітап ретінде қабылдасын деген қорытынды жасаудан мүлдем аулақпын. Айтпағым – мұндағы туындылар өзіме дейінгі эссеистердің еңбектерін жан жақты ескеруден дүниеге келді дегенді еске алу.

Тақырып таңдау мен қаһармандарды нақтылау төңірегінде ойланбасқа болмайды екен. Айталық, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов туралы тек қана естеліктер бірнеше томды құрары анық. Солай екенін біле тұра, пікір айту арманым болатын.

І. Кеңесбаев, М. Балақаев, б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, Б. Шалабаев, З. Қабдолов сияқты ұстаздарымның мен үшін жөні мүлдем бөлек. Оларға байланысты да аз жазылмағанына қарамастан, шәкірттік ойымды ортаға салу қажеттігі біраз уақыт «маза бермеді» [2, 3 б.].

Эсселерінде жеңіл әзіл, әдемі жымиыс, әсерлі сөз бар. Көркемдегіш құралдар мен көркемдік тәсілдер орайласа жымдасып,

өзіңіз көрмеген жандардың көркем бейнелерін кездестіреміз. Көптеген сөз шеберлерінің кейіпкерлерге диалог арқылы мінездеме жасайтыны белгілі. М. Серғалиев өз кейіпкерлерін «анадай еді», «мынандай еді»деп суреттеп жатпай-ақ, бір-екі ауыз сөзбен қағыстырып, сол арқылы олардың мінез, әрекет ерекшелігін дәлмедәл айқындай қояды.

Онда сөз бар ма? Бір айтайын дегенім – біздің үйдегі жеңген қызық адам...

Қонақты ұнатпай ма№

Дені сау қазақ пен ұйғырда ондай болмайды.

Мінезі...

Мен сыйлайтын адамға сен ойлағандай мінез көрсетсе, несіне күйеу болып жүрмін мен?!

Әлі түсінбей тұрмын... [3, 145 б.].

Диалогтан ел басқарған азаматтың келісті әзілі мен тұспалдап сөйлеу әдеті, ал белгілі композитордың осы мезеттегі көңіл күдігі айқын аңғарылып тұр. Былай қарағанда автор: «Жеңген қонаққа жайлы, бірақ бір қызық мінезі бар өзін көресін» дей салса да болар еді. Жазушы мына диалог арқылы оқырманның көз алдына хатшының еркін жымыбысы мен композитордың н-таң кейпін әкеліп, дәл қазір солардың жанында тұрғандай сезінесіз де, өзіңіз де түсініксіз мәселені білуге ынтығасыз.

Алдымен, ол шығармалардың басталу сәттері қызғылықты. Мәселен «Ағалар көңілі-Ақ айдын» былайша басталады: «Арухананың аты-аурухана: ол демалыс үйі немесе көңіл көтерер орын емес. Кім де болса ауруханаға сырқатана ем іздеп келеді. Жанның да, тәннің де азды-көпті қиналыс көретіні рас». Бұл жолдарды оқыған адамның әлдебір дәрігер немесе күтпеген жерден емделуге келген біреудің жайы туралы айтылар екен деп ойлары рас. Бірақ, автор «атының басын сәл басқаға бұрып өкетеді». Ауруды бір сәтке болса да ұмыттырып, шипалық қасиетпен пара-пар келетін ой-өрістің де өсуіне, адами әлемнің де дамуына тәп-тәуір әсер ететін тағы бір жайды аңғара бермейміз. «Ол не дерсіз: «Серуен сәттерінде өмірлік тәжірибесі мол, парасатты, көпшіліктің ризашылығына бөленген жаны жайсаң жандармен ұшырасып, әңгіме-дүкен құрудың орайы келіп жатады... Сырт қарағанда, шай үстінде болатын шүйіркелесу тәрізді сезілуі мүмкін, ал мән беріп, ой елегіне салсаңыз, әңгіме арқауы болып отырған адамдардың да, айтушының да интелектуальдық тұлғасы танылып, жеке басының амандығынан гөрі, өз мамандығының, керек десеңіз, жалпы ағайынның, қалың

жұртшылықтың, халықтың күйін күйттеп отырғанына анық көз жеткізесіз» [2, 103 б.]. Демек, қандай дәрежеде болса да жан күйзелісіне түсіп жүрген жандардың қасиеттері, қоғамның болашағы туралы толғана білетін абзал азаматтар ғалым С. Толыбеков, қоғам қайраткері Ш. Есенов, белгілі идеология қызметкері Ә. Шмановтардың ішкі жан сырлары мен сыртқы келісті келбеттері туралы әсерлі тебіреніс жасайды.

Енді бір шығармаларында әдемі юморлы орайымен кірістіреді. Айталық, көрнекті композитор әрі музыкант Н. Тілендиевтің күлдіргі әңгіме айту шеберлігін көпшілік біле бермейді, дегенмен «Нұрағаң айтқан әңгімелерді» оқығанда езу тартпауыңыз мүмкін емес. Әсіресе, Құрманғазы атындағы әйгілі оркестрдің Ұйғыр ауданында қарасты гастрольдік сапарға барған күндердегі Нүрекеңнің аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Насыр Мансұровтың үйіне бірнеше күн тұрақтап, үй иесі әйелге аты-жөнін айтпай жүрген (Насыр ағаның ақылы бойынша) болмысы тартымды шыққан. Сондай-ақ «Жейтін басты жеп алдым» эссесіндегі халыққа танымал тіл ғалымдары І. Кеңесбаев пен М. Балақаевтың арасындағы әдемі әзілдер де бар табиғилығымен берілген.

Эссені әдетте журналистиканың жанры деу белең алып жүр. Оған қатысты дау айту да жөн бола қоймас, бірақ ол тілдің көркемдігіне, бейнелілігіне кедергі жасамаса керек. Керісінше, шынайы көркем тілмен жазылған эссенің оқылуы да оқырманға етер ықпалы да байқалып тұрады. Демек, мұндай шағын көлемді шығармада де бейненің сомдалуы көзге ұрып тұруға тиіс. Осындай жарасымды жайды М. Серғалиев эсселерінен аңғарамыз. Мұның өзі көп жағдайда тіл арқылы жүзеге асып жатады:

Бүгінгі жаңалықты айтуға болады, – деп Бекен әңгіме бастағысы келіп еді. Мұқағали тоқтатты:

Сен бүлдіресің, мен айтайын.

Сен мақтанып кетесің, мен айтайын.

Қой деймін. Сен өзгертіп айтасың. Жеген адамның аузынан естісін.

«Тұла бойы әділетке толы» эссесіндегі осы диалогтан белгілі ақындар Мұқағали Мақатаев пен Бекен Әбдіразақовтың мінездерін тану қиын емес. Біреуін (Бекенге) тән сыпайылық пен әзілқойлық және екіншісінің бойындағы қызу қандылық пен турасынан сөйлесу белгілері білініп-ақ тұр.

Үлкен туынды болсын, кіші туынды болсын, қандай шығарма берер алдында автордың біршама, тіпті ұзақ толғанысы боларлығы

белгілі. Мұндай психологиялық құбылыстар біз сөз етіп отырған авторда да болатынына күмәнданбаймыз. Десек те, материал жинау немесе әлдекімді шығармасының арқауы ету жағынан тағы бір қызықты жайды аңғаруға болмайды. Әңгіме мынада: өзі жиі көріп, әсерленіп жүрген адамдары туралы жазғанына танданбас та едік.

Ілгеріде айтылған І. Кеңесбаев, М. Балақаев ұстаздары – «сұранып тұрған» кейіпкерлер делік, сондай-ақ Мәлік Ғабдуллин де оның талай жылдар көріп, кейде әңгімелескен, бала кезден көргісі келіп армандаған адамы. Ал аз уақыт қана таныс болған академик Е. Букетов («Жан жылуы») немесе аралас-құраластығы жоқ халық артистері Қ. Жандарбеков («Құрағаңмен болған күн»), А. Тоқпанов («Асағаң сөйлеп тұр»), көрнекті қоғам қайраткері және педагог-ғалым Төлеген Тәжібаев («Мерей») туралы эсселер жазуы автордың таза жанын бір таныста, екіншіден, халық сүйген ұлдарды оның да сүйетінін, оның үстіне, сол қасиетті жандарды жастарға үлгі етіп ұсынудағы ақ ниетін байқатады.

М. Серғалиевтің очерктерінің кейіпкерлері – көбіне биік лауазымды, сөз өнерінің маңыздылығын жете түсінетін адамдар. Автор, сондықтан да болар, олардың сөз қолданысына аса ілтипатпен қарайды. Сөйлеушінің көңі-күйін білдіретін тілдік құралдардың қатарына қарап сөздер де жатады. Алайда оларды қалай болса солай емес, сөйлеушінің көңіл-күйіне, сөйлесіп тұрған адамның әрекетін қалай қабылдауына, тіпті, баға беруіне лайықтап пайдалану – М. Серғалиев назарынан тыс қалмайтын әрекет екені шығармаларынан көрінеді.

М. Серғалиев сөйлемдерді мейлінше қысқарту арқылы да ойдың эмоциялық әсеріне назарымызды аударады.

– Не, Ақа, жайшылық па?

– Жайшылық, Асқаржан. Тыныштық

– Жайшылық болмады-ау, Ақа.

– Өзгеріп бара жатқан ештеңе жоқ. Мынаны сұрайын деп едім.

– білген жерден болса, айтамыз ғой. Сұраңыз, Ақа [3, 133 б.].

Және бір жерде:

Ойлағаныңыз орындалсын.

Рахмет. Өзің де жай жүрген жоқсың-ау, сірә?

Мен де...

«Айлас қатын мұңдас» десенші.

Солай боп тұр.

Онда былай қисай, – деді де, өзі бір жамбастап жатты [3, 111 б.].

Екі үзіндіде де сөз қысқа, ой тұспалды, бірақ айқын. Халқымыздың әдетіндегі ұзын-сонар амандасудан ауытқып, кейіпкерлер көкейіндегі ісін қысқа қайырады, бір-бірінің көңіл-күйін емеурінінен-ақ түсінеді. «Күрделі ойды аз сөзбен барынша сығымдалған сөйлеммен айту-жазу өнерінің басты шарттарының бірі» – деген М. Балақаевтың пікірін басшылққа алғаны танылады [4, 107 б.].

«Өнеге» кітабындағы алғы сөзінің соңында оқырманға айтар ойы мен назын былайша жеткізеді: «Құрметті оқырман!

Біраз жылғы еңбектің нәтижесі қолыңызда тұр. Егер бұл кітап алысты жақындатып, бейтанысты таныс ете алса – қуаныштымын; егер ағаларым мен құрбыластарымның игі істері, пайдалы әрекеттері сезіміңізді сергіте алса – қуаныштымын. Кейіпкерлердің шымбайға батпайтын, намысқа тимейтін жеңіл әзілдері мен жарасымды қақтығыстары бүйрегіңізді бүлкілдете алса, езу тартқыза алса да – ризамын. Қысқасы, «таныс бейтаныстардың» бекер өмір сүрмегеніне көзіңіз жетсе және оны бейнелеу сияқты ауыр жұмысты орындауда талабыңыздың деңгейінде көріне алсам – өзімді бақытты деп білемін» [2, 5 б.].

Шынында да, М. Серғалиевті бақытты жан деуге әбден болады. Ғалымның естеліктері мен эсселерінен көп үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алуға боларын кез келген оқырман мойындайтыны сөзсіз. Аға ұрпақтың өнегеге, үлгіге толы игі істері, жеңіл әзілдері мен жарасымды қақтығыстары, пайдалы әрекеттері, ғибратты әңгімелері, ұлы адамдардың мінездері мен қарапайымдылығы, адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарастары, ғалымның оларға деген сағынышы, сыйластығы, құрметі тәрбие құралына айналып, ғасырдан ғасырға жететіні анық.

Эссе авторының, мүмкіндігінше, аңғарғыш болғаны жөн, өйткені бір ғана детальді сөйлеткенде, басқа жаққа ойды шашыратпай, туындының шымыр, бас-аяғының жинақы болғаны талапқа сай келеді. Ондай аңғарғыштық М. Серғалиев эсселерін оқып отырғанда айқын сезіледі. Оқырман қауымға берері мол осындай еңбектер өз жалғасын табатынына сеніміміз мол.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының құрметті меңгерушісі, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы және публицист Мырзатай Серғалиұлы Серғалиевтың құнды еңбектері асыл қазына болып қалары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 БСЭ. Третье издание. – М. : Советская энциклопедия, 1978. – С. 252.
- 2 Серғалиев М. Өнеге. – Астана, 2006. – 358 б.
- 3 Серғалиев М. Өнеге. – Алматы, 1976. – 300 б.
- 4 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы, 1965. – 200 б.
- 5 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана, 2006. – 237 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ

СЕЙТОВА К. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 22 мектебі, Екібастұз қ.

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде білім беру әдістері жиі қолданылады. Сондықтан білім беру әдістері теориялық әдістеменің негізгі мәселелері болып саналады. Әдіс грек тілінен енген сөз. Оның бастапқы ұғымы «зерттеу» деген мағынаны аңғартқан. Бертін келе алғашқы мағынасын кеңейтіп, «белгілі бір пәнді оқытудың әдісі» дегенді білдіреді. Сөйтіп әдіс қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім – тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны іс – тәжірибе жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының тіл жүйесін көрсетеді. Оқушылардың қазақ тілінен алған білімі мен білігін және іс – тәжірибелік дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс жүйесі оқыту әдістерінің құрылымына тікелей байланысты [1, 126]. Сонымен қатар мұғалім басшылығымен орындалатын оқушы жұмысының тұрақты сатысы оқыту әдістерінің мазмұнына қатысты. Білім беру әдістері қазақ тілінің теориялық материалдарын психикалық қызмет негізінде меңгертіп, оны оқушылар ойында қалыптастыруды және практикада шебер қолдана білуді үйрететін тәсілдер құрамы болып табылады.

Білім беру әдістеріне педагогика теориясында төмендегідей анықтама берілген: «...білім беру әдістері оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және оқушылар жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орындалатын бірден – бір тәсіл» [2, 147].

Әдістің теориялық мақсаты білім берудің мақсатына негізделеді де, әр алуан жұмыс жүйесі арқылы жүзеге асады. Осы үрдісте мынадай ойлау дағдылары қалыптасады: тілдік материалдарды талдау, талданған объектілерді түсіндіру, объектілерді дәлелдеу, объектілердің өзіндік белгілерін санамалап көрсету, тақырыпты оқыту, оқыту үстінде қатесін түзету, тақырыптың анықтамасы мен ережесін айту, бірнеше мысалдарды оқушылардың өздеріне тапқызып талдату. Білім мен дағдының өзара кірігуі арқылы білім беру әдісінің құрылымын білуге жол ашады, мұғалім мен оқушының қарым – қатынасы күшейіп, мұғалімнің білім беру шеберліктері төселеді, теориялық және практикалық әдістерді саралап, қолдануға жаттығады. Осының нәтижесінде қазақ тілінің оқыту әдістері жүйеленіп, білім берудің сапасы артады [3, 25].

Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістемеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді. Әрине, білім беру әдістерін тандап, қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім беру әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу методиканың қиын әрі күрделі мәселелері. Сондықтан оқушыларға ұсынылатын тілдік материалдардың көлемін дұрыс талдап, сұрыптау өте қажет іс болып табылары сөзсіз. Оқушыларға берілетін білім мазмұнының көлемі мен ғылыми сапасын зерделеу білім беру әдістерінің іске асырылуын жеңілдетеді. Білім беру әдістерін іске асыруда оларды топтастыру, жіктеу ең қажетті мәселе болып табылады. Оқушылар тілді практикалық – теориялық және теориялық – практикалық жақтан меңгереді. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыру әдістеменің соңғы жетістіктеріне негізделеді.

Қазақ тілінен білім беру әдістерін жіктеуде төмендегі әдістемелік мәселелер өлшем етіп алынады. Олар мыналар: қазақ тілінен білім беру әдістері білім алу көздеріне байланысты жіктеледі. Біз оқушылардың қазақ тілінен теориялық білім алуы мен практикалық дағды қалыптастыруының негізіне тоқтап кетуді жөн санадық. Оқушылар қазақ тілінен алан білімдері мен дағдысын ұжыммен қарым – қатынас жасау негізінде кеңейтеді. Көрген – білгенін әңгіме етеді, сөйтіп қарым – қатынас жасау негізінде белгілі бір білім негіздерін молайтады. Тілдік материалдарды іс жүзінде қолдануды оқушылар көркем әдебиетті оқу үстінде түсінеді. Оқушылар білім мен дағдыны қазақ тіліне байланысты жүргізілетін тәлім – тәрбие

сабақтары мен сыныптан тыс орындалатын жұмыстар бойынша алады. Білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша жеткізіледі. Білім мен білік қазақ тілі оқулығы бойынша қалыптасады, білім мен дағды арнайы тандалған дидактикалық материалдар – диктант, мазмұндама, үлестірмелі қима қағаздар және түрлі көрнекі құралдар негізінде шоғырланады [4, 165].

Қазақ тілінен білім беру әдістері белгілі әдіскер ғалымдардың айтқан әдістемелік пікірлеріне байланысты жіктеледі. Профессор А. В. Текучев «Методика русского языка в средней школе» деген еңбегінде білім беру әдістерін білім алу кездеріне қарай жіктеуді мақұлдайды. Орыс тілін оқытудың заңдылықтарын көп зерттеген әдіскер ғалым профессор Л. П. Федоренко теориялық методиканы зерттеудің мәселелері жайында: «Важными вопросами теории методики автор считает следующие: принципы методики русского языка, вытекающие из закономерностей усвоения родного языка; теоретический анализ средств передачи знаний, в частности анализ методов обучения родному языку» деп орынды атап көрсеткен. Ана тілін оқыту әдістемесін негізгі мәселелерін зерттеу қазіргі заманғы әдістеменің басты міндеті болып отыр. Қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты жазылған құнды зерттеулер де осы мақсатқа арналады. Мұнда білім беру әдістерінің біраз түрлері жан – жақты баяндалады.

Белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өту үстінде әдістер жиынтығы бірімен – бірі кірігіп, көгенделіп, байланысып отырады. Мұндайда әдістің екі түрлі қызметі ескеріледі: толық элементті әдіс; аралас элементті әдіс. Толық элементті әдіс тілдік материалдардан білім беруде өзінің ішкі құрылымын істің өн бойында бүтіндей сақтайды. Сөйтіп оқушылырға теориялық білім мен практикалық дағды беруде жетекші қызмет атқарып, белгілі әдіс жүйесінде дараланып отырады. Ал аралас элементті әдістер білім беруде жапай қатысып, әрбір әдіс элементтерінің тиісті орында қызмет атқарғандығы сезіледі. Материалды түсіндіруде өтілгенді еске түсіру үшін, талдау, түсіндіру әдістері, хабарлау амалдары, көрнекілік тәсілдері, әңгіме әдістерінің элементтерінің қосылуы теориялық материалдардың менгерілуіне жағдай жасайды. Әдісті іске асыруда негізгі мақсаттармен бірге тақырыпқа сай ескертілетін принциптерді ұмытуға болмайды. Мәселен қазақ тілі тақырыптарын оқыту үстінде: әдіс элементтерін ұштастыру. Оқушылардың зейінін қазақ тілі тақырыптарына аудару. Тақырыптың өзіндік белгілерін тірек ету. Тақырыптың әсерлігі мен мәнерлігін күшейту. Ауызша сөйлеу

дағдысын арттыру. Жазу сауаттылығын арттыру. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділігі мен саналығын күшейту тағы басқа қадағалаған жөн.

Сөйтіп әдістің іске асырылу жүйесі лингвистикалық фактілерді тірек етіп, психологиялық факторлар негізінде дидактикалық – методикалық принциптер бойынша жүзеге асады. Таза практикалық жұмыстарды орындауда түсініксіз сөздерді түсіндіру, ауызекі тілді дамыту, мәнәреп оқу, қосымша әдеби кітаптармен жұмыс істеу және оны іс – тәжірбиеде пайдалана білуге және олармен жұмыс істеу тәсілдері жұмсалады [4, 32]. Теориялық тілдік материалды оқытуда әңгіме, хабарлау, тәжірбие, түсіндіру, кітапты пайдалану әдістері қолданылады. Ал әрі теориялық, әрі практикалық мақсатта жүргізілетін әдістер жүйесіне жүргізілетін әдістер жүйесіне мыналар кіреді: қазақ тілі тақырыптарын талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту, тілдік тапсырмаларды мазмұндау, шығарма жаздыру, орфографиялы талдау, көшіріп жазу, диктантты оқыту, орфографияны үйрету, дұрыс сөйлеу дағдысына еліктеу, дыбыстау мүшелерінің қызметін түсіндіру, дұрыс айту ережелерін меңгеру, көрнекі құралды пайдалану, өлең ұйқастарының айтылуын үйрету.

Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері сабақ жүргізу үстінде іске асырылады. Бұл арылы оқушылар сөздің мағыналық қасиетін, табиғатын, сөздік қоры мен грамматикалық құрлысын сезінеді, ауызекі тілдің байлығы мен әдеби тілдің өзіндік белгілерін үйренеді. Мәдениетті сөйлеу үлгісін қалыптастырып, дұрыс оқып, оқығанын қайталап айтып беруге жаттығады.

Сауатты және дұрыс жазу шеберлігі төселіп, өзінің тілін стилистикалық тұрғыдан жетілдіреді, ғылыми, саяси және көркем шығармаларды талғап оқу қабілеті артады. Оқушылар қоғамдық құбылыстарды тіл арқылы біліп, сезіну, түсіну және үйрену жолымен білімдері мен дағдыларын қалыптастырады.

Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету керек [4, 67]. Оқушылар, біріншіден, бірімен – бірі қатынас жасайды, білмеген сұрақтарын бірінен – бірі сұрайды, екіншіден, өзіне тапсырылған қоғамдық, ұжымдық жұмыстарды (бейнеузік, газет шығару, мақала жазу, үйірмеге қатысу т. б.) орындайды, үшіншіден, оқыған пәннің меңгертуде практикалық дағдысын арттырады.

Түрлі пәндер саласындағы түсініктер мен берілген фактілер қазақ тілінен білім беруге материал есебінде қызмет атқарады. Пән мұғалімдері өз жұмысын қазақ тіліне сәйкес мынадай білім беруге бағыттайды: «мұғалім сөзінің мағыналы да ғылыми болуы,

грамматикалық жақтан жаттық құрылуы, сөздік қорының молдығы мен сөз саптауының орамды келуімен оқушыларға үлгі бола алады, оқушылар мұғалімге еліктей отырып, берілген сұрақтарға толық жауап беруге әрекет жасайды, мұғалімге еліктеу, мұғалімнен үйрену нәтижесінде оқушылардың сөздік қоры молаяды, оқушылардың ауызша берілген жауаптарын оқылып отырған тақырыптардың өзіндік белгілеріне қарай дұрыс ұйымдастырып, шығарма, жазба жұмыстарын жүйелі жазуға дайындайды, мұғалім оқушылардың ауызша және жазбаша тіліндегі грамматикалық, стилистикалық қателерін дер кезінде түзетіп, дұрыс бағалап отырады» [4, 251].

Әрбір жеке пән мұғалімдері оқушылардың ой – өрісін дамыта отырып, бір пәннен алған білімін екінші бір пәнге пайдалану жағын қарастырады. Оқушылар әрбір пәннің өзіндік заңдылықтарын меңгермейінше, сол пәннен тиянақты да терең білім ала алмайды. Сондықтан оқушылардың әрбір пән бойынша практикалық дағдыларын қалыптастырғаны орынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сарыбаев Ш. Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I-бөлім. – Алматы, ОПБ, 1956.
- 2 Құдайкүлов М. Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуге қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану, – Алматы, 1992.
- 3 Құлмағанбетова Б. Орта мектепте қазақ тілін оқытудың жалпы мәселелері. – Алматы : Мектеп, 1998.
- 4 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемелері. – Алматы, 2000.

КАЛАМБУРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СИПАТЫ

СЕИТОВА Ж. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 17 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Стильдік оралымдарды қолдану мен қабылдау адамның тілді жетік меңгеруі мен белгілі бір білім дәрежесінің болуын талап етеді. Сондай-ақ қабылдауда, әсіресе сөз саптауда ұшқыр ой мен ділмарлықты қажет ететін стильдік қолданыстар да бар. Каламбур барлық еуропа тілдерінде ғана емес, сонымен қатар түркі тілдерінде де бар құбылыс.

Каламбур сатиралық шығармаларда, әсіресе юморда, жаңылтпаштарда, баспасөзде кеңінен қолданылады.

Каламбурға «Қазақ тілі энциклопедиясында» мынадай анықтама беріледі: «Каламбур (франц. calembour) – сөз бен сөз тіркестерінің дыбысталуы жағынан ұқсас келуінен туатын стилистикалық оралым, яғни сөз құбылту, сөз түрлендіру. Көбінесе поэзиялық шығармаларда стилистикалық-эмоциялық әсер беру үшін, ұйқастың шымырлығын күшейту үшін қолданылады. Каламбурдың түрлері көп ретте юморлық және сатиралық жанрдағы туындыларда жиі кездеседі» [1, 165 б.].

Сөзді ойната қолдану дәстүрі түріктерде ежелден көрініс тауып келе жатыр. Себебі сөздік қорында омонимдердің көптеп болуы оған оң әсерін тигізді. Мысалы Л. Н. Гумилев «Древние тюрки» кітабында ежелгі түрік өлеңінің татар нұсқасын ұсынады:

«Аттим карга,
Тошти карга,
Карга тошти ак карга» [2].

Қазақ халық ауыз әдебиеті жинақтарына, әсіресе жаңылтпаштарға қарап, сөзді ойната қолдану қазақ халқына таңсық нәрсе еместігін аңғаруға болады.

Ресейде 19 ғасырдың бірінші, әсіресе екінші жартысында каламбурдың өрлеп тұрған шағы болса, қазақ ақындарының шығармаларында каламбур өте сирек, тіпті жоқтың қасы деуге болады. Мұны тақырып ауқымымен байланыстыруға болады [3, 349 б.]. Бұл кезең өлеңдері күрделі саяси-әлеуметтік мәселелерді тақырыбына арқау еткендіктен каламбур аз кездеседі. Ал, қазіргі кезеңде каламбурдың сатирик ақындардың өлеңдерінде, баспасөз беттерінде мол кездесуі тақырып ауқымдылығы қайтадан күнделікті тұрмыстық мәселелерге ауысқандықтан деп топшылаймыз.

Лингвистикада каламбур терминінің сипатын анықтайтын түсініктемелердің өзінде бірізділік жоқ. Ойын сөз, өткір сөз, тапқыр сөз, сөз құбылту, сөзойнатым т.б. деген атаулар жиі ұшырасады.

Сонымен, каламбур дегеніміз не? «Каламбур» (calembour) сөзінің шығу тарихы бұлыңғыр. Тек болжамдар ғана айтылады. Кейбір зерттеушілер бұл сөзді Калемберг қаласының атауымен байланыстырады (Лютер заманында бұл қалада әзілдерімен атағы шыққан неміс пасторы тұрған дес-ті). Сондай-ақ каламбур сөзінің пайда болуын Людовик 15 сарайында француз тілін жете білмегендіктен француз сөздерін бұрмалап өткір мысқылдарымен атағы шыққан барон Каленберг есімімен байланыстырады. Француздар одан өшін алмақ болып, оның есімін бұрмалап, сол күйінде кейінгі ұрпаққа өсиет етіп кетеді. Барлық болжамдардың

ішінде каламбур сөзінің итальян kalamajo «қауырсын» burlare «әзілдеу, күлкі ету» немесе гректің kale «көркем, әсем, әдемі»және фр. bourde «бос сөз, өтірік» деген сөзінен шықты дегені шындыққа саяды [4].

Біз француз тілінен енген каламбур сөзінің анықтамасы, синонимі ретінде жұмсалып келеген «игра слов» терминдерінің ара-жігін ашып алуды жөн көрдік. Оған түрткі болған С. Влахов пен С. Флориндердің еңбектеріндегі мынадай деректер: «...на наш взгляд, каламбур – это вид игры слов, которая может в свою очередь включать и другие построенные на языковом материале «игры» [3, 349 б.]. Біз бұл пікірді қолдаймыз.

Сөзойнатымның түрлеріне каламбурдан басқа оксюморонды, палиндром сөздерді, парадоксті, орынды айтылған афоризмдерді жатқызуға болады деп топшылаймыз.

Каламбурдың нақты және толығырақ анықтамасы Үлкен Совет энциклопедиясында берілген: «Каламбур – стилистический оборот речи или миниатюра определенного автора, основанные на комическом использовании одинакового звучания слов, имеющих разное значение, или сходно звучащих слов или групп слов, либо разных значений одного и того же слова и словосочетания» [5, 191 б.].

Каламбурларды топтарға жіктеуде ең алғаш қадам жасаған неміс лингвисті Л. Райнерс. Біздіңше, бұл топшылау қазақ тіліндегі каламбурларға да сәйкес келеді. Ғалым каламбурлардың 4 түрін ажыратады:

1) бір сөздің көпмағыналығынан, яғни екі бірліктің бірдей дыбысталуынан пайда болатын сөз ойнақылығы;

Менің атым қой,
Қойшыңды тандап қой,
Қойшыңды тандап қоймасан,
Қой жинауыңды қой (ауыз әдебиетінен).

Қалқам, жаным, қарағым,
Бетіңе келмес қарағым (С. Торайғыров).

Дәмді аспен қарным тойса деген арман,
Мұршам жоқ ой ойлауға онан арман (С. Торайғыров).

2) екі сөздің ұқсас дыбысталуынан пайда болатын сөз ойнақылығы;

Ол үлкен театрда отырғандай,
Үнінен найзағайдың оты ұрғандай (Х. Ерғалиев).

3) Сөздің тек қана бір бөлшегі екінші сөзбен ұқсас болып, соның нәтижесінде сөздердің құбылуы пайда болатын сөз ойнақылығы;

«Ботқа» десем көзіме елестейді

Тоймайтын бір қазанбас қара кісі.

«Миуа» десем сұлу қыз елестейді

Келетұғын әркімнің қарағысы (О. Әубәкіров).

Аю-бастық қызметке

Алмай қойды кірпіні.

Көзімізді бұ шіркін

Шығарар деп бір күні (Ш. Смаханұлы).

4) Сөйлемді құбылту нәтижесінде ұқсас дыбысталуға қол жеткізетін сөз ойнақылығы [4].

«Отпен ойнама – күйесін, сумен ойнама – батасын». Демек батпас үшін отпен, күймес үшін сумен ойнау керек» (С. Еркебаев).

«Айтылған сөз – атылған оқ» – деген өтірік. Атылған оқ басқа біреуге тиеді, айтылған сөз өзіңе тиеді (С. Еркебаев).

Үйленгенше

«Жаным» дейді,

Үйленген соң

Жанын жейді (Ш. Смаханұлы).

Каламбур комикалық әсерге жету мақсатында омонимдер мен омографтарды, паронимдер мен полисемия сияқты тілдік феномендерді шебер қолдану арқылы пайда болатыны белгілі. Каламбурдың стильдік мақсаты – комикалық әсер туғызу. Бірақ кейде автор каламбур жасауда барлық техникалық элементтерді қолданса да комикалық әсері туындамайды. Сонымен, каламбурлардың басты ерекшеліктері қандай?

Ең маңызды белгісі ойнатылатын компоненттердің бағалаушылық қарама-қарсылығы. Зерттеу барысында каламбур элементтерінің өзіндік орналасу тәртібі болатынына көз жеткіздік. Алдыңғы тармақтарда каламбурға негіз болатын жалпыхалықтық лексикадағы бірлік (сөз, сөйлем т. б.) берілсе, келесі тармақтарда эмоционалды-экспрессивті бояуы (ренкі) бар элемент орын алады. Мәселен, төмендегі мысалдағы судья – еш бейнелі бояуы жоқ әдеби сөз болса, су ми ә – тұрмыстық-қарапайым лексикаға тән комикалық әсер тудырып тұрған сөз.

Соттайтын да,

Ақтайтын да – Судья.

Заң білсең

Заседатель – су ми ә? (Ш. Смаханұлы)

Сөйтіп біздің Әлибек –
Екінші аты – Алимент (О. Әубәкіров)

Ю. Боров каламбурдың бойында ұлттық реңк бар екенін ескерте келіп, оны басқа тілге аударуда қиыншылықтар туындайтынын айтады: «Каламбур, будучи органически связанным с природой и национальной спецификой данного языка, представляет особенно много трудностей при переводе на другой язык» [6, 237 б.]. Себебі, зерттеу нысанына алынған тілдегі каламбурлар бойынан ұлттық бейне, ұлттық дүниетаным мен болмысқа тән сипаттарды аңғаруға болады.

Сөйлеу әрекетінің ерекше түрі – сөз ойнатым ғалам бейнесінің немесе бізді қоршаған болмыстың үзік суреттерін санамызда бейнелеп көрсетудің анағұрлым тиімді тәсілі болып табылады. Сөз ойнатым тәсілінің бір түрі каламбур қазіргі газет мәтінінің прагматикалық әлеуетін арттыратын аса маңызды тәсіл ретінде танылды. Газет мәтініндегі каламбурдың негізгі мақсаты – мәтінге ойнақылық, жеңіл әзіл, юмор мәнін үстей отырып, оның эмоционалды-экспрессивтік әсерін күшейту, басқаша айтқанда комизм әсерін тудыру.

Ол әдеби, стильдік және синтаксистік нормалардан ауытқуға, контраст принципіне негізделе отырып, оқырман санасында қалыптасқан дәстүрлі үрдістерді бұзу арқылы әсер етуді мақсат етеді [7, 31 б.].

Каламбур мәтіндер тақырыпаттары ретінде қолданылатын аса маңызды стильдік тәсіл болып саналады. Баспасөзде каламбур фразеологизм немесе стильдік оралым құрамындағы бір лексеманы басқа сөзбен алмастыру немесе оған жаңадан сөз қосу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, «Ақымаққа намаз үйретсең, жайнамазға басын жарады» (Жас Алаш, 17. 02. 04.) деген тақырыпат «Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы дейді», -деген мәтел үлгісімен жасалған; «Ақиқатты айтпасақ сөз атасы өлмей ме?» (Жас Алаш, 29. 01. 04.) тақырыпаты қазақтың «Айтпаса сөз өледі» деген мәтел үлгісімен жасалған, «Б» десең Бөкеңе тиеді, «Т» десең Төкене тиеді...» (Жас Алаш., 25. 05. 04) «Тық деген тауыққа тиеді» деген мәтел ізімен жасалған; «Горбачев сонда сөйлейді, сөйлегенде бүй дейді...» (Ана тілі., 19. 02. 04) – қазақ фольклорында қалыптасқан сөз бастамасының негізінде жасалған сөз ойнату дәуге болады.

Қазіргі қазақ баспасөзінде оқырманның назарын аудартып, мақаланы оқып шығуға «мәжбүр ету» мақсатымен ұлттық танымды көрсететін, эмоционалдық бояуы қанық, бедерлі оралымдарды

қолдануға ұмтылыс дәстүрге айналып келе жатқаны байқалады. Мұның өзі каламбурды лингвомәдени бірлік ретінде қарастыруға арқау болады, себебі каламбурлардың бойында ұлттық танымды танытытын ақпарат сақталған. Мысалы «Түйені түгімен жұту жеңіл-желпі диета болып қалды» (Жас Алаш, 22. 11. 05). Қазақ халқы төрт түліктің ішінде түйе малын байлық ретінде де, көлік ретінде де, азық ретінде де қатты қастерлеген. Шынында, жылқы, сиырға қарағанда түйе тамаққа да, шөлге де шыдамды хайуан. «Түйені түгімен, биені бүгімен жұту» тұрақты сөз тіркесі-жұртты ойсырата жеген, параны көп алған ретте айтылады [8, 526 б.].

Сонымен каламбурды бей-берекет қолданылатын, ешбір нормаға бағынбайтын, ережесіз сөзойнатым тәсілі ретінде емес, белгілі бір прагматикалық мақсатта жұмсалуды тиіс, сөз мәдениетінің тамаша бір көрінісі ретінде ұтымды пайдаланылғанда ғана қажетті комикалық әсерді туындататын қару ретінде түсінеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1998
- 2 <http://www.rusnauka.com>. Иманкулова А. Ж., Цай Е. Н. Особенности национальной семантики каламбура
- 3 Ахтаева Н. Қазақ сатирасындағы каламбур табиғаты. Тіл және мәдениет: Тілдің антропоэзеттік парадигмасы. Алматы, 2010
- 4 <http://www.lib.ua-ru.net>. Точилкин С. Ю. Приёмы создания каламбуров во французской поэзии
- 5 Большая Советская Энциклопедия. 11-том. Москва, 1973
- 6 Боров Ю. Комическое, или о том, как смех казнит несовершенство мира, очищает и обновляет человека и утверждает радость бытия. Москва, 1970
- 7 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). Автореферат. Алматы, 2007
- 8 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977
- 9 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы,
- 10 Әубәкіров Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. Том 2. Алматы, 2005
- 11 Ерғалиев Х. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы, 2010
- 12 Еркебаев С. Кертолғаулар мен терісқақпайлар. Алматы, 2005
- 13 Смаханұлы Ш. Өнші өтеш. Алматы, 2005

АСҚАР АЛТАЙДЫҢ «ҚЫЗЫЛ БӨЛТІРІК» ПОВЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ

ТЛЕУКЕНОВА Ә. Қ.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
ҚҰРАЛҚАНОВА Б. Ш.
ф.ғ.к., доцент, ПМПИ, Павлодар қ.

Психологизм – көркем шындық пен өмірдің шынайы бейнесінің түйісетін тұсы. Көркем шығармадағы психологизм – адамның ішкі жан дүниесін, сезімдері мен көңіл-күй құбылыстарын, кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің қақтығысын суреттеу.

Көркем прозадағы әдеби психологизм мәселелерін зерттеуші Г. Пірәлиева психологиялық шығарманың өзіне ғана тән жанрлық, көркемдік, стильдік ерекшеліктерін былайша жіктеп береді:

«Біріншіден, психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, уақыт, тақырып, идея т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды. Ол талап та етілмейді.

Екіншіден, мұнда ең бастысы – жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке Адам санасындағы сапалық өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады.

Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды.

Психологиялық бейнелеу құралдары:

Бірінші – психологиялық бейнелеудің «тура» түрі, бұл кейіпкердің жан дүниесін көркемдік таным тұрғысынан танып-білу, яғни ішкі сөз, қағытпа түрі, өзін-өзі бақылау, ойша елестету, ішкі монолог, еске алу және елестету т.б. арқылы психологиялық талдау жасау.

Екінші – психиканы берудегі сыртқы психологиялық қимыл көріністерге – бейвербалды ишараттарға мән беру, оның басқа да түрлерін қолдану болып табылады.

Үшінші – осы екі тәсілді тұтастандыра беретін авторлық психологиялық баяндау» [1, 14-16 б б.].

Қазіргі қазақ прозасында өзіндік орны бар, шығармалары өз оқырмандарын тапқан, кара сөздің шебері атанған көрнекті

қаламгерлердің бірі – Асқар Алтай. Жазушының «Қыр мен қала хикаялары» атты повестер мен әңгімелер жинағы (1998), «Алтай новелласы» прозалық шығармалар жинағы (2001) бар. «Нарық нақыштары» (2003) және «Қызыл бөлтірік» (2006) сияқты прозалық шығармалары ұжымдық жинақтарда жарық көрді. Сондай-ақ, қазіргі таңда интернет парақшаларында жазушының көптеген туындылары жарияланып жүр.

Г. Пірәлиеваның жоғарыда ұсынған тұжырымдары бойынша жазушы А. Алтайдың «Қызыл бөлтірік» повесіндегі психологизм көріністерін қарастырайық.

А. Алтай өз повесіне аңыз-әңгімелерді арқау етіп, оқиғаны психологиялық тұрғыда шиеленістіре отырып, шешуге тырысады. Повесте негізінен психологизм кейіпкер монологтарындағы философиялық ойларда ғана емес, сонымен қатар диалогтарында да анық байқалады. Диалогтарда кейіпкердің тек өздеріне ғана тән психологиялық, мінез ерекшеліктері ашылады.

«Көркемдік интерпретацияда өтетін өмір шындығының сенімділігіне айқын кепілдердің бірі – кейіпкер сөздері. Қаһарманның тек өзіне тән, дара характері оның сөйлеу мәнерінен көрінеді. Бұл әрине, диалогтың эстетикалық мәнін анықтайды» [2, 29 б.], – деп б. Майтанов шығармада кейіпкердің психологиясын, болмысын, ішкі эмоциялық сезімін берудегі диалогтың рөліне тоқталады. Шығармадағы оқиғаның шиеленісіп барып, шарықтай түскен сәтінде кейіпкердің көңіл-күйінен, көзқарасынан хабар беретін диалог ашық тартысқа, қалтығысқа да алып келеді.

Мысалы атасының тілі күрмеуге келмей қалған кездегі немересімен ишарамен, көзқарасымен тілдескен диалог өте шебер берілген:

«– Ата, не істейін? Не дейсін? – деді бала жаутандап.

Шал аузын бұған өгіздей көзімен ішіп-жеп жатыр. Не дейді, тілін тәңірі кессе?!...

– Атам-ай, не істеймін? Мен жалғыз өзім не істеймін? Қайда барам? – деді бала көзіне жас тығылып.

Шал көзін қайта-қайта ашып-жұмды...

– Ата, жүре бер дегендей қыласың ғой. Көзіңмен қайда мегзейсін? Сені қайд тастаймын? Ауылға жалғыз бармақпын ба?

– Шал «дұрыс айттың, ойымды дәл таптың» дегендей жанарын ұзақ жұмып, басын изегендей қимыл көрсеткенді» [4, 260-261 б б.]

А. Алтай өзінің аталмыш повесінде кейіпкерлер қақтығысынан гөрі, кейіпкердің рухани әлеміндегі ой мен сезім қайшылықтарын басым көрсетеді.

Повесть белгілі бір оқиғаға құрылмай, осылайша ішкі ой арпалысымен жалғасып жатады. Кейіпкердің мінез-құлқын, психологиялық бітімін ашуда монологтың рөлі де әсіресе айрықша.

Суреткер дәрежесіне көтерілген жазушы кейіпкерлеріне тікелей авторлық мінездеме бермей, оларды іс-қимылдары, ойлары, әсіресе өздерінің іштерінен жарып шыққан лебіздері арқылы танытады. Баяндаудан гөрі суреттеуге көп күш салады. Яғни, повесте жеке адам санасындағы ішкі сезімдік құбылыстар терең суреттеліп, көрсетіледі.

Тіпті болмағанда, аңыздарда генеалогияның ондай нұсқасы қабылданбаған жағдайда, тағы бір амал қалдырылды. Ол Сібірге иелік етуді Шыңғыс ханның өзі бергендігінен тұрды, сәйкесінше оның ұрпақтарының билігіне тең болуы мүмкін. Ондай жағдайда Тайбұғидтер күресі жоғалған құқықтарды қалпына келтіру деп мойындалуы мүмкін [6]. Олар үшін әскери көмекке қол жеткізу еуропалық бөліктегі сауда қатынастарын орнықтыру сынды соншалықты ерекше маңызды болды. Осы мақсатта олар Мәскеумен бұрыннан байланысы бар ноғай ақсүйектерінің бір бөлігінің қолдаймын деген уәдесін алды [12, 310]. Олардың басқаруындағы Орта Азиямен дәстүрлі түсімге ие сауда көбінесе саябырсып, бүкіл одақтық көсемдерді қамтамасыз ете алмайды. Бұл Алтын Орда құлағаннан кейін пайда болған мемлекеттердегі шежірелік биліктердің бұрмалануындағы жалғыз жағдай емес. Талданғанға көп жағынан жақын және жағдайдан шығудың өзге тәсілі табылған бір мысал ғана келтірілік. Ноғай Ордасындағы бүкіл салттарға қарсы Жошылықтар емес, маңғыттар тайпасынан шыққан Едіге беклербектің алтынордалық әскери қолбасшынысының ұрпақтары үстемдік орната алды. Оны тең патшалы Жошылықтардың көрші мемлекеттері мойындамауы заңдылық. Шешім Едігенің Қожа – Ахмед Баба – Туклес әулие уағызшы арқылы Пайғамбардың қайын атасы мен мұрагері Әбу Бәкір халифтен шыққан деген қияли нұсқасын құрастыру есебінен табылды. Алтын Орда мұрагерлері осындай болған мұсылман қауымында билік легитимділігінің ондай негізі барынша қолайлы болар еді [11, 177]. Осылайша, идеологиялық шарттасқан генеалогия бұрмаланған болса да, постмонғол қоғамы арасында билік пен сыртқы саяси әсердің маңызды факторы ретінде қызмет етті, бұл құрал байқағанымыздай көшпелі әулет үшін дәстүрлі болып табылады.

Адам қоғамы тарихының ілеспелі факторы болып этникалық бөліну ерекшелігі табылады. Оны тану оның адамдардың қоғамдық өміріндегі рөлін бір мағыналы емес талқылаумен түйіндескен. Этностардың пайда болуы түрлі географиялық аймақтарда орын алды, сондықтан олардың арасында иерархиялық бөліну болды деп айтуға болады. Біреулерге қолайлы жағдайлар туындаса, екіншісіне ондай мүмкіндік болмады. Бірақ бәріне өз өмірлік іс-әрекетін қамтамасыз ете отырып, бейімделуге тура келді. Еуразияның аридті кеңістігіндегі өмірдің ең оңтайлы тәсілдерінің бірі көшпелі мал шаруашылығы болып саналды. Осылайша пайда болған көшпелі қоғамдық ұжым қоршаған халықтың жалпы массасынан

өзгешеленетін ерекше әлеуметтік организмдерді ұсынды. Олардың тарихтағы рөлі жан-жақты бағаланады, олар негізінен ыдырап, өркениетті егіншілікпен айналысатын халық үшін жағымсыз фактор болды деп бағаланады. Сонымен бірге, олар өзге халықтарды олар өмір сүрген жағымсыз табиғи жағдайларға бейімделу үшін өмірдің жаңа машықтарына үйреткенін айтпағанда, мәдени құндылықтардың тасымалдаушысы ретінде медиативті рөлге ие болғандығын айтпай кеткен болмас. Көшпелі этностар тағдырының жарқын тарихи мысалы ноғайлықтар болып табылады. Әсіресе, олардың бірыңғай орталықсыз айтарлықтай аумақ бойынша орналасу дисперстілігімен байланысты қазіргі жағдайлары оның өткен шақтағы көшпелі өмір салтымен тікелей байланысты. Сондықтан аталмыш зерттеудің көптеген сүйеу болатын жағдайлары ноғайлықтардың материалына келтіріледі.

Зерттеу тақырыбының маңыздылығы. Қазіргі Ресейдің күрделі биліктік-саяси қатынастарында этникалық фактор белгілі орынға ие болды. Оның саясатта көрініс табуы көпұлтты мемлекет үшін транзитті кезеңде заңды болып табылады. Бүгінде этникалықтың саяси қызмет ету саласы федералдық орталық пен аймақтардан топаралық және тұлғааралық қатынастар арасындағы өзара қатынастарға дейін таралады. Сондықтан этносаяси зерттеулер уақыт сұранысына ие. Кеңес мемлекеттерінің тәуелсіз құрылымға ыдырауы барысында дәстүрлі байланыстар рационалды-бюрократиялық қатынастардың қабығынан жарылып шықты. Бұл проблема барынша көрнекі түрде ортаазиялық республикалар мен Қазақстан және Қырғызстан аумағында орын алды. Заманауи ресейлік мемлекеттілік өткеннің қалдығын мадақтауға негізделген этникалық құрылымдалудың жаңа импульстарына қол жеткізді. Кейбір жағдайларда төмен экономикалық өмір сүру деңгейі мен өркениетті баламаның болмауымен байланысты осыған аймақтық бейімділік көзге түсті.

Бұл процестердің әлеуметтік-мәдени құрамы (біздің жағдайда, өзге де биліктік) бастапқыда бір кеңес жүйесінің аясында жиналған этноәлеуметтік организмдердің әртүрлі сатылығында жатыр. XX ғасыр бойына жаңару процестері бұл айырмашылықтарды толық жоя алмады, ал кеңестік жүйе дағдарысы мен одан кейін жылдамдатылған реформалау архаизмдік мұрагерліктің кейін шегінуіне алып келді. Алайда мұндай құбылыстың себептері тек өзіндік мәдени құрамға ғана ие емес. Сонымен, бүгінгі жағдайларда «этникалықтың кезеңденуінде» саяси фактор Ресейдің

жағдайында әсіресе, оның діни қалыптасуында соңғы маңызды иеленбейді. Дәстүрлі билікте «потестарлылық – саяси алды – саясат» қатынасы қазіргі таңда қайта пайдаланып, кейде типтік емес түрлерде қайтадан байқалады. Посткенестік кеңістікте әлеуметтік мәртебені арттыруға үміттенуге мүмкіндік беретін кез келген ерекшеліктер мен айырмашылық сипаттары соңғы онжылдықтағы қоғамдық тәжірибе көрсеткендей, көбінесе ресми мойындалған бастамаларда саяси субъектілердің қызметінде бекиді. Аталған қатынаста соңғы мән саяси реконструкцияларға берілді, әсіресе, адамдардың жаппай танымының нығаюында пайдаланылды. Осыған байланысты қазіргі заманның этносаяси мәдениетінің қалыптасу заңдылығының сипаттамасы үшін ұқсас этносаяси үрдіске ғылыми сараптама қажеттілігі бар.

Кеңестік кезеңде бүкіл көшпелі халықтарға қатынас бойынша седентификация саясаты, яғни, жерге толықтай үйрету жүргізілді. Әсіресе, бұл процестер ұжымдандыру кезеңінде өтті. Осы өзгерістер мен оның салдарының бағыты айтарлықтай ғылыми қызығушылық тудырады, себебі олар көп жағдайда әлі зерттеген. Жаңа социалистік мемлекеттің бүкіл халықтары сынды көшпелі социумдар ұлттық-мемлекеттік құрылымның қарқынды процестеріне тартылды. Төменгі Волжье аймағында ондай ресімдеуге қалмақтар ие болды. Өзге халықтар, соның ішінде, ноғайлықтар кейбір уақытта ұлттық ауданды ұйымдастырушылық түріне ие болды. Тоталитарлық режім жағдайында кеңестік ұлттық саясат сол уақытта КСРО ыдыраған соң қазіргі заманауилықта жаңа қарсылыққа ие болды. Маңызды болып оларды талдау мен бағытқа рұқсат немесе жұмсартуды зерттеу болып табылды. Кейбір этносаяси проблемалар барынша ірі қауымдастықтың кіші халықтарының біріктіру саясатына байланысты орын алды. Сонымен, астрахандық ноғайлықтардың бүкіл топтары 1939 жылғы санақтан бастап «татарлар» ретінде көрсетіле бастады. 60-жылдардың басына дейін оларға «татарлану» саясаты жүргізіліп, олардың өзіндік санасы байқалды. «Татар-ноғайлық» проблема деп аталған, яғни, екілік, ал кейде тіпті, үштік (субэтникалық этномәдени бағыттың сақталуы), бірнеше этносаяси процестер арасында бірден қойылатын ноғайлықтар тобының төменгіволжьедық сәйкестігі проблемасы орын алды. 80-жылдардың соңында қайта құрылу кезеңінде ноғайлықтардың ұлттық өзіндік санасының пайда болуы үшін қозғалысын білдірді. Бұл жерде өзге аймақтардың ноғайлық топтармен байланысын белгілеу, сондай-ақ, этникалық дәстүрлерді сақтау қажеттілігінің бір-біріне келу ұраны

экологиялық қозғалыстармен байланысты жергілікті жағдайлар иеленді. Посткеңестік кезеңде орын алған саяси теріс салдарлар 1944 жылы қалмақтар жер аудару саясаты ие болды. Осыдан пайда болған аумақтық қайта құру Төменгіволжьдық аумақтағы заманауи этносаяси проблемалардың бірін құрады. Қалмақияның саяси элитасының бір бөлігінің талаптануы репрессияланған этностардың құқығын оналтуға негізделіп, конфликтогенді сипатқа ие. Бұрынғы көшпелілер үшін өнеге тұтарлығы олардың бұрынғы рулық-тайпалық бөліну қалдығының заманауи әлеуметтік мәдениетінде сақталуы болып табылады. Адамдардың өткен әлеуметтік өмірі туралы жалпы танымындағы тұрақты түсініктердің болуы осы қатынастардың саясатпен тоқайласуының жағдайында ғылыми талдауын талап етеді. Ғылыми сараптамалық көзқарас тұрғысынан бұрынғы көшпелілердің билігінің дәстүрлі өкілдік институттарының туындау талпынысы, мысалы, ауылдық басқарудың муниципалды органдары немесе ұлттық-мәдени қоғамда ақсақалдар кеңесінің туындауы қызықты. Посткеңестік уақыттағы геосаяси процестер мәнмәтінінде Төменгіволжьдық аумақ жағдайының күйін де айта кету керек. Бұрыннан табиғи-географиялық аймақ пен тарихи-мәдени облыстардың торабында өз орнын тауып, әр түрлі әлеуметтік-экономикалық дамуымен ерекшеленіп, поли-этникалық күшке ие бола отырып, XX ғасырдың соңында ол қалыптасудың жаңа айналымына өтті. Соның ішінде, оның шекара бойындағы мәні күшейіп™, белгілі рөлге «Солтүстік-Оңтүстік» каспийлік жолымен байланысты транспорттық дәліздің тұйықталуы ие болды. Оның өнеркәсіптік өндірісінің көлемі әсіресе, газ өндіретін өнеркәсіп желісі бойынша артты. Соңғы онжылдықтағы бүкіл бұл өзгерістер халықтың демографиялық құрылымының қайта құрылуын тудырды, бұл демек, социамәдени саланы қамтып, соның ішінде, аккумуляризация процесіне де әсер етті. Сондықтан кейбір жағдайларда Төменгіволжьдық аймақ халықтарының этномәдениетін жаңа жағдайларға бейімдеудің бейімделушілік тәсілдерін қалыптастыру жағдайлары қажет. Төменгіволжьдық аймақтың ішкі жағдайына әсер ететін өзге фактор болып онда халықтың миграциялық әлеуетінің, соның ішінде, дәстүрлілік пен этникалық шиеленіс оның өзіндегіге қарағанда айтарлықтай жоғары деңгейде болатын аймақтағы әлеуметтік-экономикалық проблемалар болып табылады. Сонымен, бір ұлттың өкілдерінің этникалық анклавты бір социомәдени деңгеймен үлестену пайда болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дмитриев С. В. Версии коронации Чингис-хана с точки зрения политической логики. II. Ван-хан // *Mongolica* – IV. СПб., 1998.
- 2 Кляшторный С. Г., Султанов Ф. И. Государства и народы евразийских степей. Древность и средневековье. – СПб, 2000.
- 3 Козин С. А. Сокровенное сказание: Монгольская хроника 1240 г. – М. -Л., 1941.
- 4 Кычанов Е. И. Жизнь Темучжина, думавшего покорить мир. – М., 1995.
- 5 Марков Г. Е. Кочевники Азии. – М., 1976.
- 6 Маслюженко Д. Н. Генеалогические легенды как фактор захвата власти (к проблеме ценности рода в кочевых обществах монгольского времени) (в печати).
- 7 Миллер Г. Ф. История Сибири. Т. 1. – М. -Л., 1937.
- 8 Нестеров А. Г. Формирование государственности у народов Урала и Западной Сибири: Искерское княжество Тайбугидов (XV-XVI вв.) // *Этнокультурная история Урала XVI-XX вв. Материалы международной научной конференции.* – Екатеринбург, 1999.
- 9 Ремезов С. У. История Сибирская // *Памятники литературы Древней Руси XVIII в. Кн. 2.* – М., 1989.
- 10 Де Рубрук Г. Путешествие в восточные страны // *Путешествия в восточные страны.* – М., 1997.
- 11 Трепавлов В. В. Генеалогические легенды в Дешт-и Кипчак XV-XVI вв. // *Восточная Европа в древности и средневековье. Вып. XIII. Генеалогия как форма исторической памяти.* – М., 2001.
- 12 Трепавлов В. В. История Ногайской Орды. – М., 2002.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫ

ЖАНГАЗИН А. С.

к.т.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ЖАГИПАРОВА А. Т.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Ең алдымен айта кеткім келгенім, біздің халқымыздың дәстүрлі қол өнері-ол біздің сарқылмас қазынамыз, бай мұрамыз. Бұл – ұлттық санадағы сұлулыққа деген іңкәрліктен пайда болған эстетикалық талғам. Зерделі зергерлер әсем бұйымдарды дүниеге әкеліп, сұлулықтың санадағы бейнесін жасаған. Сол арқылы ұрпақты тәрбиелеп, көркем дүние меңгеріп, одан әрі жетілдіре берген.

Бұл бұйымдар адам қажеттіліктерін өтеп қана қоймай, олардың өнер әлемі жайындағы көзқарасынан да хабар береді. Шынайы шеберлердің туындылары ғасырлар елегінен өтіп, бізге жетті

Әшекей -киімді, тұрмыстық бұйымдарды безендіруге пайдаланылатын, сәндік үшін жасалынатын бұйымдар және зат, бұйымның бетіне салынатын ою-өрнек, түрлі нақыштар .

Қазақтың ұлттық әшекей-бұйымдары сән үшін тағылып қоймай, қорғаныс қызметін де атқарған. Сол себепті қазақ қыздарының әшекейлерін жасау үшін тазарту қасиеті бар күміс пайдаланылған. Ерте заманда әшекейді жаңа туған нәресте шағынан бастап таққан. Бұл тіл-көзден сақтайды деген ырымның бір түрі. Олар қызыл таспен әшекейленген күмістен жасалып, жаңа туған нәрестенің тақиясына немесе аяқ-қолдарына тағылған. Халық қызыл түсті тас бақыт пен шаттық әкеледі деп сенгедіктен, көптеген әшекейлерде осы тастың түрі кездеседі. Көз тиюден сақтану үшін 2-3 жасқа толғанда қыз балалардың құлағына осы меруерт тастардан жасалған сырға салған. Және қолдарына шақшақ күс бейнеленген білезіктер таққан. Кейіннен жасы ұлғая келе қыздар асыл тастармен көмкерілген салбырап тұратын сырғаларға ауысқан. Сол кездері 10-11 жастағы қыз балаларда қалыңдық жасауымен бірдей әшекей бұйымдар болған. Бойжеткен шағында бас киімсіз жүруге рұқсат беріліп, оның орнына күмістен жасалған шолпы таққан. Мұнымен қатар қолдарына да түрлі әшекейлер таққан: білезіктер екі қолдарына қатар, ал саусақтарына 3-4 жүзік. Сақина тақпай жасаған тағам дәмсіз болады деп үнемі сақинамен жүрген. Әр жыл сайын қыз балалардың киіміне жаңа әшекейлер қосылады. Ал жасы ұлғайған сайын жарқыраған тастарды тақпауға тырысқан. Жасы ұлғайған әжелердің білезігі «жұмыр білезік» деп аталады: күмістен дөңгелек етіп жасалып, ұшы жылан басынан ұқсас қайырылған. Бұл да жаман күштен сақтайтын ырымның бір түрі. Мұнымен қатар екі саусаққа қатар киілген қос ғашықтың сүйіп қосылғанын білдіретін «құдағи жүзік» таққан. Мұндай жүзікті қызыма жақсы қарасын деген ниетпен келіннің анасы құдағиына сыйлаған. Шаңырақ көтерген жылы әшекейлерге ұрпақ жалғастығын білдіретін суреттер бейнеленген. Ал қазіргі қазақ қыздары қандай әшекейлер тандайды? Әрине, 11 жасар қыздың жасауымен тең бұйымы болған заман артта қалды. Бірақ, кейбір дәстүрлеріміз де осы күнге дейін жалғасын тауып келеді. Мысалы, жаңа туған нәрестеге көз моншақты осы күндері де тағып, мандайларына күйе жағады. Ал әжелеріміз қазақы оюлары бар білезіктерін білекке салып, әйелдер конус тәріздес сырғаларды

тағады. Күмістен жасалған әшекейлер де қайта жаңғырып, сөнге айналуға. Мұндай әшекей -нақыштар жүн бұйымдарының (текемет, сырмақ, алаша, қоржын т. б.), киіз үйдің бау-басқұрларының, ат жабдықтарының (былғары тоқым, кежім, жабу), құрылыс-сәулет орындарының (есік, мандайша, ұстын, жақтау, дуал және т. б.), киім-кешектердің, ыдыс-аяқтар мен жиһаздардың, қару-жарақтардың т.б. өң бойында қолданылады. Қазақта әшекейленбеген зат, бұйым жоқ деуге болады, себебі қазақ қолөнер шеберлері ұлттық нақыштағы әшекейлерді өңдеп, түрлендіріп, жетілдіріп қолданып отырған. Кәсіби деңгейдегі шеберлер қазақ даласының әр өңірінде болған. Шеберлердің талғампаздығы мен дарындылығы, тудырған дүниесінің жасампаздығы мен жаңалығы жасаған өнімдерінің сұранысынан көрінетін. Қазақ шеберлері технологиялық тәсілдерінің жеңілдігі мен құралдарының қарапайымдылығына қарамастан, зергерлік әшекей бұйымдарының үздік үлгілеріне жататын өнер туындыларын жасаған.

Әшекей тағылатын түрлеріне қарай бірнеше топтарға бөлінеді.

Басқа тағатын әшекей түрлері: шеке, самай, мандай, құлақ, мұрын, бұрымға тағылатын әшекейлік заттар.

Шекеге тағылатын әшекей түрлері: шекелік.

Самайға тағылатын түрлері: сырғалық, айшық, жақ моншақ, сырға.

Мандайға тағылатын әшекей түрлері: күміс теңгелер, шырмауық.

Құлаққа тағылатын әшекей түрлері: сырға, бет моншақ.

Мұрынға тағылатын әшекей түрлері: зер, зерен, зейір, зер.

Бұрымға тағылатын әшекей түрлері: шашбау, шашқап, шолпы, шашқа тағатын түйреуіштер, шашмоншақ.

Мойынға тағылатын әшекей түрлері: алқа, бойтұмар, моншақ, тұмарша, әйкел, ділда алқа, тұмар.

Кеудеге тағылатын әшекей түрлері: өңіржиек, түйреуіш.

Қолға тағылатын әшекей түрлері: білезік, мөр, сақина, балдақ, жүзік.

Киімге тағылатын әшекей түрлері: түймелер, қапсырмалар, жапсырмалар, белдік, белбөу, тана, танакөз, тал моншақ.

Ертеде қазақтар әшекейленген шытыра, зерен, сырға, зер, тұмар және т.б. зергерлік бұйымдарды мал бойына және ер-тұрмандарына да таққан. Тас дәуірінен жалғасқан тасшылық өнері қола дәуірінің осы өркениетіне тоғысып, гауһар, жақұт, алмас, қастасы, меруерт сияқты аса бағалы тастардан көз орнатқан сәндік жабдықтарды,

әсемдік бұйымдарды жасау технологиясын қалыптастырды. Мәселен, қазақтар ағашқа, ер-тұрманға асыл тасты не тассыз күміс әшекейлі шытыраны пайдаланған. Ал зейірді қойдың мұрнына өткізілетін зерлі шығыршық ретінде таққан. Ертеде қазақтар тіл-көзден сақтасын деген мақсатта жүйрік аттарының мойнына әйкел таққан. Зергерлер әшекейлеген тұрмыстық бұйымдар алтын аяқ, жағдан, адалбақан, алтын ер, пышақ және т.б. адамдар күнделікті тұрмыста жиі қолданған. Әшекей түрлері негізінен қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесін айқындайтын қызмет атқарады. Қазақ шеберлері зергерлік бұйымдар жасауға қажетті материалдарға алтын, күміс, бақыр, мыс, жез, темір, қалайы, қорғасын, ақық, березе, алмас, гауһар, зуһра, көк тас, лағыл, маржан, меруерт, інжу сияқты асыл тастарды пайдаланған. Қазақ зергерлері алтынмен аптау, алтынмен булау, алтын шабу, күміспен күптеу, қақтау, көз орнату, сымға тарту, қара ала жүргізу, сымкөп жүргізу, ою салу сияқты әшекейлеу, өңдеу тәсілдерін жиі қолданған. Әшекейді ерекшелеп, айшықтап ондағы әртүрлі заттарды әдемі, сәнді көрсететін үкі, шоқ, әдіп, алтын-күміс ілгектер, шытыралар, салпыншақтар, қоңыраушалар сияқты құрамдас бөліктер де бар.

Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашалағымен тығыз байланыста дамып келеді. Адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Кез-келген қыз-келіншектің зергерлік бұйымдары, асыл тастары, оларға бейнеленген ою-өрнектері олардың әсем келбеттеріне үн қосып, сымбатын одан әрі ажарландырып, тартымдылығын арттыра түседі. Олай болса, сұлулықтың нышаны болған ұлттық әшекейлер:

Алқа-омырауға тағатын, көбіне күміспен соғылатын әйелдердің сән, әсемдік, көркемдік бұйымы.

Білезік-күмістен, алтыннан соғылатын, білезікке салатын әйел бұйымы. Жасалуына қарай алтын білезік, күміс білезік, құйма білезік, сағат білезік, топсалы білезік, бұрама білезік, қос білезік т.б. түрлері бар.

Бес білезік – алтын, күмістен, асыл тастардан көз орнатылған күміс шынжыр арқылы бес сақина бекітілген аса қымбат білезік.

Жүзік-қымбат тастардан көз орнатылған жалпақ сақина түрі. Оның еркектер де, әйелдер де салатын түрлері болады. Отау жүзік, құдағи жүзік, ақық жүзік деген атаулары бар.

Балдақ – алтыннан, күмістен соғылған жұмыр сақина.

Қапсырма-әйел қамзолына, шапан сияқты киімдеріне тағылатын жалпақ күміс бұйым. Кейде әдемілік үшін бірінің астына бірі, бірнешеуі қатар тігілетін болған. Кейбір жерлерде қапсырманы ілгек деп те атайды.

Жеңілгек – жейде жеңіне тағылатын бұйым. Теңге жеңілгек, күміс жеңілгек, меруерт жеңілгек деген түрлері болған.

Күміс отаға – күміске орнатылған бармақтай асыл тас. Бас киімге, батырлар дулығасына қадалған.

Кемер белбеу – негізі былғарыдан тігіліп, алтын, күміс әшекейлермен шектелген аса қымбат белбеу.

Қын – кемер белбеумен бірге тұратын пышақ салынатын әшекейлі, былғары бұйым.

Қолтықша – иыққа іліп жүретін тіктөртбұрышты тұмар-сөмке. Күнделікті ұсақ-түйек заттар мен тіл-көз тиюден сақтайтын қасиеті бар нәрселер салынады.

Маңдайша – сәукеле т.б. киім маңдайына тағатын көз орнатылған күміс тағым.

Оқшантай – ішіне шағын зат салынатын, кемер белбеуге өткізілген әшекейлі былғары қалта.

Өңірше -салпыншақтар тағып, үзбелеп жалғаған омырауға сән беретін, түрлі-түсті тастардан көз орнатылған әсемдік тағым тізбесі. Ерлердің жейдесі мен әйел көйлегінің омырауы әдемілікпен қатар, тіл-көзден сақтану мақсатында өрнекпен безендірілген.

Сырға-құлаққа тағатын сәнді асыл бұйым. Қыздардың әсем келбетінің қалыптасуына әсер етеді. Оның сапасына, құрамына сай көптеген түрлері болады: ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, салпыншақ сырға т.б.

Сәукеленің сырғасы – күмістен жасалған, көп қатарлы сырға пішіндес арнайы салпыншақ.

Тамақша – қазақ қызының мойынға тағатын әшекейінің бірі. Барқыт сияқты матадан сырып тігіледі, бетіне моншақ, меруерт, күміс тиындар тізіліп, төмен жағы маржан моншақтармен көмкеріледі.

Талмоншақ – бірнеше қатар тізілетін моншақтар.

Үкіаяқ – бас киімге тағылатын үкі тұяғына ұқсатып соғылатын күміс тұғырға орнатылған бұйым. Бұйымға шынжыр арқылы тиындар, моншақтар, қоңырау сияқты бөлшектер ілінеді. Кейде кішкентай баланың бесігіне іліп қоятын болған.

Шекелік – сәукеле, тақия, басқа да баскиімге тағылатын тағым. Бірнеше бөліктен тұрады әрі оларға тағылатын әшекейлер

үзбелі болып келеді. Қозалы шекелік, шошақ шекелік, ширатпа шекелік деген түрлері бар.

Шаштенге – қыздардың өрілген шаш ұшына тағылатын жібек бау өткізілген күміс сөлкебай.

Шолпы – шашқа тағатын, қымбат бағалы, сылдырмақты бұрым сәнін келтіретін алтын, күміс тағым. Түрлі сәндік салпыншақтармен әсемделген құрылымы күрделі бөлшектер күрделі пішіндегі жалпақ тастарға қондырылады.

Шашқап – шашты күннен, шаң-тозаңнан қорғайтын қымбат матадан жасалып, сырты түрлі моншақ, жапсырмалармен безендерілген, екі өрімді шаштарға арналған бұйым.

Тұмар-сәндік үшін немесе Құран сүрелері жазылған қағаз салынатын омырауға тағатын жұмыр түтікше тәрізді жасалған салпыншақ бұйым. Тұмарша, бойтұмар деген түрлері бар.

Қазақ зергерлері (зер-зат-парсы тілінде алтын дегенді білдіреді) әрқайсыс жеке-дара жұмыс істеп, өз ұсталығын атадан балағамұра етіп қалдырып отырды. Зерегрлік бұйымдардың стилистикасы да географиялық жағдайға ең бастысы қазақтардың тұрмысының көшпелі салтына орай соншалықты сан алуан болды. Азияның далалық аймағының алып кеңістігіндегі көшпенділердің тұрақты түрде көшіп қонған атмосферасында, түрлі халықтармен араласуында, олармен мәдени құндылықтарды алмасу кезінде қазақтардың зергерлік өнері дамып, байи түсті.

Қазақ зергерлердің сүйікті материалы күміс болды. Қазақтардың зергерлік бұйымдары жөнінде сөз бола қалса, бәрінен бұрын, олар қаншалықты сәнді болса, соншалықты жаман нәрселерден қорғау қасиетіне ие болып, сондай мәніне қарай олардың қалып мен ою-өрнек алғаның, жасалынатын материалының да түрліше болғанын ескерген жөн. Күмістің жылтығы мен түсі айға, айдың жарығына баланды. Олардың ойынша, «Боз ғаламшар» мен күміс бір-бірімен тығыз байланысты; металды түнгі жарықтың бір бөлігі ретінде қабылдап, оған түрліше күдіретті (магиялық) қасиет берді. Баланы шомылдырғанда суға күміс теңге мен күміс сақина тастап, «Баланың күні күмістей жарық болсын» деуі тегіннен-тегін емес.

Қорытындылай келсек, қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамыған, сол себепті адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Сол себепті халқымыздың ұрпақтан – ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл мұратымызды сақтап, оны дамытуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1998.
- 2 Әбенбаев С. Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2004. – 62 б.
- 3 Өміралиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы, 1993. – 3 б.
- 4 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы, 1988. – 145 б.
- 5 Әбенбаев С. Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2004. – 65-б.
- 6 Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. –Т. 1. – Алма-Ата, 1988. – С. 83.
- 7Өбдіғалбарова Ұ. М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. – Алматы : Өнер, 1999. – 7 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САРЫАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ

ЖҰМАДІЛОВ Н. Т.

магистрант, Абай атындағы

Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Еліміздегі демографиялық жағдайдың объективті бейнесін айқындау қоғамдағы татулықты қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі болып табылады. Қазақстан халқының даму белестері, өсу жолдары, әсіресе қазақ ұлтының басынан кешірген демографиялық апаттар мен қиыншылықтары, сырттан келген көші-қонның кері әсері, қазақтардың өз жерінде аз ұлтқа айналуы, оның себептері мен салдары және т.б. тарихи демографияның өзекті мәселелері тек кейінгі 25 жыл ішінде кеңінен зерттеліп, көптеген ақандақтардың беті ашылуда.

Сарыағаш ауданы халқының этнодемографиялық дамуын зерттеудің өзектілігі қазіргі өмір қажеттіліктерінен туындайды және республикадағы нақты тарихи процестерге сай қалыптасқан заңдылықтармен өзара шарттылықтарда қарастырыла отырып, күшейе түседі. Себебі, ғылыми зерттеулерге сүйене отырып жүргізілетін демографиялық саясат қоғамның тұрақтылығына, демократиялық реформалардың жетістіктеріне игі әсерін тигізетіні сөзсіз. Қазақстандағы демографиялық үрдістердің Сарыағаш ауданының халқына тән этнодемографиялық ерекшеліктерін зерттеудің маңызы өте зор. Өйткені, республиканың саяси-

экономикалық дамуындағы бұл өңірдің стратегиялық мәні ерекше. Еліміздің болашағы мұнай, газ, металл, азық-түлік және т.б. шикізат саласында екендігі, оны тиімді пайдалану мемлекеттік қажеттілік болып табылатындығы анық.

Сарыағаш ауданы оңтүстіктегі ірі, экономикалық әлеуеті жоғары, территориясы жағынан ауқымды саналатын аудан. Деректерге тіл бітірсек, ол 1939 жылы құрылған. Жер көлемі 761 мың 329 гектарды құрайды. Халқы көп ұлтты, жалпы саны 313 мыңнан астам. Ауданның әкімшілік құрылымы да үлкен: мұнда 1 қала, 1 поселкелік округ және 24 ауылдық округтер бар.

Егеменді еліміздің халық санының өсуіне Оңтүстік облыстың қосқан үлесі де көп болғанын байқаймыз. 1989-2009 жж. облыс аудандары тұрғындарының өсу қозғалысын төмендегідей екіге бөліп қарастыруға болады: Біріншіден, табиғи өсімі жоғары аудандар: Облыс құрамында Мақтаарал ауданының – (18, 7 %-19, 1 %) үлесі бірінші онжылдықта 1, 4 %-ға көтерілгенін ескерсек, ал 2009 ж. үлес салмағы 18, 7 % құрап, 1989 ж. деңгейіне жетті. Сайрам ауданы – (15, 8 %-18, 5 %) 20 жылда саны 2, 7 %-ға көтеріліп, бұл табиғи өсімнің қарқынды дамып отырғанын көрсетеді. Сарыағаш ауданы –1989-1999 жж. үлес салмағы – 0, 3 %-ға төмендеп, екінші онжылдықта бұл деңгей оң қалыптасып, 0, 6 %-ға көтерілді, яғни 20 жылда саны –0, 6 %-ға өсті. Төле би ауданы – үлесі 0, 8 %-ға (1989 ж. – 8, 9 %-дан 2009 ж. – 8, 1 %-ға) дейін төмендегенімен, халықтың саны – (24, 0 мың адамға) өсті. Ордабасы ауданы – 20 жылда саны 0, 4 %-ға өсіп, үлес салмағы –6, 7 %-ды құрады. Қазығұрт ауданы – 1989 ж. – 6, 7 %, 1999 ж. – 7, 1 %, 2009 ж. – 6, 6 % құрап, 20 жыл бұрынғы деңгейге карағанда (26, 2 мың адамға) өскенімен, үлес салмағы 0, 1 %-ға төмендеді. Екіншіден, табиғи өсімі баяу аудандар: Түлкібас ауданы үлесі – 1989-2009 жж. – 7, 5 %-6, 3 %-ға төмен дегенімен, саны 20 жылда 11, 8 мың адамға көбейген. Шардара ауданы – 1989 ж. – 5, 6 %, 1999 ж. – 5, 2 %, 2009 ж. – 5 % құрап, 20 жылдағы үлес салмағы –0, 6 %-ға төмендеген. Отырар ауданы –20 жылдағы үлесі 4, 5 %-дан 3, 5 %-ға дейін төмендеп, саны –2, 4 мың адамға өсті. 1989-2009 жж. табиғи өсімі төмен деңгейде дамығанын көреміз. Бәйдібек ауданы –1989-2009 жж. үлесі 4, 7 %-3, 5 % құрап, үлес салмағы 1, 2 %-ға төмендеп, 20 жылда саны – (372 адамға) өскен, бірақ табиғи өсімі өзге аудандарға карағанда өте баяу дамуда. Созақ ауданы – 20 жылда 7, 7 мың адамға өскенімен, үлес салмағы 4 %-3, 4 %-ға төмендеген. Табиғи өсімі аудандар ішінде ең төменгі көрсеткішті көрсетіп отыр [1, с. 5; 2, с. 4]. Тәуелсіздік жылдары Облыс тұрғындарының

ұлттық құрамында да елеулі өзгерістер болды, әсіресе 1989 ж. облыс тұрғындарының жартысынан сәл ғана асқан (55, 8 %) қазақтар 2009 ж. (70, 1 %) 14, 3 % көбейіп, енді басым көпшілікке айналды. Ал өзбектер – 1, 8 % өсті, славян ұлт өкілдері мен еуропа ұлт өкілдері – 37, 1 % – 25, 1 %-ға төмендеп, депопуляция процесіне ұшырағаны байқалды, ал басқа ұлт өкілдерінің саны 2, 3 %-ға төмендеді [3, с. 14; 4, 42 б.].

1 Кесте – Оңтүстік Қазақстан облысындағы ұлттардың пайыздық көрсеткіші (1989-2009 жж.)

Жылдар	1989	1999	2009
Барлығы	100	100	100
Қазақтар	55, 8	67, 8	70, 1
Орыстар	15, 3	8, 2	6, 2
Өзбектер	15, 6	16, 8	17, 4
Татарлар	1, 9	1, 2	0, 9
Украиндар	1, 8	0, 6	0, 4
Немістер	2, 5	0, 3	0, 2
Басқа ұлттар	7, 1	5, 1	4, 8

1999-2009 жж. кеткендер – (1, 5 %-1, 6 %-ға) көтерілді [5, с. 464]. Тұрғындар 1999-2009 жж. көші-қон үдерістері нәтижесінде Шымкент қалалық әкімдігіне – 23, 5 %, Арыс қалалық әкімдігінде – 9, 4 %, Кентау қалалық әкімдігіне – 6, 9 %, Түркістан қалалық әкімдігіне – 3, 8 %, Бөйдібек ауданына – 3, 9 %, Қазығұрт ауданына – 8, 9 %, Мақтаарал ауданына – 10, 3 %, Ордабасы ауданына – 21, 0 %), Отырар ауданына – 3, 0 %, Сайрам ауданына – 9, 2 %, Сарыағаш ауданына – 9, 4 %, Созақ ауданы – 3, 0 %, Төле би ауданы – 7, 3 %, Түлкібас ауданы – 13, 2 %, Шардара ауданына – 9, 9 % келді. Көші-қон нәтижесінде басым көпшілігі, Шымкент қалалық әкімдігіне, Ордабасы, Мақтаарал, Түлкібас, Қазығұрт аудандарына көшіп келіп орналасты [6, с. 95-96].

Шетелдегі қазақтардың оңтүстік өңірдегі тарихи отанына оралу деңгейін екі жікке бөліп қарастыруымызға болады: Бірінші кезекте – Өзбекстан, Иран, Түрікменстан, Ауғанстан және Түркия мемлекеттері; Екінші кезекте – Ресей, Қытай, Пәкістан және ТМД-ның басқа елдері тұр. 1991-2010 жж. оралмандардың саны 175, 4 мың адамға (50865 отбасыға) жетіп, республикада алатын үлес салмағы – 23 %-дықұрады [7, 316 б.]. Қорытындылай келе, Оңтүстік Қазақстан облысы халқының тәуелсіздік жылдары даму ерекшелігін мына жағдайлардан байқаймыз: өзге облыстарға қарағанда,

ұдайы өсіп келеді; оның өсу көздері табиғи өсім мен көші-қон есебінен; жергілікті ұлттың басымдылығы, дәстүрлі түрде күшейе түсті; өзбектердің үлесі өсті. Облыс халқының ұлттық құрамы 1989-2009 жж. халық санағы бойынша Мақтаарал, Сайрам, Сарыағаш аудандарында полиэтникалық (көпұлттылық) құрам басым, ал Шардара, Ордабасы, Отырар, Созақ, Төле би, Түлкібас аудандарында моноэтникалық (бірұлттылық) құрам тұрғысында дамығандығын байқаймыз. Сондай-ақ, облыс тұрғындарының табиғи өсімі (туылу мен өлім), табиғи-географиялық орналасуымен қатар, халықтың өсімідаму үдерісінде болды. Қазақтар – 70, 1 %, ал түркі-мұсылман этнос өкілдері (өзбек, азербайжан, ұйғыр, түрік, күрд және т. б.) көбейіп отырса, ал еуралық этнос өкілдері, оның ішінде орыс, украин, неміс және т.б. ұлт өкілдері азайды [8, 42 б.]. Көші-қонның нәтижесінде Қазақстанға келген оралмандардың (23 %) негізгі дені Оңтүстік Қазақстан облысында орналасты [9]. Оның басты себебі: Оңтүстіктің өзге облыстарға қарағанда, табиғи-территориялық қолайлылығында еді. Әлі де болса, қазақтар түркі-мұсылман этностарынан табиғи өсімі бойынша, артта қалып келеді. Халық айтқандай, «Ел болам десең бесігінді түзе». Сол себепті де, әлеуметтік-демографиялық тұрақтылығымызды және оның өсуін сақтауға мемлекет тарапынан жағдай қалыптастыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Итоги переписи населения 1999 года по Южно-Казахстанской области. Агентство Республики Казахстан по статистике. – Алматы: Статистический сборник /Под ред. А. А. Смаилова/ 2001. – Том 2. – 158 с.

2 Южно-Казахстанская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. – Астана : Статистический сборник / Под ред. А. А. Смаилова / 2011. – Том 1. – 114 с.

3 Итоги переписи населения 1999 года по Южно-Казахстанской области. Агентство Республики Казахстан по статистике. – Алматы: Статистический сборник / Под ред. А. А. Смаилова / 2001. – Том 1. – 157 с.

4 Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. 2009 жыл басына Қазақстан Республикасы халқының облыстар, қалалар және аудандар бойынша саны. – Астана : / Редакциясын басқарған Ә. Смайылов / – 2009. – 47 б.

5 Демографический ежегодник Казахстана. – Астана: Статистический сборник. / Под ред. А. А. Смаилова / 2010. – 523 с.

6 Южно-Казахстанская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. – Астана : Статистический сборник / Под ред. А. А. Смаилова / 2011. – Том 1. – 114 с.

7 Төретай Қ. Т. Ұлы көш – ұлттың абыройы // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген Халықаралық ғыл-практ. конф. «Этникалық қазақтардың репатриациясы Қазақстан мемлекеті көші-қон саясатының құрамдас бөлігі ретінде: жетістіктері, мәселелері және оларды шешу жолдары» материалдары (Алматы қ. 12 қазан 2012 ж.). – Алматы : Атажұрт баспа орталығы, 2012. – 314-317 б.

8 Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. 2009 жыл басына Қазақстан Республикасы халқының облыстар, қалалар және аудандар бойынша саны. – Астана : / Редакциясын басқарған Ә. Смайылов/ – 2009. – 47 б.

9 Спабеков Ж. Оңтүстік Қазақстан облысы халқының тәуелсіздік жағдайында өсіп-дамуы (1991-2009 жж). Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Халықаралық ғылыми конференция жинағы. – Алматы, 2013.

ЛЕЧЕБНАЯ ПРАКТИКА КАЗАХСКИХ БАКСЫ XIX-XX ВВ. (ПО МАТЕРИАЛАМ РУССКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ)

ЖЕКЕМБЕКОВА Г. Б
исследователь, Институт истории и этнологии
имени Ч. Ч. Валиханова, г. Алматы

О казахском баксы впервые написал академик П. С. Паллас. Паллас в своем путешествии по различным областям российского государства описывает подробно о кудесниках у киргизов (казахов – Г. Б.) обитающих в Астраханской губернии. Киргизские гадатели разделялись на несколько разрядов, смотря по своему гаданию, так например, у Палласа:

Фальча – которые, гадают по известным книгам и светилам небесным.

Ярунчи – которые делают предвещения по бараньей лопатке.

Кудесники третьей категории называются Бакша и пользуются особым доверием. Когда к ним обращаются за советом, то эти киргизские шаманы назначают жертву, состоящую из лошади, барана или козла. После выбора жертвенного животного бакша поет волшебные гимны, ударяет по бубну, обвешанному кольцами, и делает прыжки и резкие телодвижения. По происшествии получаса он закалывает жертвенное животное и собирает кровь в предназначенный для этого сосуд, потом берет себе шкуру: мясо съедается присутствующими, а собранные кости кудесник, раскрасив красной, голубой краской, бросает на запад от себя. В этом жертвоприношении заклинания возобновляются и бакши дает желаемый ответ.

Камча – предсказывает по цвету пламени, происходящего от масла или жира.

Джаадугары – особый род колдунов-гадателей, отыскивающих беглых рабов или пленников.

Кумалакчи – гадатель, раскладывает известным порядком круглые шарики. Число шариков 41, Шарик говорят, употреблял пророк Данияр (Даниил).

Джаурунчи то же, что и ярунчи, как называет П. С. Паллас, гадают на необожженной лопатке. Они основывают свои выводы на наблюдениях линий, которые образуются при ее обжигании. Лопатка должна быть приготовлена известным образом: выварить ее, мясо съедают, но до кости нельзя касаться зубами. Когда гадатель бросает лопатку в огонь, то по близости не должно быть железа. Некоторые киргизские гадалышки Тургайской и Уральской областей пользуются для ворожбы весьма любопытным орудием. Это часть копыта, варварски содранного с ноги живой лошади, с отверстием посредине, в которое вставлена небольшая палочка. Орудие это служит при гадании о судьбе, чем то вроде магической палочки. Гадалыщик втыкает его в землю, размахивает им по воздуху, надрезывает ножом с произнесением необходимых волшебных наречений и сообщает судьбу просителя [1, с. 577].

«Всех забавнее и вместе страшнее баксы или бахчи, очень похожие на сибирских шаманов. Одеяние их бывает иногда обыкновенно длинное, иногда же короткое или изорванное рубище однако наружностью своею уже действующее на воображение зрителей их трагикомических представлений...», – пишет А. Левшин в своей книге «Описание орд и степей казахов». Здесь же описывает сеанс гадания, свидетелем которого был сам, знакомит читателя с

обрядовым лечением баксы. «Есть, кроме того, у киргизов другие способы ворожить, колдовать, которые однако мало разнятся от вышеописанных. Не входя в подробности скажем вообще, что многие из занимающихся сим ремеслом, действуют не одним кривлянием, но имеют некоторые познания в ботанике и химии. Искуснейшие из них, как говорят, безвредно ходят голыми ногами по раскаленному железу, стоят на острых саблях и горящих углях, глотают ножи, плети и впускают в горло сабли.

Колдовство и обман составляют не только часть религии киргиз – казахов, но и главнейшую часть медицины их, ибо они прибегают к оным в самых опасных болезнях» [2, с. 21].

По описанию М. Ястребова, баксы которого он встретил недалеко от Челябинска, был одет в обычную одежду. К поясу его подвешен кобыз, кожаная сумка с оловянной пуговицей и нож в ножнах. Возле баксы лежали топор, кинжал и веревка. Баксы поет сарын в сопровождении кобыза. Постепенно он воодушевляется, голос его становится оглушительней, искажается гримасами и он входит в экстаз. Овладеваемый духами, он то вскакивает на ноги, то опять садится, размахивает кинжалом, бьет себя кинжалом в грудь; в конце концов, до такой степени беснуется, что падает замертво. Затем в рот засовывает кинжал и плюет кровавую пену. Присутствующие кричат: «Ай, ойбой-ой, Алла, ойбой-ой!». Потом, схватив больную и подняв над собой, вертит ее в воздухе и с силой бросает на землю, после чего бьет ее по груди кинжалом. Затем заматывает в свой пояс длинную веревку и заставляет присутствующих тянуть за свободные концы аркана. Баксы кривляется, прыгает, синеет, глаза наливаются кровью и снова теряет сознание. Считается, что таким образом нечистый дух отогнан [3].

В содержательной статье краеведа-этнографа А. Е. Алекторова описана встреча с баксы Сюименбаем.

Вот, что пишет А. Е. Алекторов о баксы Сюименбае: «Все джины моего отца повинуются мне – Есдаулет – главный умный джин; он бросается на помешанных и бешенных людей и выгоняет шайтанов. Ергобень – второй джин. Подобно тому, как получается масса отражений окружающих предметов в зеркале при быстром повертывании его, так отражаются в Ергобене болезни людей. Он может в несколько минут пролететь сотни и даже тысячи верст;... Ергобень предсказывает, кто и когда придет, кто будет счастливым и на кого обрушится несчастье. Акмарал – третий джин. Он, как Есдаулет, кидается на сумасшедших. Следующий Козбембет, у него

тридцать служащих; есть кашевары, ямщики, проводники. Тельсары – женщина, пятый мой джин, – лечит людей со слабым мочевым пузырем. Шестой джин – кемпир, т. е. старуха без имени...лечит, кого рвет у кого ломота в костях и у кого простуда вообще. Кержылан (букв. Мухортая змея) – змея, лечит женщин, страдающих болью в животе...Ерсары, Манат, Апат, Кыргы и другие мелкие джины, от которых не стоит и говорить.

Родители и дедушка с бабушкой Суйменбая, жившего в Торгайском уезде в ауле № 1, были знаменитыми шаманами.

Суйменбай, когда лечит больного, просит постелить в середине дома толстую кошму и садится туда. Берет на руки кобыз и издает звук режущий слух человека, затем начинает играть монотонно. Поклоняется святым аруахам и вызывает духов. Через некоторое время глаза выходят из орбит и он вскакивает с места. И пугающим людей голосом говорит «Тек-ау». На руки берет плеть (камчу) и говорить сидящим: осторожно, прислонитесь, идет Есдаулет. Сам начинает бегать вокруг людей, оберегая спину и кричит: Есдаулет бьет меня. Среди присутствующих находит человека, который подчиняется шаману и повторяет его движения и садится к нему напротив. Начинает играть на кобызе и читает коран. Опять соскакивает с места, бьет головой о кобыз, и начинает бегать вокруг людей. В это время изо рта Суйменбая выходит пена, глаза становятся красными. Суйменбай начинает грызть горящий уголь. Начинает кружиться, воткнув в живот кинжал. Стоя перед кошмой на стене (кереге), машет руками направо и налево, а кошма расширяется на глазах.

Огромный вклад в изучении казахских баксы внес Х. Кустанаев. Автор участвовал при камлании. Больной, обратившийся к баксы, не спал несколько дней, бродил вокруг аула. «Баксы закрыл глаза, долго играл на кобызе, вытер пот с лица и сказал, что больного одолели джины. Баксы лечил больного несколько дней...Баксы после кратких расспросов о болезни, достал из кошомного мешка кобыз, нехотя настроил его и, потом ударил по струнам смычком, затянул песню, делая выкрикивания разным духам. Он по временам прерывал свои воззвания и страстно вздыхал. Звуки кобыза становились все тише и тише. Вот баксы замолк: он вздрогнул, руки его затряслись, отчего побрякушки и подвески на его инструменте забряцали. Баксы казалось прислушивался к этому бряцанию. Он по временам проделывал ужасные гримасы, то полу открывая, то закрывая глаза. В таком положении он просидел несколько минут.

Баксы по мнению киргиз, расспрашивал духов о судьбе больной. Потом он очнулся, как бы от забытья, утер пот со лба и заявил, что в больную вселились злые духи и что он их может прогнать в три, а если не в три, то в трижды три – три – девять дней, если помогут ему арвахи» [5, с. 150].

Д. Щетинкин описывает лечение четырнадцатилетнего мальчика баксы «Лечебный сеанс 14-летнего ребенка начинался в 10 вечера. Шаман долго играл на домбре и пел мотив. Его голос то дрожал, то хрипел, вдруг он пришел в состояние бешенства. Выкинул домбру и прибежал к больному ребенку, сидевшему возле горящего огня. Заранее приготовленным 7 свечам пригрел руку и начал руками тереть тело ребенка. Мать ребенка 7 свечами обошла весь дом 7 раз. По словам шамана это делается ради того, чтобы в дом не вошли змея и или мышь и т. п. и чтобы они не мешали лечению. Велел хозяину поставить в огонь черный казан и велел принести большую чашку. В одной чашке вода, другая пустая. Из первой чашки во вторую пустую налил 40 ложек воды. Шаман положил в рот 7 зернышек черного перца и пожевав, в чашку с водой плюнул 7 раз...вынес черный казан из огня, закутал ребенка и 40 раз плеснул водой из чашки. Этим закончился сеанс» [6, № 45].

Д. Щетинкин был очевидцем, как баксы лечил мальчика от расстройства живота методом «казан-ушук». В 1899 году в газете «Киргизская степная газета» в № 33 была опубликована его статья «Шаман» (Баксы). Автор писал: «Недавно проезжая мимо Сырдарьи, услышал с берега грубый голос, непохожий на голос человека. А в ауле шел сеанс шамана. Всем известно, что шаман является лекарем, доктором, колдуном киргизов (казахов). Я слышал, что он лечит больных, предсказывает будущее, гонит злых духов...

Дом был переполнен людьми. Когда я вошел, шаман арканом завязал себя по пояснице, отдал два конца двоим и приказал тянуть в две стороны. А сам, как будто делает гимнастику на турнике, начал быстро кружиться. В это время поясница шамана уменьшилась, а глаза вышли из орбит, начал задыхаться. С лица капал пот градом. Казахи наблюдали за этим с ужасом и с удивлением. Шаман закружился наоборот и освободился от аркана, который чуть не разделал его пополам. Затем занес в дом большой шест и приказал держать двоим. Шаман прибежал всей силой и начал бить всем телом себя о шест. Это продолжалось недолго. Он взял шест и начал бить себя. Мне это происшествие показалось диким и я вышел. Я узнал потом, шаман узнав чужого, скрыл многое. По словам казахов,

шаманы сами себя обжигают, ранят кинжалом, иглами. В основном таких шаманов приглашают денежные, богатые. Своими сложными сеансами шаманы от своих пациентов берут большой куш, т.е. зарабатывают больше денег [6].

Работа И. Кастанье, как и работы А. Диваева, М. Миропиева, написаны по материалам, собранным среди южных казахов.

О чарующих силах, заключающихся в человеке, И. Кастанье пишет так: «Прежде, чем открыть лечебный сеанс, баксы приказывает принести в кибитку несколько железных предметов: кетмень (заступы) без ручек, которые тут же кладутся в огонь для того, чтобы накалились до красна, шашку, кинжал, колотушку, толстую ногайку, иногда 3-хвостую плетъ, от пяти до десяти фитилей, скрученных из тряпицы, и дабыл (барабан). Все эти предметы будут необходимы баксы во время сеанса. Когда это готово, баксы усаживает присутствующих кольцом, предложив им предварительно совершить омовение, а в середину круга укладывает больного. Этому последнему баксы дает держать жертвенное животное, или заменяющий его предмет, а иногда и ничего. В некоторых случаях, животное, приносимое в жертву, держат посторонние. Затем баксы, исполняя роль жреца, указывает в какой форме должен быть совершен обряд жертвоприношения. Подойдя к скотине, он вселяет в нее нечистого духа и, обращаясь к присутствующим говорит: «больного надо омыть теплой кровью ягненка (или барана, козла)» [7, с. 112-113].

Перед началом сеанса шаман просит хозяина дома приготовить несколько кетменей, ножей, сделанных из железа и другие вещи. Шаманы свои кнуты носят с собой. Поставив вещи, сделанные из железа на огонь, он призывает всех к омовению. Потом все садятся вокруг больной. Если у больной есть силы, заставляют его держать за голову барана, предназначенного для жертвоприношения. Иногда это делают близкие люди, отец или брат. Шаман приказывает искупать больного кровью свежезарезанного барана. Иногда моют только голову больного, или мажут кровь на больное место. Шаман продолжает игру на кобызе, припевая и поклоняясь святым, а присутствующие поддерживают его. Затем шаман, как бы получая одобрение от духов, начинает пугать злых духов. Обращается к шайтану, приговаривая: «Ей, шайтан, что тебе здесь нужно, разве ты не знал, что я здесь. Не трогайте эту женщину, она одна у них. Если не послушаешься, то я тебя накажу». Затем обращается святым, просит их помочь и определить болезнь. Потом призывает всех

своих джиннов. Он впадает в экстаз. Глаза выходят из орбит, изо рта льет пена, он впадает в транс. Соскакивает с места и воткнув в живот нож, начинает жевать горящий уголь. Голыми ногами топчет расплавленное железо. Шаман дальше продолжает свой мотив. Он как бы дает поддержку своим джинна [7, с. 178-179].

Немецкий врач-этнограф Р. Карутц в своей статье «Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке» пишет: «Баксы, перед ним лежащего больного начал катать по полу. Затем в руки баксы, взял деревянную куклу, череп коня выкрашенную в красный цвет и два черепа собаки, и вышел на улицу. Все черепа выстроил в ряд, рядом разжег костер из старых тряпок. Эти действия объясняет так: Злые духи, которые вызвали болезнь, перешли к кукле, а лошадь унесет их подальше от аула, собаки погонят лошадь. Пока краски на черепе не выгорят никто не должен к ним прикасаться». – так объяснил баксы [8, с. 177-178].

И. А. Чеканинский в своей работе «Баксылык» описал о баксы Слямбеке проживающий в Семейском округе, Шынгыстауской волости, который впервые публично выступил в 1929 г. в Семипалатинске на вечере казахской этнографии. « После смерти отца никак не хотел стать баксы, но ему снились страшные сны, здоровье ухудшалось. Но старейшины аула уговорили его: «Тебя беспокоят твой «ие», т. е «хозяин» и надо подчиниться ему, т. е стать баксы». Но несмотря на уговоры, Слямбек никого не хотел слушать. И однажды когда он посмотрел на кобыз отца, который висел на стене юрты, тот прилетел и ударил по лицу Слямбека, только тогда он согласился стать шаманом» [9, с. 24, 83].

Свои наблюдения писатель и художник Н. Н. Каразин описывает так: «Единственная дочь Интубара Тажихан заболела. В один из весенних дней на конном состязании она упала вместе с конем на речку Урал. Придя домой у нее поднялась температура (жар) и началась судорога. Отец предпринял все, чтобы вылечить дочь. В 20 км на станции жили казаки, отец повез дочь туда, чтобы она попарилась в бане. Не было никакого результата. Тогда он обратился к шаману. В то время среди людей шел слух, что Жанторе Омирбеков из рода Алшын может вылечить любого больного. Нелегко было доставить шамана в отдаленный аул.

Больную уложили в середине дома. Тажихан очень ослабла, остались только кости. Одета она в белое платье, волосы распущены. Шаман достал из своей сумочки светлую материю и закутал больную, а сам начал готовиться. Сначала достал из сумочки черного kota,

посадил рядышком. Положил в рот насыбай, начал играть в кобыз. Через некоторое время прекратив игру, начал отмахивать руками направо и налево, затем начал ходить по большой с головы до ног на корточках. Взял в руки маленький кол, поставив их в грудь, в живот и на ноги начал бить по ним трижды. Потом продолжил прежнюю игру на кобызе. В конце сеанса Жанторе признался, что джинны овладевшие большой очень сильны, что он еле справился с ними» [10].

По верованиям народа душу беременной женщины воруют (в виде легких) и бросают в воду. Шаманы борются, чтобы вернуть ворованные легкие. Одну из таких мотивов в прошлом веке записал М. Миропиев:

Ей, шайтаны, шайтаны, уходите прочь, заберите себе легкие.
 Не трогайте женщину, она одна у него.
 Не убивайте ее, не делайте ей зла.
 Если меня не послушаешься и не уйдешь, станет тебе худо.
 Убью я тебя, сниму твою голову.
 Бараньи легкие не устраивают ли тебя,
 Они разве не заменят тебе ее легкие.
 Если не уйдешь с бараньими легкими, то тебе несдобровать.
 Наступить твоя смерть [11].

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. – Ч. 1, 2-е издание. – Сп б., 1809. – С. 577.
- 2 Левшин. А. Описание киргиз–казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Сп б., 1845. – С. 21.
- 3 Ястребов М. Киргизские шаманы // Москвитянин. 1851. – № 8. – Кн. 2.
- 4 Алекторов А. Из мира киргизских суеверий. – Казань, 1900. – Т. 16. – Вып. 1.
- 5 Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. – Ташкент, 1894. – 52 б.
- 6 Щетинкин Д. О. Оспособах лечения у киргизов. Т. Г. 1895. № 45.
- 7 Кастанье И. А. Из области киргизских верований // ВОУО. 1912. № 3, 6; 1913. № 3, 4, 5.
- 8 Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. – Сп б. – С. 177-178.

9 Чеканинский И. А. Баксылык. – Т. 1. – Семипалатинск, 1920. – С. 127-128.

10 Каразин В. Н. Баксы. Из жизни Оренбургских киргизов // Оренбургский листок, 1889. – № 25.

11 Миропиев М. Демонологические рассказы киргизов. – СПб., 1888.

КЕЛІН ТҮСІРУ, ҚЫЗ ҰЗАТУ ҒҰРЫПТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТУҒАН ЖЫРЛАР

ИСПОЛОВА А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ғұрыптық фольклор үлгілері – қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірінде үлкен роль атқарады. Олар жанры жағынан да, түрі жағынан да аса бай мұра, қазақи салтқа қатысты ұшан-теңіз өлең-жырларының бір түрі, отбасының айнымас серігі. Ғұрыптық фольклор үлгілерінің алуан түрлі қасиеті оның көркемдік-эстетикалық бітімінде ғана емес, халықтың тұрмыс-тіршілігімен, түсінігімен белгілі бір әдет-ғұрыпты атқару әрекетімен де етене жақын болуында. Оларды орындаудағы негізгі мақсат түрлі әдет-ғұрып, салт-кәдені атқару барысында осы оқиғаға қатысушылардың көзқарасын білдіру. Мысалы, ұзатылу тойында «Жар-жар» жыры арқылы қалыңдық өз сезімін, ойын білдіре алады. Ғұрыптық фольклор үлгілерінде халық өмірімен байланысты этнографиялық аспектілер де тиісті дәрежеде ескеріледі. Адамдардың отбасылық қарым-қатынасынан, киім кию формасынан, ойын түрлерінен, салт-дәстүрлерден, жасаған тағам түрлерінен ұлттық психикалық құрылымдар ерекшелігі байқалады. Мысалы, «Бөбек жыры», «Жар-жар», «Беташар», «Боздағым» т.б. өлең-жырлар, негізінен, отбасылық ғұрып фольклорының ішкі жанрлық түрлеріне арналған. Бұдан «туу-ержету-өлу» желісін құрайтын бірлік қана емес, халықтың түрлі түсінігінің тұтас дүниетанымының көрінісі екенін байқаймыз.

Қазақ фольклорының жанрлық құрамының сан тарау, көп тоғысты алып арна екендігі белгілі. Сол ұлы арнаның бір саласы – отбасылық ғұрып фольклоры. Отбасылық ғұрып жырларын фольклордың басқа жанрларынан ерекшелетін ең басты сипат – отбасылық тіршілікпен тікелей байланысты болып келуінде, яғни адамның дүниеге келуінен бастап, ер жетіп, қоғамның белді мүшесіне

айналу, ақыр соңы өмірмен қоштасар сәттегі соңғы сапарына дейінгі аралықты өлеңмен өрнектеп, әнмен әрлеп, өмір мен өнерді астастырып тірлік сәніне айналдыруында.

Адам баласының өмірінде болатын әртүрлі оқиғалар – жас нәрестенің дүниеге келуі, кәмелетке толған қыз бен жігіттің бас қосып, отау тігіп үйленуі, өлім-қазасияқты толып жатқан елеулі оқиғалардың бәрі де белгілі бір әдет-ғұрыптың, ру болып, ел болып сақтайтын әртүрлі кәделердің, жөн-жоралғылардың негізінде өтетін болған. Отбасылық, үй-ішілік тұрмыста әртүрлі әдет-ғұрыпқа, маусымдық салт-дәстүрге байланысты, діни наным-сенімдерге қатысты айтылатын өлең-жыр түрлері өте көп. Солардың қатарында мысалы, қыз ұзатып, келін түсірумен байланыстылары да аса мол ұшырасады. Бұл салаға тойбастар, тойтарқар, жар-жар, сыңсу, беташар өлеңдері жатады.

Адам өміріндегі ең жауапты кезең – өзіне ғұмырлық жар тауып, жеке шаңырақ көтеру. Қазақ халқында үйлену тойына байланысты орындалатын көптеген жөн-жосықтар, өзіндік әдет-ғұрыптар бар. Үйлену салтына байланысты туған ән-өлеңдер мазмұн, түр жағынан әр алуан. Себебі ежелден келе жатқан қазақ ұлтының да бұрыннан қалыптасқан көне мәдениеті, салт дәстүрі мен әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігінің бізге жеткен үлгілері сан түрлі.

Қазақтар өмірінің сан ғасырлық тарихы әдетте ана тілімен тығыз байланысты. Мысалы, құда түсу рәсімдері, үйлену тойы, ас беру тағы басқа толып жатқан ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып үлгілерінің атаулары тілде сақталмаған болса, онда рухани мәдениет үлгілерінің мазмұны да кеми бермек [1, 162].

Тіл мен сөйлеуді адам баласының рухани дамуынан, оның ақыл-ойы мен парасатынан бөліп алып қарау мүмкін емес. Өйткені тілде өмір шындығы, адамның өзін айнала қоршаған дүние туралы сан ғасырлар бойындағы таным-түсінігі, бай тәжірибесі жинақталған. Ал олай болса, тілді адам танымының тарихи қабаттарымен сабақтастыра қараудың маңызы өте зор.

Әдет-ғұрыпты, салт-сананы айтсақ, олар туралы халықтың көрнекті де, көрікті ойлары тілімізге оралады. Сөйтіп, не мәселе туралы сөйлесек те, соның кілті, шешімі ретінде тілге қайта-қайта жүгінеміз. Сөз мәні, сөз сыры ішкі-сыртқы мағыналары салтпен, дәстүрмен астарлас жатқандығын байқаймыз. Ол, мағыналар, мәндер, сырлар астарында небір тарихи ұғым жатуы мүмкін немесе салт-дәстүрлерге сай түсініктер жасырынып тұруы мүмкін.

Мысалы, ұрын бару дәстүрі, сөздің өзі де бұл күнде қолданылмайды. Күйеу жігіттің қалыңдығымен алғаш кездесуге баруын «ұрын бару», осыған орай ұйымдастырылған той-думан «ұрын той» деп аталады. Тойдың мақсаты – екі жастың онаша кездесуіне, еркін сырласып, махаббат жайлы сыр шертуге мүмкіндік туғызу. Бұны ұзатылатын қызына жасаған ата-ананың қамқорлығы десе де болады. Себебі қыз балаға өз шаңырағынан кетіп, басқа отбасының мүшесіне айналу қай жағынан да онай емес. Жаңа ортаға келгенде қызының басына түсетін іс-әрекеттерді, ұрын барғанда және қыз алуға келгенде, жігіттің де басынан кешіріп, келген құда-құдағилардың да жауапкершіліктерін арттыратын тәлім мен тәрбие деп түсінген жөн. Қайын жұртына келгенде бірінші болып, әдет пен тәртіптің түрлерін күйеу жігіттің басынан кешіруі, ертең қалыңдығы өз шаңырағына келгенде оған түсіністікпен көмек көрсетудің сабағы тәрізді. Ұрын бару сияқты құдалық, қыз айттыруға байланысты қазақтың қазақтығын танытатын халқымыздың тәлім мен тәрбиеге толы дәстүрлері толып жатыр. Мысалы, Құйрық-бауыр жесу құда түсіп, белгілі бір келісімге келген соң, күйеу жақ пен қалыңдық жақ туысқандық қатынастарын бір-біріне осы орайға арнайы сойылған малдың құйрық-бауырын жегізіп бекіту рәсімі болады. Бұл тұста бауырдың ең жақын туысқандық қатынасты, ал құйрық, оның майлылығы – мал, байлықты білдірер символ. Қазақтар өзінің інісін бауырым деуінде де үлкен символдық мән жатыр: бауырым жарып шыққан – туған бала, бауырына басу – жақын тұту; бауырына салу – асырап алу, бауыр еті – туғаны, бауыр тұтты – туғанындай санады. Миф пен символды зерттеуші А. Голанның пікірінше, бауырдың қанның жиналатын ағза мүшесі ретінде сакральдық мағынаға ие болуы ықылым заманнан бастау алады [2, 80]. Ақ бата беріп, қызыл қан шығарып, құйрық-бауыр жесіскеннен кейін құдалар торқалы той, топырақты өлімде бастары ажырамай, бірге тойлап, бірге көтеретін ең жақын жегжаттар болып саналады.

Құйрық-бауыр асатудың қазақ дәстүріндегі мәні туралы С. Мұқанов былай дейді: «Мұның мәнісі қазақтың бауыр етіндей деп ең жақын інісін бауырым деп айтатындай бауыр жеу арқылы «бауырдай тату-тәтті болуы», құйрық майдың мәнісі – «молшылық, тоқшылықта болуды» ырымдап, «құдай дескен, құйрық-бауыр жескен деп жақындасуды білдіреді» [3, 113].

Осы тағамдағы бауыр мен құйрық майдың қатаң алмасуы назар аудартады. Н. Ж. Шаханованың көрсетуінде ол «еркек-әйел», «жоғары-төмен» қарсы қойылуларын белгілесе, Ж. К. Каракузова,

М. Ш. Хасанов тұжырымдарында өмір мен өлімнің бірлігін белгілейді [4, 69]. Яғни бұның негізінде құдалықтың мәңгілік болуы негізге алынады. Сондықтан «күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық» дейді. Бұл күйеу жігіттен гөрі құданы ерекше қастерлеуді көрсетеді. Өйткені халық ұғымында «құданы құдай қосады» деген пайым қалыптасқан. Сонымен қатар бауыр – адамзат үшін де жануарлар үшін де ең қасиетті мүше саналады. Бір бауырды бөліп жеу – туыскандық, бауырластық белгісі болып табылса, құйрық – ұрпақ жалғастығының белгісі болып есептеледі [5, 51-52]. Ит ырылдатар. Ұрын барған күйеуге ит ырылдатар салты жасалады. Қалыңдыққа келе жатқан күйеу үйге таянғанда алдынан шыққан бір әйел жүресінен отыра қап ит боп ырылдап, кәде алады. Халық театрының бір көрінісіне айналған бұл салттың арғы тегінде көне наным-сенім жатқандығында шүбә жоқ. Түркі-моңғол халықтары итке тотем-баба ретінде табынған. Дәстүрлі дүниетанымда ит символы екі әлемді жалғастырушы дәнекер қызметін атқарған.

Ұзатылған қызға сүрленген төс жіберу де міндетті болып есептелген. Сондай-ақ табақ тартқан кезде күйеу табаққа – асықты жілік пен төс, келін табаққа – төс, ұлтабар және жүрек салынған.

Маңырар жетім қозы телінбеген,

Күйеуге төс тартылар келінменен.

Кісі деп кей жаманға ісін түссе,

Асаудай тыпырлайды жегілмеген – деген қазақтың кара өлеңіндегі шумақтар осы дәстүрдің көрінісінен хабар береді.

Бауыздау құдалық – қазақтың үйлену салт-дәстүрі құрамындағы басты компонент – құда түсумен байланысты орындалатын ритуалдардың бірі. Дәстүр бойынша, қызын айттыра келгендерге құдаласуға келісімін беріп, «шеге шапандарын» (жағалы киім) жауып аттандырған соң, қыз әкесі бастаған ауыл адамдары ендігі жерде жігіт жағынан құдалыққа келген топты қарсы алады. Құдалық берік болу үшін арнайы мал сойылады. Бақан ұстатар немесе түндік ашар. Есікті ашып, күйеуді үйге кіргізгенде бақан ұстатар немесе түндік ашар дәстүрі басталады. Бұл дәстүрлі ойынның негізгі мазмұны, міне, отау болдың, өз түндігінді өзін ашып, отынды жақ, отбасынды жылытасың деген ұғымды білдіреді. Бұл дәстүр Кеңес өкіметі орнағанға дейін жер-жерде қолданылып келді. Мысалы, күйеу үйге кірген бетте қолына бақан ұстатып, түннің жарымында отаудың жабулы тұрған түндігін ашқызған. Егер күйеу жігіт үйдің түндігін аша алмайтын болса, ертеңінде жеңгелеріне күлкі болған. Бұл да бүгінгі таңда ұмыт болып қалған дәстүрлердің бірі.

Осылайша, түндік ашылып, шаңырақтан түскен ай жарығы бұлар үшін күн шыққандай әсер етеді [6, 305]. Қазақта «Бақан аттаған байымайды, балта басқан жарымайды» деген мақал, «бақаннан аттама» деген тыйым сөз бар. Сонымен бірге ауа райы жақсы болса, түндікті бақанмен тіреп қоюға болмайтын ырым да бар. Этностық таным бойынша, мал әбзелдері, құрал-саймандар, кейбір тұрмыстық бұйымдар киелі саналады [7, 17]. Бақан – ғарыштың тұрмыстағы үлгісі – киіз үйдің басты, қасиетті атрибуты. Ол – әлем ағашының символы. Бақан әлем ағашының доминанты орнында көшпелілердің хан сайлау (мемлекеттік салтанат) дәстүрінен бастап, отбасылық, жауынгерлік, мал емдеу ғұрпында да феномендік қызмет атқарған [12, 180]. Бақан халықтың қара өлендерінде де тұрақты формула ретінде қолданылады:

Ағашы қия беттің бақан болмас,
 Өзіңмен бірге тумай апаң болмас.
 Бұрынғы, соңғылардың жолы тоғыз
 Баратын тойға киіп шапан болмас.
 Айт-айт, жаным, айт-айт, жаным, өлең білсең,
 Тірлікте не көрмейсің өлмей жүрсең,
 Өлеңмен есігін аш, төрін толтыр,
 Бауы – жез, түңлігі алтын үйге кірсең (тойбастар).

Түндік – ғұрыптық фольклор лексикасында символдық мәні бар лексемалардың бірі, казактың халық өлендерінде, қара өленде түндік сөзі кейде қасиетті қара шаңырақ ұғымымен жапсарлас, мәндес қолданылса, кейде (жоқтау өлендерінде) «қорғаныш», «сүйеніш», «пана» мағыналарында да қолданылады.

Құнан қойын шайлатып сойдырған үй,
 Табақ-табақ ет тартып тойдырған үй,
 Сәтті күн сәрсенбіде той қылыпсыз,
 Құтты болсын тойыңыз той қылған үй (Тойбастар).

Осы тойбастар өлеңіндегі сәрсенбі күн сәтті күн немесе сәрсенбінің сәтінде тіркесінің тегі өте арыда жатыр. Жұлдыз, құдайға табынуға байланысты пайда болып, араб, парсылар арқылы бізге ауысқан.

Неғып тұрсың, келіншек,
 Май салып отқа табынып?
 Жай болды ма көңілің,
 Іздегенің табылып. (Беташар)

Отқа май құю немесе отқа құяр. Халқымыздың түсінігі бойынша, қасиетті от отбасының символы болып есептелеген. Отты

үйдің, қазандағы ырыстың қамқоршысы санаған, оттың орнын басуға, отқа түкіруге, әсіресе, отты сабауға, отты аттауға қатты тыйым салған. Қалыңдық күйеудің үйінің табалдырығын аттағанда отқа май құю арқылы істелетін ырым «От ана, май ана, жарылқа!» дейтін тілек те отқа табынумен тікелей байланысты. Бұл дәстүр бойынша келіншек табалдырықтан аттаған бойдан, ошаққа жеткенше тізесін бүгіп, үш рет сәлем етеді. Содан кейін үй ортасында жанып тұрған отқа бір бақыраш май құяды. Бұл майды әйелдердің бірі дайындап тұрып, сол жерде келіншекке бере қояды. Лапылдап жанған майдың жанына кемпірлер қолдарын тосып: «От әулие, май әулие, жарылқа!» деп беттерін сипайды. Бұл ырым «сол үйдің оты сөнбесін» деген мағынада орындалады [8, 67].

Жазғытұрғы ақша қар жумақ қайда жар-жар,
 Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар,
 Азар жақсы болса да қайын ағамыз, жар-жар,
 Айналайын ағамдай қайдан болмақ жар-жар (Жар-жар).

Киіз үйдің оң жағы қасиетті болып саналады. Себебі шығыстан көтерілген күн, қасиетті күннің сәулесі көбіне киіз үйдің оң жағына түседі. Сонымен бірге қасиетті күн оңынан айналады. Күнге табынуға байланысты туған ұғымдар этнофразеологизмдер мен түрлі салт-дәстүр ретінде бүгінге жетіп отыр. Тілімізде «оң жаққа отырғызу», «оң жақта отырған қыз», «оң жаққа салу (қайтыс болған кісіні)», «оң көрді», «оң көзімен қарады», «оң-солын таныды», «оң қолы», «оң тізесіне отырады» т.б. фразеологизмдер халықтың күнмен байланысты дүниетанымы негізінде қалыптасқан.

Елдестірмек елшіден Жауластырмақ жаушыдан.
 Құсқа салған аңшымын,
 Сізде қыз бар, бізде ұл,
 Айттыра келген жаушымын (Құда түсу)

Жаушы – қыз айттыруға баратын өкіл, ол жөн-жосық білгіш, сөзге шешен, әзіл-қалжыңға жүйрік адам болу керек. Міндеті – қыз әкесін көндіріп, бойжеткенге құда түсіп, құдалыққа келер күнді белгілеп қайту. Жаушы ауылдан аттанарда шалбарының бір балағын етігінің қонышының сыртына шығарып, екінші балағын қонышқа сұғындырып қояды. Бұл – сапары сәтті болу үшін істелетін ырым. Сондай-ақ «жолым ақ болсын» деген ниетпен әрі арнайы құдалыққа келе жатқанын білдіру үшін ол астына қызыл ат (ақ түсті ат) мініп келеді. Жаушы бойжеткеннің үйіне кірген бойда қызға «Қарағым, көрпе сал» деп бұйырады. Бұл әдет оның осы үйге құда түсіп келгенін білдіреді. Қыздың ата-анасы қарсы болмаса, жаушының

өтінішін қабыл алып, екі жақ құда болысады. «Құдалық берік болсын» деген ырыммен қыз үйі жаушыға «шеге шапан» аталатын жағалы шапан кигізеді. Қыздың әке-шешесі жаушыны риза қылып, «Құда-құдағи келіп, бір малдың етін жеп кетсін, сәлем айт» деп аттандырып салады. Бұл – жігіт енді құдалыққа келе беруіне болады деген ишарат белгі.

Қара насар, замандас,
 Қара насар, жар-жар-ау,
 Қара мақпал сәукеле,
 Шашын басар, жар-жар-ау (жар-жар).

Сыңсу – ұзатылатын қыздың туып-өскен жерімен, ауыл-аймақ, ағайын-туыстарымен, ата-ана, апа-жеңгелерімен, қала берді құрбы-құрдастарымен арыздасып, қоштасып, танысуы. Бұл туған үйдің босағасын аттап, жана жұртқа аттанар алдында айтылатын өлең түрі. Мұны бірде сыңсу, бірде қоштасу-танысу деп те айтады.

Сыңсудың арты ойын-сауыққа ұласады. Ұзатылған қызға кілем-кілшеден бастап, түрлі білезік, сырға, асыл бұйым сияқты сый беріледі. Мұның бәрі қыз жасауына қосылады. Міне, осындай ел аралау кезінде қыз өзінің аттанар сәтінде айтатын сыңсуына негіз қалайды. Сыңсудың шарықтау шегі қызды үйінен аттандыра сәтте болады. Қызды үйден шығарудың, атқа мінгізудің өз рәсімдері бар. Мәселен, киім кигізерде қыз тақиясын шешпей: «Тақиямды алмашы, басыма шәлі салмашы», – деп, онымен жылап қоштасады. Үйден шығарда босағадан ұстап бүгіліп:

Есіктің алды ошаған,
 Ұстатпайды қашаған.
 Жат елге кетіп барамын,
 Жібермеші босағам», – деп сыңсиды.

Қыздардың сыңсуында бүгінгі көзбен қарағанда, әншейін ұйқас үшін алынғандай көрінетін, осындай «түсініксіз» жолдар жиі кездеседі. Этнографиялық детальдармен салыстырғанда ғана олардың түпкі мазмұнын, астарлы мағынасын аңғаруға болады. Мысалы:

Төрге бидай шашайын,
 Төрге кілем басайын.
 Айырма, халқым, айырма,
 Жылап мауқым басайын, – деген қыздың қоштасу-көрісуіндегі алғашқы екі жолды бірден түсіне қою қиын. Бұлар да бір қарағанда ұйқас үшін алынған жолдар сияқты. Ол жолдардың этнографиялық астарына үңілсек, өлеңнен де өлім кезінде істелетін

салт бейнеленгенін көреміз. Өлікті шығарған соң, оның аруланған орнына бидай шашып тазалау ғұрпы ел ішінде күні кешеге дейін сақталған. Оның мәні – арты өркенді, жақсы болсын дегенге саяды. Сонымен қоса, өлген адамның орнын жаңа ұрпақ басады, яғни өлім – өсіп-өнуге, жаңа өмірдің көктеуіне себепкер деген көне ұғым ізі де бар. Сол сияқты:

Төр алдында жер қаздым,
Қамшы бойы ор қаздым.
Көтеріп атқа салғандай,

Ағакем саған не жаздым? – деген қыз қоштасуында да өлімде атқарылатын салт көрініс береді. Қыз өзі аттанып бара жатқан сәтін, өлімді аттандырғаннан кейін жасалатын салтпен параллель ашады. Қазір этнографиялық астарлары көмескілене бастаған бұл жолдардағы формулалы көріністер ертеректегі қазақтарға қосымша түсінікті қажет етпейтін ұғынықты дүние болатын. Сондықтан да халық шығармашылығының формулалы тілінде жырлап тұрған қыз ойын тындаушылар қапысыз қабылдап, қыз мұнына қабырғасы қайыса үн қосатын [9, 204].

Қазақ қоғамында төрге байланысты белгілі бір этикеттік нормалар қалыптасқан. Оның еуропалық мәдениетке қарағанда ерекше екендігі де белгілі.

Ақ үйдің сәні дөдеге,
Ақ сұңқар ілер бөдене
Айналайын, жан әке С
енсіз сәнім келе ме? (Сыңсу)

Әуелгі сөзім беташар,
Тауып айтсам жарасар.
Жаңа келген жас келін,
Үлкенді көріп аласар (Беташар).

Беташар. Келін түсіру тойының ең бір үлкен ғұрпы – беташар. Беташар қалыңдық келіп түскен бойда айтылады. Мұның екі түрлі себебі бар. Біріншісі – қалыңдық пен қайын жұртты бір-біріне таныстыру, кімнің кім екендігін айтып түсіндіру болса, екіншісі – жаңа түскен жас келіннің бетін ашып, көрік жүзін көрсету.

Көр шымылдық көтерші, көрсін әкем,
Көзінің жасын көл қылып төксін әкем.
Көзінің жасын көл етіп төге салып,
«Міндетімнен құтылдым», – десін әкем.

Бетінді, келін, ашқаным

– Жаңа жұртқа қосқаным деген беташардың жолдары халық рәсімінен хабар береді.

Әкем-ай деп жылама, Байғұс қыздар, жар-жар. Әкең үшін қайын атаң, Онда болар, жар-жар (жар-жар).

Жар-жар. Үйлену жырларының ішіндегі ерте дәуірден келе жатқан өлең түрінің бірі – жар-жар. Жар-жар екі жақтың – бір жағы күйеу, екінші жағы қалыңдықтың айтысынан тұрады. Жар-жар ата-ана, туған туыс, құрбы-құрдас, ел-жұртынан айрылып, жат жұртқа кетіп бара жатқан қалыңдықтың көңілін аулап, жұбату үшін айтылады. Аужарды алдымен жігіттер жағы бастайды. Қыз оған уәж айтады, өз қайғы-мұңын өлеңге қосады. Қыздар ата-ананы, құрбы-құрдасты, туған үй, өскен ауылды қимайтынын, алда қандай күн боларын білмейтінін айтып мұң шағады. Жігіттер тобы жаңа тұрмыс құрудың, жар сүюдің, нәресте құшудың болашақ қызығын, қуанышын айтып, қызды жұбатады. Мысалы:

М. Әуезов жар-жар деген қайырманьың мағынасын түсіндіре келіп, бұл сөз «жар сүю, екінші адаммен қосақтасып өмір сүру» деген мағынаны береді дейді. Жар-жар сөзі әр жол сайын қайталанып әдейі айтылады. Мұнысы, сен енді жалғыз емессің, жаныңда жарың бар дегені, қыз құлағына сіңсін, соған көндіксің дегені [10, 193].

Тойтарқар жөнінде алғаш мағлұмат беруші б. Уахатов: «Той тарқар қыз беріп, қыз алу салтының көп кәде, жора-жосықтары әбден аяқталып болған соң айтылады. Бірнеше тәулікке созылған тойдың ең соңғы күні қыз-келіншектер мен жас желең бозбалалар жиналып келіп, ақырғы қоштасу кешін өткізеді. Сол кезде ойын-сауықты басқарып жүрген ақын жігіт тойтарқар әнін бастап, бұған өзгелер қосылады», – дей келіп, бір шумақ өлең келтіреді.

Оу, халайық, халайық!

Көп отырдық думанмен,

Үркер ауып кетіпті

Той тарқарға салайық (Тойтарқар).

Үркер ауып кетіпті, Той тарқарға салайық – дегенді былай түсінуге болады: Үркер жаз ортасынан былай таң жарығында шығыста болады. «Маусымда Үркер таңмен аралас туады» дейді. Сондықтан Үркер шығыстан туса, таң ататын уақыттың болғаны.

Тон жапсаңыз қамқадан, Жібектен есіп бай таққан Келіншек оны киіңіз, Ақсақалдар тұрыңыз (Беташар).

Шашыма таққан шаш теңге Тетелес өскен жас жеңге Үзілген теңге шалынбас, Сендей бір жеңге табылмас (Сынсу)

Кейде ақша теңгелерін өзара үзбелеп алақан жасап, олардан бұтақталған теңгелер тізбегінің баулықтарына меруерт, маржан, жарқырауық тастар өткізіп те шолпы жасайды. Бұлар кейде көп салпыншақты болып, кейде бір-екі теңгелерден ғана құралады. Басқа күрделі, салмақты шолпылар көбінесе шашбаудан бөлек жасалып тағылатын болса, теңгелі шолпылар үнемі шашбаудың екі ұшына бекітулі жүреді. Бұл қыздың жүрісі сымбатты, әдемі болсын, басын тік ұстауға үйрету үшін керек. Қазақ қызы неғұрлым шолпыларының сыбдырын шығармай жүрсе, соғұрлым оның жүрісінің сымбаттылық дәрежесі анықталады.

Сонымен, үйлену, қыз ұзату ғұрыптарына байланысты өлеңдерде символдық мәнге ие ұғымдар көп. Олар фольклор поэтикасында тұрақты формулаға айналған. Этнографиялық, мифоғұрыптық деректер арқылы сакральды сөздердің мазмұнын, астарлы мағыналарын аңғаруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы : Ғылым, 1998. – 196 б.

2 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: филол ғыл док.... дисс. : 10. 02. 20. – Алматы, 2004. – 242 б.

3 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. – Т. 15. – Алматы, 1979. – 256 б.

4 Карақұзова Ж. К., Хасанов М. Ш. Космос казахской культуры. – Алматы, 1993. – 77 с.

5 Қайрбаева Қ. Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филол ғыл канд.... дисс. : 10. 02. 02. – Алматы, 2004. – 138 б.

6 Төтенай Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1998. – 308 б.

7 Шойбеков Р. Н. Қолөнер лексикасының кейбір қырлары // ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. – Тіл, әдебиет сериясы, 2006. – № 3. – б. 15-19.

8 Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы : Арыс, 2006. – 168 б.

9 Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоруы. – Алматы, 1972. – 176 б.

10 Жүсіпов Б. Келіннің бетіне орамалды неге жабады? // Ақ жол Қазақстан. 2004, 5 наурыз. – 9-10 б.

11 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы : Ғылым, 1974. – 288 б.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ БІЛІМДЕРІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОТЫРЫП, ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

КАРАШИНОВ Б. С.

№ 10 ЖОББМ, Арқалық к.

БИСЕНГАЛИЕВА А. Г.

Торғай аграрлық-техникалық колледжі, Арқалық к.

Жас қазақстандықтарға патриоттық тәрбие беруде білім беру ісінің инновациялық дамуына ерекше орын бергеніміз жөн. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісіне кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдер ұстаздарды қажет етеді. Осы орайда, тарихты оқыту барысында оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін меңгеру, педагогикалық технологияның қыр-сырын терең білу, оны күнделікті сабақта өз тәжірибесінде пайдалана білудің орны ерекше.

Қазақстан республикасының «Білім туралы заңында», «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептер мазмұнының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім берудің дамыту тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан халқына жолдаулары» т.б. құжаттарда бүгінгі білім берудің алдына қойған талаптар, іске асыру шаралары анықталған. Бүгінгі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі тарих ғылымы саласында болып жатқан батыл өзгерістер тарихи білімге деген қызығушылықты арттырып отыр. Расында да, бүгінгі Қазақстанның тұрақты дамуы өткен тарихты объективті тұрғыдан жалғастыра білумен байланысты болса, оның болашағы да тарихтың шынайылығымен анықталады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы біздің еліміз азаматтарының тарихи білімін көтеруге ерекше көңіл бөлінуде. Тәуелсіз Қазақстанның келешегі болған жас ұрпақты тәрбиелеу, олардың санасына ұлттық рух пен патриоттық тәрбие қалыптастыруда. Отан тарихының орны мен мүмкіншіліктері шексіз. Өйткені, тарих халықтың рухани мұрасы, Отанымыздың өткені, ұрпақтарымыздың мектебі саналады. Тарихы жоқ бірде-бір халықтың бүгіні болмағандай келешегі де болмайды. Тарих адамдарды ойландырады, болған тарихи жағдайлар мен құбылыстарды талқылап, парақтайды, ой елегінен өткізеді және олардан өмірлік қорытындылар шығарып алуына негіз болады. Жас ұрпаққа өткен тарихымыз туралы тарихи білім беру мен тәрбие

бермей халық санасында ұлттық сезім мен сананы, отан сүйгіштікті қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан да Тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесінде Отан тарихын тереңдетіп оқыту уақыт талабы болып тұр.

«Қазақстанның Болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан болашақта сол деңгейде болады» деген Н. Назарбаевтың сөздері, тарихшы ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілікті жүктеді. Отан тарихынан оқу орындарының сапалы білім беру үшін ең қажетті екі жағдай болуы шарт. Біріншісі – сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету, ал екіншісі – педагогикалық инновация.

Қазақстан тарихын оқытуда тарихи білім беру мақсатын, мазмұнын, технологиясын нәтижеге бағдарланған білім беруге бағыттау бүгінгі күні өзекті мәселе болып табылады. Мұнда мұғалімнің де, білім алушының да оқыту процесінің мақсаты мен міндеттерін, мәнін дұрыс анықтауында, оқушы білім алудың не үшін қажет екендігін терең түсінуінде. Мұнда, бірінші орынға білім алушының белсенділігі, қабілеттілігі, өзіндік ерекшеліктері, әрекет құралдары шығады. Оқушы өздігінен білім алу, іздену, қорытынды жасап талдау үшін оның өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып, білім алу технологиясын меңгертуге көңіл аударылады. Осы ретте, зерттеу Қазақстан тарихын оқыту үрдісіне жаңа технологияларды ұтымды пайдалану оқушыны танымды әрекетті субъектісі ретінде қалыптастыру, бәсекеге қабілетті сапалы білімге, оқушының өзіндік алатын білімнің қажеттілігін, мәнін дұрыс түсінуге, оқушының шығармашылық-ізденушілік қабілеттерінің артуына септіген тигізетінін көрсетті.

Инновация дегеніміз-жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз-тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновациялық үрдісті мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологияларын қамтитын құбылысты айтады. Бүгінгі таңда білім беру саласында әртүрлі сипаттағы және бағыттағы «инновациялар» енгізілуде. Азды-көпті мемлекеттік реформалар жүргізіліп, оқыту әдістері мен технологияларына жаңалықтар кіруде

Жаңа онжылдықта елді жаңғыртудың басты нысананың бірі сапалы білімге қол жеткізу, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, ақпаратты технологияны ұтымды пайдалану болып табылады. ҚР-ның Президенті Н. Назарбаев жыл сайынғы Жолдауларда: «Білім

беру әлемдік стандарттарға негізделіп, сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз көзделіп отыр»...«Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс...», «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі», «Оқу жастарға тек білім беріп қоймай, сонымен бірге олардың әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс», «Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге қонымды: білім беру мекемелерін оңтайландыру; оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру», – керектігіне баса назар аударды

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студент-жастарға ақпараттық білім негіздерін беру, ақпараттық технологияны интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы ретінде пайдалану, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникациялар белсенді қолданылуда. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты– студент-жастарды қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік тәжірибесінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу.

Бүгінгі жаһандану үрдісінде ақпараттар ағымынан адамның өзіне қажетті ақпаратты саралап, пайдалана білуі-қазіргі таңдағы негізгі мәселенің бірі. Өйткені, ақпараттық құралдар оқулық мазмұнын көрнекілендіреді, қажетті ақпаратқа қол жеткізеді, білімді пайдалану мен жинақтаудың мүмкіндіктерін арттырады. Осы орайда, жастарға сапалы білім мен тәрбие беру, оқытудың инновациялық әдістемелерін енгізу арқылы, студентті қажетті ақпаратты іріктеуге, талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету маңызды. Ақпараттық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастырудың алғышартты болып табылады. Тарихты оқыту үдірісінде қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы зор.

Тарихты оқыту үрдісінде ақпараттық технологияның мүмкіндігін ұтымды пайдалану:

- жастардың өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға;
- әр түрлі ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, объектілерді, құбылыстарды модельдеу, оқыту қызметін ұйымдастыру үрдісінде қазіргі замануи ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға;

– студенттердің білім, дағды, біліктілігін, сабаққа дайындық деңгейін бақылауға;

– оқытуды басқаруға, оқу үрдісінің, тестілеудің нәтижелерін бақылау үрдісін автоматтандыруға, интеллектуалдық түрлі деңгейдегі тапсырмалар беруге;

– түрлі ақпарат көздерінен керекті материалды өздігінен іздеп табуға, ақпаратты сауатты жазуға үйренеді, өздігінен сурет, түрлі сызбалар мен карта, графиктер, кестелер т.б. жасауға, яғни студенттердің өз бетінше жұмысын ойдағыдай іске асыру үшін жағдай жасайды.

Болашақ мамандар әлемде болып жатқан білім саласындағы заманауи жайттарды оқып үйренеді, білім мен тәжірибе алмасады. Жалпы алғанда, студенттер алғашқы оқу жылдары Қазақстан тарихы пәнімен жан-жақты танысады. Бұл пәнді оқып-үйрену студенттерге еліміздің басынан өткізген сан қилы аумалы-төкпелі кезеңдерден, қазіргі егемендікке қол жеткізген кездегі бүгінгі еркін тыныс-тіршілігінен өте бай мәліметтер береді.

Отан тарихын оқу барысында студенттердің көз алдынан сонау ерте заманнан осы күнге дейінгі тарихтағы: қайшылықтар, қаһармандық, жасампаздық істер мен қайғылы оқиғалар, әр алуан, адамзат тарихы тұтас күйінде, толық өтіледі.

Студенттер «Қазақстан тарихын» оқып үйрену барысында алған теориялық білімдерін тарихты оқыту әдістемесі мен тарихты оқытудағы ақпараттық технология пәндерімен тереңірек танысқанда және педагогикалық практика кезінде іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік туады.

Жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеуде білім беру ісінің инновациялық дамуына көңіл аударған жөн. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісінде кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдар ұстаздарды қажет етеді.

Семинар сабақтарында студенттерді жеке топтарға бөліп, проблемалық тапсырмаларды бірлесе отырып өздігінше талдау, шешу жұмыстарын ұтымды өткізу олардың белсенділігін арттыруға көмектеседі. Жалпы студенттердің көпшілігі компьютерді жақсы меңгерген, қажетті ақпаратты жылдам, сауатты таңдап алып, өздігінше түрлі рефераттар, баяндамалар, хабарламалар дайындау біліктері қалыптасқан. Семинарда студенттер теориялық материалмен қатар, тарихты оқытуда ақпараттық технологияны пайдаланып, сабақ үлгілерін дайындап, оған презентация жасайды,

ал басқалары оны одан әрі жетілдірудің жолдарын, кемшіліктерін анықтап, талдайды. Әр студент өзі дайындап келген сабақ үлгілерін интерактивті тақтадан немесе компьютерден көрсетіп, негіздейді. Сабақ үлгілері бойынша кестелер, сызбалар, диаграммалар, түрлі деңгейдегі тапсырмалар мен тестер, иллюстративтік материалдарды дайындайды. Студенттер дайындап келген сабақ үлгілері бойынша интерактивті әдіс-тәсілдердің тиімділігін дәлелдеп, бір-бірімен жарысқа түседі, бәсекелестік жағдайында әріптесін озып шығуға дағдыланады. Бұндай практикалық жұмыстар студенттердің мектепке барар алдындағы педагогикалық практикаға дайындығын жетілдірсе, екіншіден сабақта белсенділігін дамытуға, ақпараттық сауаттылығын арттыруға себін тигізеді.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», « патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным – сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық патриотизм болды.

Жалпы айтқанда тарих сабағында қолданған өте тиімді тәсілдер ұсынғымыз келеді.

Кесте 1 – Сабақтың басталуы барысында

Мазмұнды сұрау	«Бар-жоқ»	«Бағдар шам»	Өзара білімін тексеру
Өзара сұрау	ОШЖ	Кездейсоқ ойын	Театрландыру
Үй тапсырмасын талдау	Кеңет шешім	Қиялдау!	Таң қалдыр!

Кесте 2 – Жаңа сабақ барысында

Теорияның қолайлылығы	Пресс-конференция	Мәтінге сұрақ
Қатені тап!	Баяндама	Іскерлік ойын «Көзқарас»
Іскерлік ойын «Ғылыми-зерттеу зертханасы»	Қиялдау!	Театрландыру

Кесте 3 – Бекіту барысында

Жаттығу ойыны	Іскерлік ойыны «Жете білушілік»	Іскерлік ойыны «Көзқарас»	Іскерлік ойыны
Бақылау жұмысына жаттығу	Ауызша бағдарланған жауап	Өзара сұрау	Өзара білімін тексеру
Қатені тап	Пресс-конференция	«Бар-жоқ»	Ойға шабуыл

Кесте 4 – Қайталау сабақтарында

Өзіндік тірек	Қорытындыны қайталау	Кеңейтілген қайталау	Өзіндік мысалдар
Тақырып тардың тоғысуы	Дәрежелі жауап	Үй тапсырмасын талдау	Іскерлік
Іскерлік ойын «Жете білушілік»	Сұрау – қорытын дылау	Іскерлік ойын «Көзқарас»	«Бар-жоқ»

Кесте 5 – Бақылау сабақтары барысында

Бағдаршам	Тізбек-сұрау	Ақырын сұрау
Бағдарланған сұрау	Мазмұнды сұрау	Фактілік диктант
Блиц-бақылау	Үй тапсырмалары бойынша бақылау	Таңдаулы бақылау

Кесте 6 – Үй тапсырмасын сұрау барысында

Топтамалы тапсырма	3 деңгейлі тапсырма	Қызықты үй тапсырмалары
Ерекше тапсырма	Мазмұнды тапсырма	Шығарма шылық іс болашаққа

Кесте 7 – Сабақтың аяқталу кезінде

Сұрау-қорытындылау	Кеңет шешім	«Психологтік» роль
«Қорытынды лаудың» ролі	«Адвокат» ролі	Үй тапсырмасын талдау

Мұғалім әр сабақты емес бүкіл тақырыпты жоспарлайды. Жоғарыдағы сабақ құрылымына толық толталар болсақ.

«Бар – жоқ» ойыны. Белгілі бір тақырып бойынша мұғалім жұмбақ жасырады (зат, сан, әдеби немесе тарихи тұлға, т. б.). Оқушылар оны шешуге тырысып сұрақтар береді. Мұғалім «Бар», «Жоқ» – деп қана жауап береді.

Мазмұнды сұрау. Оқушылар өздерінің дайындық дәрежесін өздері бағалап, оны мұғалімге хабарлайды. Сұрақ: «Бүгін кім сабаққа «өте жақсы», «жақсы», «қанағат» дайындалды» – деген мұғалімнің сұрағына оқушылар қол көтеру арқылы өз білімдерін өздері бағалайды

«Бағдаршам». Сабақты сұрау кезінде оқушы өзінің қандай дайындықта екенін білдіру мақсатында картоннан жасалған ұзын

таяқшасын көрсетеді. Таяқшаның бір жағы қызыл, екінші жағы жасыл.

Өзара білімін тексеру. Мұғалім жаттығу бақылауының сұрақтарын бере отырып оқушылардың жауаптарын тыңдамайды. Сынып екі топқа бөлінеді. Мұғалім сұрақ қояды. Бірінші топтың оқушылары екінші топтың оқушыларына сұрақтың жауабын айтады. Әрбір оқушы өзінің сыныптасының жауабын тыңдайды. Мұғалім, немесе өте жақсы оқитын оқушы жұрыс жауабын айтады. Екі жауапты салыстыра отырып екінші топ тағы оқушылар жауабына баға қояды. немесе «+», немесе «-» қояды. Келесіде ереже бойынша екінші топтағы оқушылармен жұмыс жүргізіледі.

Кездейсоқ ойын. Мұғалім бір нәрсені оқушыға лақтырып беру арқылы үй тапсырмасын, немесе қайталау сұрақтарын қояды (сүйек, асық, қағаздан жасалған самолет т.б. болуы мүмкін).

Ойға білімдік шабуыл-ойға білімдік шабуыл арқылы шығармашылық тапсырмасын шешуге болады. Ойға шабуылды бастамас бұрын оқушыларға түсінік беру қажет.

Өзара сұрау-Оқушылар бір-бірлерінің жауабын тыңдап, баға қояды.

Таң қалдыр! Мұғалім бір таныс оқиғаны таң қалдыратындай етіп таныстырады.

Кенет шешім-Сабақ басында мұғалім бір қызықты мәселені, фактіні жасырады, оның шешімі жана сабақ өтілу барысында шешіледі. Қызықты фактіні, мәселені сабақ аяғында береді. Келесі сабақты сол мәселеден, фактіден бастайды.

Қатені тап!-Жана тақырыпты түсіндіргенде мұғалім әдейі қате жібереді. Оқушылар қатені тауып мұғалімге айтады. Оқушы қателері бар мәтінді алып, қателерін жөндеп, «мұғалім» ролін орындайды. Мәтіндер басқа оқушылармен немесе үлкен сыныптағы оқушылармен дайындалуы мүмкін.

Пресс – конференция-. Мұғалім тақырыпты толық ашпай, оқушыларға өзіне сұрақ қою арқылы тақырыпты толық ашуға мүмкіндік туғызады.

ҒЗЗ – ғылыми зерттеу зертханасы.

Баяндаманың жоспарын талқылайды, ұнпарақтар дайындайды. Жоба орындаған кезде «ҒЗЗ» маңызы зор

Іскерлік ойын «Көзқарас»-әртүрлі көзқарасты жақтаушы оқушылар;

Бақылаушылар – мұғалім және бірнеше оқушылар.

Ойын шарты: 2 топтан қатысушылар өз көзқарастарын дәлелдейді.

Ойынға дейін: мұғалім тақырыпты білгілеп, оқушылар қажетті фактілермен таныстырады.

Қатені тап! – Жаңа тақырыпты түсіндіргенде мұғалім әдейі қате жібереді. Оқушылар қатені тауып мұғалімге айтады. Оқушы қателері бар мәтінді алып, қателерін жөндеп, «мұғалім» ролін орындайды. Мәтіндер басқа оқушылармен немесе үлкен сыныптағы оқушылармен дайындалуы мүмкін.

Өзіндік тірек-Топ үлкен парақта тірек конспектісін жасайды. Үй тапсырмасы ретінде жақсы оқитын тірек конспектілерін өтілген тақырыптар бойынша дайындап, сабақта тренер ретінде топпен жұмыс жүргізеді.

Тақырыптардың тоғысуы-Оқушылар әр түрлі өздері құрастырған гипотизалар, идеялар арқылы жаңа тақырыпты бұрынғы өтілген тақырыптармен байланыстырады.

Сұрау – қорытындылау-

Сабақтың аяғында мұғалім сұрақтар қою арқылы тақырыпты қайталайды.

Мысалы:

Сабақта қандай мәселе басты болды?

Не қызық болды?

Қандай жаңалықпен таныстындар?

Нені үйрендіңдер?

Әр сұраққа бірнеше оқушы жауап беруі мүмкін.

«Бағдаршам»-Сабақты сұрау кезінде оқушы өзінің қандай дайындықта екенін білдіру мақсатында картоннан жасалған ұзын таяқшасын көрсетеді. Таяқшаның бір жағы қызыл, екінші жағы жасыл.

Ақырын сұрау-Бақылау немесе топпен жұмыс істеу кезінде мұғалім кейбір біреу немесе бірнеше оқушыдан ақырын дауыспен әңгімелесу арқылы сабақ сұрайды.

Фактілік диктант – Фактілік диктант 5-7 негізгі сұрақтардан өткізеді. Парталарда таза парақтар мен қалам. Сұрақтардың ішінде 1-2 қайталауға арналған. Жұмыс өте жоғары талапта өткізіледі.

3 деңгейдегі үй тапсырмасы – Мұғалім – 2-3 деңгейдегі үй тапсырмасын береді. 1 деңгей – қажетті минимум. Әр оқушы орындай алатын тапсырмалар.

2 деңгей – жаттығу ретінде. Пәнді жақсы білуге құштар оқушылар орындайды. 3 деңгей – шығармашылық тапсырма өз қалауларынша дайындайды.

Кеңет шешім – Сабақ басында мұғалім бір қызықты мәселені, фактіні жасырады, оның шешімі жаңа сабақ өтілу барысында шешіледі. Қызықты фактіні, мәселені сабақ аяғында береді. Келесі сабақты сол мәселеден, фактіден бастайды.

Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістері: Сұхбат (интервью), Баспасөз конференциясы, Искерлік ойын, Миға шабуыл, Әңгімелесу (диалог), Жекпе-жек (ринг), Әңгіме (беседа), Дөңгелек үстел, Ток – шоу «Сөзбе сөз», «Айтуға оңай», «Біз», «Біздің шындық». Мысалы, «Мемлекеттік тіл өз мәртебесінде ме?» тақырыбын талқылауда студенттердің нақты ойлары мен пікірлерін айқындадық. Олар мемлекеттік тілді тек қарапайым ғана білу жеткіліксіз, яғни болашақта жоғары белестерге жету үшін терең білуге қажеттілігін ұғынуда. «Жастар және дін» тақырыбын шешу арқылы еліміздегі түрлі ұлттардың діни нанымдарын құрметтеу және өздерінің көзқарастарын қалыптастыруға тәрбиелеу басты мақсат болды. «Қаламыздың жастары патриот па?» тақырыбында қала жастарының қандай болуы керектігін, не нәрсеге ұмтылу керектігін т.б. тілге тиек етті.

Күтілетін нәтижелер: Өзін-өзі реттейді; Өз көзқарасы мен ойын жеткізуге дағдыланады проблемаларды шешу; Түсіну дәрежесін анықтай алады. Өзіне сенімділігі артады; Сөздік қоры, ойлау жүйесі дамиды; Оқушылар өздігінен оқуға үйренді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Төкенов Ә. Қазақ тарихының зары // Қазақ тарихы, 1996. № 1, 5-7 б.

2 Назарбаев Н. Бәсекеге қабілеттіліктің кілті білімде. Абай атындағы ҰПУ-інде Алматыдағы ЖОО ректорларымен кездесуіндегі сөзі. // Егемен Қазақстан, 2005. 8 қыркүйек

3 Тұрлығұл Т. Отан тарихының мектепте оқытылғанына – 50 жыл. // Қазақ тарихы, 2008. № 4, 55 б.

4 Тұрлығұл Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2004. –260 б

5 Дүйсенов С. Алғашқы ғылыми еңбектер. //Қазақ тарихы, 2009. № 6, 81 б.

МҰРАЖАЙДЫҢ ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

КАРИМОВА А. Ж.
мұғалім, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Мұражай – (грек. *muslion* – орын, муза, музаға арналған орын, муза ғибадатханасы) табиғат пен адамзат қоғамының дамуы туралы білімнің алғашқы деректемесі – материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін табиғат коллекциялары мен тарихи нұсқаларды жинақтау, сақтау, зерттеу, олардың экспонаттарын халыққа көрсетіп, насихаттау қызметін атқаратын ғылыми мекеме. Мұражай экспонаттары ғылым мен өндірістің алуан түрлі салаларын қамтиды. Сонымен қатар мұражай нұсқаларын баспаға даярлап, монографиялар, каталогтар шығарады.

Семей XVIII-XIX ғасырларда Ресей үкіметінің Қазақстан даласында басып алған жерлерді ұстап тұру үшін салынған бекіністердің бірі ретінде іргесі қаланып, өзінің жағрапиялық жағынан қолайлы орналасуынан Орал мен Қытайды, Сібір мен Жетісудың арасында экономикалық байланысты орнықтырып, Далалық өлкенің сауда, қоғамдық және мәдениет орталықтарының біріне айналды.

Семей жері қазақ жерін қорғаған батырлар мен би – шешендер өмір сүрген топырақ. Семей жері Абай, Шәкәрім, Мұхтар сынды есімдері әлем әдебиетінің қорына алтын әріптермен жазылып, қосылған дарын иелеріне бай. Орыс халқының Достоевский, Михаэлис, Коншиндай мақтан тұтар тұлғалары аяқ басып, із салған жер. Шоқан Уәлихановтың сапарлары да Семей жерімен тығыз байланысты. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев көп жылдар қызмет еткен, Алаш партиясының қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтар еңбек еткен қала.

Семейдегі Абайдың, Мұхтардың, Шоқан мен Достоевскийдің, Қайрат Рысқұлбековтың ескерткіштері, Ауған соғысына қатысып, қаза болғандарға, Семей жеріндегі қасіретті полигон зардаптарынан жапа шеккендерге арналған естелік ескерткіштер де көп жайдан сыр шертеді.

Ертіс жағасында орналасқан Семей қаласы қазақ халқының рухани ордасы болып табылатын, тарихи шежіресі мол қала. Мұнда қала өмірінен мағлұмат беретін тарихи ғимараттар көп.

Қазақтың рухани орталығына айналған Семей қаласында орналасқан мұражайлардың тарихы мен олардың ұрпақ тәрбиесінде алатын орнына тоқталатын болсақ.

Өлкетану мұражайы 1883 жылы саяси жер аударылып келген Е. П. Михаэлис, С. С. Гросс, А. Л. Блек, А. А. Леонтьев, сондай-ақ қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың қолдауымен статистикалық комитетінің жанынан құрылған еді. 10 жыл бойы мұражай осы комитеттің қол астында болады, 1893 жылдан бастап бастауыш білім беру қорқылығы қорғамына, ал 1902 жылдан Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семей Бөлімшесіне қарайды [1, 5].

1911 жылы бөлімше бірінші Батыс-Сібір ауыл шаруашылық көрмесіне қатысып, өздерінің жинаған 862 экспонатын жұртшылық назарына ұсынып, үлкен күміс медаль жеңіп алады.

Мұражайдың Семей географиялық бөлімшесінің құрамына енгеннен бастап келушілер санының құрамы, есеп бойынша алғашқы жылдары шамалы ғана өсіп, кейінгі жылдары арта түскенін төмендегі цифрлардан көруге болады. Мұражайды құрушылар ең алдымен жергілікті өлкенің тарихына байланысты көптеген коллекцияларды жинады.

Келушілер санының құрамы:

1902 жылы – 240 адам.

1912 жылы – 2476 адам.

1902 жылы – 8516 адам.

Өлкетану мұражайында Орыс Географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің материалдары мен құжаттары мәдениет пен этнография залында сақталған [2, 2].

Мұражайда сондай-ақ жалпы тарихи тақырыптарға байланысты зерттеулер жүргізіп отырған жеке адамдардың еңбектерін айтуға болады. Мысалы, К. Д. Глинкин, В. А. Селевиннің ғылыми жұмыстары жеке арнайы папкілерде сақталған, Сонымен қатар мұражайдың негізгі қорында А. Седельниковтың және М. Соязовтың «Материалы к флоре киргизского края», «Описание коллекций музея», «Семипалатинский окружной музей с 1929» еңбектері бар [3, 6].

Жалпы, өлкетану мұражайының ағартушылық қызметіне Орыс Географиялық қоғамның Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі қызметкерлері көп еңбек сіңірген. Олар қарастырылып отырған жылдары Семей өлкесі табиғаты, тарихы, мәдениетіне байланысты лекциялар оқыған. Арнайы экспедицияларды жабдықтап отырған.

Сондықтан өлкетану мұражайында Семей бөлімшесіне қатысты материалдар, еңбектер мұражай қорының негізі болып табылады және де олар қазірге дейін құнды, бағалы материалды құрайды.

Мемлекеттік әдеби-мемориалдық Абай мұражайы Семей қаласында 1940 жылы Абайдың туғанына 95 жылдығына салынды. Бұл Р. Ершов деген көпестің байырғы ғимараты. Қосымша құрылыстың жобалаушылары сәулетші Я. Кириллов бастаған жобалау институтының қызметкерлері. 1992 жылға дейін ғимараттың жеті залында әдеби экспозиция орналасып, онда ақын отбасының жәдігерлері, Абайдың қолымен жазылған түпнұсқа құжаттар, Абай дәуірін сипаттайтын бай этнографиялық материал, көптеген экспонаттар қойылған болатын. 1996 жылдан бастап бұл ғимаратта Абай мұражайы орналасқан.

Абайдың республикалық-әдеби мемориалдық мұражайының ғимараты ХХ ғасырдың екінші жартысының сәулет ескерткіші. 1980 жылы әдеби – мемориалдық мұражай жоғары дәрежеге көтерілді. мұражайдың ғылыми – экспозициялық бөлімі бертін ұйымдастырылған ең жас, жас болса да мұражайға түсер негізгі салмақты өз мойнына алған бөлім қатарында есептелді. Бөлім алғаш ашылған 1990 жылы ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына дайындықтың қарсаңы болатын. Бір жағынан осы атаулы мерекеді мұражайды қайтадан жабдықтап, жарактандыруда жана бөлімдердің қажеттілігін туғызды.

Киіз үйдің сәнді, түрлендіріп тоқылған жабдыктары Абайға, Шәкәрімге, М. О. Әуезовке арналған мерекелік даталарға байланысты түсірілген слайдтар, фотоматериалдар, Қазаннан, Ленинградтан, Мәскеуден келіп түскен кітаптар, Омбы, Түмен архивтерінен әкелінген Өскенбай, Құнанбай, Абай, Әбдірахман, Шоқан, Алшынбай, Тінібай және тағы басқа тарихи тұлғаларға байланысты мұрағат материалдары мұражай қорын толықтырып, экспозициядан өздерінің лайықты орнын алды.

Соңғы жылдары Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың, Шәкәрімнің, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің, М. Әуезовтың және тағы басқа ХІХ ғасырдың аяғындағы және ХХ ғасырдың басындағы қазақ ақын-жазушыларының шығармалары жарияланған «Айқап», «Таң», «Сәуле», «Шолпан» газет-журналдарының әр жылдардағы сандары Мәскеуден, Алматыдан әкелініп, мұражай қорына қосылды.

Мұражай қорындағы материалдар негізінде «Абай» журналы, «Семей таңы» және басқа да республикалық басылымдар үшін ғылыми, тарихи мақалалар дайындалды.

Жергілікті ғалымдарды, ақын-жазушыларды, оқу орындарын айтпағанның өзінде мұражай қорындағы бай материалдарды, абайтанудың білгірі Қ. Мұхаметхановтан бастап, филология ғылымдарының докторлары М. Мырзахметов, Р. Нұрғалиев, жерлес жазушымыз Т. Жұртбаев сияқты Абай мұрасын зерттеушілер кеңінен пайдаланып келді.

Мұражай өз қабырғасынан тыс жерлерде де игі істердің бастамашысы болды. Түрлі мекеме, кәсіпорындарда, шаруашылық орындарда жылжымалы көрмелер ұйымдастырылды. Бүгінгі күнге дейін Абай қорық – мұражайының қоры 20 мыңнан астам мұрағаттан тұрады. Олар «Абайдың заманы», «Абайдың ақындық айналасы», «Абайдың шығармашылығы», «Абай және қазіргі заман» аталатын залдарға, тақырыптық көрмелерге бөлініп орналастырылған. Оның ішінде аса құнды экспонаттар қатарына жататын Абайдың өз қолымен өлкелік мұражайға тапсырған заттары, Мұхтар Әуезов сыйға тартқан Абайдың 1896 жылы түскен фотосуреті, Сәбит Мұқанов сыйлаған Шоқанның 10 жасындағы фотосуреті, 1887 жылы Лобановскийдің Абайдың өз тұлғасына қарап қолдан салынған суреті бір төбе.

«Жаңа қорық – мұражайдың жаңа жұмысын жүйелендіріп, қалыпқа түсіруде көп тер төгуге тура келді», – дейді ғылыми-экспозициялық бөлімнің меңгерушісі Маржан Біржанқызы. Себебі, Абайдың қорық-мұражайы кез-келген елдегі мәдени орындармен ұялмай иық тірестіре алатын, осы заманға сай, классикалық үлгіде салынды. Сырты сәнді ғимараттың ішінің сәнді де мәнді болуы қызметкерлерге байланысты болды.

Абайдың 150 жылдық ұлы дүбір тойына алыстан ат артып келген қандастарға, шетелдік меймандарға қымсынбай көрсететін мұражайдың бүгінгі көркем көрінісі мұражай қызметінің зая кетпегендігіне дәлел бола алады.

Мәшһүр дунетанымының қайнар бастаулары мен рухани нәрлері: ұлттық рухани дәстүрлер. Ұлы Дала, шығыс мәдениеттері мен мұсылмандық философиясы, орыс және Батыс Еуропа мәдениеті. Рухани әлемін қалыптастыруда әсер еткен шығыс ғұламалары: Фирдоуси, Саади, Хафиз, Низами, Руми, Аттара, Омар Хаям, Жами, Науаи, Йассауи т.б. Ұлы дала жерінің даналары да ерекше ықпалын тигізген еді: Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Қазтуған, Досмамбет, Шалкіиз, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара т.б. Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ислам дінінің шығуы, құдайға сену, тануы, ислам тарихына қатысты пайғамбарлар мен тарихи тұлғалар жайлы деректер берілген.

Қорытынды

– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ақындығымен қатар мектеп бағдарламасында қарастырылмайтын ауыз әдебиетінің небір үлгілерін жинап хаттау әдістерін жүйелі түрде зерттеу арқылы,

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерін тарих, әдебиет, география, «Зайырлылық және дінтану негіздері» сабақтарында қолдануға болады.

Ғажайып болжамдарымен танымал болған жиһангез ғұлама-ғалымның көмегімен географиялық саяхаттары ашып көрсетілді;

«Ескелдіге сапар» жасау барысында көптеген құнды деректермен таныстым. Ғажайып болжамдарымен танымал болған жиһангез ғұлама-ғалымның географиялық саяхаттары картаға түсірілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алдабергәнұлы Т. Дала тарихы. Мәшһүр Жүсіп өмірінің соңғы күні

// Төртінші билік. – 2013. – № 16–17 (29 сәуір–6 мамыр). – 6 б.

2 Бейсетаев Р. Ақселеу Сейдімбек Әйтеке би туралы. Мәшһүр Жүсіп жазбасын талдау // Төртінші билік. – 2013. № 44 (116) (16 қараша). – 9 б.

3 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. – Алматы : Ол-Жас ЖШС, 2004. – 80 б.

4 Көпеев М. Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы : Жалын, 1993. – 76 б.

5 Сөз өнерінің зергері. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008, – 6–7 б.

6 Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы : «Ғылым», 1990. – 5 б.

7 Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы : «Ғылым», 1990. – 60 б.

8 Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы : «Ғылым», 1990. – 50 б.

ТАРИХ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ ТАНЫМДЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

МЕКЕЖАНОВА Б. У.

тарих пәнінің мұғалімі, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

«Адам ұрпағымен мың жасайды»-дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. «Надан жұрттың күніқаран, келешегі тұман» – деп М. Дулатов айтқандай, білімді ұрпақ егемен елдің тірегі. Сондықтан да, заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел меңгеріп, ұстаздың басты парызы кәсіби шеберлікті ұштап отыру. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының

2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында: қазіргі білім берудегі басты мәселе-білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді де жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау екені атап көрсетіледі. ХХІ ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Қазақстан Республикасының «Білім заңында», «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу делінген. Осыған байланысты. Ұлы педагог Я. А. Каменский «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сәуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі» – деп ұстаз еңбегіне ерекше баға беріп, үнемі ізденісте, шығармашылық әрекетте болатын, жалындап жүретін тұлға екендігін айтқан. Ал шығармашыл мұғалімнің шөкірті де шығармашыл болуы керек...Ұстаз үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса жаңашылдыққа жақын болғаны. Қазіргі педогогикалық әдебиеттерден 50-ден астам оқыту технологиялары қолданысқа енгізілгені белгілі болып отыр. Тарих мұғалімі ретінде алдыма қойған басты мақсатым: мәдениетті түрде білімді, іскер, жеке тұлғаны дамыту, ұлтымыздың рухын көтеру, осы мақсатқа жететіндей тиімді жол іздеу. Сол себепті сабақты идеялық жағынан, өмірмен байланысты ұйымдастыру, оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету – әрбір ұстаздың абыройлы борышы [1].

Тарих пәнін оқытудың негізгі мәселелерінің бірі оқушылардың білімді өз бетінше игеруі болып табылады. Соған сәйкес мұғалімнің басты міндеті-білімнің жаңа мазмұнынан туындайтын сабақтың маңызды ерекшеліктерін анықтап, сабақтың үлгісін құру және сабақты жетілдірудің жолдарын тауып, оның сапасын арттыру. Ол үшін оқушыларды ынталандыратындай қызықты әрі сапалы өткізу үшін, ең алдымен тақырыпқа сай оның ұйымдастырылу нысанын дұрыс таңдап алу қажет. Тарихи білім берудің басты мақсаты мен міндеттері мынадай:

- оқушылардың адамзат қоғамының ежелгі заманынан бүгінгі күнге дейінгі даму тарихынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру;
- бүкіл адамзат жасаған құндылықтарды, мәдени тарихи тәжірибенің негізін оқытып, меңгерту;
- оқушылардың бойынан қазақстандық азамат пен патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыру;
- эстетикалық, экономикалық тәрбие беру, діннің тарихтағы қызметін дұрыс түсіне білуге тәрбиелеу.

Осы міндеттермен мен мақсаттарды орындау үшін қазіргі педагогикалық жаңалықтарын, оқу әдістемелік тәсілдің тиімді жолдарын таңдау, үздіксіз ізденіс пен білім сапасын жақсарту қажет.

Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім беруді тиімді жолдарын таңдап, тарихи және мәдени мұралармен танысып, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып үйренуге дағдыландыру, баяндама, рефераттар, хабарлама жасату, өз бетінше оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу және т.б. К. Ушинскийдің «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген сөзін әр уақытта естен шығармауымыз қажет [2].

Бүгінгі таңда сабақ өткізудің түрлері көбеюде. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беруде сабақтың тиімді түрлерін қолданып келемін. Осы мақсатта оқушылардың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін өз сабағымда пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдерден мысалдар келтіріп кетуді жөн көрдім. 7-9 сыныптарда сын тұрғысынан дамыту, ұжымдық оқыту, пікір талас, семинар, сынақ, жарыс, өзіндік жұмыс, мәнерлеп оқыту т.б. тәсілдерді қолданамын. Сурет-иллюстрациялар бойынша әңгіме құрастыру, тірек-конспектілер, Венн диаграммасы арқылы жұмыс істеу әдістері де қолданылады. Күнделікті сабақпен салыстырғанда қайталау сабақтарында оқушылардың өз беттерінше ойланып жұмыс істеуіне едәуір мүмкіндік туады. тарихи оқиғалар мен құбылыстарды өз бетінше талдайды, салыстырады, қорытынды жасайды, баға береді. Мысалы: Бес сұрақ, БББ (Білемін-Білгімкеледі-Білдім), Сын тұрғысынан ойлау, Жұдырық-Алақан Қалыптастырылатын дағдылар: -өзін өзі басқару.

Бес бармақ. Қалыптастыратын дағдылар, ойлау, шешім қабылдау; ақпараттарды басқару. Жалпы сипаттама бұл әдіс ақпарат жинақтауға арналған, ол сондай-ақ оқушыларға мәселені терең

зерделуге немесе оны шағын тақырыптарға немесе тармақтарға бөлуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Аталған әдіс іс-әрекетті жоспарлауға және мақсат белгілеуге ықпал етуі мүмкін әртүрлі мүмкіндіктерді қарастыруды көздейді. Ақпарат жинақтауға арналған тапсырмалар үшін осы әдіспен бірге «Идеялар тасқыны» мен «Стикерлер топтамасын» қолдануға болады.

Жұмыс алгоритмі 1. Үлкен қағаз бен маркер керек. 2 Оқушыларға «Қалай» немесе «неге» деген сұрау есімдіктері қолданылатын сұрақтар қойылады. 3. Ұсыныстар оқу плакатында жазылады. 4. Мұғалімдер идеяларды дамытып, одан арғы идеяларды зерделеу үшін бір сұрау есімдігін пайдаланады.

5. Мұғалімдер идея/ ұсыныс толық қарастырғанша дейін бірдей сұрағы бар сұрақтарды пайдалануды жалғастыра береді.

БББ (Білемін-Білгім келеді-Білдім) Қалыптастыратын дағдылар: – ақпаратты басқару; – өзін өзі басқару.

Жалпы сипаттама бұл әдіс оқушылардың өздерінің қазіргі білім деңгейін, оларда қандай олқылықтар бар екенін анықтауға; өз оқуының табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында жоспарлауға және зерттеуден кейін қандай жаңа ақпарат зерделенгенін талдауға арналған стратегия ретінде пайдаланады. Бұл әдіс игерілген білімге негізделеді және командалық жұмыс пен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

Жұдырық-Алақан қалыптастырылатын дағдылар: – өзін өзі басқару.

Жалпы сипаттама осы әдіс оқушыларда сабақтың немесе тоқсанның соңында күтілетін нәтижелерге қол жеткізгендігіне қаншалықты сенімді екендіктерін бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл сондай-ақ оқушылардың мұғалім жаңа ғана қойған сұрақтың жауабын білетіндіктеріне қаншалықты сенімді екендіктерін білдіретін құрал ретінде де қолданылады.

Жұмыс алгоритмі 1. Тоқсанның соңында оқушылардан олардың мақсаттарға қол жеткізгендігіне қаншалықты сенімді екендіктерін сұрау қажет. Жауап ретінде қолдарымен үш түрлі белгі бере алады. :-егер олар мақсаттарға және күтілген нәтижелерге қол жеткізгендігіне сенімді болса-ашық алақан;-егер олар мақсатқа жартылай ғана жетіп, бірақ әлі де болса жұмыс істеу керек деп санаса-үш саусағын жоғары көтереді;-егер олар елеусіз ғана табысқа жеттім немесе мақсатқа жету үшін ештеңе істемедім деп

есептесе жұдырығын көрсетеді. 2. Егер осы әдіс сабақ барысында мұғалімнің нақты сұрағына жауап ретінде пайдаланылса, онда мынадай қимылдары қолдануға болады: егер олар жауапты білетіндігіне сенімді болса-ашық алақан; егер олар жауаптың бір бөлігін ғана білетін болса немесе өз жауабының дұрыстығына толық сенімді болмағанда-үш саусақты жоғары көтереді; егер олар жауапты білмеген жағдайда-жұдырығын көрсетеді. 3. Егер осы әдіс тоқсанның соңында пайдаланылатын болса, жауап алу барысында мақсатқа қалай қол жеткізгендігін, оқушылардың тағы неге қол жеткізгісі келетіндерін және оған қалай кірісетіндерін, мақсатқа жетуге не бөгет болатындығын және болашақта оларға осындай кедергілерді қалай болғызбауға болатынын анықтауға болады [3].

Блум таксономиясына сәйкес танымдық мақсаттарды топтастыру.

Роберт Фшшер түрлі ойлау деңгейлеріне тән түрлі санаттар мен үдерістер аталған. Ойлау үдерісінің санаттары мен мазмұны санат ойлау үдерісінің шешуші белгілері. 1. Білу (есте сақтау және қалдыру) кім, қашан, қайсысы, қайда, не екенін сипаттау, қайталау, тұжырымдау арқылы не білетіндімізді, нені есте сақтағамызды айту. 2. Түсіну (түсінік беру және түйсінуді) Өзіңіздің бір нәрсеге қатысыңыз туралы сипаттау және баяндау, оның мәнін түсіндіру, салыстыру, арақатынасын белгілеу. 3. Қолдану (қатысу) сіз мұны қалай пайдаланасыз, оны проблеманы шешу үшін пайдалану, көрсету. 4. Талдау (қатысу) Факторлардың, тәуекелдердің, проблемалардың, оны шешу жолдарының, күтілетін нәтижелер мен салдардың құрылымын, ретін, себебін анықтау. 5. Жинақтау (біріктіру) бұдан әрі өзгерту, түрлендіру, жақсарту тәсілдерін анықтау. 6. Бағалау (пайымдама және бағалау) Табысқа жететін/жетпейтінінанықтау, алдағы нәтижелерді болжау.

Оқу тапсырмаларын жасауға арналған сұрақтар үлгілері

Есте сақтау Пайдалы етістіктер сұрақтардың үлгілері тізім жасау орналастыру Атау білу баяндау Сипаттау еске түсіру қайталау шығару*...кейін не болды? *Қанша...?*...кім еді?*...атай аласыз ба?* Онда не болғанын сипаттаңыз?* Онымен кім сөйлесті?*...себебін айта аласыз ба?*...мағынасын айқындаңыз?* бұл не?* Бұл шын ба немесе өтірік пе?

Түсіну пайдалы етістіктер сұрақтардың үлгілері қорытынды жасау өз сөзіңізбен сипаттау көрсету алдын ала болжау айту анықтау басқаша сөзбен айту жиынтықтау жүйелеу сіз өз сөзіңізбен жаза аласыз ба?* Сіздің пікіріңізше, одан әрі не болуы мүмкін еді?* Сіздің

пікіріңше, кім...?* ...басты идеясы қандай?* кім басты кейіпкер болды?*...арасында айырмашылықты айыра аласыз ба?*...арасында қандай айырмашылықтар бар?

Міне, осы тәрізді әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданамын. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылар алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады. Сабақта оқушының жеткен жетістігін баса көрсетіп, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып отырамын. Оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге баули отырып, шығармашылық қабілеттерін шындаймын. Бірақ шамадан тыс тапсырмалар беруден сақтану керек, ең басты оқиғалар мен фактілерді ғана білуі керектігін ескеріп, нақты тапсырмалар берген жөн. Сондай-ақ, күнделікті сабақта оқушылардың білімін бағалауға да тигізер көмегі көп [4].

Өткізілген мұғалімнің сабаққа талдау жасау алгоритімі

Қандай талаптар басшылыққа алынды?

Тақырыптағы сабақтардың өзара байланысы қалай есепке алынды.

Оқушылардың ерекшелігі: нашар және жақсы оқитын оқушылар ерекшелігі қалай есепке алынды?

Сабақтың үш мақсатын қалай есепке алынды?

Оқушылардың іс-әрекеті қалай жоспарланды?

Мұғалім мен оқушылардың әдіс тәсілдері өзін ақтады ма, егер жоқ болса, неге

Сабақ барысы: не көзделіп, қалай өтті?

Сабақ кезінде сыныпта, жекелеген оқушыларда қандай қиындықтар туындады?

Сабақ мақсаты мен міндеттеріне жетті ме, қандай көрсеткіштер бойынша ол анықталды, егер сабақ өз мақсатына жетпесе, не кедергі болды?

Сабақ нәтижелігін бағалау [5].

Сабақ беру, оны оқушы қауымына дұрыс жеткізу әр мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қызметіне байланысты. Мектептегі жұмыстың негізгі түйіні-оқушыға сапалы білім беру. сабақтың қызықты да (саналы) тартымды болып өтуі үшін, оқушылардың

сабаққа ынтасын арттыру үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланған жөн.

Оқушылардың оқу жұмысына негізінен мұғалім-оқыту процесінің ұйымдастырушысы және жетекшісі басшылық етеді. Оқушылар мұғалімнің тапсырмасын өздігінен орындап отырған шақта да, мұғалім оқушылардың оқу қызметіне басшылығын жүзеге асыра береді.

Оқушылардың өздігінен жұмыс істей білуге үйрету-мұғалімнің ең басты міндеттерінің бірі. Оқыту тәсілі оқушыларды ойландыратындай және өздігінен жұмыс істей білуге ынталандыратындай болуының ерекше маңызы бар.

Шәкіртті оқыта білу үшін оның білім алуға деген таудай талабын төмендетпеу үшін, әрбір оқушының мінез-құлқы мен жеке басының ерекшеліктері есте болғаны абзал.

Оқушымен жекелей қатынас жасай білу, еркіндік бере білу әсіресе, әрбір еңбегін лайықты, орынды бағалай білу, қызығушылық пен білуге құштарлығына бағыт, көмек бере білу.

Оқушыларды бағалағанда олардың іске мәнді мәнді қатынасы жоқ сөздеріне қарап емес, біліміне қарап бағалау керек екендігін өмірдің өзі көрсетуде.

Мұғалімнің ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, ізденімпаз ғалым, тынымсыз еңбекқор, кез-келген ортаның ұйытқысы, оқушылар алдында беделді, сыйлы болуы керектігін ескере отырып, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай, біздің міндетіміз-жеке тұлғаның өзіне, қоғамға қажетті қабілеттерін қалыптастыру, дамыту және өз бетімен білім алуына, өзін-өзі дамытуға қолайлы жағдай жасау. Сондықтан да әрбір оқытушы сапалы білім мен саналы тәрбие берудің тиімді жолдарын талмай ізденуі қажет. Еліміздің болашағы жастардың қолында. Оқушылар теориялық біліммен тереңдусындаған, қазіргі қоғамның талабына сай, нарықтық экономиканың сұранысын қанағаттандыра білетін «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға етіп шығару мына біздің қолымызда [6].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н. Ә. Назарбаев 2012 ж 14 желтоқсан «Қазақстан – 2050 даму стратегиясы».

2 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

3 Қазақстан тарихы әдістемесі. 2006 жыл № 4 Акерке Мангина 17 б.

4 Қазақстан тарихы әдістемесі. 2008. № 2 (тарих тұлғаға бағытталған пәндерді оқыту әдістемесі) – 18 б

5 Қазақстан тарихы әдістемесі 2008 жыл № 1 Алматы қаласы – 34 б

6 Қазақстан тарихы әдістемесі 2005 жыл № 7 Орал қаласы
Ү. Батталова, – 10 б

СЛЕДЫ ПРИСУТСТВИЯ АНДРОНОВСКОЙ КУЛЬТУРЫ НА ТЕРРИТОРИИ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

МУСИНА Л. М.

преподаватель общественных дисциплин, КГКП «Костанайский
строительный колледж», г. Костанай

Когда Президент Нурсултан Назарбаев говорит о будущем Казахстана как о «Мәңгілік Ел», он на одно из первых мест ставит вопросы исторического сознания нации [1]. Сегодня национальная идея «Мәңгілік Ел» ассоциируется с преданностью и любовью к своей стране и своему народу. Этому способствует наличие великой истории. Поэтому в рамках реализации этой идеи так важно вести целенаправленную работу со студентами колледжа, направленную в том числе и на формирование патриотических чувств, осознания исторической преемственности поколений. В современную эпоху все более актуальным становится проблема понимания того, что современный человек является наследником многих поколений, живших на этой земле до него, и необходимости сохранения данного наследия. Применение в образовательном процессе краеведческих направлений и фрагментов весьма способствуют этому. Одним из таких направлений является использование материала по древней истории Костанайского края, в частности периода, связанного с пребыванием здесь андроновцев и существованием андроновской культуры.

В середине второго тысячелетия до н. э. племена андроновской общности заселяли огромное пространство: от Волги до Алтая и от Уральских гор до Тянь-Шаньских. Андроновская культура была одной из крупнейших культур эпохи бронзы в степной Евразии. Племена, обитавшие на территории Казахстана в эпоху бронзы, оставили археологические памятники, относящиеся к андроновской

археологической культуре. Это были племена, с неизвестным для нас именем, которые историки называют «андроновскими». Впервые памятники андроновской культуры были исследованы в 20-х годах 20 века Теплоуховым Р. А. в Минусинском крае. В 60-е г. 20 в. были выдвинуты предположения (Э. А. Федорова-Давыдова, В. С. Стоколос) о том, что Федоровский и Алакульский этапы представляют собой самостоятельные, но синхронные историко-культурные явления. В 70-80-е годы полевые работы по изучению андроновских комплексов велись на территории Казахстана, западной Сибири и южного Зауралья. Наиболее яркими памятниками андроновской культуры на Южном Урале являются культурные комплексы Аркаим, Синташта, Устье в Челябинской области.

Центром расселения Федоровских племён, видимо, был Казахстан; они были вытеснены отсюда племенами алакульцев, которые пришли в Центральный Казахстан из какого-то Западного центра. Андроновская культура не была монолитной; в ней выделяются варианты, отражающие характер культуры некогда живших племён, поэтому принято говорить об андроновской культурной общности, объединяющей ряд близких культур [9]. Вводится термин «андроновская культурно-историческая общность», в нее включены две родственные культуры: алакульская и федоровская. Памятники андроновской культуры на три этапа в 1948 году разделил К. В. Сальников [8]. Работами Е. Е. Кузьминой, Т. М. Потёмкиной, Г. Б. Здановича и др. обосновано выделение культур предандроновского и раннеандроновского времени, уточнены вопросы периодизации, этнокультурного родства и исторических судеб их носителей [4]. Ведущей формой хозяйственной деятельности являлось скотоводство, но андроновцы были и хорошими металлургами, гончарами. Учёными предполагается их индоиранская языковая атрибуция. По своему антропологическому типу они относились к европеоидному средиземноморскому типу [6].

Уже около ста лет на евразийских просторах ведется исследование андроновских древностей. Свидетельством того, что территория Костанайской области также являлась местом проживания андроновских племен, которые занимались хозяйством, радовались и печалились, растили детей, являются находки, сделанные при изучении Алексеевского культурного комплекса, относящегося к эпохе развитой бронзы.

Редкое сочетание трех разнородных и вместе с тем одновременных памятников: поселения, могильника и жертвенного места – возводят его в разряд уникальных.

Алексеевский могильник был открыт в 1921 году студентом-геологом б. В. Соколовым. Им было обнаружено два вскрытых погребения. В этом же году была открыта стоянка и найдены остатки жертвоприношений.

Могильник располагается на левом берегу старицы Тобола в четырех километрах ниже поселка Алексеевского. Все погребенные были ориентированы головою к поселению. Сохранившиеся костяки лежали в скорченном положении, на левом боку, в некоторых случаях с сильно согнутыми ногами и руками, прижатыми к грудной клетке. Кроме керамики в женских погребениях находились украшения: бронзовые и пастовые бусы, ромбовидные и круглые бронзовые бляшки, гривна, височные кольца, подвески в 1, 5 оборота, выпукло-вогнутые браслеты со спиралевидными завитками. По останкам одного из погребений антропологу М. М. Герасимову удалось восстановить внешний облик андроновской женщины, копия этого бюста находится в экспозиции Костанайского областного краеведческого музея [2].

Невысокий холм, на котором совершались жертвоприношения, занимает центральное место во всем комплексе. Основной обряд жертвоприношений, обнаруженный на холме, заключался в зарывании в почву горшков с пищей.

На территории поселения за годы раскопок было исследовано 7 жилищ. Некоторые соединялись между собой переходами и образовывали комплекс построек. Разнообразные бронзовые орудия и оружие, найденные на площади поселения, значительное количество бронзовых украшений из могильника свидетельствуют о том, что Алексеевское поселение относится к тому времени, когда изготовление предметов из бронзы достигло высокого развития. Почти в каждом жилище обнаружены предметы, относящиеся к бронзолитейному производству: куски медной руды, песты для дробления руды, обломки тиглей, льячки, литейная форма, молоты для отковки предметов.

Помимо литейного производства население занималось земледелием и скотоводством. В жилищах присутствовали ступки, зернотерки, каменные скребки и скребла, мотыги, двусторонне обработанные каменные наконечники стрел, употреблявшиеся на протяжении всего бронзового века.

Основную массу находок на территории Алексеевского культурного комплекса составляет керамическая посуда и ее фрагменты. Это говорит о хорошо развитом керамическом производстве. Элементами орнамента являются меандры, меандровидные узоры, заштрихованные треугольники и ромбы, зигзаги, елочный узор.

В фондах областного краеведческого музея находится 17 целых сосудов, бронзовые украшения (гривна, перстни, бляшки, бусы), переданные в 30-е годы археологом О. А. Кривцовой — Граковой [5].

В 1983 г ученик школы Сергей Яцук буквально в тысяче метрах от крайнего дома города Лисаковска нашёл в обрыве реки Тобол фрагменты керамики. Позже А. П. Мазниченко и В. В. Варфоломеев начали исследовать поселение и некрополь Лисаковский. Они принадлежали племенам андроновской общности, которые жили в середине II тысячелетия до нашей эры. Исследование этого памятника ведётся с 1985 года. Много лет исследует данный памятник Э. Усманова [3].

В результате археологических раскопок, произведенных под Лисаковском, были открыты андроновское поселение и могильник. За эти годы раскопано 80 погребальных сооружений и 175 погребений, найдено более двухсот экземпляров сосудов. Коллекция ювелирных украшений одна из самых оригинальных в Казахстане среди коллекции эпохи бронзы. На площади поселения было раскопано четыре жилища и найдено много артефактов, свидетельствующих о повседневной жизни андроновцев.

У андроновцев существовало два способа отправления в «страну Вечности»: трупосожжение и трупоположение. На могильнике Лисаковский кремированных останков большинство, причем структурно-сохранившимся костям придана поза как при ритуале трупоположения. В другом случае тело хранилось скорчено, на боку, руки и ноги согнуты. Возможно, умерший в этом случае уподобляется зародышу в лоне матери земли. Погребальный инвентарь могильника Лисаковский представлен сосудами, орудиями труда, предметами вооружения, украшениями, предметами одежды. Удалось восстановить эстетику женского «андроновского» костюма. Платье шилось из тканого шерстяного полотна. Главной деталью костюма был головной убор в виде шапочки с накосным украшением. Она была конусовидной формы красного цвета. Шапочка часто украшалась бронзовыми бляшками, бусинами, подвесками, в

области висков к шапочке крепились височные золотые кольца или челюстно-лицевая подвеска [11].

Поселок древних «лисаковцев» находился на высоком скалистом берегу реки Тобол, с его площадки было видно все погребальное поле, особенно верхушки высоких курганов. Было раскопано 4 жилища общей площадью около 1500 квадратных метров. Жилища были прямоугольной формы, полуземляночного типа, с удлиненными прямоугольными котлованами, размером до 200 квадратных метров. В каждом жилище находилось до двух-трех очагов для обогрева. Стены такого дома оформлялись бревнами, плетнем с глиняной обмазкой, пластами чернозема и золой. Между жилищами было обнаружено нечто подобное канализации: длинные каналы с ямами-отстойниками, направленные вдоль линии котлована, заполненные золой, фрагментами керамики, костями животных. Основными находками на поселении были многочисленные фрагменты керамики. Андроновская керамика лепилась вручную, без гончарного круга. Орнамент наносился на сырую поверхность сосуда при помощи штампов. Основными мотивами его были треугольники, ромбы, зигзаги, меандровидные фигуры, горизонтальные линии. Горшки были разными по высоте: высокие, средние и маленькие, служившие кружками для питья. Много находок, связанных с изготовлением керамики, а также обломки ножей, иголки, бронзовые наконечники стрел, серп, пряслица, костяные шпульки. В поселении были обнаружены родник и резервуар для воды, которыми пользовались обитатели поселка. Родник был выдолблен в скальном грунте. Вода по желобкам, поступала в небольшую яму, обложенную камнями. Эта своеобразная система водоснабжения находилась под навесом. Поселение, по всей видимости, было покинуто его жителями, нет следов пожаров и разрушений. Просто люди собирали свои пожитки, и ушли, жизнь переместилась в другое место [11].

На основе материалов, полученных в ходе раскопок, в городе Лисаковске был создан музей истории и культуры Верхнего Притоболья. Самому городу немногим больше сорока лет, а памятник на его окраине показал, что люди появились здесь три с половиной тысячи лет назад. И это были представители протоевропейской расы и носители андроновской культуры.

Таким образом, Костанайская земля служила пристанищем для племён андроновской общности, которые жили здесь в середине II тысячелетия до н. э.

Если взглянуть через призму тысячелетий, то ныне живущие на земле Костанайской, могут осознать не только свою принадлежность к данной территории, как современной административной единице, но и почувствовать себя наследниками древнейшей цивилизации, жители которой были представителями протоевропейской расы и носителями андроновской культуры, а также легендарной арийской расы, обитавшей в «стране городов» на границе Южного Урала и степей Казахстана. Почувствовать и осознать связь времен, прикоснуться к истоками цивилизации.

ЛИТЕРАТУРА

1 Н. А. Назарбаев. Послание народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», 17 января 2014 года.

2 Алексеевский культурный комплекс. Каталог археологической фондовой коллекции. Составитель Колбина А. В. Костанай, 2010.

3 Акулов А. Г. Памятники Лисаковского археологического микрорайона: локализация на местности и пространственные связи. Археологическое наследие Урало-Казахстанских степей. Лисаковск, 1998.

4 Зданович Г. Б. Бронзовый век урало-казахстанских степей. Свердловск, 1988.

5 Евдокимов В. В. Отчет о полевых исследованиях на территории Кустанайской области летом 1969 года. Кустанай, 1970.

6. Кузьмина Е. Е. Откуда пришли индоарии. – М., 1914.

7 Малинова Рената, Малина Ярослав. Прыжок в прошлое. – М., 1988.

8 Сальников К. В. Очерки древней истории Южного Урала. – М., 1967.

9 Смирнов К. Ф., Кузьмина Е. Е. Происхождение индоевропейцев в свете новейших археологических открытий. – М., 1977.

10 Смирнов Ю. А. Лабиринт. Морфология преднамеренного погребения. – М., 1997.

11 Усманова Э. Р. Ветер Вечности. Алматы, 2001.

12 Экспозиции Костанайского областного историко-краеведческого музея и Лисаковского музея истории и культуры Верхнего Притоболья.

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ БАЯНАУЛ ТАРИХЫ

ПАЗЫЛОВ Ә.

Мәшһүр-Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

Баянаула қойсайшы жердің атын,
Шыбынды, Батпақ қойсайшы көлдің атын.
Таудың атын Қызылтау, Далба қойып,

Құлболды, Қаржас қойсайшы елдің атын, – деп жырлаған
Мәшһүр Жүсіп Баянаула елінің, киелі де қастерлі әрі шежірелі жер
екенін аңғартып тұрғандай.

«Туған – жер – тұғырың» дейді халық даналығы. Баянауыл алғашқысында казак станицасы ретінде Сабындыкөл жағасында, Ақбеттеу етегінде 1826 жылы құрылған. Бұның өзі Шоң бидің ерен еңбегі мен батыл саясатының арқасында жүзеге асқан тарихи оқиға болатын. Мәшһүр-Жүсіпте: «Шонды Құдай, елі үшін жаратқан» -деп жазып, қазақтың соңғы әділ биі ретіне сипатайды. Шоң би өте беделді, кемеңгер дана, елдің бірлігін сақтаған адам. Мәшһүр-Жүсіп өзінің «Өмірбаяндық дерек» деген еңбегінде: «Шоң, Шорман ел иссі болып тұрған күнде, Құдай рахмст қылсын, Шоң бидің ғақылға кемеңгерлігімен Кеңсары, Наурызбайдың жетегіне ілікпей, жел бергеніне желікпей, Иван Семенович деген полковой келіп, Баянаула тауынан Мырзашоқы деген жерден ағаш кестіріп, қала салып, Шоң биді аға сұлтандыққа сайлап, сонан бері қарай қазақ жұрты асын тыныштықпен ішіп, жесір қатын, жетім бала малына ие болды» [1], – деп, кара қазақтан шыққан бірінші аға сұлтанның жеке басына жлғары баға береді. 1857 жылы жазған «Баянауыл дуаны жайында» атты еңбегінде Шоқан Уалиханов: «Қазақтың басқа руларына қарағанда Баянауыл округіне қарасты елге төрелер өз ықпалын жүргізе алмады. Өйткені бұларды өте күшті ру басылары басқарды. Халыққа сөзі өтімді беделді билердің бірі, айдабол руынан – Шоң...» – деп даралай сипаттаған. Әрине, Баянауыл атауы Жоңғар шапқыншылығынан жеткен «Қалмақ қырған» жерлерімен де тығыз байланысты. Ал Баянауылда елдің қоныстануына, Абылайханның Сабындыкөл жағасында Үш жүздің төбе билері мен батырларының басын қосып, үлкен жиын өткізуі себеп болған.

1830 жылдың қыркүйек айында қазақ-орыстар болашақ Дуанның тұңғыш үйін салады. 1833 жылы наурызда Сібір комитетінің Омбы облысында екі округ құру жөніндегі ережесіне

сәйкес Баянауыл кең-байтақ сыртқы округтің орталығына айналды. Оның территориясына қазіргі облыстың Баянауыл, Екібастұз, Май, Краснокутск, Ақсу және Ертіс ауданының жерлері кірді. 1854 жылы Семей облысының құрылуына байланысты Баянауыл сыртқы округі «Сібір қырғыздары облысының» құрамына кірді. 1868 жылы Баянауыл округі далалық облыстар ережесіне сәйкес таратылып, жаңадан құрылған Павлодар уезінің құрамына енді. Баянауыл приказы жойылып, Баянауыл селосы казак станицасына айналған.

Жоңғар шапқыншылығынан кейінгі, Баянауыл елінің қиындыққа тап болған кезі 1861 жыл болатын. Осы жылы Сарыарқада, оның ішінде Баянаула, Қызылтауда қыс қатты, жыл ауыр болып, ел жұтап, төрт түлік малға ауыр жыл боп, тұяқсыз қалған. Қыста қар жаңбыр аралас жауып, Мәшһүр-Жүсіптің әкесі Көпейдің де малдары жұтап қалып, қолында бір ат, бір сиырдан басқа мал қалмайды [2]. Сондықтан да отбасының қамы мен баласының болашағын ойлаған Көпжасар жазда Баянаулаға көшіп барады. Онда Захар Гришков деген орыстың үйін сатып алады. Бірақ ол үйді бұзып мешітке жақын қайта салуды қолға алғандықтан, құрылыс жұмысы 2 немесе 3 жылға созылылуы мүмкін еді. Себебі «Дегенмен қолда сома (сумма) жоқ, күш аз: бір ат, бір сиырдан басқа малы жоқ. Жұмыс істеп, қайрат қылып, күш көрсететін бала дейтін бар азамат баласы Мәшһүрдің үш жастағы күні... Үй бітпеген соң, қалаға қыстай алмай, қаланың жел жағында бес шақырым Қызылағаш, Бұзаутас деген жерді қыстайтын, руы Қаржас ішінде Сатылған деген таптан: Асубай, Жұмабай, Садырбай, Сегізбай, – деген жатақтармен 2-3 жыл бірге қыстап отырады» [3]. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өзі де:

«Бейнет беру жағына құдай мырза» дей келе:

«Тауық жылы салам деп бастаған үй,

Кемдікпен шатырсыз боп сол жыл бітті», – деп жазады [4].

1890 жылыда қазаққа оңай тиген жоқ. Баянауыл, Қызылтау, Далбада жұт болып, мал қырылып, ел көп шығынға ұшырайды. Мәшһүр-Жүсіп «Тұрмыс жайында болған хабарлар» деген еңбегінде аталмыш жұт туралы жазып, елдің ауыр хәлін баяндайды: «...Сонан бұл қар жиырма үшінші мартта кетіп, жер дүние тағы бір қарайып, суырлар шығып, жан-жануарлар рақаттанып, кара жерден шөп жеп, өз аяғымен су ішіп, әр нәрсе өзіне-өзі келіп қалды. 26-шы мартта сенбі күні жел терістен болып, қар жауып, бұл ақша қар мейлінше қалың түсіп, бір терістен, бір оңнан борап, ерсілі-қарсылы болып,

шиырлап жатып алды. Бір күннен бір күні суық болып, жел шығып, сүйегі жұқарып, шыңы жетіп тұрған мал даладан шөп алып жей алмады. Алты айға деп өлшеп үйген пішен, қыс жеті ай болып кеткен соң, таусылып, қолдан саларға малға дәнеме болмады... бәрі бірдей таусылып, ...марттың 26-сынан апрельдің 20-сына шейін сондай ақыршылық болып қысылды. Алла пана берсін, «бұрынғы жуан сорлы, жіңішке үзілуге тақады» – деген бекер екен. Жіңішке өлуге тақалып, жуанның өзі үзілуге тақалды» [5], – деп, мал шығынының арты аштыққа ұласқанын тілге тиек ете отырып «...Мәселе өздеріңіз егін салмайсыз, зиян болар ма еді, егерде өздеріңіз көп сатып алып қойсаңыздар астықты. Егін көп шыққан жылы һәм қыс болған жылы кедей бейшаралар да тоқ еді. Мен болыстыққа таласатын ақшаға сатып ал демеймін. Сол ақшадан басқа сандығыңызда жатып шіруге тақалған ақшаға. Егер де жаһұт етіп пайдалансаңыздар өздеріңіздің байлығыңызбен биылғы қыста жуан созылып, жеңіліне үзілмес еді» [6], – деп байлардың бейқамдығын сынға алады.

Қазақстандағы шұрайлы жерлерге мұжықтарды қоныстандыру, Ресейдің орыстандыру саясатының жалғасы болатын. Қоныстандырудың бір ұшы Баянауылды да жай қалдырмады. Елде болып жатқан саяси жағдайлар Мәшһүр-Жүсіптің де саяси қайраткер болып шындалуына түрткі болды. Оның алғашқы шыққан үш кітабы соның айғағы болса керек. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1907 жылы Қазан баспасынан: «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы», «Хал-ахуал» деген үш кітабы жарыққа шығады. Ақын бұл үш еңбегінде қазақ даласын жайлағандықтан әділетсіздік пен теңсіздікті сынға алып, отыршылықпен білімге шақырады. «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде Мәшһүр-Жүсіп көбінесе аграрлық мәселелерді қозғап, ел тарихы мен жер-су аттары төңірегінде тереңнен сыр шертеді. Отарлау саясатының салдарынан мал өрісі тарылып, ел арасында арандатушылықтың кең өріс алғанын сынға алады.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегі бірнеше нұсқадан тұрғанымен де көтерген мәселесі мен мазмұны жағынан бір мақсатты көздегені ақиқат. Себебі Мәшһүр-Жүсіптің өзі: ««Қазақтың осы күнгі әңгімесі»-деп, сөйлеп, «Сарыарқа»-деп ат қойып Сарыарқаның кімдікі екендігі екенін әйгілеу үшін...», – деп, ескертіп өтеді [7]. Аталмыш еңбегінде Мәшһүр-Жүсіп Баянаула тарихынан да сыр шертіп, көптеген ақтандақтардың сырын ашады.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде Мәшһүр-Жүсіп: «...Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздарды жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алынған жер еді» [8], – деп, Сарыарқаның тарихын баяндай келе, Баянауыл өлкесі туралы да сыр шертеді. 1903-1907 жылдар аралығында Баянауылда казактар станциясы пайда болып, көшіп келу тоқтамады. Қоныс аударушылар мен бірге Баянаул жеріне қарақшыларда келді. Олар жәйбірақат жатқан қазақ ауылдарына шабуылдар жасап, жолаушылар мен шаруаларды соққыға жығып, оңай олжаға кенеліп жатты. Қоныстанушыларға еркіндік бере отырып, қазақтардың бетке ұстар азаматтарының көзін жойып, жергілікті халықты шет аймақтарға ығыстыруды ойлаған губернаторлар, орыс және украин шаруаларын қазақтармен күресудің әскери күші деп саналды. Сондықтан да қоныс аударып келушілерге сақтану үшін деген жалаумен қаруландырып, ату мен тонауға ерік берді. Мәшһүр-Жүсіптің сөзімен айтар болсақ: «Бір жерде бір қазақты мұжық атып тастаса, қазақ өлгенін қолына алып, көміп, мұжық үйіне қаннен-қаперсіз тыныш отыра береді. Егер бір қазақ бір урядникке қарсы келсе, атқанын атып, айдағанын айдап, қазақты қойдай тізіп, қозыдай көгендей бастайды».

Мәшһүр-Жүсіп аталмыш еңбегінде елеулі уақиғалардың куәгерлері болған Баянауылдағы жер-су аттарының шығу тарихын төмендегідей сипаттайды: «Жасыбай асуы» – Жасыбай батырдың қалмақпен соғыста қаза тапқан жері. «Қалмақ қырған» – Олжабай батырдың қалмақты қырған жері. «Жалаңтөс асуы» – Олжабайдың қалмақ заманында қоныс қылып, қыстаған жері. «Шойынды көл» – Олжабайдан қашқан қалмақтар ыдыс-аяқтарын бір жерге жинап тастап кеткен. Содан әр кім бір нәрсе тауып, солдай атап кеткен.

Ал Баянауыл аталынуына байланысты Мәшһүр-Жүсіп: «Сарыбайдың жалғыз қызы Баян сұлудың туған жері Баянаула тауы екен Сондықтан да тау аты «Баянаула» аталып қалған», деп жазады. Кейбір деректерде Баянауылдың Жанбақы жақ беткейінде «Баянды ана» деп аталатын тау шатқалы бар, тауға қарасаңыз бейне бір ұйқыдағы ана, не болмаса ару бейнесін көргендей боласыз. Осы тау бейнесінің жоғарғы жағында үнгір бар, үнгірдің ұзындығы 30 метр де, көлденеңі 3-4 метр биік жартасты бойлай біткен. Бұл

жаққа келе жатқан адамдар жол-жөнекей ауылдардан өтіп бара жатқанда бір-бірінен жөн сұрасып, «қайда барасың, жолаушы?» дегенде: «Баянды тауына, иә болмаса, Баянды ауылына», – деп жауап береді екен. Алғашқысында «Баянаула», кейін «Баянауыл» атанған. Ал «Баянды ана» бинесі табиғаттың тылсым сырыма әлде адамзат санасының жемісі ме? Ол жағы бимәлім. Ақиқаты «Баян» сөзінің «Баянды» не болмаса «Сұлу» деген мағынада айтылғаны анық. Мәшһүр-Жүсіпте көптеген жер-су аттарын сол Баян сұлумен байланыстырады. Мәселен: «Қарқаралы-Қазылық» – Осы қыздың қарқарасы түсіп қалған жеріді осылай атап кеткен, «Домбыралы», «Моншақлы» – Домбырасы мен бет моншағы түсіп қалған жері, «Тоқырауын», «Жамшылы» – Жамшысы түсіп қалған жері, «Алтынсандық», «Ақшатау» – Сандығы түсіп қалған жер, «Өлеңті» – Өлең айтып, той қылған жері, «Жауырбұғы» – Аттарының шідері түсіп қалған жер.

Өлкедегі сұлу табиғаттың кіндік ортасы – Баянаул тауларының жоталар аймағы. Жасыл орманға бөленген көгілдір тау қияларына, мөлдір көлдеріне, жұпар иісі аңқып гүл жамылған алаңдарына, жидекті-жемісті табиғи баққа толы сай-салаларына, жартастарға жармасқан аспанға, сарқырап аққан бұлақтарын, таңғажайып жаратылған тастар мен тау шыңдарына көз тоймас. Самал ауасының өзі жанға сая. Сөзбен айтып жеткізе алмайтын сұлулық пен таңғажайып өлкесін ежелден ақ халқымыз Сарыарқаның «Жер ұйығы» атаса, бүгінде Қазақстанның «Швейцариясы» атанды.

Баянауыл өлкесі қазақтың талай жыр-шежірелеріне арқау болған құтты мекен. Қай заманды алсаң да Баянауыл елі қол бастаған батырларымен, сөз бастаған билерімен, қасиет дарыған әулиелерімен, суырып салма ақын-жырауларымен әйгілі.

Баянауыл тарихы мен тыныс тіршілігі, Мәшһүр-Жүсіп мұражайы қызметкерлерінің жігі бақылауында. Болашақта аудан және облыстың тарихи-мәдени және әдеби мұраларын жинақтай отырып, өлке тарихына байланысты құнды басылымдарды бір арнаға топтастыру, көрмелер ұйымдастырып және танымал тұлғалармен кездесулер ұйымдастыру жоспарланған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 М. Ж. Көпейұлы. Шығармалары. 13-том, Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2008. –16 б.

2 «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 8-том. // 300-бет. Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2006.

3 «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 8-том. // 300-бет. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2006.

4 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. – Алматы, 1990. – 117 б.

5 Суханбердин Ү. «Дала уалаятының газеті» // – 580 б. – Алматы, 1989.

6 Суханбердин Ү. «Дала уалаятының газеті» // – 580 б. – Алматы. 1989.

7 Мәшһүр-Жүсіп Шығармалары. 8 том. – Павлодар, 2006. – 276 б.

8 Мәшһүр-Жүсіп Шығармалары. 8 том. – Павлодар, 2006. – 276 б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҚОҢЫР ӘУЛИЕ»

ПАЗЫЛОВ Ә.

Мәшһүр-Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

Қазақтың жаны табиғатпен егіз жаралып, дамып келеді. Ғаламдық құдіретті сезінетін қазақ болмысы небір тарихқа бай. Әр тарихтың өзіндік шығу тегі баршылық. Бір ғана Баянауылдың өзінде қаншама ғажайып ескерткіштер бар. Соның бірі – «Қоңыр әулие» үңгірі. Оның шығу тарихы топан сумен, ал аталынуы Нұх кемесімен байланыстырылады. Мәшһүр Жүсіп «Наурызнама» деген еңбегінде, жер бетін басқан топан судың тарихын баяндай келе: «Тау айтқандығы – алғаш құрғақтық тауып, қылтилап көрінген мен едім дейді. Ұлытау тау шыңы болғандықтан Ұлытау атанғаным сол дейді. Онан кейін тарбайып-тарбайып, адыр-бұдыр болып көрінген мен едім дейді Тарбағатай мен Шыңғыс таулары. Тау біткеннің бәрі судан шыққанда тұншығып қалып, есепсіз көп жыл көрінбей қалып, ең соңынан шыққан тау кенжесі мен едім дейді Баянаула», деп, өлке тарихының ақиқатын ашып көрсетеді. Баянауылдың әсем табиғаты мен тау тастары, өзен – көлдері де су астынан шыққандығын баяндап тұрғандай. Аталмыш жағылайдан пайда болған үңгір де кереметке толы.

Ел арасында сақталған әңгіме құлақ түрер болсақ, «Нұх пайғамбар дарақтан кеме пішкен, Ол кеменің тақтайын тышқан тескен», -демкеші, бүкіл әлемдік су тасқыны кезінде үш көріпкел Нұх Пайғамбардың кемесінен қалып қойыпты. Ашуланған үшеуі

ақылдаса келе ағаштан үш кішкене қайық дайындап, оны кемеге байлапты. Қанша күн өткенін кім білсін, әйтеуір біреуінің ағашы Әулие тауға, екіншісінікі Ақбетке соғылып, үшіншісі Қоңыр көріпкелдікі тау үстіндегі үңгірдің маңына тоқтапты. Қоңыр сол үңгірге кіріп, түкпіріндегі қазанды көріп, дұғасын жасап, рахаттана су ішіп, есін жинаған екен. Күнде таңартен сол суға шайынып, жарақаттарынан құлан таза айығып, сол үңгірде қоныстанып қалған. Қазақ даласында мешіттер салынғанша, аталмыш үңгір зиарат орнына айналып, бедеу әйелдер бала көтеріп, ауырғандар жазылып, су ішкендердің жолдары ашылып, үңгір орналасқан тау етегіне ел қонып, үңгір «Қоңыр әулие» атанып кеткен. Аталмыш үңгір Баянаулдағы Жамбақы деп аталатын тауында орналасқан.

«Қоңыр әулие» үңгірінің құпиясы әлі ашыла қойған жоқ. Әрине, қазақ даласында жүздеген үңгір бар. Сол үңгірлерге байланысты жергілікті мекендерде көптеген аңыз-әңгімелер жеткілікті. Бірақ оны ешкім зерттеп жатқан жоқ. Ата-бабамыз тау мен тасқа, су мен бұлаққа «әулие» атын қосақтамаған. Себебі олар «әулие», демек Алланың досы бола алмайды. Әулиелік тек қана тақуа, керемет иесі адамға ғана тән. Қалай дегенмен де үңгірді қасиет тұтқан ел, алғысын білдіру мақсатында осылай атаса керек. Бұл да бір ел-жұрттың ыстық махаббаты мен шексіз құрметінің көрінісі болса керек. Үңгірдің ішіндегі, тас қазанды арнайы қолдан ойып жасағандай. Бірақ ол қазан, топан су тартылғанда ғайыптан өзі пайда болған. Ең кереметі ол үңгір үш бөлмелі. Бірінші бөлмесінде отырып деміңізді алып, екінші бөлмесінде құран бағыштап, үшінші бөлмеге қазаннан су іше аласыз. Бір қызы қазанға су адамның ниетіне байланысты ағады. Аққанда да тас қазанға таудың әр жерінен, мөлдір тамшылар ағып, бір арнаға жиналып, жаңа ғана құрғап жатқан тас қазан суға толады. Қысы-жазы су жиналып, жазда үңгірдегі ауа температурасы салқын болса, қыста керісінше жылы болып тұрады. Үңгірге көтерілетін баспалдақтардың ұзындығы 110 метр, әрбір 10-15 метр сайын демалуға арналған алаң бар. Үңгірдің жалпы ұзындығы 30 метр.

«Қоңыр әулие» үңгірі туралы Мәшһүр Жүсіпте қалам тартан болатын. «Қоңырбай халфе, Құрманбай абыз, Жайбақы – үшеуі Баянаула тауына аң аулап, арқар атуға шығады. Жерде аздаған қар бар. Үшеуі сөйтіп тау аралап жүрсе, бір жалаң аяқ адам ізі: қарға да басқан ізі, тасқа да басқан ізі – таңбасы түскен соң, бұл үшеуі тамашалап, ізіне түсіп: «Қоңыр әулие бар» деп жүрген. Сонан кейін бұл үшеуі бұл жерде әулиелердің жайы

бар екен деп білген. Ол жолы емес, тағы бір жолы Қоңырбай халфе, Құрманбай абыз,

Ақпан молда деген үшеуі жоғарыдағы айтылған жайға келіп, түнеп жатқан болады.

Сонда Ақпан молда:

– Қоңыр әулие, бар болсаңыз, мекен-жайыңды, кереметіңді көрсет! – деген. Ұйықтаған кезде бір адам келіп, Ақпан молданы біреу алып кетеді. Ертең тұрған соң Қоңырбай, Құрманбай екеуі Ақпаннан сұрайды:

– Не көрдің, не білдің, Ақпан? – дегенде, Ақпан айтады:

– Қоңыр әулие жайын маған көрсетті, – депті, – Көрдім пәлен-түген, – депті. Онда ана екеуі айтты:

– Ай, Ақпанбай, тиыш жүрмей, әулиеде нең бар екен? – деп. Кешікпей Ақпан молданың мойны бұрылып, аузы қисайып кеткен дейді.

Дуана, көріпкел, әулие болсын Қоңырдың кереметтері туралы дерек көп. Мәшһүр Жүсіп жазғандай: «бір жалаң аяқ адам ізі: қарға да басқан ізі, тасқа да басқан ізі – таңбасы түскен», демекші, Баянауылдағы үнгірге кірген Қоңыр Семидегі үнгірден шығып, кептірініп отырғанын талайы көріп, басын шайқаған. Содан болар, бүгінде ел арасында: «Баянауылдағы «Қоңыр әулиенің» үнгіріне барып ниеттеніп, тілеуінді тіле, Семидегі «Қоңыр әулиенің» үнгіріне барып, суға түсіп жаныңды тазала, шайтаннан, нәпсіден арыл», – деген тұжырым қалыптасқан.

Қоңыр әулие үнгірі көп жылдар иесіз қалып, тарылған жандардың мекені болған. Мәшһүр Жүсіп бала Сағымбек диуанаға бата беріп, жолын ашқан соң, өмірінің соңына дейін үнгірде тіршілік етіп, талай кереметтердің куәсі болған. Сағымбек Сүлейменұлы /1896-1969 ж. ж., руы – Айдабол ішінде Еламан/ тоғыз жасында Қарақұдық деген елді-мекенде Әшім, Баязит деген екі байдың қой-қозысын бағып жүрген уақыты болса керек, әр нәрсеге қарап, қызық көріп жүргенде бір байдың қозысы екінші байдың қойына қосылып кетіп, екі бай малдарын бөле алмай, мөре-сәре болып қалады. Ақыры екеуі Сағымбек баланы қатты соққыға жығады. Онымен қоймай балағаттап, ата-бабасына да тіл тигізеді. Сол-ақ екен Сағымбек қолына келгенді лақтырып, аузына келгенді айтып, жынданып кетеді. Бүкіл ауыл болып Сағымбекті қуып жүріп ұстап алып, бір шошалаға әкеліп қамайды. Байлар ат шаптырып, көрші ауылда отырған Мәшһүр Жүсіпті алдыртады.

– Бірдененің боларын өзім де сезіп едім, – деп Мәшһүр Жүсіп шошалаға кіріп барады. Бағанадан ешкімге көнбей ұшып-қонып жүрген Сағымбек, шошаланың есігі ашылсымен, «аталап» жылап жібереді. Еңіреп отырып:

– Екі бай ата бабамды боқтады, – депті. Мәшһүр Жүсіп болса кісі бойынан асырып шұңқыр қаздырып, ішіне Сағымбекті отырғызып, үстіне өзі отырып, дұға оқыса керек. Болған соң тұрып: «Сағымбекке Төлебай атасының аруағы қонды. Аруақтарды ашуландырып, баланың ата-тегіне тіл тигізіп, нелерің бар еді? Енді көздеріңнен жас кетпес...», – депті. Ал екі бай ұрпақсыз қалып, өмір бойы бір перзентке зар болып өтсе керек. Біраз отырған Мәшһүр Жүсіп: «Саған енді Төлебай бабаңның қасиеті қонды, тек дүниеге берілмесең, алып жүресің, берілсең-айырыласың», – депті. Намаз уақыты болғанда Мәшһүр Жүсіп:

– Мына керегені басып отыра тұрыңдар, деп екі жігітке тапсырып кетеді. Солақ екен бала Сағымбектің бойына күш бітіп, екі жігітті екі жаққа лақтырып қашып шығады. Мәшһүр Жүсіп намаз оқып болған соң Сағымбек қайтып келеді де бата алады.

Сағымбек диуана Жанбақыда тұрып, ұзақ жылдар Қоңыр әулие үнгірінде шырақшылық етті. 1927 – жылдан бастап Қоңыр әулие үнгірінде Мағзұм Бектілеуұлы деген / Руы: Айдабол-Қожагелді. Зираты Жаңажолдағы Екітай елді мекенінің Көпқожа қорымында/ жан азаншы болған. Үнгірдің ішінде ем жүргізгенде ұзақ уақыт зікір салатын болған. Осындай кезде айналасына көгершіндердер қаптап, айтқан сөздері дәл келетін болған.

1928 жылы Баянауылда ОГПУ бөлімшесі ашылып, жаңа үкіметтің құдайсыздандыру саясатының бір шеті Сағымбек диуананы да айналып өтпеді. Баянауылда молда, хазрет, қожа, бақсы, диуаналарды ескілікті дәріптеушілер деген желеу мен қудалай бастады. Канафин деген ноғай қасына бірнеше сарбаз алып, Қоңыр әулие үнгіріне Сағымбек пен Мағзұмды ұстап әкелуге аттанады. Бірақ сол күні таң сәріде Сағымбек диуана түс көріп, ел кезіп кетсе керек. Бұдан еш хабарсыз сарбаздар, қарағайларды шауып, бұтақтарынан саты істеп үнгірге көтеріледі. Ешкімді табалмаған соң, Канафин үнгірдің ішіндегі жоғарыдағы қуысқа көтерілуді жөн көреді. Ол «екі диуана қорқып сонда тығылып отыр» деп ойласа керек. Саты әзірлеп, өзі жоғары көтеріледі. Басын шығарып, кеудесімен итеріліп, бір қолымен тасқа ұсталынып, екінші қолымен қуысқа жарық түсіргенде, жайулы тұрған жай намазды көреді. Кенет бір қолын біреу ұстап алып, қысқандай болады. Ештеңеге түсінбей

сасып қалған ноғай қолының ауырсынғанын сезініп, аяғын сатыдан босатып алады. Сол ақ екен, қолынан қатты ұстап тұрған жан қоя береді. Бар күшімен құлап жанбасын сындырып алады. Сарбаздар абайлап таудан түсіріп, атпен үйіне жеткізеді. Үгіліп кеткен сүйектер көпке дейін ауырсынып, Канафиннің өзі, соңында диуаналарды іздестіре бастайды. Күндердің күнінде Сағымбек диуана, келіп:

– Қазақ орысқа қарағанда, дінді бізге ноғай үйретті. Сен сол бабаңның жолына қарсы шықтың. Енді аяғың жер баспай, көп азаптанарсың..., депті. Сонда Канафин көзіне жас алып, кешірім сұрап:

Тым болмаса Мәшһүр Жүсіптің алдына алып баршы, шипасы болар, – деп өтініпті.

Қайдам, маған сенің үңгірге келетінінді, осылай боларын Мәшһүр Жүсіп таң сәріде хабарлаған болатын, – деп кетіп қалады.

Бірақ 1937 жылы Сағымбек диуана мен Мағзұм Бектілеуұлын Кеңес үкіметінің жандайшаптары он жылға түрмеге қамайды. Дегенмен де күзетшілер олардың сырттарынан қанша құлып салса да, таңартқан есік ашық жататын. Ал екі диуана рахаттанып ұйықтап жататын. Қасиеттарынан қорыққан түрме басшылары, көп ұзамай екеуінде босатып жібереді.

Күндердің күнінде арнайы сәлем беріп, сыбағасын ала келген Сағымбекті, Мәшһүр Жүсіп Көпеев жұрт алдында сынамақ болып, шай жасала бергенде:

Мыналарға тамақ кезіндегі мұсылманшылық әдептерін айтып берші? – деп өтініш білдіреді.

Е, оны бәрі білетін шығар...

Сонда да....

Тамақ кезіндегі әдептер: Бисмиллаһ айту, Оң қолмен жеу, Өз алдынан жеу, Нанға құрмет ету, Нанды екі қолмен үзу, Жөтелгенде және түшкіргенде ауызды жабу, теріс қарау, Өңгіме айтпау, Тамақты кемсітпеу, Тамақта жолдасын күту, Тамақ жеп жатқан кісіге қолмен сәлем бермеу, – деп жауап береді.

Тамақтанып болған соң Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

Ал енді Тамақтан кейінгі әдептерді баяндап берші, – дейді Сонда Сағымбек:

Аллаға шүкірлік ету, Дұға жасау, Қол жуу, Жеген тамағын ерітуге тырысу, Ысырап етпеу, – деп жауап береді. Сонда Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

Осында келгендердің барлығы сен айтқан әдептерді есінде ұстаса екен...Әйтпесе тамақ үстінде көзі етте, аузы сөзде болып кісінің ызасын келтіреді, -деп Сағымбекке батасын беріпті.

МӘШҲҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ ЫРЫМТАНУ

ПАЗЫЛОВ Ә.

Мәшһүр-Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

Ырым – әлем халықтары арасында кең тараған көне қағида. Ырым өмірлік тәжірбиемен тығыз байланысты болуымен құнды. Ырымшылдықтың дінмен сабақтас тұстары көп. Ұзақ жылғы атеистік тәрбиенің ықпалында болғандықтан, «Ырым дегеніміз ескілікті көзқарасты білдіреді, ол-ескі нанымның сарқыншағы» деп келдік. Дегенмен де оны «діншілдік» деп қарау дұрыс емес. Ырымшылдық-тәрбиелік мәні бар салтшылдық. Халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, ырымдары мен тыйымдары, осы көне нанымдардың өзгеріске түскен үлгілері.

Адам баласы шыр етіп, жерге түскеннен бастап, қартайып дүниеден өткенге дейінгі өмірі үнемі сан ғасырлық наным-сенімі, таным-түсінігі, қоғамдық даму барысындағы ізденістері қазақы салт-дәстүрлер, ырым, тыйым сөздер аясында болады. Бұл «ұяда не көрсе ұшқанда, соны іледі» деген бабалар тағылымын туған қағида. Салт-дәстүр, ырым, әдет-ғұрыптарымыздың көбі осы күнге ауыз әдебиеті арқылы жетті десек, бүгінгі таңда осы құндылықтарымызды ары қарай жалғастыратын жанды шырақ алып іздеуге тура келетін сияқты. Ырым – қазақы ұлттық тәрбиенің көзі.

Әр қуанышқа жасалған дастарқан мен атқарылған тойда жасалатын ырым, наным-сенімдердің санына ешкім жетіп болмайды. Үйге жанадан түскен келіннің құрсақ көтергенінен бастап, нәрестенің дүниеге келгені (шілдехана, бесік той, тұсаукесер, т. б.), өсіп ер жетіп, өз алдына жеке отбасын құрып, соңғы демі құрығанша тіршілігі осы ырымдар негізінде қалыптасары анық. Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөздерін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады. Демек, талай ғасыр асып, қазақты қазақ еткен, қазақтың

ұлт ретінде басқа халықтардан артықшылықтарын, ерекшелігін айқындаған ата-баба дәстүрін, ұлылығын, әдет-ғұрпын әлемге танытқан ырымдар мен тыйым сөздер екені ақиқат.

Ақселеу Сейдімбек ағамыз «Қазақтың тыйымдары» деген мақаласында: «Көшпелі-қазақ болмысына тән адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты тыйым түрлерінің төл ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталып өту қажет. Адамға қатысты тыйымның аясына еркек те, әйел де, бала да, ересек те, хан да, басшы да, қосшы да қамтылады...», – деген болатын. Бұл шындық. Бірақ тыйым сөздердің өзі, ырымдар негізінде пайда болғанын естен шығармаған жөн болар. Көпшілікті тамсандырған Қытай ілімі «Фэн Шуйдің» өзі ырымды уағыздаушы. Көне англо-сакстың ырым туралы ұғымда «көзге көрінбейтін, беймәлім қорқыныштан құтылу үшін адамның ойлап тапқан амалы» деп баға берсе, психологтар мұны жай ғана өмір сүрудің бір қағидаттары деп қарастырады... Дегенмен де Еуропаның бір ғалымы, Ырымсыз қоғамда мынандай әлеуметтік-экономикалық аурулар пайда болады деген; Құлдыраушылық (коррупция), Ахлақи (этикалық) дағдарыстар, Надандық, білімсіздік, Маскүнемдік (алкоголизм), Кісі жақтау және алалау, Әділетсіздік, Сенімсіздік, т. т. Ел аузында сақталған халық тағылымдарынан да ырымдардың ізі байқалады. Мәселен:

Келе жатқан ырым бар баяғыдан:
 Үлкендердің аттама аяғынан.
 Жадында тұт, зерек жас бала!
 Дастарканды ашық тастама.
 Әдептен мүлт кетпе:
 Күн шықпай күл төкпе!
 Жүгірмесең де дырдуға
 Үш күнгі айтта кір жума!
 Ежелден бек сақталған әдеп қырда:
 Бейуақытта ұйықтап әдет қылма.
 Үлгі сөзден үрікпе:
 Қолыңды жусаң, сілікпе....

Тере берсең халық тағылымы маржандай иіріле берері хақ. Жалпы, ерекшеліктеріне орай ырымның да бірнеше түрлері баршылық. Мәселен, дәстүрлі ырымдар, ауа райы туралы халық болжамдары, бала тәрбиесіне, келін мен қыздың тәрбиесіне байланысты, төрт түлік малға, жануарлардың тіршілігіне, үй жиһаздарына, адамның жүріс-тұрысына, т.б.

Өз заманында ескі қазақ дәстүріндегідей әңгіме айтатын қариялардың, кәрі құлақ ақсақалдардың насихат қылатын ортасында жиі болған Мәшһүр – Жүсіп Көпеев бір сөзінде:

Әңгіме білген бір адам,
Кәңгүр-күңгір елдей.
Әңгіме білмеген жүз адам,
Ел қонбайтын шөлдей,

– деген болатын. Осындай ескіден әңгіме білетін болғандықтан да, ақсақалдардың насихат сөзі тартымды, мазмұны терең, тарихи деректі, рухани құнды, астарлы тұстары да көп болған. Мәшһүр Жүсіп те осындай игі-жақсылардың ортасында көп болып, естіп-білгенінен құндысын теріп, тарих қылған. Өз басым аталмыш ырымдарды зерттеу әрі жинақтау барысында әйелге, балаға байланысты, сонымен бірге дәстүрлі ырымдардың біразы алғашқы кітабымның арқауы болған еді. Сондықтан да осы шағын мақалада әйелдерге әсіресе жүкті әйелдерге байланысты айтылған ырымдарды назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім.

Аяғы ауыр әйелге ауыр жүк көтеруге, түн ішінде жалғыз сыртқа шығуға, ошақтың күлін басуға, арқан аттауға, шашын қыркуға, айға, күнге, зиратқа қарап дәрет сындыруға тыйым салынады. Нәрестенің дені тұзу болып дүниеге келуі үшін, аяғы ауыр әйелдің қаралы үйге бармауын, жерлеу рәсімдеріне қатыспауын қадағалайды.

Аяғы ауыр әйелдің басына пышақ, балта жастатып, қасқырдың аузын, бүркіттің тырнағын іліп қою ырымы жын-шайтан сескенсін деген ұғымнан туған [1].

Әйелдің тақымы тартса, жолаушылап кеткен күйеуі келмек.

Әйелдің сол қабағы тартса жақсылық.

Әйелге «малдың құты бұйырсын» деп өнеш береді.

Әйелдер қолын жумай мал желінін ұстамаған.

Екіқабат әйел қыдырып барған үйіне алып барған дәмінен «қыз табамын» деп ауыз тимейді.

Екіқабат әйелдің көтерген құрсағы тоғыз айдан асып кетсе, түйенің мойнынан аттатады.

Бірақ оған түйе етін жегізбейді.

Жарысқазан – екі қабат әйелдің қиналмай босануы үшін жасалатын ырым. Жергілікті тілде: әйел босанардың алдында қасына жиналған абысын-ажындарының ырым қылып, пісіріп жейтін тамағы.

Жаңа түскен келіннің жерік болғанын сезген енесі «төсек той» жасап, көршілерін, құдаларын шақырады.

Жүкті әйелдердің жерік болуын қазақтар ежелден болашақ нәрестенің сұранысы деп ұғынып, оның арыз-тілегін мүмкіндігінше орындауға тырысқан. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің жазбаларында, енесі келінінің жерігі басталғанын білісімен, қойдың етіні майға қуырып иісін шығаруы қажет. Себебі қойдың етіне жерік болса, бала момын және ақылды болып туады. Жылқы етіне жерік болса ерегескөр, кеуде қағар адам; сиыр етіне жерік болса қисық адам; қоян еті мен құс етіне жерік болса көреген адам болады деген ырым бар. Мәшһүр-Жүсіп қой малы туралы «Біздің қазақ жұрты мақтаған адамын «қойдан қоңыр» деп сөйлейді. Қойда жуастық мінез бар. Сол себепті басқа хайуандардан сипатты болады» деп тұжырымдайды [2]. «Еті жеңіл, сорпасы асыл» деп сырқатынан айыға бастаған адамды қазақ қой, ешкі етімен тамақтандыратыны да белгілі. Ал жерігі қанбаған әйелдің баласы су ауыз болып туылады. Ондай бала суайт болады деп ырымдалады.

Жаңа ай туғанда түскен келіншек көп балалы болады.

Жас келіншек бір ауылға қыдырып барғанда, үлкен әжелері оған «итаяғыңа сал» деп сақина, күміс, жүзік секілді заттар береді. «Итаяқ» деген келіншек босанып, баланы алғаш жуындыратын суға, яғни шілде суына әлгіндей жүзік, сырға, моншақ секілді заттарды салып жіберіп, нәрестені шомылдырады. Шомылдырып болғаннан кейін әлгі заттарды сол жердегі әйелдер ырым қылып, бөлісіп алып, мәз-мейрам болып тарасады.

Келінге «ұл тапсын» деп ұлтабарды ырымдап береді.

Келіншекке «Асық ойнайтын балаң болсын» деп асықты жілік береді.

Келіннің жүкті болғанын сезген ене «Атамыздың аруағы біліп, қолдап жүрсін» деп ауылдағы үлкен үйдің оң керегесіне ақ орамал тағады.

Қалжа – жас босанған әйелге арналып сойылған малдың жас еті [3]. Қалжаға сойылған қойдың мойыны бітеу мүжілсе, «жас сәбидің мойыны тез қатаяды» дейді. Ана мен нәрестенің құрметіне әзірленетін қалжаға көрші-қолаң, абысын-ажындар түгел шақырылады. Жаңа босанған әйел мен қонаққа шақырылған әйелдер қойдың мойын омыртқасының етіне пышақ тигізбей, қолымен үзіп жейді. Еттен тазартылған омыртқаның жұлын қуысына шыбық немесе ши кигізіліп, үйдің қабырғасына ілінеді. Бұл ырым баланың мойыны тез бекісін деген ниеттен туған.

Қыздардың кіндігін көрсетіп жүруін жаман ырымға жорыған. Абыройы ашылып, ары төгіледі, бағы таяды кіндігіне шайтан ұялайды, -деп түсінген.

Өлі-тіріге сойылған қой етінен қалыңдықтың жеуіне болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы : Рауан, 1994. 12 б.
- 2 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы 2 том. – 100 б. – Алматы : Ғылым, 1992.
- 3 Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999. –365 б.

ҚАЗАҚТЫҢ МАЛ ТӨЛДЕУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КӨНЕ СЕНІМДЕР

САЛИМГЕРЕЕВА Ш. А.

т.ғ.к., Евразия заң академиясы, Алматы қ.

Халықтың атадан балаға көшіп, жалғасып және дамып отыруы әлеуметтің мәдени тұрмыстық, әдет-ғұрып, наным-сенім және рухани іс-әрекетінің көрінісі салт-дәстүр арқылы танылады. Қазақ халқы байырғы дәстүрлік мәдениетке, соның ішінде төрт түлікке байланысты қалыптасқан салт-дәстүрлерге өте бай.

Ерте замандардағы көне әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, ырым, жосын-жоралар қазақтардың дүниетанымында терең сақталып, осы күні де күнделікті тіршілік салттарында көрініс беріп жатады. Қарапайым халық ерте заманда адамға малдың аз мөлшерде немесе, көп бітуін мал иелеріне Шопан ата, Зеңгі баба, Қамбар ата, Сексек ата, Ойсылқара сияқты мал пірлерінің ықылас-пейілінің түсуіне байланысты деп есептеген. Малдың пірлері мал өсірушілер мен оны күтушілер қысылғанда табыну дәстүрге айналған. Көшпелі қазақ халқы қысылған кезде болсын, мейлі ауыр жағдайларда мал пірлеріне жалынып, жақсылық сұраған. Малдың шағылысуы мен төлдеу кезеңдері малшы үшін шаруашылық тарапынан маңызды саналған. Бұл аса жауапты науқандар салт-жора жағынан алғанда көптеген тыйым салу, ырымдық түсініктермен, ғұрыптармен байланыстырылған.

Төрт түлік малды өмір тіршілігінің тірегі еткен қазақ халқы бағып отырған малдың төлдеуіне, өсіп көбеюіне ерекше көңіл бөлген. Күйек алу кезінде ауылдың әжелері, апалары, бәйбішелері

аптаның сәрсенбі секілді «сәтті» күнді тандап «шашыратқы» деп аталатын ырым жасайтын болған. Сол күні ауыл адамдары жиналып, үлкендер «іске сәт» деп, малдың қысыр қалмауын, толық төлдеуін тілеген. Бәйбішелер жиналғандарға шашу шашады. Шашудың ішіне бір уыс тары салады. Мал иесі сол тарыны бір саулығының аузына құйып, «төл тарыдай көп болсын» деп бата жасайды. Кешке қарай ауылдың әйелдері «шашыратқы» деп аталатын тағам әзірлейді. Теке, қошқарлардың күйегін алып, төлдің шашырап кетпей, арамза туылмауын тілейді [1, 47-б. ; 2, 72-б. ; 3, 131-б.].

Төлдеу уақытын реттеу мен қысқы уақытта төлдеудің алдын алу үшін қошқарларға қазан айының соңына дейін күйек байлаған. Ол уақытынан бұрын шағылысудан сақтандырған. Күйекті байлау мен шешуді көбінесе әйел адам орындаған, алайда, перзенті жоқ әйелдің бұл іске араласуы құпталмаған. Көп балалы әйел бұл істі атқарса, мал молынан төлдеп, тіпті, төлдің көбі ұрғашы болады деп сенген [4, 199-б.]. Кейбір ақпарат берушілердің мәліметінше күйек байлау, әсіресе күйекті алу науқаны кезінде малшылардың түрлі қалжындар, тіпті анайы мағынадағы әзілдер айтуына да жол берілген [I]. Бұл күндері сондай-ақ, жастар демалатын «алтыбақан» секілді көңілді кештер ұйымдастырылған [II].

Көбінесе күйекті түнде және міндетті түрде ауылда шешкен, бұл ырым, күйек шешілген жерде мал төлдейді деген сенімнен шыққан [5, 131-б.]. Күйектің шешілуі басты қошқардан басталған. Малдың иесі қойды ұстап тұрған, әйелі күйекті шешіп, қойдың пірі Шопан атадан қойдың қысыр қалмауын, егіз төлдің, ұрғашы малдың көп болуын тілеген...Шешілген күйектерді табалдырықтың оң жағына үйіп жинаған: сонда бұл үйден байлық кетпейді деп сенген [6, 131-б.].

Қазақтар төлдеу науқанына мұқият дайындалған. Халық сенімі бойынша, төлдеу кезінде қой союға болмайды, себебі, бұл малдың қырылуына алып келеді деп ырымдаған. Сондықтан малдың төлдеуінің алдында, төлдеу мерзімі аяқталғанша етті молынан дайындап, сақтап қойған. Төлдеу науқанында өлген малды қара тастың түбіне әкеліп, сойып: «Қара тастай тыйыл» деп тілек айтқан [III]. Малшылар төлдеу науқанын бастар алдында сақал-мұртты, тырнақты алуды жөн санамаған, бұл да мал басының азаюына әсер ететін магиялық сенімге қатысты болса керек [IV].

Тым ырымшыл мал иелерінің өздері де мұндай гигиеналық шараларды орындаудан бас тартқан. Табиғаттың магиялық тылсым заңы бойынша, малшы (мал иесі) мен мал арасында тікелей байланыс болуы, табиғи қалыптың бұзылуы (сақал-мұрт, тырнақтың алынуы)

екеуінің бірінде жағымсыз өзгерістер туғызуы (мәселен, төлдеу науқанының тежелуі) мүмкін.

Төлдеу науқаны кезінде наным-сенімге байланысты, үйге келген адамды бір сәтке болса да үйге тізе бүктіріп отырғызбай, тысқа шығармаған, әйтпесе, қой тұрып туады деп қорыққан [V]. Мал шала төл тумас үшін, ошақтан шала шығармаған [7], айранның ұйытқысын бермеген.

Осы себептермен жай уақыттарда да ер адамға малдың қарнының қалдығын бермеуге тырысқан [VI]. Мал жиі іш тастағанда төбет итке күйек байлаған [VII]. Төлдеген малдың сүті бітпесін деп, үйден ешкімге сүт те бермеген. Жас төлдеген малдың желіні ауруға ұшырамас үшін төлдеу кезінде сүттің іруін, ашуын құп көрмеген [VIII]. Кейбір тым ырымшыл қарт адамдар жаңа туылған қозылардың кіндіктері тез жазылмайды деп ыдыс-аяқты, кірді жууға тыйым салған, ал төлдеу науқанында жүрген көмекші адамдарға тіпті жуынуға да рұқсат бермеген [IX]. Қағанағы ұзақ уақыт бойы түспей жатса, төлдеген малға шала байлаған, бұл малдың тууы шала дегенді білдірген, ежелгі дәстүр бойынша, бұл оған көмектеседі деп сенген [X]. Төлдеу кезінде малды көз тиюден сақтандыру үшін оның жанына бөтен адамды жолатпаған.

Түйе малы қазақтар арасында байлық саналған. Түйені Сырдың төменгі ағысын, Қызылқұм, Қаракұмды, Борсық құмдарын мекен еткен тайпалар көбірек өсірген. Боталаған түйеден жын шайтандар сескөніп жоламайды деп сенеді қазақтар [8]. Ал, ешкіні безгекке, кесірлі жынға (злой дух) балайды. Олар қар еріп, құс келген соң ой, дымкыл жерлерде мекендейді деп сенген. Сондай жерлерде немесе иесіз мекен далада жүрген жалғыз жарым ешкіден қазақтардың үрейі ұша қорқады. Ел арасындағы аңыздарда шайтанның кебісі ешкінің тұяғы пішініне баланады. Ешкіні шайтанның малына балайды, себебі ол зиратқа шығады деген қазақтар [9, 132-б.].

Түйе түлігі екі жылда бір боталайтындықтан інгендер мен маялардың жыл уақытына дейін күйі келмейді. Буралар әдетте ақпан, наурыз айларында жарап үйір алады, үйіріне еш адамды жолатпайды. Жараған буралардың қызғаныш сезімінің күштілігі соншалық, олардың екі көзі қызарып, аузынан көбік шашып, 10-15 інгеннен тұратын үйірін иіріп, төбе басында қарауыл қарап, от пен суға қарамай шабынады да тұрады. Мұндайда інгендердің қаюы ақсақалдардың айтуынша, түнде болады. Жараған ашулы бурулар бірін-бірі алып тастайтыны, кейде тіпті таласқан уақытта бірін-бірі өлтіріп жіберетін жағдай да жиі кездесетін. Сондықтан кейбір шағын

ғана түйесі барлар жараған бураларды босатпай байлауда ұстап, күйлеген інгендерін қолынан қайытатын болған. Күйлеу мерзімі аяқталған соң кісі алатын ашулы буралар өзінің бұрынғы момақан қалпына түсіп, от пен суға қарап, иесіне бағынып, келесі жылға дейін үйір алуды қояды.

Жаңа туылған төлдің ішінде алғашқы күндері ең әлсіз әрі нәзік болатыны – боталар. Сол себепті, қазақта бұл төлдің туылуына байланысты көптеген наным-сенімдер болған. Жас түйенің алғашқы төлін түрлі қиындыққа ұрынса туырлыққа ораған. Төбесіне үкі таққан [XI]. Көз тиюден қорқып, біраз уақыт бойы ботаны бөтен адамдарға көрсетпей, өз алдына шымылдық құрған немесе жабық бөлмеде ұстаған [XII].

Кейбір ырымшыл адамдар жәй уақытта да жақындары мен туыстарынан өзгелерге айранның ашытқысын бермеген.

Ботаға магиялық қорғау ретінде үкі, түрлі домалақ қара тастан жасалған тұмарлар [10, 100-б.], киіз тұмарға жеті қара тас тігіп [11, 132-б.] таққан.

Егер ботаға бөтен адамның көзі тиген деп саналса, ол адамды бірден ботаға қаратып, үш рет түкіртіп: «Тіл, көзім – тасқа...» деп айтып [12, 132-б.]. Бота туылғанда ауылдың әйелдері кішігірім той жасаған, оны «жентек» немесе «түйе қалжасы» деп атаған. Бұл тойға әйелдердің ішінен біреуі сыйлық пен дәмді тамақ және ботаға арнап әдемі жүген мен бір үлкен табақ ет әкелген [XIII]. «Жентек» тамағы «ботаның құйрығын тістеу» ғұрпын жасаумен аяқталады, онда бір әйел (әдетте ол сыйлық пен тамақ әкелген әйел) ботаның құйрығын тістейді, ал үй иесінің әйелі оған көйлектік мата береді [XIV].

Көріп отырғанымыздай, ботаның туылуына байланысты, әдет-ғұрып пен салт-жоралар көбінесе қазақтың баланың дүниеге келу ғұрыптарына және оған байланысты наным-сенімдерге ұқсайды.

Бұл көшпелі малшының психологиясын айқындайды, яғни ол отбасы адамдарына қалай қамқорлық жасаса, малына да солай қамқорлық жасаған. Сондықтан қазақ амандасқанда, алдымен малжаның аман ба деп, содан кейін адамдар жайын сұраған.

Сиыр малына қатысты ерекше салт-жора жасалмаған, алайда төлдеу уақытында иелері сиырдың өз қағанағын жеп қоймауын мұқият қадағалаған, әйтпесе сүт болмай, мал ауруға ұшырайды деп ырым еткен [13, 199-б.].

Әр жылы көктемде жүрілетін өндірістік науқанның тағы бір түрі – «қысырақ матау» деп аталады. Қысырақ матауда атбегі,

сыншылар қосатын айғырды көріп таңдайды. Жылкылы ауыл қысырақ матайтын күні көрші-колаң, туыс-туғандардың қарулы азаматтарын шақырып, әр айғырдың үйірінде жүрген байталдарды ұстатып, бір жерге мататып, немесе қаматып, оған айғыр салады. Қысырақты түгел матап болған соң, «қысырақ төлді болады» – деп балалы-шағалы бәйбішелердің біріне қысыраққа қосатын айғырдың жалына, сауырына май жаққызып, ақ тамыздырады. Одан соң, маталып тұрған қысырақтарға тағы бір бәйбіше: «тарыдай көп бол жануар!» деп тары шашады немесе арпа-бидай шашады [XV].

Қазақы ортада малшылар мал басының өсіміне себепкер ерекше киесі бар кәсіп иесі ретінде бағаланады. Мал пірлерімен, жердің киесі, әлемімен тылсым байланысы бар қасиетті малшылардың «баққан малы семіз, төлі егіз», аурудан ада болады. Керісінше қырсық шалған малшының баққаны арық, саулықтары іш тастағыш, түрлі ауру мен улы шөп үйірсек келеді, сөйтіп мал басы кеміп, тұқымы азады. Мұның ақыры мал иесінің шаңырағынынан құт тайып, ырысы азаяды деп санайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Добросмыслов А. И. Скотоводство в Тургайской области. – Оренбург, 1895. – 360 с. – 47 б.

2 Диваев А. Этнографические материалы. – Ташкент, 1901. – Вып. 7. – 72 б.

3 Аргынбаев Х. А. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – Москва, 1975. – 131 б.

4 Аргынбаев Х. А. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – Москва, 1975. – 199 б.

5 Аргынбаев Х. А. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – Москва, 1975. – 131 б.

6 Аргынбаев Х. А. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – Москва, 1975. – 131 б.

7 Валиханов Ч. Ч. Следы шаманства у киргизов // Собрание сочинений в пяти томах. – Т. 4. – Алма-Ата, 1985.

8 Валиханов Ч. Ч. Следы шаманства у киргизов // Собрание сочинений в пяти томах. – Т. 4. – Алма-Ата, 1985.

9 Аргынбаев Х. А. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – Москва, 1975. – 132 б.

10 Потанин Г. Н. Очерки Северо-Западной Монголии. – СПб., 1881. – Вып. 2.

11 Аргынбаев Х. А. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – Москва, 1975. – 132 б.

12 Аргынбаев Х. А. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – Москва, 1975. – 132 б.

13 Аргынбаев Х. А. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – Москва, 1975. – 199 б.

ИНФОРМАТОРЛАР

I. Абдрашева Шәйім 1942 ж. т. (Жалайыр – Сийршы). Ескелді ауданы, Шымыр ауылы.

II. Жанкүшікова Бисара, 1936 ж. т. (Найман-Қойгелді). Қарабұлақ, Ескелді ауданы.

III. Ғалия Садуақасова 1924 ж. т. (Найман-Садыр). Ақсу ауданы, Жансүгіров елді мекені.

IV. Құрмансейітова Алтынай 1923 ж. т. (Жалайыр-Мырза). Ақсу ауданы Жансүгіров елді мекені.

V. Оразақынова Күлжахан 1925 ж. т. (Жалайыр-Мырза). Көксу ауданы.

VI. Бектурғанова Бәти 1942 ж. т. (Жалайыр-Мырза). Көксу ауданы, Еңбекші ауылы.

VII. Темірбекова Жаңылхан, 1941 ж. Шәуешекте туған. Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы.

VIII. Темірбеков Зейнолла 1937 ж. т. (Албан) Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы.

IX. Іргебаева Захан, 1937 ж. т. (Найман). Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы.

X. Болысбаева Жібекбала 1942 ж. т. (Жалайыр-Мырза). Көксу ауданы, Сарыбұлақ ауылы.

XI. Алтынбекова Бибігүл 1945 ж. т. (Жалайыр-Мырза). Кербұлақ ауданы.

XII. Смайлова Сақыпжамал 1932 ж. т. (Найман-Түржау). Қаратал.

XIII. Шамнамазова Айымхан 1944 ж. т. (Емелелі-Қайнар), Сарқанд ауданы, Лепсі кенті.

XIV. Әшірбеков Қанат Әрмияұлы 1952 ж. т. (Албан-Баба), Кеген ауданы, Ұзынбұлақ ауылы.

XV. Түргенбаева Ұлтуған Иманбаевна 1954 ж. т. (Албан-Жарты), Кеген ауданы, Ақсай ауылы.

ОЛЖАБАЙ ТОЛЫБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕРЛІК ІСТЕРІ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ДЕРЕКНАМАСЫ

ТЕМІРОВ Е. Р.

г.ғ.м., Археология және этнология

Ұзақ уақыт бойы кеңестік идеологияның шырғауында болып, кез келген тарихи проблеманы марксизм-ленинизм тұрғысына талдаған отандық тарихнама дәстүрінде халық шежірешілері, ел аузында қалған аңыз-әңгімелерді тарихи сын тұрғысынан зерттеудің орнына оларды мансұқтау Қазақстан тарихы ғылымының дамуына тұсау салып келді. Еліміз егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана тарих қатпарында қалған бай мұраны зерттеп, жарыққа шығарудың сәті түсті.

2003 жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен құрылған «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырылған 2004-2011 жылдар аралығында халқымыздың бай әдеби және тарихи мұрасы 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясымен жарық көрді. Бұдан бөлек, алыс-жақын шет елдердегі тарихи құжаттардың көшірмелері жасалып, олар қазақ тіліне аударылып, баспадан шығарылды.

Осы орайда отандық тарихнамада төл деректер мәселесі қолға алынды. Қазақ халқының тарихындағы жыршы-жыраулардың сөздері, ақындардың термелері, көнекөз қариялар жинақтаған шежірелерді зерттеп, оларды ғылыми айналысқа енгізу мәселесі аса өзекті болып тұр.

Біз өзіміздің жұмысымызда аты аңызға айналып, ерлігімен ел есінде қалған қаһарман тұлғалар қазақ халқының батыр ұлы Олжабай Толыбайұлына байланысты отандық тарихнамадағы деректерді саралауды мақсат етіп алдық.

Олжабай Толыбайұлы – Орта жүздің Арғын тайпасы Сүйіндік руы Айдабол тармағының Малқозы аталығынан тарайды. Олжабай батырдың өміріне байланысты тарихи деректерді жалпы

бес түрге классификациялауға болады. Олар: 1) Халық жырау-жыршыларының айтуындағы батырлық дастандар; 2) кеңестік дәуірге дейінгі қазақ шежірешілерінің жазбалары; 3) Қазақстан жерінде қызмет еткен орыс тарихшыларының еңбектеріндегі мәліметтер; 4) кеңестік кезеңдегі қазақ тарихшыларының іргелі зерттеулер; 5) Тәуелсіздіктің 25-жылдығында жүргізілген ғылыми ізденістер.

Олжабайдың өжет, қайсар тұлғасын зерттеуге, оған деген халықтың шын сүйіспеншілігін анықтау үшін ел аузында сақталған «Орта жүз Олжабай батыр», «Олжабай және қырық батыр» дастандары да үлкен септігін тигізеді. Олардың біріншісін халық жыршысы Ертай Құлсариев жырласа, екіншісін ақын-композитор, Олжабай батырдың аталас туысы Жаяу Мұса Байжанұлы ел арасына таратқан. Жырлардың қолжазба нұсқалары Орталық Ғылыми кітапхана мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларында сақтаулы тұр. Бұл жырлардан бөлек аталмыш қорларда жыршы Молдажан Жадайұлының «Олжабай батыр туралы» (ОФК. 381-бума, 2 дөп.), жыры мен Жаяу Мұса Байджановтың «Олжабай батыр», өз қолтаңбасымен жазылған «Олжабай батырдың бір соғысы» (ӘӨИ. 609-бума, 1-2 дөп.) және «Олжабай, өмір тарихы» (ОФК. 381-бума, 1-дөп.) атты аңыздар топтамасы сақтаулы тұр. Жаяу Мұса Байжановтың жазбаларын ақынның ұлы Салық Жаямусин өкеліп тапсырған [1, 355].

Жоғарыда айтылып өткен Ертай Құлсариевтің жырлауындағы «Орта жүз Олжабай батыр» деген жыр нұсқасы көркемдігімен де, толықтылығымен де ерекшеленеді. Ертай нұсқасында Олжабайдың тууы, он төрт жасар кезінде арыстанмен алысуы, қырғыз Әтекеден атын қайтарып, жолай Қанжығалы Бөгенбай батырмен достасуы, ұйқыда жатқанда аузына кірмек болған жыланнның басын қыршып тастауы, торғауыт қалмақтармен соғысы, Қалдан Цереннің қолына түскен Абылайды босатып алуы, Жоңғар хандығындағы билік үшін қырқыс кезінде Абылайды сағалап келген Әмірсананы қорғап қалуы, Қалдан Церенді тұтқындауы, Абылайдан Жабай батырды босатып алуы сияқты Олжабайдың ерлігі, қайсарлығы, адамгершілігі тағы басқа адами қасиеттері толық ашылады.

Молдажан Жанайұлының нұсқасында Олжабай батырдың дүниеге келуі, алғашқы ерлік жасауы, айдаһарды өлтіруі бейнеленсе, Жаяу Мұса жырлаған жыр нұсқасында Абылай бастаған қырық батырдың Сарыарқаны қалмақтардан азат етуі, бұл тарихи оқиғаның

казактардың жеңісімен аяқталуына Олжабайдың айрықша қайрат-жігер жұмсап, ерлік көрсетуі баяндалады.

Қолжазба көшірмелері сақталған жырлардан бөлек, Олжабай батыр туралы халық аузында сақталған жырлардың шоғыры бір бөлек. Әлкей Марғұлан Олжабай батыр туралы алғашқы поэма-жыр шығарған Орманшы руынан шыққан Сақау ақын деп жазады. Сақау ақын өзінің «Ер Олжабай» жырында Олжабай батырдың өмірінің соңында Түркістанға көшуді тілек еткенін, балаларына айтқанын өсиеттері туралы айтады. Олжабай батыр туралы жыр жазған екінші ақын – Шоң би Едігеұлының қасында жүрген жыршысы, баянауылдық Көтеш ақын Райымбекұлы. Ол туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Омбыда Керей Тұрлыбек Көшеновтың үйінде болғанда «еліңнің тарихта болған жақсы адамдарын жырлап берші» дегенде Олжекенді көркем тілмен суреттеген» деп жазады.

Олжабай батыр туралы оқиғаларды, халық аңыздарының негізінде суреттей білген Жаяу Мұса Байжанұлы өзінің дәптерін 1880 жылы Қазан университетінің ғылыми кітапханасына тапсырған.

Кеңестік дәуірде Олжабай батыр туралы зерттеп, поэма жазғандардың қатарында Алаштың ардақты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың інісі Шәймерден мен Төлепберген Тоғайұлы. Аталмыш жырлар қазіргі уақытта Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы.

Олжабай батыр туралы тарихи деректер, аңыз-шежірелер мен жыр-дастандардағы деректер өзара аздап қиыспаушылықтары болғанымен батырдың негізгі образын ашып, оның отансүйгіштік келбетін кеңінен көрсетеді. Сонымен қатар, халықтың өзінің батыр ұлына деген сүйіспеншілігін де оған халық өзі берген «Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген атаудың өзі Олжабай батырды Орта жүзден шыққан қалың батырлардың ішінде шоқтығы биік тұлға екендігін байқатады.

Олжабай батыр туралы жыр-дастандар мен шежірелердегі мәліметтерді, тарихшылардың зерттеулеріндегі деректерді салыстыру барысында баһадүр бабаның өмірі туралы көптеген қызықты деректерді саралаудың сәті түседі. Мәселен Олжабай батырдың туған және өлген жылдары туралы қазіргі деректерде көптеген тарихшылар Ә. Марғұланның еңбектеріне сілтеме жасап, Олжабай батыр 1709 жылы дүниеге келіп, 1783 жылы қайтыс болды деп жазса, Әлкей Марғұланның өзі «Ер Олжабай» мақаласында Олжабай батыр 1706 жылы дүниеге келіп, 1786 жылы қайтыс болды деген мәлімет қалдырады. Қалай болғанда да Олжабай батырдың

жасы 80-ге келіп, ажал таянған шақта «Әулиелердің мекені», жорықтас серігі Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр жерленген киелі Түркістанға барғысы келгені туралы халық ақындары жырлаған дастандарда да, М.-Ж. Көпейұлының жазбаларында да айтылады [2, 411].

1907 ж. Қазан қаласында басылып шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты кітабында Мәшһүр-Жүсіп қалмақтармен соғысып жүріп қазақ батырлары азат еткен Сарыарқа даласын патшалы Ресейдің шенеуніктеріне сүйенген орыс шаруаларының тартып алып жатқанын ашық сынайды. Өз сөзінің дәлелі ретінде Баянауылды қалмақтардан азат қылған Олжабайдың есімі Ерейментаудағы мұжықтардың поселкесіне қойылғанын жазады: «Бұл Сарыарқа біздің қазаққа атасының құны болып, олжа болып тиген еді. Біреу біреуге: «Соңымнан қалмастай атаңның құны бар ма еді», — дейді ғой. Сондай атамның құны болғаны үшін, жер-судан айырылып, қаңғып қоныссыз жүргеніме ішім күйіп, өлсем ойымнан кетер емес. Дүние деген шіркін көшпелі дегені осы екен; қазақтың тұлпар мініп, ту ұстаған, кейінгі үрімі-бұтағына олжа салған батыр ең, ақырында мұжықтың поселкесінің аты болды. Ереймен тауындағы Олжабай қаласы атанған қала сол Олжабайдың өлген жері», деп жазады [2, 356].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбаларында Олжабай батырдың дүниеге келуі туралы жазбалармен қатар, жас кезінде алғашқы ерлік көрсетіп, әкесінің құла биесін қайтаруы, Олжабайдың қорғаушы пірінің батырды сынауы, оған өз есімінді ұран қылып жауға шап, деген ақыл-кеңесі, Олжабай батырдың тарихта қалған жойқын ерлігі Талқы қамалын алғанда, қолына тиген оққа қарамай, қолындағы туды Абылайдың өзіне беріп, қамалдың қақпасын қылышымен кескілеуі, қамалды алу үсітінде Сырым Малайсары батырдың оққа ұшып, қаза табуы, Олжабай мен Жасыбай батырлардың алғашқыда ағайынның ыза-кегі үшін өштесіп, соғыспақ болуы, кейін екеуінің достасып, жауға қарсы тұруы, Жасыбай батыр Шойынкөлдің жағасында қалмақтардың қолынан мерт болғанда, қамлақтарды қойша қырып, досының кегін алуы және жасы сексенге келіп, қартайған шағында ұрпағына айтқан өсеит сөздері мен арман-мұраты туралы айтылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Абылай аспаған сары бел» аталуының мәнісі» деген жазбасында Ботақанды жазықсыз өлтірген Абылайға қарсы шыққан Бес Мейрамның атқа мініп, хан ордасын шаппақ болғанда Олжабайдың «Талқы қамалын алған кезде мен туды Абылайдың

өзіне бере салып, дарбазаны қылышпен шапқан кезде Абылай бойын ұстай алмай дірілдеп тұрды. Менің аруағымның күштілігімен бойын токтата алмады», – деген сөзі келтіріледі [2;67].

Олжабай батырдың өмірі мен ерлік істерін зерттеуде Қазан революциясына дейін Солтүстік Қазақстанда зерттеу жүргізген орыс тарихшыларының еңбектері де өз септігін тигізеді. Мәселен, Н. Я. Коншин өзінің «От Павлодара до Каркаралинска. Памятная книжка Семипалатинской области, 1901» атты жолжазба кітабында былай деп жазады: «Однажды по поручению главного предводителя киргиз, батыра Ульжабая, Джасыбай должен был с небольшим отрядом удерживать в горах калмыцкого хана с тысячью тысяч калмыков. В битве пал Джасыбай храбрым...Киргизы дрогнули, но в это время к месту битвы подоспел Ульжабай, и ущелья огласились криками калмыков, просивших пощады». Дәл осы оқиғаны суреттеген Д. Приймак «Скалы и легенды Баянаула» кітабында «На просьбу джунгаров Ульжабай ответил: – Все вы вместе взятые, не стоите и мизинца убитого вами вождя. Нужно истребить вас, волчью стаю» деп жауап қайтарғаны туралы жазады [4, 163]. Бұл деректер М. -Ж. Көпейұлының жазбаларын дәлме-дәл қайталайды.

Олжабай батырдың өмірі мен ерлік істері туралы белгілі қазақ ғалымы, филология мен шежіре, археология мен этнография салаларында қатар қызмет еткен Әлкей Хақанұлы Марғұлан аса қызықты жазбалар қалдырған.

Әлкей Марғұлан – Олжабай батырдың өз кіндігінен туған ұрпағы, дәлірек айтсақ шөпшегі. Яғни, Олжабай батыр жоңғарлармен болған көп шайқастардың бірінде қонтайшы Цеван Рабтанның Лаба, Лағба есімді екі қызын қолға түсіреді. Лабаны өзіне алып, Лағбаның Бөгенбайға сауға ретінде сыйға тартады. Осы Лабадан туған тұңғышы Дулаттан ғалымның атасы Марғұлан дүниеге келеді, Марғұланнан – Хақан, Хақаннан – Әлкей.

Әлкей Хақанұлы даңқты бабасының ғұмыры туралы көптеген зерттеулер жүргізіп, ол туралы «Еңбекпен өткен өмірім» атты көлемді мақаласында баяндайды. Батыр бабасының есімін жаңғырту мақсатында әрі жерленген орнына ескерткіш орнату үшін Әлкей Хақанұлы 1981 жылы 22 мамырда Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н. Е. Морозовқа өтініш хат жазады. Хатында Олжабай бабасының ерлік істерін баяндай келе ол: «Құрметті Николай Ефимович! Мен Сізден аса маңызды патриоттық істің шешімін табуды сұраймын. Батырдың басына ескерткіш орнатылса, қалың ел әрі мен секілді ғалымдар мен тарихшылар бір

серпіліп, дән риза болар еді. Сіз бұл мәселе жайлы Республикалық тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамына, Ә. Әлімжановқа ұсыныс жасай аласыз. Ол өтінішіңізді орындауға тиіс» деп жазады [4, 183]. Әлкей Марғұланның мұратының бірі орындалып отыр. Еліміз тәуелсіздігін алып, етек-жеңімізді жинағаннан кейін Ақмола облысы Ерейментау ауданына қарасты бұрынғы Благодатный кенті қазір Олжабай батыр атындағы ауылдық округ болып қайта құрылды.

Әлкей Хақанұлы Олжабай батырдың өмірі мен атқарған істері жайында тыңғылықты зерттеп, үлкен еңбек атқарған. Алайда, кеңестік идеологияның ықпалынан шыға алмаған кейбір шалақ ойлы әріптестерінің қудалауымен оларды көзі тірісінде жарыққа шығара алмады. Тәуелсіздік жылдарындағы Әлкей мұрасына жүргізілген зерттеулердің арқасында ғалымның еңбектері жинақталып, 2012 жылы «Алатау» баспаында жарық көрген көп томдық шығармалар жинағының 14-ші томына «Ер Олжабай» мақаласы мен жазушы Алдан Смайылдың 2002 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Олжабай батыр ұрпағының жанашырлығына зәрі» атты көлемді мақаласымен бірге басылды.

Тәуелсіздік жылдарында Олжабай батырдың өміріне байланысты аса іргелі зерттеулер жүргізілген жоқ деп айтуға болады. Википедиядағы Олжабай батыр туралы мақала да аса жұтқан жазылған. Тектілігі мен ерлігінің арқасында өз руының ғана емес, он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай Толыбайұлының ғұмырнамасы әлі де тыңғылықты зерттеулерді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Бабалар сөзі». 56 том. Алматы, «Жалын», 2006. – 361 б.
- 2 Көпейұлы М-Ж. Шығармалары. 9 том. Павлодар, «ЭКО», 2013. – 466 б.
- 3 [https://kk.wikipedia.org/wiki/Олжабай Толыбайұлы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Олжабай_Толыбайұлы)
- 4 Марғұлан Ә. Шығармалары. 14 том. Алматы, «Алатау» 2012. – 510 б.
- 5 Смайылов Алдан. «Олжабай батыр ұрпағының жанашырлығына зәру». Егемен Қазақстан. 2012 ж. 12 наурыз.

ҚАЗАҚТЫҢ ӨЛІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ КЕЙБІР КӨНЕ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ

ТӨЛЕУБАЕВА К. М.

т.ғ.д., доцент, тарих факультеті, Абай атындағы
Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи-этнографиялық материалдарды зерттей отырып, ерте заманнан келе жатқан қазақтар мен Орта Азия көпшөнділері мен жартылай көшпенділердің өлік рәсімдеріне байланысты толып жатқан көне діни наным-сенімдердің болғанын байқадық. Олардың шығу-тарихы көшпенділердің этнографиясына негізделген. Бұл наным-сенімдерге кейін тарихи жағдайларға байланысты ислам әсері де ықпал еткен. Осы тұрғыдан қарағанда оның түпкі негізінде табиғи дүние таным, ислам ықпалы бар деп түсінгеніміз жөн.

Ерте замандағы өлікті жерлеу рәсімдеріне байланысты ғалым-этнографтар арасында түрлі көзқарастар бар. Этнограф А. П. Чулошникова өзінің еңбегінде (1) «Ерте кездегі адамдардың өлу туралы түсінігі болмаған. Мәйіттерді бүлініп, сасып кеткенге дейін сақтаған», – деп көрсетті. Әрине, оның өзіндік себептері болған. Мәселен, біріншіден, қатты науқастанып, есінен танып жатқан адам немесе уланып, бірнеше күн жатып, өзіне келген соң, жазылып, орнынан ақырын тұрып кететін болған. Екішіден, адамның демі бітіп, өліп қалған жағдайда, оның денесінен шыққан сасық иіс шыға бастағанда оны өздері мекендеген үнгірлердің ортасына немесе босаға мен табалдырықтың астына көмуге мәжбүр болған. Мұнысы – босағадан үнгірдің ішіне қарай енген қара ниетті адамды төрге жібермейді, бізді қорғайды, қасымызда жүреді деген түсінікпен туындаған. Осыған орай ертедегі тайпалар мен рулар арасында түрлі аңыздар мен мифтер тараған.

Кейінгі кездерде уақыттың өтуіне байланысты бұл жерлерде ата-бабалардың аруағы сақталған деп табалдырықты баспайтын болған, оны үнемі таза ұстаған. Бір ұрпақтың орнына екінші ұрпақтың келуіне байланысты әуелгі сенім бірте-бірте ұмытылып жаугершілікті бастан көп кешкендіктен табалдырықты баспаған, оны бассақ дұшпанымыз басымызға шығады деп қорыққан. Тіпті үйге келген адам босағамен табалдырықта тұрып тілдесетін болса, малымыз түрегеп төлдейді деген сенімді қалыптастырған. Міне, сенімнің әуелгі шыққан тарихы ұмытыла келе, соңғы кезеңдерде тек тазалық сақтау ұғымын ғана қабылдаған.

Өлікті жерлеу, рәсімдеу туралы әлем халықтары, оның ішінде түркі тектес халықтардың арасында наным-сенімдер, діни түсініктер әртүрлі болған. Олардың өмір сатыларынан өткен өзіндік табиғи танымы болған. Оның алғашқы сатысы өлікті (мәйітті) үнгірлердің алдына қалдырып жерлеген. Содан кейінгі сатылар әр халықтың дәстүріне байланысты болған. Мәселен, Қытайда үйдін төбесіне шығып, өлген адамның атын атап «бәленше қайтып кел» деп дауыстап шақырған. Африканың Самоя жағалауында тұратын халықтар мен көне египеттіктер, еврейлер аза тұтып бірнеше күн тамақ ішпеген. Өлген адам туралы индеецтерде көп наным-сенімдер бар. Олар өлген адамды ұйықтап жатыр деген түсінікпен әйел болса күйеуін, еркек болса әйелінің өлі денелерін киіндіріп, бір жыл бойы арқасына танып жүретін кездері болған. Тіпті түнде шешіндіріп, өздерімен бірге қойындарына алып жатқан. Бір жылдан кейін әбден бүлінген денені үй төбесіне, болмаса себетке (кәрзеңкеге) салып, ағаштың басын іліп қоятын болған. Оларға мұндарын айтып, жылап ақылдасқан. Қазақтардың бейіт басына барып, жылап, қайғы-мұндарын айтатындары да, әріден келе жатқан сенімнің қалдықтары болса керек [2].

Көне заманда қазақтарда өлген адамды жоқтауда бет тырнау, шаш жұлу сенімдері қалыптасқан. Бұдан басқа да наным-сенімдер болған. Мәселен, жан өлі денені уақытша тастап кетті деп мәйітті сабап жанды кері шақырған. Бай адамдардың артында қалған туыстары дүние-мүлкін жан-жаққа шашып, «сен мына жиһаздарды тастап кете бермексің бе?, қайтып кел» деп асыл заттармен қызықтырып, жанды кейін шақырған. Ал бір-бірімен жауласқан тайпалар жан қайтып келе алмай қалсын деген ниетпен өлгендердің етін пысытып жеп қоятын болған [3].

Штернберг Л. Я. бұл пікірді қолдап, өзінің еңбегінде [4]. «Бұл өлген адамның жаны мәңгілікке бізбен бірге жүреді деген түсінікпен жасалған. Американың бір тайпасы өлген адамның сүйегінен ұнтақ (порошок) жасаған, етінен тамақ істеп ішіп, оның жаны өздерімен мәңгі бірге жүреді», – деп көрсетті.

Ертедегі түрік тектес халықтар, соның ішінде қазақтар, адам өлгенде онымен бірге көрге өзі тамақ ішкен тостағанды салған. Бірақ өлген адамды шығару кәделерінде жаназасына мал сойып «тие берсін» деп сол тамақты өздері жейді. «Тие берсін» деген себебі о дүниедегі адам да сол жаназасына сойылған малдың етінен тамақтанды деген түсінік. Өлген адамға неғұрлым мал көп сойылса, соғұрлым өлген адамның рухы риза болады деп ойлаған.

«Қазақтар адам өлгеннен кейін оның артында қалған дүниені отпен аластап тазартқан. Себебі өлім процесі көзге ілінбейтін жағдайда өтеді, өлетін адамды жан алушы тамағынан бауыздағанда, көзге шалынбайтын қаны керегінің үшінші тор көзіне дейін шашырап, үйдегі мүлік қанға боялады» [5] – деп жазды Омар Хаям.

Өмір мен өлім – бір жолдың екі басындай тіршілік заңы. Тумақбар жерде өлмек бар. Халық аузындағы аңызда Қорқыт өлімнен қашып, мәңгілік өмір іздеп желмаямен жер-дүниені кезіпті-мыс. Аңға барса өліп жатқан жануарларды, орманға барса құлап жатқан ағаштарды, тауға барса қирап жатқан тастарды көреді. Қайда барса да алдынан өлік пен «Қорқыттың көрі» шығады. Сөйтіп, Қорқыт өлімнен қашып құтыла алмайды, бір ғана өнерден (күйден) өзіне жұбаныш табады, яғни екінші өмір, мәңгілік өмір тапқандай болады. Демек, өмір бар жерде өлім бар дейді халық. «Тозбас соғылмайды, өлмес жаралмайды», «Өзекті жанға бір өлім» деген мақалдар соны аңғартады [6, 53 б.].

Адамды жерлеуге байланысты діни сенімдер, әдет-ғұрыптар. Алғашқы жерлеуге байланысты әдет-ғұрыптардың ішінде мұсылман дінінің көптеген салт-саналарымен қатар, исламнан бұрынғы діни сенімдердің сарқыншақтары өте көп. Өлім мәселесі қашан да «жан» деген тіршіліктің күшінің жойылуымен байланысты. «Жан» туралы ұғым қашан шықты, оның мәні неде еді? Бұл туралы көне діндерді зерттеуші Л. Я. Штенберг деген ғалым былай деген еді: «...адам өзін-өзі бақылай жүріп, әр нәрсені салыстыра жүріп «жан» деген бір жаңа тіршілікті тауып алды. Түрлі физиологиялық құбылыстар (ұйқы, түс, естен тану, қан кетіп әлсіреу, соңғы дем, көлеңке т. б.) адамның ақыл-ойын билейтін «жан» деген бір ерекше тіршілік бар деген түсінік туғызды [7, с. 233].

Жалпы екі, не одан да көп жан туралы түсінік Орталық Азияның басқа халықтарында, Сібір жұрттарында басқа да елдерде кездеседі [8, с. 12-17].

Шындығында да жанның өзі «жан» екен деп түсіну өте ертеде пайда болған болуы керек. Өйткені қан тоқтамай ағып таусылғанда адам тіршілігі тоқталатынының алғашқы қауым адамының көзі талай жеткен. Және де абстракциялық ойлау қабілеті төмен кезінде адам тіршіліктің көзін көзге көрінетін материалдық дүние «қан» деп білді [9, с. 307]. Бұл ең көне түсінік болса керек.

Міне, мұнда жан туралы сөз болғанымен, оның кеудеден ұшып шығуы туралы сөз болмайды. Осыған қарағанда адам

бойынан жанның шығуы туралы қазақ түсініктерінде ламаизмнің, шаманизмнің исламның аралас тұстары бар.

Бағзы заманда адамның өлу себебін жұрт түсіне алмай, кейін адамдар (және жәндіктер) дүниеден (заттан) және жаннан (рухтан) тұрады екен, ал өлім дегеніміз – жанның денені тастап кетуі деп ұйғарды. Ерте кездегі адам баласы өзінің дене құрылысы жайында ешқандай түсінігі болмаған. Денеден болатын, өлгеннен кейін ол денеден шығып кететін ерекше жанның қызметі деген түсінікке келген. Бұл жерде ғалым-этнограф А. Т. Төлеубаевтың адамның өліміне байланысты жан туралы Л. Я. Штернбергтің, В. В. Востровтың, С. Н. Ақатаевтың пікірлеріне және аға буын қазақ-информаторларының Темірбеков Зейнолла, Оразғалиев Құсман, Оразақынова Кұлжахан, Смаилов Тұржау сияқты көзі қарақты қариялардың айтқан сөздеріне сүйене отырып, жан туралы көп мәліметтер беруге болады. Мәселен, адам жаны – шыбын жан, ет жан және рухани жан болып үш түрден тұрады.

Шыбын жан – бұл жанның кіші шыбын түрі; шыбын жан ұйқы кезінде адамды тастап, ұшып жүреді. Адам түсінде нені көрсе, жан да соны көреді; егер жан кішкентай төбешікке отырса, адам таулары көреді. Таңертең шыбын жан қайтадан адамға қатты дауыспен ояту қауіпті. Себебі жан адамға әлі кіре алмай қалуы мүмкін деп есептеледі.

Ет жан – қазақтың түсінігінше материалдық бастама – ол қан және жүрек болып табылады [10].

Рухи жан – бұл денесіздік, материалсыздық жанның бұл түрі адам өлгеннен соң – «аруақ» ата-бабалардың рухы болып қалады.

